

## БАС РЕДАКТОР

### С.Ж. ПІРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Нурiev М.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** – Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Баймырзаев Қ.М.** – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Болеев Қ.** – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова А.С.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының акедемігі; **Берікханова А.Е.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** – ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Есполов Т.И.** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Жарықбаев Қ.К.** – Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Иманбаева С.Т.** – Абай ат., ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Қирабаев С.С.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қыдырәлиев Д.** – ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** – ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.Қ.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және доктарантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Мырзахметов М.** – Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы «Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры; **Нөкетаева Д.Ж.** – Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Нәрібаев К.Н.** – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, профессор; **Сарыбеков М.Н.** – ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Табылдиев Ә.Т.** – әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және доктарантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың магистратура және доктарантура PhD институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Ізтілеуова С.Д.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы; **Шолпанқұлова Г.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Құрманғали А.К.** – жауапты хатшы.

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

### С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,  
почетный член НАН РК

### СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

**Нурiev М.А.** – директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** – руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** – президент международного сообщества “Қазақ тілі”, главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** – профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** – декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Баймырзаев К.М.** – ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Болеев К.** – зав. кафедрой “Педагогика и этнопедагогика” Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** – зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Берікханова А.Е.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Ғаббасов С.** – писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Есім Ғ.** – депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарықбаев К.К.** – директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Иманбаева С.Т.** – зав. кафедрой «Национального воспитания и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.п.н., профессор; **Қирабаев С.С.** – советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Қасқабасов С.А.** – директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Қыдырәлиев Д.** – эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Қозыбаев И.М.** – председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Қалиев С.К.** – профессор кафедры “Общей педагогики” Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Қойгелдиев М.К.** – зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Мырзахметов М.** – директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мутанов Ғ.М.** – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – профессор кафедры “Культурной антропологии” КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук; **Нукетаева Д.Ж.** – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук; **Нарибаев К.Н.** – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, доктор экономических наук, профессор; **Сарыбеков М.Н.** – вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.Ө.** – начальник административного управления КазНПУ им.Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Табылдиев А.Т.** – профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Туркпенов Ж.** – профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Шаханова Р.А.** – зав. кафедрой филологических специальности Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Изтілеуова С.Д.** – ведущий научный сотрудник НИЦ Абаеведения КазНПУ им.Абая, доктор филологических наук; **Шолпанқұлова Г.К.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Құрманғали А.К.** – ответственный секретарь.

**EDITOR-IN-CHIEF**  
**S.ZH. PRALIEV**

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,  
dear member of NAS RK

**EDITORIAL STAFF:**

**Nuriev M.A.** – the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** – the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** – the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** – the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** – the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Baymyrzaev K.M.** – the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** – the university chair of “Pedagogics and ethnopedagogics” of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** – the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of NAS RK; professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** – the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** – the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Espolov T.I.** – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** – the director of the ethno psychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Imanbaeva S.T.** – Head of the Department of “national education and samoponaniya” KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** – the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair “Kazakh literature” of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** – the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kydyraliev D.** – the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** – the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** – the professor of the chair “General pedagogic” of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** – the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Myrzakhmetov M.** – the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** – the rector of the Kazakh National University named after after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** – the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair “Cultural anthropology” of KazNU named after Al-Farabi; **Nuketaeva D.Zh.** – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Naribaev K.N.** – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor; **Sarybekov M.N.** – the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** – the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Tabyldiev A.T.** – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** – the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Shahanova R.A.** – the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Iztileuova S.D.** – the chief scientific collaborator of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doktor of philological sciences; **Sholpankulova G.K.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Kurmangaly A.K.** – the executive secretary.

**Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.**

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



**«Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал»**

*Н.Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында»  
интерактивті дәрісінде сөйлеген сөзінен.*

**05.09.2012**

Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ғылыми-зерттеу институтының аты өзгеріп, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ болып қайта құрылуына байланысты, осы институтта 2009-2012 жылдар аралығында инновациялық технология, тәрбие және журнал бойынша жасалынған жұмыстарға қысқаша есеп ретінде берілген ғылыми мақаланы оқырман назарларына ұсынып отырмыз.

*Пірәлиев С.Ж. – п.ғ.д., профессор, Нуриев М.А. – Интеллектуалды ұлт қалыптасыру ҒЗИ директоры, ҚР жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер, профессор, Сейсенбаева Ж.А. – ф.ғ.к., Интеллектуалды ұлт қалыптасыру ҒЗИ директорының орынбасары, Садықова А.Е. – бөлім басшысы, Құрманғали А.К. – жауапты хатшы*

### ЖАҢАРТПА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЫНДАҒЫ ЖАСАЛЫНҒАН ЖҰМЫСТАР

Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұны ғылыми-зерттеу институты Абай атындағы ҚазҰПУ-нің құрылымдық бөлімі болып құрылған. Институт жұмысы ҒЗИ-ның Ережесіне, жұмыс жоспарына, қызметтік нұсқауға, ішкі еңбек тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Институттың ғылыми зерттеу бағыты оқу процесіне инновациялар енгізіп, білім беру бағыты мен мазмұнының жетілдіру бағдарында жұмыс жасауда.

Зерттеу аясында білім беруді жетілдірудің ғылыми-педагогикалық алғашқы нұсқалары мен олардың бағыты анықталды. Болашақта ҚР-ғы білім беруді жетілдіру бойынша ұсыныстар жолға қойылды.

1 ҒЗИ-да Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2008-2009 оқу жылының жұмыс оқу бағдарламалары мен білім берудің мемлекеттік жалпыміндеттілік стандарттарына салыстырмалы талдау жүргізілді. 2009 жылдың 6 мамырындағы қорытынды бойынша факультет декандарымен «Педагог мамандар даярлауды жетілдіру жолдары мен негізгі ұстанымдары» тақырыбында семинар өткізілді.

Нәтижесінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2009-2010 оқу жылының жұмыс оқу бағдарламаларына жүргізілген жұмыстардың қорытындысында 2 кредиттік пәндер қысқартылып, бір кредиттік мүлде алынып тасталынды.

2 ҒЗИ – да ғылыми-педагогикалық

тұрғыдан білім беру үрдісін дамыту және оның траекториясын анықтау жағына айрықша көңіл бөлінді. «Қазақстанда білім беру үрдісін дамыту және оның траекториясын анықтау тұжырымдамасы» құжаттарының жобасы мен білім беру мазмұнын интерграция тұрғысынан жүйеленген траекторияның материалдары дайындалды. Осының негізінде білім берудің жаңа траекториясынан күтілетін нәтижелердің үлгісі анықталады.

Мемлекеттік Стандарт пен типтік бағдарламаларға жасалынған талдаулар нәтижесі орта білім беру жүйесі мен жоғары оқу орындарының арасындағы кейбір мамандықтардың Мемлекеттік Стандарты психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, дидактикалық тұрғыда тереңдетуді қажет ететіндіктерін, үздіксіз тәжірбие кезеңінде 1 курс студенттерінде балалармен тәрбие жұмыстарының териялық және тәжірбиелік тұрғыдағы сипаты дұрыс қарастырылмағанын көрсетті. Білім беру сапасының жаңа деңгейге көтерілуі осы жүйедегі реформаның нақтылығында және тереңділігінде. Ендеше толық, сапалы білім реформасын тереңдетуде, қалыптастыруда негізге алынатын төмендегі бағыт-бағдарлар ұсыныс ретінде ректоратқа жіберілді.

А) Барлық білім стандарттарына түбегейлі өзгерістер енгізу.

Орта білім берудің мақсатын айқындауда

басты бағдар базалық құзыреттердің негізін дамыту арқылы тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және білім алушылардың өмірді адамгершілікпен түйсінуге көмек беру мақсаты болып табылады. Білім саласына бүгінгі күнде ұсынылып отырған 12 жылдық білім траекториясындағы орта білім берудің мақсатын айқындауда басты бағдар ретінде базалық құзыреттердің негізін дамыту арқылы тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және білім алушылардың өмірді адамгершілікпен түйсінуге көмек беру жолы негізгі бағдарға алынған.

Республикамызда білім беру саласын жетілдіруде, әлемдік білім кеңістігіне еруге байланысты 12 жылдық білім бағдарламасына көшу жоспарына байланысты білімді, білікті маман дайындау әрине жорғары оқу орнына жүктеледі. Осы орайда, Мемлекеттік Білім Беру Стандарттарын қайта қарап бекіту қажет. Бекітілген стандарттарда біз жоғарыда айтып кеткен 1-2 кредиттік пәндер жиі кездеседі. Сол пәндерді ірілендіріп, ауқымы жақын, мән-мағынасы үндесетін пәндерді біріктіріп, бүгінгі күннің талабына сай жаңа пәндер ауқымын қарастыруымыз тиіс. Бұл қазіргі стандарттардың кей жақтарын жетілдіруге мүмкіндік беріп, нарықтың талабына сай мамандар дайындауға жағдай жасайды.

Б) Кредиттік технологияға мектептен бастап көшу.

Барлық білім беретін ұйымдардың арасында тек пәнаралық қана емес, жүйе аралық та байланыс болғаны білім алушының ортаға бейімделуін жеңілдетері сөзсіз. Бұл біріншіден. Ал екінші қыры, мектепте де әлі тек мұғалімнің айтқанына ғана құлақ ұрып тек соны ғана айтумен шектелелін жайттар әлі де кездесуде. Ал, бүгінгі техника мен ғылым зымырап дамып жатқан заманда түйсігі терең, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан шәкірт мектептен қалыптасып шығады емес пе? Ендеше кредиттік жүйенің жақсы қырының бірі өзіндік дайындық пен ізденіске баулитын жағы мектеп қабырғасынан қамтылса, болашақ студентті даяр-

лау кезінде нұр үстіне нұр болар еді. Мектеп оқушыларымен жұмыс барысында баланың қабылдау жетістіктерінің деңгейін ескере отырып, интенсивті даму жағдайында жеке жұмыс жүргізуі де осы талап негізінде қалыптасады. Білім алушыларға оқуға деген ынта қалыптастыруға, оларға белгілі бір табысқа қол жеткізетіндей жағдай жасауын қамтамасыз етуіміз жөн. Осы мәселе де бүгінгі күнде қарастырылып реформаға енгізуге тиіс біржағы.

Г) Жоғары оқу орындарының бағдарламасын білім беру реформасына сәйкестендіріп, интеграцияланған жаңа бағыттағы арнайы немесе қосымша курстар енгізу.

Д) МЕКТЕП – КОЛЛЕДЖ – ЖОО білім беру бағытындағы пәндерге талдау жасау барысында «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Құқық негіздері», «Информатика» пәндерінің оқу бағдарламаларындағы қайталаулар анықталынды. Талдаудың қорытындысында үздіксіз білім беру жүйесіндегі пәндерді біртұтас мақсатта зерттеуге негізделген оқу бағдарламалырының өзекті стандарттылығы ұсынылды. Мысалы, оқу бағдарламалары қайталанбауы тиіс, бірақ, кіріктірілуі немесе пәнді тереңдетіп оқыту мақсатында кеңейтілуі қажет.

4. ҒЗИ Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін 11 жылдық мектептің Мемлекеттік Стандарттарына ғылыми сараптама жасады. Білім Стандарттарын саралау барысында мектеп-колледж-бакалавриат арасына жүйеленген типтік бағдарлама құрастыру қажеттігі айқын көрінді. Атап айтқанда «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Құқық негіздері» және т.б. сынды қоғамдық, жалпы білім беретін пәндер қайталау шеңберінен шыға алмаған. Міне, осындай кемшіліктердің болмауы үшін ол пәндердің жалғастырып оқыту жағын нақтылануы қажет.

– 12 жылдық білім берудің Мемлекеттік Стандарты жобасы. Қазақстан Республикасының 12 жылдық мектебіндегі бастауыш білім беру деңгейі Мемлекеттік

жалпыміндеттілік стандарты жобасына қоғамдық пәндерді тереңдетіп оқыту бағдарына байланысты ұсыныстар жіберілді. Материалдар Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Академиялық жалпы орта білім ҒЗИ-на бағытталды. Қазақстан республикасының Негізгі орта білім және Жалпы орта білімінің Мемлекеттік Стандарты жобасына ұсыныс пен ескерту енгізілді, материалдар Абай атындағы ҚазҰПУ ректоратына бағытталды;

Барлық ұсыныстар университеттің ректораттарына бағытталды.

Оқу үдерісін жетілдіру аумағында және білім беру бағытын анықтауда ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесі Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай жарияланған «Образование Казахстана в годы независимости (1991-2011 г.г.)» атты монографияда көрсетілді.

7. ҒЗИ білім беру менеджментін барлық білім жүйесінде жетілдірудің шынайы шарттарын дамыту мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Қазіргі уақытта даярланғандары:

– «Білім беру өрісіндегі менеджмент»-тің оқу бағдарламасы.

– Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы магистранттарды даярлауға арналған модульдік бағдарлама.

8. Оқу үдерісіне жаңартпалықты енгізу мақсатында мынадай жобалар қатары ұсынылды:

– Пәннің қайта сынақ мүмкіндігімен, тереңдетілген оқу бағдарламаларының жұмысымен қарастырылып, оларға арналған жоғары деңгейлі біліммен жабдықталған эксперименттік оқу топтары құрылды.

9. ҒЗИ белсенді және мақсатты түрде даярланған жұмыс пен оқу үдерісіне «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізу жұмыстарын жүргізеді.

2009 жылы «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасымен бірігіп «Ұлттық тәрбие» пәнінің типтік оқу бағдарламасы, ЖОО-на «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізудің жұмыс оқу бағдарламасы даярланды. Оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдары атауларының тізімі жасалынды.

Типтік оқу жоспарларын теориялық және практикалық оқыту тұрғысынан дамыту мақсатында талдау жұмыстары жасалынуда.

10. Қазақстан Республикасындағы білімнің жағдайы мен дамуын білу үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің сапасын жетілдіру бағытында ұсыныстар қарастырды. Нәтижелері «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды жетілдіру мен оны енгізу туралы сұрақтарға» берілген есепке тапсырылды.

Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ Университет аясында мамандарды даярлаудың сапасын жетілдіру мен білім беруді толықтыру мақсатында оқу жоспары үлгілерін жинау, пәндердің оқу бағдарламаларын, міндетті мен таңдамалы пәндер тізімін, өздік жұмыстардың тақырыбын, тест тапсырмаларын және т.б. мен педагог мамандар даярлауды жүзеге асырушы халықаралық аккредитивтелген жоғары оқу орындарын іріктеуді қарастыратын инновациялық жобаны талқылауға ұсынды. Бұл үдеріске ҒЗИ-ның жетекшілігімен Абай атындағы ҚазҰПУ-ың алдыңғы қатардағы PhD докторанттары мен магистранттары қатыстырылып отыр. Алдағы уақытта магистрлік жұмыстардың тақырыбын шетелдік ЖОО-на білім беру мен оқыту мәселелерімен байланыстыру және шетелдік тәжірибелері негізіне бейімдеу мен соған лайық білім беру бағдарламасын университетке енгізу көзделуде. Магистратура және PhD докторантура институтымен тығыз байланыста жұмыс жасалынуда.

11. Осы уақытта айрықша өзектілік білім беру жүйесінің тиімді қызмет етуі мен оның бағытын білім беру жүйесінде жоғары білікті мамандарды қалыптастыру негізінде айқындау жағдайындағы білім менеджерінің дайындау болып табылады.

12. Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры гранты есебінен қаржыландыруымен ҒЗИ-ның ғылыми-зерттеу жұмыстары үш жылдың ішінде 9,5 млн. теңгені құрады.

№	Тақырып атаулары	жыл	Қаржыландыру көлемі
1	Образование независимого Казахстана (1991-2010 гг.)	2009	3 млн. теңге
2	Этика-эстетиканың ғылыми негіздері, мән-мағынасы, оның нормалары	2010	3 млн. теңге
3	«Оқу үрдісіне интеграцияланған «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізудің бағдарламасы және салт-дәстүрдің ұйымдастырылу жолдары мен орындалу тәртібі»	2011	2 млн. теңге
4	«Менеджмент в сфере образования»	2011	1,5 млн. теңге
Барлығы			9,5 млн. теңге

13. ҒЗИ қызметкерлері үш жыл ішінде 20 ғылыми конференцияларға, 8 ғылыми семинарларға қатысты, оқу ұйымдарында 6 дәріс оқылды.

	2009	2010	2011
ғылыми конференциялар	8	5	7
ғылыми семинарлар	2	3	3
дәрістер		4	2

14. ҒЗИ-ның 2009-2011 ж.ж. жұмысы кезінде 1 монография, 9 оқу құралдары жарияланды. 2009-2011 ж.ж. шеңберінде ҒЗИ қызметкерлерінің жариялынымдар саны 105-ті құрады, оның 45 – журналдарға, ҚР БҒМ ұсынылғандар, 6 – жақын және алыс шетелдерге.

р/с	Жариялыным	2009	2010	2011
1	Монография	-	-	1
2	Оқу құралдары	-	3	6
3	Оқу бағдарламалары	-	-	2
4	Шетелдерге жарияланған статьялар	1	3	2
5	ВАК қатарындағы журналдарға жарияланған статьялар	20	19	8
6	Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары	8	-	8
7	Республикалық журналдарға жарияланған статьялар	3	17	16
8	Газеттерге жарияланған статьялар	-	1	-
	БАҚ-на қатысуы	2 (Хабар)	1 (СТС)	1 (31-й)

15. Білімді реформалаудың басты міндеті – мемлекеттік білім беру жүйесін әлемдік үздік үлгіге сәйкес деңгейге көтеру. Жеке тұлғаның білім алу және рухани қажеттіліктерін, оның мүмкіндіктерін ескере отырып қанағаттандыру, қалыптастыру, адам білім үшін емес, білім адам үшін оқу-тәрбие процесін ізгілендіру, ізгілік принциптерін қайта түрлеуі арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сонда ғана білімнің беделін арттыруға, білім беру саласының мемлекет пен қоғам өміріндегі басым мәртебесін нақты орнықтыруға болады. Қазіргі таңдағы әлемдік ғылым мен білім беру саласындағы жетістіктерге негізделген жаңа жүйе еліміздің білім беру саласына терең енгізіліп отыр. Бұл өзгерістер өз кезегінде болашақ интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың кепілі болмақ. 2008 жылы Мемлекет басшысы «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасын бастамасын көтерді. Н.Ә.Назарбаев өз жол дауында: «Біздің түпкілікті мақсатымыз – жаңа формациядағы қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды әлемдегі ең әлеуетті, бәсекеге қабілеті адами капиталға ие елге айналдыру», – деп атап көрсетті.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру жөнінде айтқанда, біз ең алдымен қоғамның рухани-адамгершілік мәселесіне тереңірек көңіл бөлуіміз керек. Қоғамды ұлттық тұрғыда дамытуға, жастардың патриоттық сезімін тәрбиелеуге, ұлттық намысты шыңдауға, әрбір азаматтың азаматтық жауапкершілігін арттыруға барлық жағынан мүмкіндік жасалуы қажет. Осы тұрғыда интеллектуалды ұлт қалыптастыруда ұлттық тәрбие маңызын айқын аңғаруға болады.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда ұлт денсаулығы маңызды мәселелердің бірі. Денсаулық адам дамуының маңызды құраушысы және салдары. Ол жас кезде білім алудың, ал кейіннен оны үнемі жетілдіріп отырудың маңызды шарты болып табылады. Сондай-ақ, денсаулық жоғары өнімді еңбектің негізі бола отырып, адамдардың жеке және қоғамдық жағдайларын көтеруге мүмкіндік береді.

Интеллектуалды ұлт – моральдық, мәдени, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, өзінің ғылыми, мәдени, біліми ақпараттарын еркін тарататын әлеуеті бар қоғам.

Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ бұл бастамадан айналып өте алмады. Білім берудің бағдарламасының модернизациясы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын білім берудің бастауыштан бастап барлық сатыларынан кейін қандай тұлғаның қалыптасқанын қалаймыз деген сұрақтардан бөлек қарастыру мүмкін емес. Жаңа мыңжылдық талабы бойынша интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру үшін оқытудың жаңа жолдарын қалай ойластырып және қалай жұмыс істеу керек екендігі жайлы сұраққа келіп тіреледі.

Осы мәселелерді шешу барысында мұндай тұлғаны руханилыққа негізделген тәрбие үдерісінсіз тек оқу үдерісіне ғана сілтеме жасау арқылы ғана қалыптастыра алмаймыз деген қорытындыға келдік. Қоғамдық ақпараттану, ұлт денсаулығы, экономика мәселелерін айналып өту мүмкін емес. Осы сұрақтардың шешімін тапқан кезде ғана біз интеллектуалды қоғам қалыптастыру туралы сөз ете алатын боламыз.

Мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің мәнін, мазмұны мен ерекшеліктерін теориялық тұрғыда дәлелдеу оның студенттердің қазіргі білім беру мен тәрбиелеу үдерісін жетілдірудегі потенциалды мүмкіндіктері туралы айтуға негіз болады. Шынында, ағарту орындарының алтын діңгегі – мұғалім. Жас ұрпақ мұғалімге қарап бой түзейді. Нағыз ұстаз қай ғасырда да ұстаз болып қала бермек. Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол – білімділік, имандылық, парасаттылық барлық ғылым атауылының алғашқы әліппесі өркениет ұстазының тәлім сабағында күн сайын үйретіліп, үлкен «білім мұхитына» айналып, рухы мықты, интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп шығару. Енді, осындай игі ниеттен туындаған өзіміз тарапынан ұстазға қойылар талаптарды жүйелеп ұсынайық.

**Ұстазға қойылатын талаптар:**

Біріншіден – мәдениеті жоғары дамыған маман болуы керек:

1.1 Қазақ халқының және дүниежүзілік тарихтан жүйелі хабардар болуы.

*Өткен тарихты қазіргі күн талабына сай баға беріп, сараптай алуы. Тарихи оқиғалардың болу себебін, сол тұстағы халық рухы мен күш-қуатының қайнар көзі неде екендігін дәп басып, оқушыларға жеткізе алуы. Тәуелсіздікке жету жолындағы ата-бабамыздың арман мүдделері мен оған жету жолындағы күрес нәтижелері;*

1.2 Қазақ философиясын терең түсініп, одан нақты мысалдар келтіре алатындай болуы. *Мысалы: қазақ халқының өзіне тән ойлау танымын саралау. Адамзат жаратылысының ғарыш кеңістігіндегі он сегіз мың галаммен байланыс құпияларының сырын және халықтық наным-сенімдерінің тылсым дүниемен байланысын ашу;*

1.3 Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің даму жолдарын дұрыс саралап, жаңа заман талабына сай баға бере алатын, дүниежүзілік әдебиеттен өзгешеліктерін түсініп, саралай алатындай болуы. *Өзге ұлт өкілдерінің алдында мақтана алатындай тіліміз бен әдебиетіміздегі озық жетістіктерімізді бөліп көрсете алуы.*

1.4 Қазақ қандай мәдениет түрлерімен мақтана алатындығы. Бізде дамыған мәдениеттің түрлері мен одан қандай тәлім-тәрбие алуға болатындығы туралы мағлұматтардан хабары болуы. *Қандай тамыры терең тарихи жәдігерлеріміз бен әлемдік өркениетке ұмтылған мәдени мұраларамыз бар деген сұраққа жауап бере алатындай болуы керек.*

Екіншіден – Қазақстан экономикасы мен оның даму жолдарының ерекшеліктеріне талдау жасай алуы. Қазақстанның дүниежүзілік қоршаған ортадан қандай жетістіктерімен (брендпен) орын алады деген сауалға жауап таба алуы. *Дүниежүзілік экономикалық аренадағы еліміздің экономикалық жағдайына баға беріп, бүгінгі күн талабы тұрғысынан саралау.*

Үшіншіден – ұстаздың адами қасиетіне қойылатын талаптар. *Адамгершілігі жетік, рухани бай болуы. Керек кезінде оқушыға оның мұғалім ғана емес, сырласына айналуы қажет. Ол үшін оқушының жан дүниесін түсіне алып, оған адамгершілік тұрғысынан көмек көрсете алуы керек.*

Төртіншіден – білім, біліктілігіне қойылатын талаптар. *Алған базалық білімін күнделікті ғылыми жаңалықтармен толықтырып отыру. Жаңа технологияларды өз сабағында жаппай қолдана алуы.*

Бесіншіден – жан-жақты дамыған «толық адам» екеніндігі, оқушылардың қызыға қарайтын қасиеттерінің болуы. *Әр сабағында оқушыларға тірі тарих сөйлеп тұрғандай әсер қалдыруы. Ол үшін білімі жетік, жаңа ҒТТ-ге сай жан-жақты жетілген рухани бай болуы керек.*

Алтыншыдан – ұстазға тән лидерлік қасиеттер ие болуы. *Қашан да, кез келген уақытта не жағдай болса да тосылып қалмайтындай сөзге шешен, білімі жетік, жан-жақты интеллектуалды қаруланған тұлға иесі болуы.*

Жетіншіден – ұстаздықты таңдап алған оқушылардың дайындығы:

7.1 оқу орындарына қойылатын талаптар;

7.2 оқытушыларды сараптап алу;

7.3 саяси әлеуметтік жағдай жасау (жалақы, үй, шәкіртақы, т.б.). Мысалға ұстаздың үйі (әсіресе, ауылдық жерде) ауылдың көркі болуы керек. Шәкірттердің ұстаз үйіне қызығушылықпен қарап, сондай үйде тұруға деген ынтасы мен сол арманына жету жолындағы талап-жігері;

7.4 ұстаздың жалақысы екі тұрғыдан қарастырылуы керек: базалық төлемақы және қосымша төлемдер;

7.5 ер азаматтардың мұғалім болуы үшін не істеу керек деген мәселе. Қазіргі күндері мұғалімдік салаға көбінесе әйел адамдар барып жатады. Ал ұрпаққа берілер тәрбие қай кезде де, қай жерде де, қандай ортада да ер азаматтардың қалыс қалуы себебінен ақсап жатады;

7.6 мектепті нағыз білім ордасына және

мәдениет ордасына айналдырудың мәселелерін жан-жақты қарастырылу қажеттігі.

Осыған сәйкес ҒЗИ-ның ғылыми-зерттеу жұмысы бағытына өзгеріс енгізу қажеттігі талқыланып, жоғарыда айтылған мәселелер негізінде ҒЗИ-ның жұмыс бағдарын «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» бағытына өзгертіп, институт атын да сол тұрғыда, «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институты» деп өзгертілді. ҒЗИ-да интеллектуалды тұлға қалыптастыру және дамыту бойынша жоғарыда көрсетілген ұғымдардың мәні ашылады. Осыған байланысты зерттеу жұмысында алдымен «интеллект», «интеллектуалды капитал», «интеллектуалды ұлт» ұғымдарының мән-мағынасын қазақ билерінің, шешендерінің, әл-Фарабидің, Абайдың, Шәкәрімнің, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың ұрпақ тәрбиесіне қатысты еңбектеріне сүйене отырып, «толық адам», «сегіз қырлы, бір сырлы» түсініктерімен салыстыра отырып ашылады да, оларды қауымдастықта қалай біріктіруге болатындығы көрсетіледі; білім беру жүйесін инновациялық дамыту, ақпараттық қоғамды дамыту, ұлттық тәрбие беру, ұлт денсаулығын күшейту интеллектуалды ұлт қалыптастыру факторы ретінде қарастырылады.

Интеллектуалды тұлға қалыптастырудың

кезеңдері отбасы, мектепке дейінгі тәрбие, мектептік, кәсіптік және жоғары білім беру деңгейінде анықталады.

Нәтижесінде осы аталған факторлар тұрғысында ұлттың интеллектуалдық капиталын құраушылары сараланып, бір жүйеге келтіріледі. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру тұжырымдамасы мен бағдарламасының жобасы жасалады және оларды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар дайындалады.

*ҒЗИ-да* Қазақстан Республикасы дамуының негізі ретінде интеллектуалды ұлт қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін жасау бағдары жоспарлануда. Ол:

- «интеллект», «интеллектуалды капитал», «интеллектуалды ұлт» ұғымдарының мағынасын ашу;
- интеллектуалды ұлт қалыптастыру бойынша жинақталған отандық және әлемдік тәжірибеге талдау жасау;
- білім беру жүйесін инновациялық дамыту, ақпараттық қоғамды дамыту, ұлттық тәрбие беру, ұлт денсаулығын күшейту негізі ретінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру факторларын анықтау және оларды негіздеу;
- интеллектуалды ұлт қалыптастыру тұжырымдамасы мен бағдарламасының жобасын жасау және оларды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар дайындау негізінде жүзеге асады.

қатынас құралдарының және қазіргі әлеуметтік тұрмыстың басқа да белгілерінің даму үрдістері туралы ақпараттың алдын ала алынуына тікелей байланысты болып отыр.

Себебі, негізгі кіндігі еркін таңдау және жеке бастама жасай алатын жеке адам бостандығы идеясына негізделген Батыс өркениеті болып отырғандығы. Соңғы жылдары жаһандандудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық

жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік, әдептілік т.б.) мәдени-өркениеттік қалыптар кешенін де еріксіз қабылдау екеніндігі елімізде орын алған келеңсіз жағдайлар дәлелдеп отыр. Мұны түсінген дәстүрлі қоғамды жақтаушылар табанды түрде қарсылық жасауда. Бұл тұрғыда негізгі келіспеушілік өркениеттердің өзара кірігуі мен ұштасып кетуіне қарсылықта болып тұр. Анығырақ айтқанда, жаһандану барысында Батыс мәдени құндылықтарының басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы төлтумалық сипатының жоғалуына түрткі болуы мүмкін деген қауіпке әкеліп тірейді. Өйткені, өткен ғасырдың орта шенінен айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір шын мәнінде ақиқатқа айнала бастады. Бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ақпаратта, технологияда, тағы басқа салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр. Рас, Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет, алайда, Батыс өркениетінің қоршаған ортаға тек пайда табу көзі деп қарауға үйретуі, оны технологиялық тұрғыдан бөлшектеп сату түрінде түсіндіруі, мәдени, әдеби құндылықтарымыздың әлеуметтік мән-маңызын батыстық «жалған мәдениетпен» алмастыруы бұл мәселеде бізге үлгі бола алмайды. Оның дәлелі, бұл күндегі еліміздегі жағдайлар: жезөкшелік, нашақорлық, тасбауыр әке мен «көкек» аналардың салдарынан тастанды балалардың көбеюі, неше түрлі қылмыстардың, безбүйректіктің (қартайған ата-анасын қарттар үйіне өткізуі, т.б.) жиі орын алып отыруы. Сондықтан, Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік жақсылықтың нышаны емес. Сол себепті, ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-

еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі.

Ол үшін ұлттық тәрбиені дамытуды нақты, дұрыс жолға қою керек. Тіпті, бұл кезек күттірмейтін үлкен мәселе. Мұны Президенттің «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық бағдарламасындағы идеясын жүзеге асырушы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы қолға алып отыр. Сол мүмкіндікті пайдаланып 2009 жылы университеттің жанынан ашылған Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ғылыми-зерттеу институты ұлттық тәрбие проблемасына бірінші кезекте ден қойып, осы бағытта біраз жұмыстар атқарды.

Еліміз өз егемендігін алған жиырма жыл ішінде еңселі мемлекет болып қалыптаса алды. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен иық теңестіретін, тіпті, кей тұстарда олардан озық тұратын дәрежеге жетті. Қолда тұрған ядролық қарудан бас тартып, сол арқылы әлем елдеріне, әсіресе, азулы алпауыт державаларға үлгі-өнеге көрсетті. 2010 жылы ТМД мен Азия елдері арасында тұңғыш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына жетекшілік еттік. Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етіп, 7-ші қысқы Азиада ойындарын өте жоғары дәрежеде өткізді. Биылғы Лондонда өткен ХХХ жазғы Олимпиадада тарихымызда бұрын-сонды болмаған көрсеткішке қол жеткіздік. Бұл да еліміздің әлемдік аренадағы абыройын, мәртебе беделін танытса керек.

Осындай жетістіктерге жетудегі жастарымыздың бойындағы ұлтжандылық пен отансүйгіштік қасиеттердің рөлі жоғары. Сол себепті, ұлттық тәрбиені білім алушы жастардың бойына сіңіру – еліміздегі барлық білім беру ошақтарының ең басты міндеті. Еліміздің тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттігін баса айтты. Сондай-ақ, тәрбиенің негізгі баспалдақтарын - патриотизм, мораль

мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық екендігін атап көрсетті. Жолдауда аталмыш тәрбиелік білім барлық оқу орындарында қамтылуы қажет екендігін нақтыланды. Осы өзекті мәселелердің күрмеуін шешіп, тәлім-тәрбиені біліммен ұштастыру арқылы дұрыс жолға қою жолында Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұны ҒЗИ жемісті де, нәтижелі жұмыс істеуде.

Белсенді және мақсатты түрде оқу үдерісіне «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізу жұмыстарына өзіндік үлесін қосуда. Бұл бағытта 2009 жылы «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасымен бірігіп «Ұлттық тәрбие» пәнінің типтік оқу бағдарламасын, ЖОО-на «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізудің жұмыс оқу бағдарламасын даярлады. Сол жылдың қазан айында ТарМПИ-да ұлттық тәрбие мәселесі бойынша ғылыми семинар өткізілді, онда оқу үдерісіне «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізу жолдарын талқыланылды. 2010 жылдың 11 қарашасында ұлттық тәрбие мәселесіне арналған «Ұлттық тәрбие – өркениетті қоғам құру жағдайында адам ресурстарын қалыптастыру кепілі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Қорытындысында ғылыми материалдар жинағы шығарылды.

Ұлттық тәрбиені оқу үдерісіне енгізудегі өзектілігі мен қажеттілігін көрсету жолында Қазақстандағы белгілі қоғам қайраткерлерін, атақты ғалым ұстаздарды, ұлтжанды ірі тұлғаларды шақыртып, «Тұлғалартағылымы» атты лекциялар курсы ұйымдастырылды. Қорытындысында лекциялар курсы жинағы жарыққа шығарылды. Бұл лекцияларда ұлттық тәрбиенің жастар тәрбиесіндегі рөлі мен қажеттігі туралы мол мағлұматтар қамтылды. Студенттердің «Этикалық кодексі» қабылданды, ұлттық тәрбие құндылықтары мен халықтық педагогикаға негізделген «Ұлттық тәрбие» пәні оқу үрдісіне енгізілді. Содан кейін, оқу үдерісіне «Ұлттық тәрбие» курсы енгізу үшін келесі оқу құралдары даярланды:

1. «Ұлттық тәрбие (Ұлттық тәрбиенің

этика-эстетикалық негіздері)». Оқу құралында қазақ халқының ұлттық тәрбие берудегі ұлттық діл мен ұлттық нақышқа негізделген төлмәдениеті мен озық өркениеті, этика-эстетикалық тәрбиесі теориясы мен практикасы жан-жақты ашылып қарастырылды. Ғасырлар қойнауынан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбие негізі сарапталып, олардың әдеп пен әдемілік тұрғыда тәрбиелік қырлары көрсетілген. Ұлттық тәрбиелік білім негізін әдеп пен әдемілік тұрғыдан жастарға бағыт-бағдар беру қыры жан-жақты сараланған. Оқу құралы студент жастарға, оқушыларға, білім беру саласындағы қызметкерлер мен жалпы оқырман қауымға арналған.

2. «Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі». Бұл оқу құралында қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің алғышарттары, мән-мағынасы, ғылыми мазмұны жан-жақты сараланған. Ұлттық тәрбиелік білім негізін ғылыми тұрғыда қарастыра отырып, осы тұрғыда жастарға бағыт-бағдар беру көзделген. Оқу құралы оқушыларға, студент жастарға, магистранттарға, білім беру саласындағы қызметкерлерге арналған.

3. «Ұлттық тәрбие (Салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде)». Бұл оқу құралында қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің теориясы мен практикасы жан-жақты ашылып қарастырылған. Ғасырлар қойнауынан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың түрлеріне жеке тарауларда тоқталып, автор олардың тәрбиелік қырларын көрсетеді. Кейінгі дәуір зардабынан қолданылмай ұмытылуға айналған кейбір салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды жаңғырта отырып, жастарға бағыт-бағдар беру көзделген. Оқу құралы студент жастарға, оқушыларға, білім беру саласындағы қызметкерлерге арналған.

4. «Ұлттық тәрбие (таңдамалы лекциялар курсы)». Бұл оқу құралында белгілі тұлғалардың қазіргі таңдағы тәрбие мәселесіне қатысты жоғары оқу орындарында оқыған дәрістері беріліп отыр. Жинақта ұлттық идеяны, рухты,

салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты дәріштеп, жастарға заманауи тұрғыда тәлім-тәрбие беруде ықпал ету; жастардың бетін ата-дәстүрімізге бұру; өз халқының бай мұрасына назарын аудартып, халқымыздың өзіне тән ұлттық құндылықтарын мақтан тұтуға тұрарлықтай тұлғалары бар екенін аңғартып отыру мақсаты көзделген. Осы арқылы туған халқы мен жерін сүйетін ұлтжанды жастарды тәрбиелеп, еліміздің өркендеуі мен қауіпсіздігін баянды ету. Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, білім беру саласындағы қызметкерлер мен ғылым жолындағы ізденушілерге арналған.

5. «Салт-дәстүрдің ұйымдастырылу жолдары мен орындалу тәртібі». Халқымыз – дүниеге келген әр сәбидің туылған сәтінен бастап, өсіп ержеткенге дейінгі бала өміріндегі барлық неғұрлым маңызды кезеңдерді қонақасымен, тоймен атап өтетін қонақжай, тойшыл. Кітапта шілдеhana, қырқынан шығару, бесік той, тұсау кесу, сүндет той, тілашар, үйлену тойларының қазіргі заманға сай ұйымдастырылу жолдары мен орындалу ережелерінің баршаға ортақ нұсқасы ұсынылады. Сонымен бірге, жинақта халықтық нақыл мен даналық ойларға, ән-жырларға да орын берілген. Оқу-әдістемелік құрал оқушыларға, студенттер мен магистранттарға, мұғалімдер мен оқытушыларға, сондай-ақ, жалпы оқырман қауымға арналған.

6. Сондай-ақ, «Оқу үрдісіне интеграцияланған «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізу» атты кіріктірілген оқу бағдарламасының жобасы. Қоғамдық циклға жататын «Ұлттық тәрбие» пәнінің оқушының жеке тұлға ретінде дамуында, саналы оқу мен сауатты жазу дағдыларының қалыптасуында алатын орны ерекше. «Ұлттық тәрбие» пәні білім мазмұнының негізгі мазмұндық желілері ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектері - ұлттық сана, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық діл, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып категорияларына сүйенеді. «Ұлттық тәрбие» пәні білім мазмұнын іріктеуде дәстүрлі классикалық педагогикадағы

тәрбие бағыттарын толық қамту ескерілді. Ерекше назар аударатын мәселелер ретінде қазақ халқының ұлттық ойындары, мақал-мәтелдері, өсиет сөздері, туыстық қатынастары, жеті ата түсінігінің тәрбиелік мәні, қызтәрбиесі, ұлттәрбиесі, келінтәрбиесі, ер азамат тәрбиесі, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасын реттеудегі ұлттық тәрбиенің рөлі, қазақ халқына тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, қазақ халқының адамгершілік құндылықтары, ұлттық тәрбие берудегі діннің алатын орны тақырыптары және олардың тәрбиелік мәні белгіленген. Қазіргі жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері ретінде жас ерекшеліктеріне байланысты ұлттық тәрбиенің мазмұндық сипаты, салауатты өмір сүру салты, адамгершілік тәрбиелілігі, сонымен қатар, жастар арасындағы жат қылықтар (шылым шегу, нашакорлық, жезөкшелік, маскүнемдік, бұзақылық, қылмыстық әрекет) және жастардың әлеуметтік қалыптасуында діннің ықпалы жайында тақырыптар ұсынылған. Халқымыздың ұлы ғұламалары мен ойшылдарының еңбектеріндегі тәрбие көрінісі, мәдени мұра нысандары, халқымыздың ұлағат сөздерінің тәрбиелік мәні және қазіргі мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық тәрбие берудегі рөлі тақырыптары да қамтылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы ұлт саясатының қалыптасуы, дамуы және оның зиялы азамат қалыптасуындағы рөлі тақырыптары да қарастырылған.

2010 жылдың наурыз айынан бастап екі айда бір, қазақ және орыс тілдерінде аралас шығатын, республикалық ғылыми-көпшілік бағыттағы «*Ұлттық тәрбие*» атты журнал жарыққа шықты. ***«Ұлттық тәрбие»*** журналы ұлтжандылыққа, отан-сүйгіштікке баулумен қатар, ұлт тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйретуге, ұлттық интеллектуальдық әлеуетті анықтауға бағытталады. Журнал ЖОО-на, мектептерде білім алушыларға ғана емес жалпы көпшілік қауымға бала тәрбиесінде

пайдалы мол материалдармен қамтылған. Бұл басылымның өзіндік бағыт-бағдары, ерекшелігі бар. **Бағыты** – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүр, менталитетін бүгінгі дәстүрге сай замануи тұрғыда даму сипатын халыққа таныстыра отырып, бойына ұлттық болмысты сіңіру. **Негізгі мақсаты** – ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке баулу, ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, қадірлеуге үйрету. Қазақ жастарының бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, ұлттық интеллектуальдық әлеуетін анықтау арқылы журналдың өзектілігін қалыптастырамыз. Журнал ұлттық идеяны, рухты, салт-сананы, ұлттық бизнестің қалыптасуын, жанашыр

ұлт тұлғаларының саналы өмірімен, олардың әдет-ғұрыпты дәріптейтін және танымдық материалдармен қамтылған. «Ұлттық тағылым», «Ұлттық намыс», «Салт-дәстүр», «Ұлттық тұлға», «Ұлттық бизнес», «Отбасы тәрбиесі» сияқты тұрақты айдарлармен көптеген мағлұматтар берілу арқылы қамтылу көзделген. Әр айдардың өзіндік тақырыптық бағыты мен мазмұндық ерекшелігі бар. Қазіргі уақытта журналдың жалпы 10 000 тиражбен 13 нөмері жарыққа шықты.

Тәрбие бағыты бойынша ҒЗИ-ның ғылыми-зерттеу жұмыстары Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры гранты есебінен қаржыландырылып отырды.

№	Тақырып атаулары	жыл	Қаржыландыру көлемі
1	Этика-эстетиканың ғылыми негіздері, мән-мағынасы, оның нормалары	2010	3 млн. теңге
2	«Оқу үрдісіне интеграцияланған «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізудің бағдарламасы және салт-дәстүрдің ұйымдастырылу жолдары мен орындалу тәртібі»	2011	2 млн. теңге
Барлығы			5 млн. теңге

Бұл ойнатылған гранттардың нәтижесінде жоғарыда көрсетілген «Оқу үрдісіне интеграцияланған «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізу» атты кіріктірілген оқу бағдарламасының жобасы мен «Салт-дәстүрдің ұйымдастырылу жолдары мен орындалу тәртібі» атты оқу-әдістемелік құралы жарыққа шықты.

Қорыта келгенде, ҒЗИ-ның 2009-2012 ж.ж. тәрбие жұмысы кезінде 1 оқу бағдарламасы, 1 оқу-әдістемелік құрал, 4 оқу құралдары жарияланды. Сондай-ақ, жасалынған жұмыстар нәтижесінде 2009-2012 ж.ж. аралығында ҒЗИ қызметкерлерінің осы бағыт бойынша жариялынымдар саны 38-ті құрады, оның ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне ұсынылғандары – 14, шетелге жарияланған материалдары – 1, Халықаралық ғылыми-

практикалық конференция материалдары – 4, Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары – 2, Республикалық журналдарға жарияланған статьялар – 18, БАҚ-на қатысуы – 2.

Білім беру жүйесін реформалауда мемлекеттік білім жүйесін әлемдік үздік үлгіге сәйкес деңгейде көтеру қажеттігі күн талабына қойылуда. Жаңа мыңжылдық талабы бойынша интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруда оқытудың жаңа бағдарын дамыту мәселелері айқындалды.

Осы тұрғыда елбасшысы «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасы бастамасын көтеріп, алдыға нақты міндеттер қойды.

Бұл бастаманы Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ да қолдау көрсетті. Білім берудің бағдарламасының модернизациясы бойынша тәлім-тәрбиелік

мәселені білім берудің бастауыштан бастап барлық сатыларынан кейін қандай тұлғаның қалыптасқанын қалаймыз деген сұрақтардан бөлек қарастыру мүмкін емес. Жаңа мыңжылдық талабы бойынша тәрбиеге қанық интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру үшін оқытудың тәрбиемен біте байланысқан жаңа жолдарын қалай ойластырып және қалай жұмыс істеу керек екендігі жайлы сұраққа келіп тіреледі.

Осы мәселелерді шешу барысында мұндай тұлғаны руханилыққа негізделген тәрбие үдерісінсіз тек оқу үдерісіне ғана сілтеме жасау арқылы ғана қалыптастыра алмаймыз деген қорытындыға келдік. Қоғамдық ақпараттану, ұлт денсаулығы, экономика мәселелерін айналып өту мүмкін емес. Осы сұрақтардың шешімін тапқан кезде ғана біз интеллектуалды қоғам қалыптастыру туралы сөз ете алатын боламыз.

Осыған сәйкес 2012 жылдың шілде айынан ҒЗИ-ның ғылыми-зерттеу жұмысы бағытына өзгеріс енгізілді. Соның нәтижесінде жоғарыда айтылған мәселелер негізінде ҒЗИ-ның жұмыс бағдарын «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» бағытына өзгертіп, институт атын да сол тұрғыда, «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институты» деп қайта құрылды. Моральдық, мәдени, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, өзінің ғылыми, мәдени білімі ақпараттарын еркін тарататын әлеуеті бар ұлтты қалыптастыруымыз үшін оған жетудің жолын қарастыруымыз керек. Осыған байланысты институт ішінен құрылған «Оқушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту» және «Педагогтардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» бөлімдері зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін мектептен бастап жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу орындарының оқу бағдарламаларын сараптау қажет. Сол арқылы барлық пәндердің бағдарламаларын интеллектуалды ұлт қалыптастыру қағидаларына бейімдеу

керек. Осы сараптау негізінде оқу үрдісін жаңа тұрғыдан қаралған жастардың ой-өрісін дамытатын, жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата алатын, халықтың этникалық-эстетикалық тәрбиесінен, қазақ дүниетанымынан хабардар, дінді дұрыс түсініп, өз өмірінде пайдалана алатын толыққанды дамып, жетілген интеллектуалды тұлға қалыптастыруға негізделген тұжырымдама мен оқу бағдарламасын жасалу керек. Бұл міндеттерді шешу жолында, біріншіден, **тіл мен әдебиет** (*туған тіліміз мен төл әдебиетіміздің өзге ұлт өкілдерінің алдында мақтана алатындай озық жетістіктерімізді бөліп көрсете алуы*), **қазақстан тарихы** (*тарихтан жүйелі хабардар болып, өткен тарихты қазіргі күн талабына сай баға беріп, сараптай алуы. Тарихи оқиғалардың болу себебін, сол тұстағы халық рухы мен күш-қуатының қайнар көзі неде екендігін дөп басып, оқушыларға жеткізе алуы. Тәуелсіздікке жету жолындағы ата-бабамыздың арман мүдделері мен оған жету жолындағы күрес нәтижелері*), **дінтану** (*діни фанатизмге бой алдырмау үшін діни сауаттылықтың болуы, діннің қазіргі қоғамдағы алатын рөлі мен тәлім-тәрбидегі қызметін білуі, Ислам дініне тек діни көзқараспен қарамай, ондағы тазалық пен арлылық, имандылық пен адамгершілік, салауатты өмір сүру салты мен сауаттылық тұрғысынан жаңа көзқарас қалыптастыру*), **философия және мәдениет** (*қазақ халқының өзіне тән ойлау танымын саралау. Адамзат жаратылысының зарыш кеңістігіндегі он сегіз мың ғаламмен байланыс құпияларының сырын және халықтық наным-сенімдерінің тылсым дүниемен байланысын ашу. Қандай тамыры терең тарихи жәдігерлеріміз бен әлемдік өркениетке ұмтылған мәдени мұраларымыз бар және олармен қалай мақтана аламыз деген сауалға нақты жауап*), **инновациялық тұрғыда ақпараттық қоғамды дамыту** (*жаңа ғасыр талабына сай жастардың ақпараттық сауаттылық деңгейін арттыру. FTT*



заманында білім және ғылым саласын түгелдей компьютерлендіруге қол жеткізу, интеллектуалдық-шығармашылық деңгейін күшейту), **экологиялық және еңбек тәрбиесін күшейту** (бүгінгі елеусіз тасталынған кішкентай қоқыстың ертеңгі экологиялық зардабы үлкен қасіретке әкеп соқтыратынын түсіндіру. Сондықтан да, қоршаған орта тазалығын сақтауға, еңбек адамдарының қызметтеріне құрметпен қарап, тазалық дағдыларын үйрету), **заңға мойынұсынушылық** (өзін-өзі қорғай алуы мен қауіпсіздік қажеттіліктері, заңды құрметтеу арқылы Отанын сүйетін белсенді азамат, қоғамға қажетті тұлға қалыптастыру) пен **ұлттық тәрбие беру** (тіл мен әдебиеті, ата салт-дәстүрі, туған тарихы мен салт-санасы, төл мәдениеті, ділі мен дінінен сусындаған толық тұлға иесін қалыптастыру), **ұлт денсаулығын күшейту** (денсаулыққа қажетті салауатты өмір салтына қалыптастыру, адам денсаулығына зиян заттардан бойын аулақ

салуга баулу), **экономикалық сауаттылық тұрғысында ұлттық бизнесті күшейту** (дүниежүзілік экономикалық аренадағы еліміздің экономикалық жағдайына баға беріп, бүгінгі күн талабы тұрғысынан саралау, Қазақстанның дүниежүзілік қоршаған ортадан қандай жетістіктерімен (брендпен) орын алады деген сауалға жауап таба алуы) арқылы интеллектуалды ұлт қалыптастырылады. Екіншіден, Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі оқу жүйесіне енгізілген «Ұлттық тәрбие» пәнін келешекте жеке интеллектуалды тұлға қалыптастыру және дамыту жолында жасалынып отырған жаңа бағдарлама аясында қарастырылу көзделуде. Нәтижесін осы аталған факторлар тұрғысында ұлтың интеллектуалдық капиталын құраушылары сараланып, бір жүйеге келтіріледі. Бұл жасалынғалы отырған зерттеу жұмыстары келешекте интеллектуалды ұлт қалыптастыру тұжырымдамасы мен бағдарламасы негізінде жүзеге асатын болады.

#### БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМДІ ҰШТАСТЫРУДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК БАҒЫТТАҒЫ «ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ» ЖУРНАЛЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Қазіргі жаһандану заманында еліміздің тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиесі келелі мәселе. Ақпараттық технологияның даму, қоғамның күрт өзгерген қиын да, күрделі заманында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу оңай шаруа емес. Олардың бойынан ұлттық тәрбиемізді сусындату одан да қиын мәселе. Осы тұста ойға келіп оралатын жайт, біздің халқымыздың асырлар бойы сусындаған ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісінде пайдалану кезек күттірмейтін ауқымды іс. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» халыққа жолдауында былай деп айтылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн». Олай

болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралармен қатар, қазақ философиясы, дін-ділін, салт-дәстүр, ырым-тиым, тіл, әдебиетін сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние.

Осы ретте ойға оралар бір сауал: «Ұлттық тәрбие беру мәселесін болашақ жастардың бойына қалай сіңіру керек?» Ұлы жазушымыз М.Әуезов «Ұлт болам десен, бесігіңді түзе», – деп айтқандай, ең алдымен өркениетті елдің қатарына қосыламыз десек, тәрбиемізді реттеп алғанымыз өте орынды. Сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастырамыз. Ұлттық тәрбие беру, оны жастардың бойына сіңіру мәселесі төңірегінде Абай атындағы ҚазҰПУ тәрбиені білім беру орнында дамыту, нығайту

мақсатында 2009-2010 оқу жылы – «тәрбие жылы» деп жарияланған. Тәрбие жылы аясында университет көлемінде көптеген игілікті іс-шаралар жүзеге асырылды. Университетіміздің базасында «Ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі» құрылды. Қазақстандағы белгілі қоғам қайраткерлерін, атақты ғалым ұстаздарды, ұлтжанды ірі тұлғаларды шақыртып «Тұлғалар тағылымы» атты лекциялар курсы ұйымдастырылды. Бұл лекцияларда ұлттық тәрбиенің жастар тәрбиесіндегі ролі мен қажеттігі туралы мол мағлұматтар қамтылды. Студенттердің «Этикалық кодексі» қабылданды, ұлттық тәрбие құндылықтары мен халықтық педагогикаға негізделген «Ұлттық тәрбие» пәні оқу үрдісіне енгізілді. Осыған байланысты «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылып, 2010 жылдың наурыз айынан бастап екі айда бір, қазақ және орыс, ағылшын тілдерінде аралас шығатын, республикалық ғылыми-көпшілік бағыттағы «Ұлттық тәрбие» атты журнал жарыққа шықты.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің халқына Жолдауында: «Білім беру ісіндегі тәрбие компонентін күшейту керек, патриотизм, моральдық құндылықтар, адамгершілік, ұлтаралық келісім, толеранттылық, рухани даму, заңға бағынушылық – бұл құндылықтар оқу орындарының барлығында олардың қандай меншік түріне жататынына қарамастан берілуі керек» деген болатын, міне, осы құндылықтардың бәрін біздің білім ордамызда оқу үдерісіне енгізген ұлттық тәрбие пәнінің құрамдас бөліктері болып табылады. Болашақ жастарымыз сырт елдің жат қылықтарына бой алдырып, ұлттық ерекшеліктерін, қазақы сыпайылығы мен әдебін, рухани құндылықтарын, тілін, ділін, дінін, мәдениетін жоғалтып жатса, мемлекетіміз ел болып, ұлт болып қалуымыз екіталай. Олай болса, бүгінгі жаһандану заманында ұлттық тәрбиені үйде, балабақшада, мектеп пен жоғары оқу орындарында жаппай оқытылып, үйретіліп, бір-бірімен сабақтасып тәрбиеленушінің

зердесіне тоқылуы тиіс. Біз қолға алып отырған ұлттық тәрбиенің қайнар көзі – фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер, бабалар сөзі, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл-ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары, әдеп пен инабаттылық иірімдері екенін естен шығармағанымыз абзал. Сонымен қатар, отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, сана-сезім, отансүйгіштік қасиеттер де ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттарының тарамдары. Аталған қасиеттерді болашақ жастардың бойына сіңіруге, интеллектуалды тұлға қалыптастыруға біздің университетімізде атқарылып жатқан жұмыстардың маңыздылығы жеткен жетістіктеріміздің бірі.

Ғылыми тұрғыдан негізделген «Ұлттық тәрбие» пәні – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Оның мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаларды тәрбиелеу. Пәнінің негізгі міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діндегі ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен дінін құрметтеу, жастардың интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Ұлттық тәрбиенің басты нысаны – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық

патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу. Міне, біздің оқу-тәрбие үдерісіне ұлттық тәрбие пәнін енгізудегі мақсат – тәрбиелі ұрпақ пен тұлғалар қалыптастыру және ұлт болашағын кемелдендіруге үлес қосу. Ал тәрбиелі ұрпақ оқуда да, мемлекет пен ел алдында да үнемі алда болатынын ұмытпағанымыз абзал.

Университетімізде осы пәнді оқыту үшін оқулық және оқу-әдістемелік құралдар дайындалды. Осыған байланысты университеттің педагог ғалымдарынан авторлар ұжымын жасақтап, оқулық пен оқу құралдары жазылып, баспадан шығарды. Олар: «Ұлттық тәрбие: салт-дәстүр, әдеп-ғұрып негізінде», «Ұлттық тәрбие» (таңдамалы лекциялар курсы), «Ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері», «Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі», «Ұлттық тәрбие және дін» деп аталатын кітаптар. Еліміздің басқа да жоғары оқу орындары ұлттық тәрбиені оқу үдерісіне енгізер болса, оларды оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге біз әрқашанда дайынбыз. Ұлттық тәрбиенің теориялық және тәжірибелік мәселелері бізде терең және жан-жақты зерттелу үстінде.

Сондай-ақ, аталған білім ордасында «Ұлттық тәрбие» республикалық ғылыми-көпшілік журналы 2010 жылдың наурыз айынан бастап, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, қазіргі таңда халықтың игілігінде қолданылып жүр. Журналымыз тәуелсіздігімізді дәріптеп, жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуді қолға алып отыр. Журналдың *мақсаты* – ұлттық тәрбие мәселелерін көпшілік қауымға, ғылым саласындағы қызметкерлер мен студент жастарға, жалпы халыққа ақпарат тарата отырып, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүр, менталитетін дәстүрге сай замануи тұрғыда олардың бойына ұлттық болмысты сіңіру, ұлттық құндылықтарын қалыптастыру. Оларды ұлтын сүюге шақыру, отансүйгіштік, ұлтжандылық сияқты рухани қасиеттерді бойына дарыту. Осындай қоғамның рухани

жағынан зәру дүниелерін шығарып қана қоймай, сапалы білім алумен қатар, оны оқу саласына да дұрыс пайдалана білуде біздің университетіміз республикада алдыңғы қатардан көрініп отыр. Журналымыздың алғашқы бетінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың суретімен ашылады, сонай-ақ, фото суреттің астында Нұрсұлтан Әбішұлының бас-тамасымен көтерілген ұлттық тәрбие мәселесінде айтқан сөздері әр санына жарияланады. Журнал екі айда бір реттен, жылына 6 дана шығады, 2010-2012 жылдар аралығында барлығы 10 000 тиражбен 13 журнал басылып шықты. Журнал «Қазпошта» арқылы Қазақстанның барлық аймақтарына тарайды, журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. Бір жылғы жазылу бағасы 3104 теңге. Индексі 74310.

Соныменқатар, «Ұлттық тәрбие» журналы ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке баулумен қатар, ұлт тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйретуге, ұлттық интеллектуалдық әлеуетті анықтауға бағытталады. Журнал ЖОО-на, мектептерде білім алушыларға ғана емес жалпы көпшілік қауымға бала тәрбиесінде пайдалы мол материалдармен қамтылған. Журнал ұлттық идеяны, рухты, салт-сананы, ұлттық бизнестің қалыптасуын, жанашыр ұлт тұлғаларының саналы өмірімен, олардың әдет-ғұрыпты дәріптейтін және танымдық материалдармен, тұрақты айдарлармен қамтылған. Атап айтсақ: «Ұлттық тағылым», «Ұлттық намыс», «Салт-дәстүр», «Ұлттық тұлға», «Ұлттық бизнес», «Отбасы тәрбиесі», «Ұлттық ойын». Әр айдардың өзіндік тақырыптық бағыты мен мазмұндық ерекшелігі бар.

**Бағыты** – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүр, менталитетін бүгінгі дәстүрге сай замануи тұрғыда даму сипатын халыққа таныстыра отырып, бойына ұлттық болмысты сіңіру. Тұрақты айдарлардың мазмұндық ерекшелігі: **«Ұлт тағылымы» айдарында** қазақ халқының тағылым алар тәрбие нақыштарын ғылыми тұрғыда саралану

сипатын қамту жағы мүдделеніп, ұлттық білім беру негізінде ұлттық ерекшеліктің бар сипатын ғылыми тұрғыда саралау, оның әдістемелік қырын талдау жағын қарастыратын ғалымдардың ізденіс мақалалары қарастырылады. Жаңа заман көзқарасы тұрғысында зерттеушілеріміздің еңбектерімен толықтырып бүгінгі күнде жастарды, барша қауымды әдепті де, саналы етіп тәрбиелеу үшін, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын пайдалана отырып жастардың санасына әсер ететіндей тұщымды мақалалармен толықтырылады. **«Ұлттық намыс» айдарында** намысты қолдан бермейтін, от пен суға түсуге даяр, қазіргі таңдағы абзал азаматтардың ерлікке пара-пар еңбектерін халыққа паш ету, жастарға үлгі болатын тұстарын ашып көрсету. **«Салт-дәстүр» айдарында** ұлттық салт-дәстүрлер қамтылады. Осы күнде салт-дәстүрлердің «озығы мен тозығы» жеткен деп айтып жүретіндер де бар, бірақ оның ішінен екшеп, сұрыптап, оған басын ауырттып жүргендері шамалы. Салттың, дәстүрдің әрқайсысының өзіндік орны, ерекшелігі бар екенін ескерген халық, оны қажетіне қарай пайдаланады. Сол арқылы ол бізді басқа халықтардан оқшаулап, айшықтап тұрады. Ол халықтың жүрегі, һәм тамыр соғысы тәрізді, ол тоқтаса халық та өзінің өмір сүруін тоқтатады. Соған қатысты қағида ерекшеліктерінің көмескіленіп, қолданудан шыққан немесе шығып бара жатқан тұстарын ашу және оны қазіргі заманға сай етіп енгізу жағы қарастырылады. **«Ұлттық тұлға» айдары** қазақ халқының тәуелсіздігі мен бейбіт тыныш өміріне, оның жарқын болашағы мен гүлденуіне атсалысып жүрген қазіргі кездегі абзал азаматтардың жүріп келе жатқан үлгілі жолдарын көрсету мен елдің даму болашағына үлестерін қосып келе жатқан еңбектерін паш етумен ерекшеленеді. **«Отбасы тәрбиесі»** мұнда қыз бен ұлдың, келін мен баланың, сәбидің тәрбиесі жан-жақты қаралып, сараланған. **«Ұлттық бизнес» айдарында** қазақ азаматтарының бизнеске қалай келгені мен осы жолда жүріп

өткен ауыртпалықтары, қиыншылықтарына қалай төтеп бергені жайында сөз болады. Олардың еңбектерін болашақ жастарға үлгі етіп, адалдық пен еңбекқорлыққа баули отырып, жалпы халыққа бизнес өкілдерін таныстыру жоспарланған. **«Ұлттық ойын» айдарында** қазақ халқының ертеден мұра болып қалған ойын түрлері, ойынның тарихилығы, оның берер тәрбиелік мәні әр тараптан сараланады.

Журналымыздың әр санында аталмыш айдарлар көлемінде, ғылыми бағытта 340 мақала жарық көрді. 2010-2012 жылдар аралығында барлығы 13 журнал жарыққа шықты. Сол жылдары аталған айдарлар турасында «Ұлттық тағылымға» – 207, «Ұлттық намысқа» – 7, «Салт-дәстүрге» – 10, «Ұлттық тұлғаға» – 23, «Ұлттық бизнеске» – 2, «Отбасы тәрбиесіне» – 28, «Ұлттық ойынға» – 20 ғылыми мақалалар жарияланды. Мұнда белгілі ғалым-ұстаздардың, мемлекет қайраткерлерінің, жазушылардың, абзал аналардың жазған ғылыми негіздегі, тәрбиелік маңызы зор еңбектерін айта кеткен орынды. Атап айтсақ, С.Ж.Пірәлиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, С.С.Қирабаев, А.Айталы, Ғ.Есім, Ж.Молдабеков, С.Ғаббасов, Қ.Жарықбаев, Қ.Бөлеев, А.Т.Миразова, Ә.Бейсенова, Т.Мұсабаев, Қ.Сұлтанов, Қ.Уәли, К.Нәрібаев, Ә.Табылдиев т.б. Сонымен қатар, Шетел ғалымдарының да, Түрік ғалымы Ибраһим Йылдырымның, Иван Франко атындағы Житомир мемлекеттік университетінің ғалымы О.Й.Литвактың ғылыми мақалалары жарияланды.

Журналымыздың құрметті алқа мүшесі, ғалым, драматург, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, академик **Совет-Хан Ғаббасов:** «Ұлт тағдыры – ұрпақ тәрбиесінде» атты ғылыми тұжырымын ұсынған. Ғалымның пікіріне қарасақ: «Тәуелсіздік құдіретімен алғаш рет ашылған – білім конгресі – ұрпақ тәрбиесі мен білім беру түйінін шешуде, жалпылама сөз бен жаттанды ұғымдарды тыйып, жаңаша түсініктерге жол ашқаны жөн. Үш

жүз жылғы бодандықпен – «зомбыланған рухымызды» – тіктеп, әлем халқын адастырып отырған – «Европацентризм методологиясының» – жалғандығын ашатын мезгіл жетті. Оның тікелей ықпалымен, бүкіл адамзат қауымы азып отыр. Олай болса, бірден «Европацентризмнің» ең негізгі кемшіліктеріне тоқталған.

Адамда бар үш жүйенің – Тән – Жан – Рух – үндестіктерін әдейі үндестірмеу арқылы, бүкіл өркенімізді, тек тән тәрбиесіне байлап, жан мен рухтың тәрбиесі түгіл, тіпті оның өзінің не екенін ұғындырмауға тырысты. Бүгінгі шәкірт түгіл, ұстаздардың өздері - Жан мен Рух – дегеніміз не десе, нақты жауап бере алмайды.

Бүгінгі Педагогика мен Психологияның ғылыми – **Методологиясы – Жүйесі – Негіздері** – жоқ екеніне, сындарлы түрде қарайтын мезгіл жетті. Егер Аристотель мен Фарабидің ғылыми класификациясына құлақ ассақ: «...Кезекелген Пәннің негіздері, оның ішінен шықпаса, ол ғылыми Пән болып дамып алмайды», – деп үзілді-кесілді үкім айтады. Ендеше, айтып жүрген Педагогиканың негіздері – **оқыту – білім беру – тәрбиелеу** – деген ұғымдардың сырттан келіп тұрғаны айдан анық. Өйткені, бала тәрбиесіндегі – «**түйсіктік ақыл мен түйсіктік тәрбиенің**» – 80%-ы **ана құрсағында**» қалыптасатындықтан, іште жатқан жан-иесіне – «**оқыту, білім беру**» – тіпті де мүмкін емес екендігі, ғалым түгіл қарапайым адамға да түсінікті. Осындай сорақылықты анықтағаннан кейін, не істеуіміз керек? Әрине, сөзсіз тіршілік заңына сүйене отырып, ұрпақ тәрбиесінің дұрыс жолын табу қажет...», – деп ойын тұжырымдайды.

ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор, абзал ана **Әлия Бейсенованың** «Дәстүр мен ұрпақ тәрбиесі – ұлттық идеологияның негізі» атты ғылыми негіздегі мақаласы жарияланды. Абзал ана өз мақаласында идеологияның негізгі түп қазығы ұлттық тәрбиеміз бен дәстүрімізде екенін айтады. Сондай-ақ, «Қазақстанның

тәуелсіз мемлекет болуына байланысты соңғы жылдары сол мемлекеттің ұлттық идеологиясы болуы керек пе, болса қандай?, – деген әңгіме төңірегінде пікір айтушылар көбейді. Газет-журнал беттерінде, теледидар экрандарында әр түрлі, кейде бірін-бірі толықтыратын, кейде біріне-бірі қарсы шығатын пікірлерді де жиі көреміз. Ел, мемлекет болған соң идеология болмай қоймайды, оның құрылымына, көздеген мақсатына сәйкес туатын пайдалы идеялар, сөзсіз, идеологияның негізін құрайды. Қазақстан сияқты тәуелсіздігін жаңа алған жас елге идеология әбден керек және ол, ең алдымен, мемлекеттің ұлттық сипатына, тәуелсіздігіне қызмет етуге тиіс. Ұлттық идеология дегеніміз – халықтың, бүкіл елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, санасын ғасырлар бойы дамытып, жетілдіру арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ережесі, ол сол халықтың тілін, дінін, мемлекетін қалыптастыруға қызмет етеді», – деді. Мемлекетіміздің іргетасының нығаюы, экономиканың тұрақтылығы, демографиялық мәселелердің шешілуі мен ұлттық идеологияны дамытуда аналардың қосатын үлесі ұлан-ғайыр.

Қазақстанға еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, педагогика және психология ғылымдарының докторы **Қ.Жарықбаев** журналымыздың тұрақты авторы. Қ.Жарықбаев «Ұлттық тәрбиені өрістеткіміз келсе, қазақы қасиетімізді қастерлейік» атты ғылыми мақаласы оқыған оқырманның назарына қазақы қасиеттерімізді ұстануына түрткі болары хаһ. «Біз, қазақтар – табиғаттың төл перзенті едік. Кеңес үкіметінің алдында ғана ұшықшыры жоқ кеңістікті еркін жайлап, аймен, жұлдызбен сырласып, күннің қас-қабағына қарап-ақ, қаншама құпияларға қанықтық. Негізгі кәсібіміз мал шаруашылығының өнімінен-ақ, ішер ас, киер киімімізді бүтін-дедік. Табиғатпен дәл біздей етене араласты түсініскен халық бұл дүниеде кемде-кем шығар?! Жыл қайырдык, жұлдыз санадық, құстың келу-кетуіне қарап-ақ, көп жайларға күні бұрын болжам жасап, шаруа келешегін

алдын-ала бағдарладық. Ұлт ретінде өзгеше үрдістерімізбен танылдық. Қонақжайлылық, бауырмалдық, мәрттік, кісілік қасиетімізге, шешендік өнерімізге, әншілік-жыршылық салтымызға жат жұрттан келгендер сүйсінетін. Енді, міне, нарықтық қатынастарға көшкелі толып жатқан қылмыс түрлерінен қынжылатын жағдайға жеттік. Жаңағы биік қасиеттерімізді қастандық, жатбауырлық, жылпостық, дүниеқоңыздық жеңіп бара жатқан секілді. Маскүнемдік пен дүниеқоңыздық сияқты келеңсіз қасиеттерімізді ұлтымыздың келешегі үшін аса қауіптілері деп білемін. Маскүнемдік жөнінен алдымызға тек орыс ағайындарды жібереді екенбіз. Қазір Қазақстандағы түрмелер түгелдей қазақ жастарына толы екен. Мұнан артық қандай масқаралық керек. Екіншісі – бізде нарық келгелі өріс алған келеңсіз қасиет-дүние жинау, ақша құмарлық. Сонау Аристотель, Платон, Фарабиден бастап Абайға дейінгі ғұламалардың барлығы, аса байлықты тіпті ұнатпаған. Бірақ, осы американдық прагматистік философия, біздің ұлттық санамызға кереғар пәлсафаны ұялатты. Олардың айтуынша, өмірде ақша бірінші кезекте тұрады. Егер, ақша қажет пе, оған қол жеткізу үшін алдында қандай кедергілер тұрса да көктеп өте бер, ол айып емес. Мәселен, Америкада мынандай анкеталар бойынша көптеген сауал алынған: «шешеннің суретінің бетіне қанша долларға түкіресің?» дегендей. Оларға адам өлімі түкте емес. Күшң жетсе жұлынын үзіп жүре бер. Өйткені, олар ізгілік сезімінен жұрдай, ақша үшін хайуандық психологияға бой алдырғандар».

Журнал беттерінде редакция алқасының мүшесі, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры **Қ.Бөлеевтің** «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» атты жарияланған ғылыми мақаласының орны ерекше. Ол: «Әлемдік тарихта және тәжірибеде дәлелденген бір ақиқат бар. Ол – ел болу, егемен ел болу. Ал егемен елдің іргетасы – мемлекет, анығырақ айтсақ – тәуелсіз ұлттық мемлекет. Міне, қазақ елі тәуелсіз

ел болдық, 20 жылдық тәуелсіздігімізді паш етіп тойладық. Дүниежүзі елдігімізді мойындады. Сұрақ: Енді тәуелсіз еліміздің тәрбиесі қандай болу керек?

Меніңше, тәуелсіз қазақ елінің негізі – ұлттық тәрбие болу керек. Ұлттық тәрбие туралы идея – бүгінгі күн талабы және қазіргі өміріміздің қажеттілігінен туындаған өзекті педагогикалық проблема. Бүгінгі таңда ұлттық тәрбиенің қажеттілігі – қазір елімізде орын алып отырған қайғылы қасіреттер мен құбылыстарды: ана тілін, ана тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін білмейтін жастар; тастанды жетім балалар мен «қиын» балалар; қаттар үйлерінде көздерінен қанды жас ағып, жылап отырған әжелер мен аталар; шылым шегуге, ішкілік пен нашақорлыққа салынған жастар; олардың арасында қылмыстың қаулауы; сыбайлас жемқорлық; жұмыссыздық; жез-өкшелік; қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысының нашарлауы; мұғалімдер беделінің төмендеуі; тәртіпсіз ұл мен қыз; ата-аналардың тәрбие жұмысымен айналыспауы; экономикалық дағдарыстың алдын алып, болдырмаудың, одан шығудың және дамудың кепілі екендігін», – баса айтты.

Алматы қаласындағы №159 мектеп-гимназия басшысы **Аягүл Төреқызының** тылсымға толы сұхбаты журнал беттерінде жарияланған. Дана халқымыз: «Бір жылын ойлаған адам астық өсіреді, он жылын ойлағанда ағаш өсіреді, келешегін ойлағанда ұрпақ өсіреді» деп бағзы замандардан айтып келеді. Осы жолда атадан балаға ұласып келе жатқан бұл қағиданы әр заманда, әр кезеңде жаңғырта түсіп, жетілдіріп келеміз. Қазіргі кезеңде гуманитарлық және педагогикалық ғылымдар негізінде тәлім-тәрбиенің мазмұны мен мағынасын, әдістемелік бағдарын жаңа заман талаптарына сай инновацияландыру міндеттерін де шешуге кірісудеміз. Осы тұрғыда шәкірт тәрбиелеуде қандай қағидаларды басшылыққа алып отырсыздар? «Ұлым дейтін елі болмаса, елім дейтін ұл қайдан шығады?» деген сөз бар қазақта. Шын мәнісінде, өте орынды

айтылған мақал, бұл жерде өзіміздің ұрпағымыз туралы ойламасақ, біз еліміз туралы ойламаған болар едік. Әр ұлттың өзіне тән ұлттық қасиеттері, ділі, тілі, діні, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары болады. Біздің елімізде 100-ден аса өзге ұлт өкілдері тұрып жатыр десек, Қазақстанда тұрып жатқанымен олардың әрқайсысының өз ұлтына сай тәлім-тәрбиесі бар. Біз олардың жақсы жақтарының барлығын бойымызға сіңіріп, қабылдағанымызбен дәл сол ұлт бола алмаймыз. Қазақтың ұл-қыздары ерекше болмысты жаратылған. Қазір, сол қасиеттерді жоғалтып келе жатқандаймыз. Ол – басқа халықтар тәрбиесінің ықпалына қарай жығылып бара жатуы. Басқа ұлтқа жарасатын тәрбие, біздің ұлттың ұл-қызына жараспайды. Сондықтан да, қандай да басқа өркениетті, дамыған ел болсын, соның киімін киіп, соның сөзін айтайық, біз бәрібір олар болмаймыз. Біз қазақ болып өмірге келгеннен кейін, қазақ болып өмірден өтуіміз керек. Өзімізбен бірге біте қайнасқан әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді, дінімізді, ділімізді, тілімізді бойымызға сіңіре отырып, біз басқа ұлттың да жақсы қасиеттерін ала аламыз, әлемге де өзімізді таныта аламыз. Ұлттың шырайлы дүниелерін бойымызға қалыптастырмайынша, елімізді дамытып, әлем таныған халықтың ұрпағы боламын деу мүмкін емес», – деді.

Белгілі философ, академик, сенатор **Ғарифолла Есімнің** «Елдік сана философиясы» атты ұлттық идеясы журнал беттеріне жарияланды. «Ел болу биік әрі мағыналы сөз, оның іргетасы – мемлекет. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет. Тек мемлекеті бар ел ғана өркениет жолына түсе алмақ, сондықтан *Қазақ өркениеті* деген ұғымды қоғамдық білімдер жүйесінде қолдануға мүмкіндік туды. Қазақ өркениеті шындық, субстанция. Бүгінгі Қазақ Республикасы тарихта (XV ғ.) болған Қазақ Орда-сының жаңа Заманға сай жаңғыруы, яғни Қазақ Республикасы ренессанстық мемлекет, оның президенті Ренессанстық Тұлға. Олай болса еліміздің бүгінгі болмысын *Қазақ*

*Ренессансы* деп айтуға толық негіз бар. Отаршылдық кезінде туған Ұлт мәселесі бүгінде *Елдік санаға* ұласты. Бұл бағыттағы, ендігі жердегі жетекші сана қазақ елі — мәңгілік деген идеямен анықталмақ. *Қазақ елі – мәңгілік ұлттық идея*. Оның мазмұнын ашуда тың түсініктер керек, олардың біразын атап айтсақ: өркениеттік өлшем, өркениеттік шешім, өркениеттік келісім, өркениеттік ізденіс, өркениеттік сана, өркениеттік тұрмыс, әлем халықтарының өркениеттік үрдістерін қабылдай білу және соған бейімделе отырып, елдік құндылықтарымызға жаңа сапалық өріс ашу, соның нәтижесінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев көрсеткендей, әлемдегі өркениетті елу елдің қатарына ену», – деп ойын тұжырымдады.

Қазіргі жаһандану дәуірі өршіп тұрған қоғамда өркениетті қоғам көшіне ілесе алатын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Осыны ескере отырып, Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ және «Ұлттық тәрбие» кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлттық тәрбие – өркениетті қоғам құру жағдайында адам ресурстарын қалыптастыру кепілі» атты дөңгелек үстел отырысынан мағлұматтар журнал беттерінде жарияланды. Дөңгелек үстелдің ашылуын университет ректоры, профессор **С.Ж.Пірәлиев** ашты. «Сіздерді бүгінгі дөңгелек үстеліміздің ашылуымен құттықтаймын! Бүгінгі өткелі отырған дөңгелек үстеліміздің тақырыбы: «Ұлттық тәрбие - өркениетті қоғам құру жағдайында адам ресурстарын қалыптастыру кепілі» деп аталады. **Ұлттық тәрбие мәселесін көтерудегі мақсат** еліміздегі білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының жобасында тәлім-тәрбие және жастар ісіне ерекше көңіл бөлінуіне орай, ұлттық тәрбие мен жалпыадамзаттық гуманизм мұраттарын игеру талаптарын басты назарға алу. Болашақ дамуымызды дұрыс бағдарлап, тура жолға салу үшін өткеннен дұрыс тағылым

алып, келешегімізді қазіргі заманға орай тәрбиенің жолдарын сараптап алуымыз қажет. Сол арқылы ұлттық зиялы қауымды қалыптастырып, тәуелсіздігімізді баянды ете аламыз. Зиялы қауым қалыптаспады деп отырғаным жоқ. Бізде бар, дегенмен олардың мәртебесін көтеру ұлттың ұлт болып ұюына тигізер әсері мол. Себебі, зиялы қазақ азаматы – қазақ топырағынан бастау алып, әлем мәдениетінен сусындаған, ұлтына жөн сілтей алатын болашақ жалғастырушы алтын көпір.

Осыған орай, елбасы Н.Назарбаев: «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек», – деген болатын. Шынын айту керек, тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдай уақыт өтсе де, біздің ой-танымымызда осы мәселе жетіспей тұр. Оны жетістіруге жетелейтін нәрсе тәрбие ісі екенін барлықтарыңыз білесіздер. Анығында ұлттық тәрбие жүйесі жасалып, жолға қойылуы тиіс. «Ұлт болам десең, бесігіңді түзе», – деп ұлы жазушымыз М.Әуезов бекер айтқан жоқ. Отбасынан бастап бақшадағы, мектептегі, колледждер мен жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысы жолға қойылып, бұған жалпы халықтық, мемлекеттік бетбұрыс жасалуы қажет. Өздеріңіздей халқы арқа сүйер абзал азаматтарды шақырудағы мақсат та осында», – деп ректор өз ойын баяндады.

Осы дөңгелек үстелдің нәтижесінде қалыптасқан ата-баба дәстүрі бойынша балаға ұлттық тәрбие берудің маңыздылығына тоқталып, әр халық өзіндік қалыптастырған жолымен, үлгі-өнегесімен ерекшеленетіндігі алға қойылып, ұлттық тәрбие беру біл жолға қойылды.

Журнал беттерінен сусындаған, тәрбиенің қайнар көздерін жария ететін ғылыми мақалаларымыз оқырмандарымыздың көңілінен шығуда. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бүгінгі дәстүрге сай замануи тұрғыда даму сипатын халыққа таныстыра отырып, бойына ұлттық

болмысты сіңіруде. Ұлтжандылыққа, отан-сүйгіштікке баулу, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету, ұлттық интеллектуалдық әлеуетін анықтауда. Ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеп, ата-бабамыз қолданған үрдіс пен бүгіндегі жайымен саралап, халық педагогикасының асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиюластыруда. Рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеруге, халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды аялай білуге, құндылықтарымызды дәріптеуде. Бұдан «Ұлттық тәрбие» журналының маңызын аңғарамыз. Республикалық ғылыми-көпшілік бағытта тарайтын «Ұлттық тәрбие» журналы болашақ жастардың кемел келешегін толғап, интеллектуалды ұлт қалыптастырып, тәрбиелеуде өзіндік үлесі мол, ауыз толтырып айтар жетістігіміз.

Журналдың редакция алқасы 37 адамнан тұратын халыққа өзіндік ой-санасымен, бағыт-бағдар беретін ұлт тұлғаларынан құралған.

«Ұлттық тәрбие» пәнін білім берудің маңызды компоненті ретінде енгізу қажеттігі айқын. Осыған журнал беттерінде «Ұлттық тәрбие» пәнін оқытуға арналған **С.Ж.Пірәлиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаеваның** құрастыруымен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін «Ұлттық тәрбие» оқу бағдарламасы басылып шықты. Бағдарламаның мазмұны: «Ұлттық тәрбие» пәнін білім берудің маңызды компоненті ретінде енгізу қажеттілігі айқын. Ұлттық тәрбие пәнінің негізгі нысаны – тәрбие ұғымдары. Қоғамдық циклға жататын бұл пәннің оқушының жеке тұлға ретінде дамуында, саналы оқу мен сауатты жазу дағдыларының қалыптасуында алатын орны ерекше. Ұлттық тәрбие адамның ішкі рухани жан дүниесінің байлығын ашуға, адамгершілікті, сезімді түйсінуге, тәрбие ұғымдарын ұғынуына, дүниетанымдық идеяларды өзіндік көзқараспен дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп оқушыларын

ұлттың тәрбиесінің негізгі ұғымдарымен, білімдерімен, дүниетанымдық идеяларымен таныстыра отырып, тілін, ділін, тарихын, дінін, ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлап қадірлеуге қалыптастыру.

Білім беру деңгейі оқушысының бойында сөйлеу білігін қалыптастыру, олардың адамгершілік және эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейту жолдары. Оқырмандық білікті мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстар жүйесі (оқу, мәтінді талдау, мәтінге жоспар құру, кейіпкерлерді сипаттау т.б.) құрайды.

«Қоғамдық білім негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға оңтайлы жағдайлар жасауға бейімдеуі тиіс.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің мақсаты ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өз үлесін қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

«Ұлттық тәрбие» пәні бойынша төмендегідей *міндеттерді* жүзеге асыру көзделеді:

- өскелең ұрпақты қазақтың ұлттық тәрбиесінің негізгі ұғымдарымен, білімдерімен, дүниетанымдық идеяларымен және әдістерімен таныстыру;
- ұрпаққа қазақтың тілін, тарихын, дінін, ділін, ұлттық салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын таныстыра отырып, сана сезімін, намысын, мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастыру;
- ұрпағымызға қазақтың ұлттық құндылықтары негізінде әлеуметтік-психологиялық, құқықтық-экономикалық және логикалық ойлауды дамытудың қажетті дағдылары мен шеберлігін меңгеруді, дұрыс және шешен сөйлеуді, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуді, бәсекеге қабілетті құзыреттілікті қалыптастыру;
- жат қылықтардан сақ бола отырып, жан сұлулығы мен тән сұлулығын ұштастыра білу және оны дамыту;
- қоғам мен табиғат ресурстарын адам игілігіне ұқыпты, ұтымды пайдалануға

бейімдеу, ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыру;

- адамгершілік және эстетикалық құндылықтар жүйесі негіздерін қалыптастыру;
- қазақ халқының терең де, мәнді тәрбиесін басқа ұлт өкілдеріне насихаттай отырып, ұлтаралық қарым-қатынасты жетілдіру;

Бағдарлама жалпы I Түсінік хат; II Білім беруден күтілетін нәтижелер; III Оқу пәнінің базалық мазмұнынан тұрады.

«Ұлттық тәрбие» пәні мазмұнын толықтыруға, оқушының пәні бойынша білімін көтеруге, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы тиіс. Пәнді тереңірек білу үшін оқушыларға қосымша вариативті курстар ұсынуға болады. Мәселен:

**Бастауыш:** «Мынау менің жұлдызым, қиял жұлдыз...», «Адамға адам жат емес», «Спорт – жанның да тәрбиешісі»;

**Негізгі:** «Еңбекпенен ел көгерер», «Адам болам десеніз...», «Оқығанның көзі ашық»;

**Бағдарлы:** «Бабалар сөзі – даналық сөзі», «Мен ертеңіме сенемін», «Жаным жақсылыққа жаралғандай...» т.б.

Ұлттық тәрбие мәселесін түбегейлі зерттеумен айналысып жүрген зерттеуші ғалым **Қ.Бөлеевтің** жетекшілігімен болашақ мұғалімдердің жеке тұлғаға тұтастай және кешенді ұлттық тәрбие беру іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін педагогтық мамандықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, элективті курстар ретінде төмендегідей оқу пәндерін оқытуды ұсынған. 1. Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру; 2. Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбие беру; 3. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру; 4. Негізгі және бейінді мектептер оқушыларын ұлттық тәрбие беру; 5. Техникалық және кәсіптік білім алушыларға ұлттық тәрбие беру; 6. Студент жастарға ұлттық тәрбие беру; 7. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық беруге дайындау. Осы бағдарламалары журнал беттерінде жарияланды.

Енді жарияланған бағдарламалардың қысқаша сипаттамасын берелік.

1. «Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру (Авторлары: **Бөлеев Қ., Ибраимова Л.Н.**)» бағдарламасы түсінік хаттан, бағдарлама мазмұнынан және қажетті әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түсінік хатта отбасында балаларға ұлттық тәрбие берудің маңызы мен міндеттері, ал бағдарлама мазмұнында 11 тақырып берілген: қазақ отбасының тәлімгерлері, орта ғасыр ойшылдары мен қазақ ағартушы-педагогтарының отбасылық тәрбие туралы ой-пікірлері, қазақтың құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, келін тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, ер жігіт тәрбиесі, отбасылық өмірге дайындау, қазақтың туысқандық қарым-қатынастарының тәрбиелік мәні.

2. «Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбие беру (Авторлары: **Бөлеев Қ., Оспанбаева М.П., Керімбаева Р.Қ., Ережепбаева А.С.**)» бағдарламасы түсінік хаттан, бағдарлама мазмұнынан және қажетті әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бағдарлама мазмұнында 8 тақырып бар: мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің нормативтік-құқықтық құжаттарындағы ұлттық тәрбие беру мәселелері, мектепке дейінгі мекемелерде қазақ халқының денсаулық педагогикасын қолдану ерекшеліктері, қазақ халқының қарым-қатынас ерекшелігімен мектеп жасына дейінгі балаларды таныстыру әдістемесі, көшпенділер танымы – мектепке дейінгі мекеменің оқу-тәрбие үрдісінде, бала шығармашылығының қалыптастырып, дамытуда халықтық педагогиканы қолдану әдістемесі, ұлттық құндылықтар арқылы балаларға әлеуметтік орта нормаларын меңгерту, балабақшада пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастыруда халықтық педагогика элементтеріне сүйену, балабақшада ұлттық құндылықтар негізінде педагогикалық үрдісті ұйымдастыру.

3. «Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру» және «Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие беру (Авторлары: **Бөлеев**

**Қ., Бұзаубақова К.Ж., Елубаева М.С., Досмұхамбетова К.С.**)» бағдарламалары түсінік хаттан, бағдарламалар мазмұнынан және қажетті әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бағдарламалар мазмұндары 7, 8 тақырыптан тұрады: оқушыларға ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері, оқушыларға ұлттық тәрбие берудің мазмұны, оқушыларға ұлттық тәрбие берудің әдістемесі, оқушыларға ұлттық тәрбие беруде инновациялық технологияларды пайдалану, оқушыларға ұлттық тәрбие беру кезінде ұжымды қалыптастыру, оқушылардың ұлттық тәрбиелілігін анықтаудың диагностикалық әдістері.

4. «Техникалық және кәсіптік білім алушылар үшін «Қазақ халқының салт-дәстүрлері – ұлттық тәрбие берудің негізі (Авторлары: **Бөлеев Қ., Абикеева М.Е.**)» бағдарламасы түсініктеме хаттан, бағдарлама мазмұны мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түсінік хатта техникалық және кәсіптік білім алушыларға қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы ұлттық тәрбие берудің маңызы мен міндеттері, ал бағдарлама мазмұны мынандай 6 тақырыптан құрастырылған: қазақтың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері, қазақтың тұрмыстық салт-дәстүрлері, қазақтың әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлері, қазіргі заман салт-дәстүрлері, қазақ салт-дәстүрлері – ұлттық тәрбие берудің негізі.

5. «Болашақ мұғалімдерді 12-жылдық мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруге дайындау тұжырымдамасында (Авторлары: **Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ.**)» тұжырымдаманың қажеттігі, оның мақсаты, этнопедагогикалық білім беру мазмұны, этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыру жағдайлары мен жолдары және болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың моделі берілген.

Журнал беттерінде жарияланған бұл бағдарламалардың тәрбиеленуші, оқытушы, тұрақты оқырмандар үшін маңызы өте зор

туынды. Сонымен қатар, жастарға ұлттық тұрғыда тәрбие беру үшін Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы жасалынып, ол сол жүйенің оқу-тәрбие үрдісіне ендірілгенде ғана Мемлекеттік білім беру бағдарламасы арқылы жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілі қалыптасқан интеллектуалды ұлтты қалыптастыруға болады деп сенеміз.

Журналымызда жарияланған материалдар «Қазақстан Республикасында білім берудің дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру мақсатында жасалынған – білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің бір тетіктері деп білеміз.

Қазіргі уақытта Елбасының тікелей назарында тұрған аса маңызды мәселелердің бірі – еліміздің инновациялық тұрғыдан дамуы болып табылады. Бұл жүйенің басты қозғаушы күші ғылым мен білімнің жаңалықтарының жедел жүзеге асуына байланысты. Ал оны жүзеге асыратын адамның ерекше білікті, білімді болуымен қатар ұлттық тәрбиелік біліммен қаруланып отыруы қажет. «Ұлттық тәрбие» журналы Елбасының осы ұстанған тәрбиелік білім қағидатын басшылыққа ала отырып жариялаған жұмыстарының алатын орны ерекше. Журналымыз оқырман қауым үшін, оқытушы, ізденуші, зерттеуші ғалымдар үшін таптырмас қазына екені баршамызға аян.

Университетімізде өмірге келіп, дамып жатқан ұлттық тәрбие пәні балабақшаларда, мектептерде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қолға алынып жатса, «Ұлттық тәрбие» ғылыми-көпшілік бағыттағы журналымыз Мемлекеттің қолдауымен Қазақстанның барлық аймақтарының балабақшалары, мектептері, колледждері мен ЖОО-ның кітапханаларынан орын тауып жатса – нұр үстіне нұр болар еді. Ұлттық тәрбие – бізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп,

көпшіліктің ой-пікірлерін қаум елге жеткізетін негізгі құрал – ғылыми-көпшілік журнал екені даусыз.

Ендігі міндет электрондық-ақпараттық техниканың шарықтап биікке көтерілген заманында журналымыздың жеке өз сайты ашу. Интернет желісінде үздіксіз отырған қауым жұрт журнал сайтынан керекті мағлұматтарын тәрбие ісіне қолданып жатса, ұтылмас едік. Журналдың ғаламтор сайтына ұлттық құндылықтарды насихаттайтын материалдарды толтырып тастасақ, оның жас ұрпаққа тигізер ықпалы мол болар еді. Біз алдағы уақытта педагог, этнограф ғалымдарымызды осы мәселеге жұмылдырсақ деген ниеттеміз. Сонымен қатар, алдағы 2013 жылдың наурыз айында жоғары аттестациялық комиссия (ЖАК) тексерісінен өтіп, ЖАК-тың қатарындағы журналдарға қосылу.

Журналдың мәртебесін көтеру үшін болашақта редакциялық алқалардың қатарына шетел ғалымдарын жұмылдыру үстіндеміз. Шетелмен тығыз байланыс орнату арқылы журналымыз шетел оқырмандарының сөрелерінен өз орындарын тауып жатса нұр үстіне нұр болары анық.

Қазіргі жаһандану заманында басты міндет студент-жастарымызға сапалы білім беру болса, біздің ойымызша, студенттердің университет қабырғасында терең білімді игеруі олардың тәрбиесіне тікелей байланысты. Алайда, студент тәрбиесіз, көргенсіз, тәртіпсіз болса, қаншалықты жағдай жасасаң да, ата-бабаларымыздың сөзімен айтқанда, басына алтын құйсаң да, тіпті шетел университетінде оқытсаң да, ол ешқашан тиянақты білім ала алмайды. Білім беру үрдісінде ең әуелі ұлттық тәрбие ісін алдыға шығару керек. Ұлттық тәрбие төңірегінде аса ауқымды зерттеулер жүргізіліп келеді. Енді осы зерттеулерді басшылыққа ала отырып, Қазақстандағы барлық балабақша, мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында қолданысқа ендірсек. Тәрбие жұмысындағы кемшілік осы. Бұл мәселеге жоғарыдан тиісті көңіл бөлінбей келе жатқаны өкінішті.

## ШӘМША КӨПБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Иманбаева Сәуле Тохтарқызы*

*«Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор, ХФБПА-ның академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі заман алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі зияткер ұлтты қалыптастыру. Оның негізгі тұлғалар өмірі арқылы бүгінгі егемен еліміздің азаматтарын тәрбиелеу. Өмір атты тылсым кемеде дана, дара да, данышпан тұлғалар көптеп табылады. Сол дана тұлғалардың өмірі мен өнегелі ісі тарих толқынында өсіп келе жатқан жас ұрпақтың жан дүниесін қалыптастыруда негізгі орын алары сөзсіз.

Адамзатқа мирас болған рухани құндылық – білім мен ғылымды игеріп, соған халықты бастай білген тұлғаларды тілге тиек етсек, білім-ғылымға қызмет етудің соны үлгісін көрсеткен қазақ зиялы қыздарының бірі Беркімбаева Шәмшә Көпбайқызының орны айрықша. Себебі, ақылшы ұстаз, ғалым, іскер басшы, үлкен парасат иесі Шәмша Көпбайқызының өмірі жүрегі ұлтым деп соққан алаш азаматтарына үлгі боларлықтай.



Шәмша Көпбайқызы – бүкіл саналы өмірінің негізгі бөлігін білім беру мен ұстаздыққа арнаған тұлға. Бұл көрнекті ғалым, қоғам қайраткері туралы айтылар сөз, ақтарылар сыр көп. Оның бәрі ол кісінің жауһардай жарқыраған жақсы қырларын аша түсетіні шындық. Олай дейтініміз, атқарған қызметі мен қайраткерлігі арқасында жарты ғасырдан

аса уақыт білім жүйесімен біте қайнасып, оның қиын кезеңдерін бастан өткізді.

Еңбек жолын мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдігінен бастап, комсомол, партия орындарында, Алматы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Алматы қаласы Совет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы,

Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы, Қазақстан Республикасы Білім министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Қырғызстандағы Елшілігінің бірінші хатшысы, Алматы облыстық білім басқармасының бастығы, Сенатор, Қазақстан Республикасы Білім министрі, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры қызметіне дейінгі сатылы баспалдақты ұстаздыққа лайық абыроймен атқарған тұлға, өзін білім беру ісінің ұйымдастырушысы ғана емес, халқының қалаулы, ұлтының жанашыры ретінде таныла білді. Қарапайым мұғалімнен, мектеп директорынан білім министрі қызметінде жүріп, еліміздегі білім беру ісінің мән-жайына, даму үрдісі мен мүмкіндіктеріне терең бойлады. Болашағын парасаттылықпен пайымдай білді.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында Шәмша Көпбайқызы Қазақстан Республикасының Қырғызстандағы Елшілігінің бірінші хатшысы қызметіне ауысып, сөз тыңдар адамның азайған тұсында, білім министрлігінің алқа залында үлкен мәжіліс болды. Әсіресе ұлттық төл оқулықтар жазылып, ұлттық педагогикалық мұралар жинақталу үстінде біршама кедергілер болып тұрған тұс еді. Сол кезде қарапайым халық өзінің Шәмшасін іздеді...

Сол күні, сол залда ұлттық педагогика ғылымының негізін салушы ғалымдардың бірі, профессор С.Қ.Қалиев сөз алды. Білім саласындағы өзекті мәселелерге тоқтала келе, сөз аяғында «Білім министрлігінде ұлттық білімнің дамуына жанын шүберекке түйіп, ұлттық білім мен ғылымды дамытуға бар ғұмырын арнаған, жүрегі ұлтым деп соққан бір адам бар еді. Ол Шәмша Көпбайқызы еді. Ол кеткеннен кейін ұлттық білім беру жүйесі құлады» деп қатты айтып, залдан шығып кетті. Қатты айтса да, ащы шындықты айтты.

Профессор Г.Ж.Пірәлиеваның «Шәмша апайдың төрт ерлігі» атты мақаласында апайдың бейбітшілік өмірдегі ерлік істерін жан-жақты ашып көрсеткен. Ерлік соғыс

кезінде де, бейбітшілік өмірде де кездесетін туа бітетін қасиет. Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің «Егер үлкен жиындарда тұрып, ащы шындықты айту бұл үлкен ерлік» деп бағалауы Шәмша апайдың ерліктерін нақтылай түседі.

Шәмша Көпбайқызының ерлік істерін 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан да анық көруге болады. Халқым деп соққан жүрегі оның мансаптан кетуге бел буғызды... Ешкімнің қолынан келе бермейтін бұл қасиет ананың ақ сүтімен, атаның ақ батасымен келген, туа біткен қасиеті, табиғатынан берілген зияттылығы пен парасаттылығынан екеніне еш күмән туғызбайды.

Оның қоғамдағы қызметі мен еңбегінің айғағы ретінде «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағы, Халықаралық «Сократ» сыйлығымен, «Еңбек қызыл ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталды. Педагогика ғылымының кандидаты дәрежесі, Халықаралық педагогикалық білім және ғылым академиясының академигі және республикадағы көптеген жоғары оқу орындарының құрметті профессоры атақтары берілді.

Шәмша Көпбайқызының ғылым саласындағы ізденістері білім жүйесін жетілдіруге, білім сапасын көтеруге арналған еңбектері көптеп табылады. Ол көптеген материалдарды, әр түрлі деректерді ғылыми зерттеулерді жинақтап, «Ізгілікті іздеп келем», «Әлі де ізгілікті іздеп келемін», «Қазақ тәлімінің тарихы», «Тәрбие тағылымы», «Қазақ қыздарының парасат мектебі»(2004; 2011 жж.), т.б. жазды, 200-ден аса ғылыми мақалалардың авторы. Ғылыми шығармашылығының жетістіктері, ғылыми еңбектері бүгінгі егемен еліміздің жастарына үлгі болумен қатар, бұл күндері педагог ғалымдардың құнды еңбектері ретінде ғылыми айналысқа еніп отырғаны белгілі.

Жоғарыдағы еңбектердегі зерделенгенде бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға негіз болады. «Ізгілікті іздеп келем», «Әлі де

ізгілікті іздеп келемін», «Мен қазақтың қызымын» атты еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдарды сұрыптай отырып болашақта «АР» кодексін дайындауға болатыны дау тудырмайды.

Әр айтылған тұжырымның тұлға бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда маңызы ерекше.

– «Жүрек тазалығы, адамзаттың бәріне деген мейірбандық сезімі, кешіре білу, түсіне білу, адам өмірін сақтау ең басты дүние емес пе?»

– «Иман нұры жүректерінде болсын, адам баласы бауырың, табиғат бағып қаққан, ауа берген ару анаң. Ендеше, тіршіліктің сақтаушысы – өзіңсің».

– «Ұлттық рух пайда болмай, балада ұлтына деген ерекше сезім пайда болмайды».

– «Жеріміз бен еліміздің тұтастығының кепілдігі – мемлекеттік тілімізде».

– Білімді іздесең табасың, тәрбиені көрсен аласың, ал тектілік дейтін текті ұғым сатылмайды, айырбасқа түспейді».

– «Текті адам рухани құндылықтарға адал келеді. Арын салып қорғайды, жанын салып қолдайды, жақындарының жар жағына пана, күн жағына сая болады».

– «Тәлім-тәрбие – ата-анадан, оқу-білім ұстаздан. Осы екеуі сәйкес келсе, талай ұрпақтың жұлдызы жанып, мәртебесі биіктейді».

– «Елорда – ұлтымыздың қаны мен жанында, рухы мен тектілігінде бар бауырмашылдығын, дарқандығын танытып, әлемге қазақты табыстырды, таныстырды».

– «Қазақ үшін ерекше қасиетті, Құран сөзіндей құдіретті үш ұғым бар. Ана! Жер-Ана! Отан –Ана!» [1].

Әсіресе, 65 жылдан аса тарихы бар Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің тарихын, оны бітіріп, жан-жақта қызметте жүрген қазақ қыздарының өмірлерінен дерек беретін «Қазақ қыздарының парасат мектебі» атты жинақтың оқырман қауымға ұсынылуы педагогика ғылымын қосылған іргелі үлес деп бағалауға болады.

Әсіресе, білім министрінің орынбасары қызметі тұсында қазақ мектептерінің дамуымен қатар, халықаралық деңгейдегі, яғни қазақ-түрік лицейлерінің, ағылшын тіліндегі мектептердің ашылуына тікелей басшылық жасады. Сонымен қатар, қазақ мектептері үшін жалпы орта білім тұжырымдамасын, стандарттарын, оқулықтарын және оқу-әдістемелік кешендерін мемлекеттік бағдарлама аясында дайындатқызды. Осы тұста жалпы білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие беруге баса көңіл бөлінді.

Шәмша Көпбайқызы туралы жазғанда тіл мәселесіне соқпай кету мүмкін емес. Қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның қолдану аясын кеңейтуді қамқорлыққа және басшылыққа алды.

«Егер бала ана тілінде оқып, ана тілінде білім алған болса, міндетті түрде, елінің, халқының тарихына үңіледі, әдебиетін іздейді. Өнерін меңгеруге тырысады...»

Егер өз тілінде оқымаған болса, мұның бәріне немқұрайлы қарайды. Тілдің құдіреті деген осы. Жетпіс жыл бойы біз орыс тілін үйренсе ғана жақсы қызметкер бола алады, өмірден өз жолын таба алады деген тәрбиемен келдік қой. Құлдық психология – буын-буынымызды жайлап алды. Барлық жақсы нәрсе өзге мемлекетте деп ойлаймыз. Ал, халқымыздың өзіне тән өркениеті болғандығын, мәдениеті, қайталанбас өнер барлығын, ешкімге ұқсамайтын болмысы бар дегенді баланың санасына құя беру керек. Сонда ғана ұлттық рух пайда болады. Біз сол жетпіс жылда ұлттық рухтан ажырап қалдық. Ұлттық рух пайда болмай, балада ұлтына деген ерекше сезім пайда болмайды. Сондықтан, ұлттық рухты жаңғырту керек», – деген тұжырымнан ұлттық дәстүрдің, ұлттық рухтың тәлімдік мәнін жан-жақты ашып көрсетеді [1].

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне басшылыққа келуі оқу орнының қыздардың сындарлы мектебіне айналуына да үлкен із қалдырды. Қыздардың киелі шаңырағын ақ мәрмәрмен жарқыратып,

керемет ғимаратқа айналдырды. Халықтың тамсана, мақтана қарайтын білім ордасы болды.

2003 жыл жоғары оқу орындарының білім жүйесінің эксперименттік тұрғыда кредиттік оқыту жүйесіне көшу кезеңі еді. Алғашқылардың бірі болып университет халықаралық деңгейдегі кредиттік жүйені (ESTS) қабылдады.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетін басқарып отырған тұста да республикалық деңгейдегі мәселені шешуде де салмақ түспей қалған жоқ. Қарамағындағы ғалымдарды іскерлікпен ұжымдастыра білген басшы білімді жаңарту, жетілдіру барысында жаңа жүйеге көсем салушылардың бірі болды. Ол кісінің жетекшілігімен мемлекеттік деңгейде «Қазақстан Республикасы жоғары педагогикалық оқу орындарында кредиттік жүйені оқу-әдістемемен қамтамасыз ету» атты ғылыми жобаны ұтып алып, жақсы ғылыми нәтижелерді көрсетті. Университет ғалымдарының қатысуымен «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы жаңа формацияда қазақстан педагогын қалыптастыру тұжырымдамасы» жасалды.

Расында да, Шәмша Көпбайқызы ауыл мектептерін дамытумен бірге, жоғары оқу орындарында оқу-әдістемемен қамтамасыз етуге аса мән берді. Оқулық дайындау мәселесіне қаржыны көптеп бөлдірді. Уақытша ғылыми-зерттеу топтарын құрды. Осыған дәлел, өзінің басшылығымен «Педагогика тарихы», «Әлеуметтік педагогика» атты оқулықтар дайындалып, бүкіл республиканың педагогикалық жоғары оқу орындарына таратылды.

Шәмша Көпбайқызының оқу министрінің орынбасары болып тұрған кезінде «Қазақстандағы 14 ғасырлық педагогикалық ой-пікірлердің көптомдық антологиясын» дайындауға рұқсат берген ғылыми еңбекті 20 жыл өткеннен кейін, өзі ректор болып отырған тұста, 2011 жылы дайындалып, 10 томдықтың тұсауының кесілуі оның пе-

дагогика ғылымына қосқан іргелі үлесі болуымен қатар, тарих беттерінде мәңгілікке қалары дау туғызбайды.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті – еліміздегі ең алғашқы ашылған қазақ қыздарының киелі қарашаңырақтарының бірі. Қазақстанда сауатсыздықпен күресуді бастауыш пен орта мектепке мұғалімдер дайындауда жалпы қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда атқарған міндет, істеген еңбегі зор. Кезінде елімізге елеулі, халқымызға қалаулы азаматтар Т.М.Мырзабекова, М.Ф.Сармурзина, К.Қ.Құнантаева, Ж.Т.Елемесова, С.М.Исаев, С.Ж.Пірәлиев басқарған бұл оқу орнын Қазақстан халқы жақсы біледі. Бүгіндері еліміз рухани ғылым-білім ошағы деп құрметтейді. Академик Ш.К.Беркімбаева өзінің білім саласындағы жемісті еңбегінің сегіз жылын аталған университеттің басшысы ретінде атқарды. Университет – іргелі білім мен ғылым ордасы. Оның қыры мен сырын меңгеру көп уақытты қажет етеді. Аталған оқу орнының «университет» атануына үлкен еңбек сіңірді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін де жоғары оқу орындарында жаңаша тұрпатта білім беру жүйесін реформалауға және оның дамуына қомақты үлес қосты. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болған тұс Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің дамуын реформалаудың ерекше кезеңі болды. Осы тұста Ш.К.Беркімбаева ауыл мектебі мәселесін жетілдіруді негізге алды, оны министр болып тұрған тұсында да жақсы жолға қойды, ал ректор болып ауысқан кезде де қазақ мектебінің мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыда дамытып «Қазақ мектебі» атты зертхананы құрды. Зертхана қызметкерлері ауыл мектебінің дамуы бойынша үлкен монографиялық еңбек дайындады.

Шәмша Көпбайқызы қай кезде де өзінің іскерлігі мен қажыр-қайратының молдығымен танылды. Өзі басқарған оқу орнын өтпелі кезеңде сол күйінде сақтап

қана қоймай, қарқынмен дамытып, егемен елдің өскелең талабына сай, жаңа заман мамандарын даярлауға ерекше күш салды. Ол басқарған оқу орны жетекші оқу орындары дәрежесіне жетті.

Ш.К.Беркімбаеваның басшылығымен еуропалық стандартқа сай салынған «Студенттер үйі» бүгінгі таңда қаланың негізгі сәулет өнеріне қосылған өнер ғимаратына айналған, Шәмша Көпбайқызының есімі студент жадында мәңгілікке сақталары сөзсіз.

Расында да, қазақ академиялық жоғары білімнің қарашаңырағы атанған оқу орны еліміздің экономикасын, мәдениетін, білімін дамытуға ұлан байтақ елімізге талай мамандарды берді.

Шәмша Көпбайқызы басқарып тұрған шақта университет «Алтын сапа» сыйлығына ие болып, биіктен көрінді. Әлем университеттерінің ұлы хартиясына Қазақстаннан алғаш қол қойғандардың бірі осы университет ректоры болды.

Алматы – жетекші оқу орындары шоғырланған орталық. Академик Ш.К.Беркімбаева қаладағы ЖОО-ның ісқимылын тығыз байланыстырып, инновациялық дәстүр, маман даярлаудың озық үлгілерімен танысып, тарату сияқты ұйымдастырушылық істерді ұстаз ретінде шебер үйлестіре білді.

Шәмша Көпбайқызы білім жанашыры ретінде көптеген білім және ғылым саласы бойынша құжаттарды жасауға ат салысты. Әсіресе жоғары оқу орындары бүкіл әлемдік жоғары білім беру мәселесіне байланысты Болон декларациясының ұсыныстарын, ЮНЕСКО-ның үздіксіз білім беру жөніндегі ұсыныстарын негізге ала отырып оқу-тәрбие үдерісінде іске асырылды.

Ғылымдар бойынша көптеген қолданбалы және іргелі ғылыми жобалар бойынша зерттеулер жүргізілді. Өзі басқарған жоғары оқу орнында кандидаттық және докторлық диссертация кеңесі де ұлттық ғылым мен білімнің дамуына үлес қосты.

Қатардағы оқытушылардан профессор-академиктерге дейінгі құраммен қарым-

қатынаста адами қағидаға сүйене отырып, тіл табысудың өзіндік үлгісін көрсететін. Студенттер мен аспиранттардың, ізденушілер мен докторанттардың ғылымға деген талпынысын құрметтейтін, көзқарастарында елеусіз қалдырмайтын. Негізі, Шәмша Көпбайқызының қызметкерлермен жарасымды сыйластықты, зиялы сыпайылықты сақтайтын қырын басшылар үйренсе, ұйымдастырушы ретінде бағасы биіктей түскен болар еді.

Шәмша Көпбайқызы ұстаз қауымы үшін қыруар еңбек етті. Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұстаздардың құрметті атағын қайтаруымыз керек. Олар еліміздің интеллектуалды болашағын қалыптастырушылар. Сондықтан, олар еңбектеріне сай жалақы алу керек» деген тұжырымын іске асырушы алғыр басшы бола білді.

Шәмша Көпбайқызы ректорлық қызметін абыроймен атқарып, кейінгі толқын өкіліне табыстаған соң, Алматы қалалық «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Алматы қалалық филиалының саяси Кеңесінің мүшесі ретінде халықпен тығыз байланыста жұмыс жасауда өмірлік тәжірибесін адамгершілікпен астастыра білген тұлға енді еліміздің әл-ауқатын жақсартуға, қоғамдағы бірлікті сақтауға бар күш-жігерін жұмсап отыр. Ұйымдастырушылығы мен іскерлігі бұл істе де көрініс тапты.

Егемен еліміздегі ұлттың және ұрпақтың зияткерлігіне қамқорлық жасауда жоғары оқу орнының басшысы ретінде де, қоғам қайраткері ретінде де қыруар істер атқарды. Ол басқарған жоғары оқу орнын бітірген жастар «Болашақ» бағдарламасы бойынша білімін жетілдірген қаншама жас ғалымдар, профессор-оқытушылар елжандылықпен ұлттық экономиканы, білім мен мәдениетімізді дамытуға үлкен үлес қосып жүр. Кезінде талабынан үлкен үміт күттірген, өзі шақырып оқуға қабылдатып, ректордың грантын тағайындаған Мая Манеза Қазақстанның университеттің атын әлемге танытқан олимпиада чемпионы аталуы да Шәмша Көпбайқызының көрегендігі деп түсінуге болады.



Расында, республика жұртшылығына танымал осындай таза, кішіпейіл, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, академик Шәмша Көпбайқызы өзінің досы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Гүлзада Раманбердіқызы туралы жазған «... қазақтың қызы, даланың қырмызы гүліндей биязы, Алатауындай тәкаппар, халқындай карапайым, ұлтындай ұлық, аналарындай парасатты, аруларындай

сұлу» деген тұжырымынан да дәл өзінің бекзаттық бейнесін көреміз.

Ш.К.Беркімбаева еліміздегі рухы биік, өз халқының тарихын, салт-дәстүрін жетік менгерген, ұлтын жанымен сүйетін кемеңгер тұлға деп айтуға тұрарлық. Оның ұлттық ғылымның дамуына қосқан үлесі, ұлттық білім жүйесін басқарудағы атқарған іс-шаралары істері кейінгі ұрпаққа үлгі.

#### Пайдаланған әдебиет:

1. Беркімбаева Ш.К. Әлі де ізгілікті іздеп келем. – Алматы: Атамұра, 2011, –480 бет.
2. Беркімбаева Ш.К. Мен қазақтың қызымын. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. 2012, – 412 бет.
3. Белгілі қоғам қайраткері Ш.К.Беркімбаеваның мерей тойына арналған «Қазақстан қоғамын әлеуметтік жаңғырту жағдайындағы білім мен педагогикалық білім» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. 2012. – 544 бет.
4. Иманбаева С.Т. Ұлттық рухтың шамшырағы. //Алматы ақшамы. 2012. 9 қазан. №121.
5. Құрманбай Г. Шәмша жолы. //Егемен Қазақстан. 2012. 9 қазан. 6-бет.

#### Резюме

*В статье рассматривается трудовая деятельность общественного и государственного деятеля Республики Казахстан, академика Ш.К.Беркімбаевой. Анализируется воспитательная ценность трудов академика, которые служат основой формирования национальных ценностей и интеллектуального потенциала будущего поколения.*

#### Summary

*In the article discusses the labour activity public and state figure of the Republic Kazakhstan, academician Sh.K.Berkimbaevoy. Analyzes the educational value of works of the academician that are the basis of formation of national values and intellectual potential of the next generation.*

### КОРПОРАТИВНАЯ КУЛЬТУРА УНИВЕРСИТЕТА

*Кулсариева А.Т. –  
д.филос.н., профессор,  
проректор по учебной работе  
КазНПУ имени Абая*

Как видно из названия статьи, речь в ней пойдет о корпоративной культуре университета. В последнее время наиболее часто употребляемым термином является «корпоративная культура». Этот термин фигурирует как на страницах периодической печати, так и специальной литературы. Он

также звучит в выступлениях менеджеров и политиков. Глава государства Н.А. Назарбаев в своей интерактивной лекции в Назарбаев университете, который был прочитан 5 сентября 2012 года, тоже упомянул о корпоративности в контексте экономического развития Казахстана. Он

дословно сказал следующее: «В современной экономической модели мотивация прибыли и возврат инвестиций будет такой же, как в лучших мировых корпорациях. Пора в нашей стране начинать работать, чтобы каждый тенге принесло хотя бы 10 тиынов и каждая корпорация, каждая компания должна считать, что вложенные государством деньги должны приносить прибыль. И так, **если весь Казахстан будет работать как огромная корпорация, тогда мы будем двигаться вперед**».

Сегодня, когда ученые все больше говорят о том, что на смену нации-государству грядет корпорация-государство, не остается в стороне от этого и университетское сообщество. Хотя в наше время корпоративную культуру как явление чаще относят к организациям, направленным в первую очередь на получение прибыли, с исторической точки зрения она существует в высших учебных заведениях, нацеленных изначально на раскрытие и развитие интеллектуально-творческого потенциала человека. Пытаясь быть в мейнстриме, нам не стоит забывать тот исторический факт, что сам термин “университет” (лат. universitas – целость, совокупность, общность) первоначально обозначал **межнациональную корпорацию преподавателей и студентов**.

Сейчас перед университетами республики стоит огромная задача – трансформация из классического университета в исследовательский университет. Но встает резонный вопрос – ради чего они создаются? Если для развития фундаментальных исследований, то у нас это неплохо устроено, достаточно продолжить эту линию. По всей видимости, не в том только дело.

Для начала небольшое отступление – когда Фарадей открыл единство магнитных и электрических явлений, кто мог тогда предсказать реальный эффект от этого фундаментального исследования для человечества? Однако те страны, которые увидели в этом, казалось бы,

отвлеченно-научном изыскании реальные технологические перспективы, стали лидерами в социально-экономическом развитии того времени. Сейчас даже трудно себе представить, как выглядело бы современное общество без электричества.

Этот пример показывает, что важны не столько сами по себе проводимые учеными из университетского сообщества фундаментальные исследования, сколько инновативная чувствительность – **готовность общества воспринять научные новшества и превратить их в технологии**, повышающие качество жизни и приводящие к прорыву в социально-экономическом развитии. Такая готовность воспринимать новое и уметь извлечь из него практическую пользу как на уровне производства, так и на уровне потребления является продуктом образовательной системы. Целенаправленное формирование интеллектуальной базы для такого общества должно стать стратегической функцией исследовательского университета.

Таким образом, если мы говорим об инновационной экономике и о роли вузов в её построении, то, безусловно, нужно активно трансформироваться в сторону исследовательского университета. Для этого необходимо учитывать опыт развитых стран, имеющих исследовательские университеты не только национально-регионального, но и общечеловеческо-глобального уровня (например, Колумбийский, Массачусетский, Калифорнийский и т.д.). В национальном исследовательском университете традиционные функции классического университета – подготовка специалистов и проведение фундаментальных исследований – дополняются его активной инновационной деятельностью, т.е. быстрой реализацией новшества на практике. А действенным механизмом в этом служит трансфер (передача) новых знаний, технологий в промышленность, бизнес, сферу услуг в интересах, в первую очередь, нации, страны.

Как известно, об университетах в

собственном смысле слова можно говорить лишь с 12 века, начиная с Болонского и Парижского университетов. В те времена университет обозначал определенную гильдию по аналогии с другими мастерскими гильдиями средневекового города. И именно с того времени университет представлял собой корпорацию: корпорацию магистров, как Парижский, или корпорацию школяров, как Болонский. Университет как корпорация, будь он учрежден хоть папой, хоть императором, будь он городским или «канцлерским» – всегда оставался «собственностью» корпорации учащихся и учащихся. В корпоративном университетском сообществе образовательная задача по сути совпала с самой идеей университета. Ведь университет – это место, где основной целью является отнюдь не производство знаний, а воспроизводство «образованных людей» – **интеллектуалов всех профессий.**

Корпоративность университета была мощным регионообразующим фактором. Дело в том, что университет в средние века, да и сейчас тоже – это не только преподаватели и студенты, но и «члены и подданные университета», по современному говоря, сотрудники университета. Исследования показывают, что каждая действующая организация – это сложный механизм, основой жизненного потенциала которого является корпоративная культура: то ради чего люди стали членами организации, то как строятся отношения между ними; какие устойчивые нормы и принципы жизни и деятельности организации они разделяют.

Определений корпоративной культуры существует очень много. Большинство из них может быть сведено к трем пунктам: это то, что организация имеет – поведения, символы, ритуалы, мифы, ценности, понимаемые и разделяемые членами организации; это то, чем организация является – какова миссия организации и как она реализуется организацией внутри и вне самой себя; это еще и коллективное программирование мозга сотрудников,

отличающее членов одной организации от другой.

Корпоративная культура в высшем учебном заведении выполняет важную роль – объединяет всех в вузе в единую команду для эффективной реализации миссии учебного заведения. Культивируя такие ценности, как компетентность, творческая устремленность, коллективизм, гордость за свое учебное заведение, готовность к конкуренции, к работе в команде, корпоративная культура повышает сплоченность внутренней общности, согласованность их поведения. Корпоративная культура строится на доктрине социальной ответственности. Социальная ответственность, как квинт-эссенция корпоративной культуры, предполагает с необходимостью **идею солидарности**, без которой немыслима любая гражданская свобода. Общество взаимной подозрительности, тотальных проверок, учета и контроля, пытаясь решить ту или иную проблему, прибегает к юридическому принуждению, а не к силе убеждения. Так, недоверие как принцип, примененный избыточно, разрушает идею солидарности и тем самым идею гражданской свободы.

В книге британского философа, профессора Гарвардского университета Альфреда Уайтхеда «Приключения идей» есть статья **«От принуждения к убеждению»**. Там он пишет: «Цивилизация – это социальный порядок, поддерживаемый присущей ему силой убеждения, поскольку он воплощает благородную альтернативу. Применение силы, пусть и неизбежное – свидетельство несовершенства цивилизации: либо общества в целом, либо отдельных его членов...»

Концепцию профессора Уайтхеда, считающего, что в цивилизованном обществе убеждение торжествует над принуждением, стоит усвоить всем людям, не лишенным чувства гражданской ответственности. **Торжество убеждения над силой – признак цивилизованного общества.** Поэтому в кодексе корпоративной культуры

должны содержаться наши убеждения – это однозначно!

Профессор Уайтхед не случайно выбрал слово «убеждение», а не «свобода» в качестве основополагающего идеала цивилизованного общества. Слишком многие сбиваются с пути, путая свободу с вседозволенностью, воспринимая отсутствие запрета как руководство к действию и тем самым полагая, что свобода – это лишь право на безответственность. Понятие «убеждение» объединяет в себе свободу выбора и ответственность за свой выбор. Как заметил Алексис де Токвиль «деспотизм может править без убеждений, а свобода – нет».

Чтобы убеждать других, у нас должна быть собственная нравственная философия, представление о том, что хорошо, а что плохо. Если мы хотим сохранить индивидуальную свободу, то и нам следует вести себя ответственно. Характер и чувство ответственности формируются тем, что человек поступает правильно не по обязанности, подчиняясь предписаниям, а по доброй воле. Подобный подход не

означает, что законы вообще не нужны. Без законов и норм – например, тех же правил дорожного движения – свободное общество существовать не может. Люди должны иметь право действовать в соответствии со своими желаниями, но лишь в той степени, в какой эти действия не посягают на права других.

Долг каждого, кому дорога свобода – убеждать общественность в том, что «убеждение, а не принуждение характеризует цивилизованное общество», что наши проблемы следует решать методом убеждения, а не принуждения. Но это потребует долгого и кропотливого труда, но дело того стоит.

Таким образом, в настоящее время корпоративная университетская культура – это своеобразная, достаточно эффективная форма жизнедеятельности университетов, **позволяющая говорить об университете как о самоорганизованной системе, построенной на убеждении.** Подлинный дух университетской свободы выражается фразой Вольтера: «Я не разделяю ваших взглядов, но отдам жизнь за то, чтобы вы могли их высказывать».

### Түйіндеме

*Мақалада Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің корпоративтік мәдениеті кеңінен қарастырылған.*

### Summary

*The article widely is regarded corporate culture of Kazakh National university named after Abai.*



«XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет»

Қазақстан Республикасының президенті  
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН «ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ»**

типтік оқу бағдарламасы

**Құрастырғандар:**

*Пірәлиев С.Ж.* – п.ғ.д., академик, *Иманбаева С.Т.* – п.ғ.д., профессор, *Хан Н.Н.* – п.ғ.д., профессор, *Калиева С.И.* – п.ғ.к., профессор, *Шолпанқұлова Г.К.* – п.ғ.к., профессор, *Берикханова А.Е.* – п.ғ.к., профессор

**Түсінік хат**

Тәуелсіз Қазақстанның белсенді азаматтық ұстанымы, интеллектуалды әлеуеті, ұлттық санасы дамыған және өз Отанының тарихы мен оның болашағына жауапкершілікті қатынасы бар жаңа ұрпақ азаматын тәрбиелеу – қазақстандық қоғамның гүлденуінің негізі.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының объективті үдерістері, жоғары дәрежелі этникалық көптүрлілігі жас ұрпақ тәрбиесіндегі бірқатар мәселелерді: рухани даму дағдарысының байқалуын, ізгілік тапшылығының айқын сезілуін, жастардың жалпыадамзаттық құндылықтар, моралдық нормалар мен адамгершілік талаптардан алшақтауын айқындайды. Әрбір адамның өзінің белгілі бір ұлтқа жататынын және басқа адамды рухани мәдениетті сақтаушы ретінде құрметтеуді саналы сезінуі олардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруінің негізі болып табылады. Объективті ақиқат тұлғаның ұлттық санасының жоғары деңгейі өзін мемлекеттің патриоты, азаматы ретінде саналы ұғынуымен байланысты екендігін көрсетеді.

Бұл мәселелерді шешу тәрбие мазмұнын жаңартуды, оқу мекемелеріндегі білім беру үдерісінің тәрбиелік және әлеуметтендіру қызметтерін күшейтуді талап етеді. Сондықтан қазіргі кезеңде ұлттық тәрбие мәселесі ерекше мәнге ие, оны шешуде жастарды әлеуметтендірудің маңызды институты ретінде жоғары оқу орындары ерекше орын алады.

Осы бағдарлама Қазақстан Республика-

сындағы білім беру жүйесінің қызметтерін анықтайтын қазіргі заманғы нормативті құжаттарға сәйкес қайтадан жасалды және толықтырылды. Бағдарлама сонымен бірге «барлық білім беру ұйымдарында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту бойынша типтік кешенді жоспар» мазмұнымен байланысты. Жоспардың негізіне «Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 261 Жарлығы алынады.

Бұл бағдарламада жоғары оқу орнындағы ұлттық тәрбиенің мазмұндық негізі болып табылатын студент жастармен жүргізілетін тәрбиелік іс-әрекеттердің басымды бағыттары (этникааралық толернаттылыққа, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие, жас адамдардың девиантты, деструктивті мінез-құлқының алдын алу және т.б.) ұсынылады.

Сонымен қатар ұсынылып отырған бағдарламада фактілер, құбылыстар, ұғымдар таныстыру мақсатында ғана емес, студенттің дүниетанымдық ұстанымын, ұлттық санасын қалыптастыру үшін ашып көрсетіледі. Курс бағдарламасы университеттің барлық мамандықтарына арналған және практикалық-бағдарлық интегративті сипатқа ие.

**«Студент жастарға ұлттық тәрбие берудің негіздері» курсының оқытудың**

**мақсаты** – студент жастарда ұлттық сананың жоғары деңгейін, нәтижелі шығармашылық іс-әрекетке дайындығын, өзіне басқа мәдениетті түсіну және құрметтеу сезімі дамыған, әлемде әр түрлі ұлт және сан алуан діни сенімі бар адамдармен өмір сүре білуді енгізетін түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру.

**Пәнді оқытудың міндеттері:**

1. Студент жастардың өз республикасының болашағына жауапкершілігін, белсен-

ді азаматтық ұстанымын, патриотизмін, толернаттылығын қалыптастыру.

2. Студенттердің Қазақстан этностарының құндылықтарына, жалпыадамзаттық құндылықтарға сыйласымды қатынасын және ұлттық бедел, абырой сезімін қалыптастыру.

3. Студенттерге этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі қажеттілігін саналы түсіндіру.

4. Тұлғаның салауатты өмір салтына құнды қатынасын және оған қажеттілігін қалыптастыру.

**ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

№	Тақырыптары
1	Студент жастарға ұлттық тәрбие беру – ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың негізі
2	Ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негіздері
3	Ұлттық мәдениет – ұлттық тәрбиенің негізі
4	Ұлттық тәрбиедегі студент тұлғасының ұлттық санасы
5	Ұлттық тіл – ұлттық тәрбиенің өзегі
6	Әлеуметтену, тұлғаның этникалық әлеуметтенуі
7	Қазақстан Республикасында студент жастарға ұлттық тәрбие берудің факторлары
8	БАҚ-ң студент жастардың ұлттық санасын қалыптастыруға әсері
9	Ұлтаралық және конфессияаралық келісім – қазақстандық қоғам тұрақтылығының негізі
10	Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті
11	ЖОО-ның білім беру кеңістігі – студент жастарға ұлттық тәрбие берудің шешуші факторы
12	Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты
13	Студент жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері
14	Жастардың салауатты өмір салты – студенттің кәсіби-тұлғалық дамуының шарты
15	Жыныстық тәрбие және жастарды отбасылық өмірге даярлау мәселелері

Жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес **студент міндетті білуі қажет:**

- бітіруші түлектің пән бойынша құзыреттіліктерін;
- ұлттық тәрбиеге жататын негізгі ұғымдарды және олардың мәнді сипаттамасын;

**саналы түсінуі керек:**

- өзін Қазақстан Республикасының азаматы және патриоты ретінде;
- ұлтаралық келісімнің маңызын және оны сақтаудың мәнін;
- этникалық әлеуметтену үдерісінің маңызы – этникалық қауымдастықтың өзін-өзі сақтауының табиғи үдерісі және тұлғаны

этникалық өмір сүрудің белсенді субъектісі ретінде қалыптастыру екендігін;

- этникалық әлеуметтендіру институттары мен негізгі факторлардың рөлдерін;
- мемлекеттік тілді меңгеру – бұл қазақстандықтардың парызы мен міндеттері екендігін;
- Қазақстан халқының бірлігін сақтаудағы және нығайтудағы, ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудағы өзінің рөлін;
- жастар арасындағы қазіргі мәселелердің мәнін;

**меңгеруі тиіс:**

- ұлтаралық келісім мен қарым-қатынас мәдениетін;
- этномәдени құзыреттілікті;
- азаматтық қоғамда барлық қазақстандық этностарға ортақ құндылықтарды, тұлғаның құқығы мен еркіндігін құрметтей отырып, мәнді өмір сүре білуді.

**Оқу курсының рөлі мен маңызы** бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаумен, сонымен қатар әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді: философия, психология, саясаттану, мәдениеттану, әлеуметтану, Қазақстан тарихы және т.б. шектес пәндерді оқып білумен; білім алушының дүниетанымдық ұстанымын нақтылап бекітумен анықталады.

**МАЗМҰНЫ**

**1 – тақырып. Студент жастарға ұлттық тәрбие беру – ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың негізі**

«Жастар», «студент жастар» ұғымдары. Қазіргі әлемдегі жастар және олардың қоғам дамуындағы рөлі. Қазіргі жастардың ерекшеліктері. Қазақстан жастарына сипаттама. ҚР жастарының әлеуметтік топтары. Қазақстанның студент жастары. Қазақстан жастары әлеуметтік өзгерістердің субъектісі ретінде, олардың жаңашылдық қуаты (күштері). Студент жастар – қоғам дамуының маңызды стратегиялық ресурсы. Жоғары білім беру жүйесі – студент тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамытудың негізі. Білім алушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетінің

құрылымы, мазмұны. Ұлттық тәрбиелік идеал. Ұлттық тәрбиенің болашақ маманның интеллектуалды тұлғасын қалыптастырудағы рөлі.

*Негізгі ұғымдар:* жастар, студент жастар, жастардың әлеуметтік топтары, білім алушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуеті.

**2 – тақырып. Ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негіздері**

«Тәрбие», «халықтық тәрбие», «ұлттық тәрбие» ұғымдары. Ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негізі: этникалық үдерістер мен құбылыстардың әрекеттестігі мен келісімділігі, тұлға дамуының этноәлеуметтік анықталуы (өзгеруі), адамды зерттеудің тарихи-эволюциялық және этноәлеуметтік-мәдени тәсілдері, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық мәдениеттің өзара байланысы және т.б.

Ұлттық тәрбиенің негізгі ұғымдары: «этнос», «ұлт», «мемлекет құраушы ұлт», «халық», «ұлты», «ұлттық бірлік» және т.б.

*Негізгі ұғымдар:* тәрбие, халықтық тәрбие, ұлттық тәрбие, этнос, ұлт, мемлекет құраушы ұлт, халық, ұлты, ұлттық бірлік.

**3 – тақырып. Ұлттық мәдениет – ұлттық тәрбиенің негізі**

Ұлттық мәдениеттің мәні. Мәдени мұра – рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал. Ұлттық тәрбиенің көздері: халық ауыз шығармашылығы, қолданбалы өнер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойындар және т.б. Қазақтың ұлттық келбетін қалыптастырудың мәдени-тарихи алғышарттары. Қазақ халқының мәдениеті – Ұлтты, Қазақстан этностарын біріктіруді нығайтатын орталық, әлемдік мәдениет – ұлттық тәрбиенің негізін қалаушы. Студент – туған елдің, жалпы ұлттық және әлемдік мәдениетті сақтаушы. Мәдениет диалогы. Студент жастарға ұлттық тәрбие берудегі этномәдени, көпмәдени тәсілдер.

*Негізгі ұғымдар:* ұлттық мәдениет, мәдени мұра, мәдениет диалогы, этномәдени, көпмәдени тәсілдер.

**4 – тақырып. Ұлттық тәрбиедегі студент тұлғасының ұлттық санасы**

«Сана», «өзіндік сана», «этникалық сана», «ұлттық сана» ұғымдары. Ұлттық сана – ұлттың, халықтың және жеке адамның дүниетанымының бір бөлігі. Тұлғаның өзіндік санасындағы құндылықтар, құндылық бағдар. Студент жастардың құндылық бағдарының динамикасы. Тұлғаның ұлттық санасының жалпы сипаттамасы. Студенттің ұлттық санасының құрылымы мен мазмұны. Патриотизм, азаматтық – студент тұлғасының ұлттық санасының басымды құраушысы. Ұлттық сананың жоғары деңгейі – ұлттық тәрбиенің мақсаты мен нәтижесі.

*Негізгі ұғымдар:* сана, өзіндік сана, этникалық сана, ұлттық сана, тұлғаның өзіндік санасындағы құндылықтар, құндылық бағдар, ұлттық тәрбиенің мақсаты мен нәтижесі.

**5 – тақырып. Ұлттық тіл – ұлттық тәрбиенің өзегі**

«Ұлттық тіл», «мемлекеттік тіл», «ұлтаралық қатынас тілі» ұғымдарының мәні. Тілдердің пайда болу тарихы. Тілдің пайда болуына әсер ететін факторлар. Тіл – ұлттық құндылық. Тіл – ұлтты біріктірудің негізгі белгісі. Ұлттық тілдің болуының формалары. Тіл – ұлттық ойлаудың бейнесі.

Ұлттық тіл, оларды сақтау, басқа ұлт өкілі тілінің құндылығын мойындау – ізгіліктің өзегі және жалпыадамзаттық адамгершілік нормаларының қажетті шарты. Басқа халықтың тіліне толерантты қатынас. Ана тілін сақтау – этникалық сәйкестіліктің негізі. Қазіргі Қазақстандағы үштілдік модель. Мемлекеттік тілді меңгеру негізінде ұлттық сананы қалыптастыру, ұлттық беделді (абыройды) дамыту, ұлтаралық және халықаралық қатынас тілдері – студент жастарға ұлттық тәрбие берудің басымды бағыттары.

*Негізгі ұғымдар:* ұлттық тіл, мемлекеттік тіл, ұлтаралық қатынас тілі, тіл ұлттық құндылық, үштілдік модель.

**6 – тақырып. Әлеуметтену, тұлғаның этникалық әлеуметтенуі**

«Әлеуметтену», «тәрбие», «студент жастарға ұлттық тәрбие беру» ұғымдары.

Тұлғаның әлеуметтену формаларының алуан түрлілігі. «Тұлғаның этникалық әлеуметтенуі» ұғымы. Этникалық фактордың адам өміріндегі рөлі. Этникалық әлеуметтену – әлеуметтенудің аспектісі, қоғамда қабылданған этникааралық қатынас мәдениетін, этноәлеуметтік рөлдерді меңгеру барысында тұлғаның дамуы және өзін-өзі дамыту үдерісі. Мультикультурализм мәселесі – көпэтникалық қоғамдағы этникалық әлеуметтендірудің қағидасы. Этномәдени құзыреттілік – этникалық әлеуметтенудің нәтижесі. Этникалық сана, этникалық сәйкестілік және этникалық толеранттылық – студент жастардың этномәдени құзыреттілігінің белгісі. Қазақстандық жастардың этникалық сәйкестілігі мәселесі және қазіргі жағдайы. Этникалық сәйкестіліктің түрлері.

*Негізгі ұғымдар:* әлеуметтену, тәрбие, студент жастарға ұлттық тәрбие беру, тұлғаның этникалық әлеуметтенуі, мультикультурализм, этномәдени құзыреттілік, этникалық сәйкестіліктің түрлері.

**7 – тақырып. Қазақстан Республикасында студент жастарға ұлттық тәрбие берудің факторлары**

«Студент жастарға ұлттық тәрбие берудің факторлары» ұғымы. Әлеуметтену, тәрбие факторларын жүйелеу тәсілдері: макрофактор, мегафактор, мезофактор микрофактор. Әлеуметтенудің жаңа факторлары, студент жастарға ұлттық тәрбие беру: еңбек нарығы, кәсіпкерлер институты, әлеуметтік өмірдің барлық саласын ақпараттандыру, қоғамның жаңа типі негізінің қалыптасуы, оны жаһандық ақпараттық қоғамға ендіру.

Жаһандану – Қазақстан халқының мәдениетаралық диалогына, ұлттық тәрбиесіне ықпал ететін фактор.

*Негізгі ұғымдар:* студент жастарға ұлттық тәрбие берудің факторлары, әлеуметтену, тәрбие факторлары, макрофактор, мегафактор, мезофактор, микрофактор, жаһандану.

**8 – тақырып. БАҚ-н студент жастардың ұлттық санасын қалыптастыруға әсері**

Қазіргі студенттер тәрбиесі жағдайының өзгеруі. Бұқаралық ақпарат құралдары – әлеуметтік институт (баспа, радио, кино, телеарна және т.б.) және олардың студент тұлғасының ұлттық санасын қалыптастыруға ықпалы. Жаңа типтегі қазіргі ақпараттық кеңістік – ұлттық тәрбиенің факторы. Студент жастардың «интернет-кеңістігі» – күнделікті өмірдегі әлеуметтік-мәдени және институттық нормалар мен ержелерді тасымалдаушы тетігі (механизм-транслятор). Жарнаманың студент тұлғасына ұлттық тәрбие берудегі рөлі. Қазіргі заманғы ақпараттық, телекоммуникациялық жағдайдағы студент жастардың ұлттық санасын қалыптастыру мәселесі.

*Негізгі ұғымдар:* бұқаралық ақпарат құралдары, ақпараттық кеңістік, Интернет-кеңістік.

**9 – тақырып. Ұлтаралық және конфессияаралық келісім – қазақстандық қоғам тұрақтылығының негізі**

Ұлтаралық келісімнің мәні мен мазмұны. Ұлтаралық қарым-қатынастың қазіргі қоғамдағы ерекшеліктері. Этникааралық және конфессияаралық келісім – Қазақстан халқы мәдениетінің бөлінбейтін сапасы. Президент Н.Ә.Назарбаевтың этникааралық толеранттылық пен қоғамдық ынтымақтастықтың Қазақстандық моделі (үлгісі). Қазақстан халқы Ассамблеясы – ұлтаралық қарым-қатынас үйлесімділігінің қоғамдық институты, бірліктің кепілдемесі. Қазақстан халқы бірлігінің Декларациясы. Қазақ этносының нығайтушы рөлі, толеранттылық, республика этностарының мәдениеті мен тілдерін дамытудың жағдайын жасау, этникалық, конфессиялық, мәден және тілдік көптүрлілік – Қазақстан халқы бірлігінің негізі.

*Негізгі ұғымдар:* ұлтаралық келісім, конфессияаралық келісім, этникааралық толеранттылықтың Қазақстандық моделі, консолидация (нығаю).

**10 – тақырып. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті.**

«Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті – қоғамның рухани өмірінің, жалпыадамзаттық мәдениеттің табиғи бөлігі. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті – жастарға ұлттық тәрбие берудің құрамды бөлігі. Көпэтникалық ұжымдағы ұлтаралық қарым-қатынас. ЮНЕСКО-ның толеранттылық қағидалары Декларациясы. Толеранттылық – жастар арасында ұлтаралық қарым-қатынастың рөлін арттырудың жетекші қағидасы. Студенттердің ұлтаралық диалогқа психологиялық дайындығы. ЖОО-дағы көпэтникалық орта. Көпмәдени тұлға сипаттамасы. Мәдениетаралық байланыс, оның жастарға ықпалы. Мәдениетаралық бейімделу үдерісіне әсер ететін факторлар. Студенттерді мәдениетаралық әрекеттестікке даярлау.

*Негізгі ұғымдар:* ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, көпэтникалық ұжым, толеранттылық қағидасы, көпмәдени тұлға.

**11 – тақырып. ЖОО-ның білім беру кеңістігі – студент жастарға ұлттық тәрбие берудің шешуші факторы**

ЖОО-дағы ұлттық тәрбие – студент, азамат, патриот мәртебесін қалыптастыруға педагогикалық қолдау көрсететін және өздігінен реттейтін үдеріс. Қазіргі жоғары оқу орындарының тәрбиелік әлеуеті. ЖОО-ның тәрбиелік жүйесі. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының басымды бағыттары. ЖОО-дағы тәрбие үдерісін басқару құрылымы. ЖОО-да студенттің өзін-өзі басқаруының формалары. Бейімделу кезеңі қиындықтарының бірінші курс студенттерінің білім бағдарламаларын, этникааралық әрекетті нәтижелі меңгеруіне әсері. Студенттік ұжымның, тұлғааралық қатынас жүйесінің көпэтникалық сипаты.

*Негізгі ұғымдар:* жоо-ның білім беру кеңістігі, тәрбиелік әлеуеті, студенттік өзін-өзі басқару, этникааралық кикілжің.

**12 – тақырып. Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты**

Жастар саясатының мәні, оның қызмет-

тері мен нормативтік реттелуі. Шетел мемлекеттеріндегі әлеуметтік-жастар саясатының ерекшеліктері. Халықаралық жастар ұйымдары. Қазақстанда жастарға қатысты мемлекеттік және қоғамдық саясат. Жастар саясатының құқықтық қамтамасыздандырылуы. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі және мекемелер, жастардың қоғамдық бірлестіктері шеңберіндегі студент жастармен әлеуметтік жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері. ҚР-дағы жастар бірлестіктері, ұйымдары. Жастармен жүргізілетін жұмыстардың әлеуметтік технологиялары. Қазақстандағы жастар саясаты мәселесі.

*Негізгі ұғымдар:* жастар саясаты, жастар ұйымдары, жастар бірлестіктері.

**13 – тақырып. Студент жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері**

Әлем жастарының қазіргі заманғы мәселелері. Қазақстанның студент жастарының мәселелері. Жастар мәдениетіндегі діни дәстүрлер. Жастардың діни өзін-өзі анықтауы. Деструктивті сипаттағы діни ұйымдар іс-әрекетінің қауіптілігі мен оның әсерінің алдын алу – жастардың санасын бақылаудың тәсілі. Студенттік ортадағы этникааралық кикілжің, ксенофобия, қылмыс және олардың пайда болу себептері. Кикілжіңді конструктивті жеңу. Кикілжіңдік құзыреттілік – қазіргі студенттің кәсіби құзыреттілігінің басымды құраушысы.

Жастардың девианттық мінез-құлқы. Жастардың девианттық мінез-құлқының негізгі түрлері мен формалары.

*Негізгі ұғымдар:* жастар мәселесі, діни өзін-өзі анықтау, этникааралық кикілжің, ксенофобия, қылмыс, девианттық мінез-құлқы.

**14 – тақырып. Жастардың салауатты өмір салты – студенттің кәсіби-тұлғалық дамуының шарты**

Жастардың денсаулықтың маңызын құндылық ретінде саналы түсінуі. Салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу.

Студенттердің физикалық саулығы және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері. Физикалық жетілуі. Қазіргі бос уақытты өткізу және көңіл көтеру формаларының жастардың әлеуметтік-психологиялық дамуы мен денсаулығына әсері (компьютерлік клубтардың, ойын автоматтарының, интернет-ресурстардың әсері). Студент жастардың қазіргі мәселелері: есірткі, маскүнемдік, лудомания, жезөкшелік пен порнография, әлеуметтік аурулар. Жастар арасындағы нашакорлықтың, токсикоманияның, маскүнемдіктің, АҚТҚ – инфекциясының алдын алу. Волонтерлердің алдын алу бағдарламалары.

*Негізгі ұғымдар:* жастардың салауатты өмір салты, физикалық денсаулығы, маскүнемдік, лудомания, жезөкшелік пен порнография, әлеуметтік аурулар, нашакорлық, токсикомания, АҚТҚ – инфекциясы, волонтерлік қозғалыс.

**15 – тақырып. Жыныстық тәрбие және жастарды отбасылық өмірге даярлау мәселелері**

Жастардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері. Гендерлік сәйкестілік – индивид пен топтың әлеуметтік сәйкестілігінің өзіндік ерекше типі. Жастарда отбасын құруға саналы қатынасты қалыптастыру және өзінің отбасылық стратегиясын дамыту – қазіргі жастардың нәтижелілігінің маңызды құраушысы. Жастардың отбасын құруға дайындығы – өзіне әлеуметтік-адамгершілік, мотивациялық, психологиялық, педагогикалық даярлық пен жыныстық тәрбиелілікті ендіретін интегралды сипаттама. Жыныстық әлеуметтік-жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру мәселелері. Жастар арасындағы жезөкшелік және некеге қатынасының өзгеруі. Қазіргі жастардың неке көзқарасы. Ерлі-зайыптылық жауапкершілікке даярлау – ерлі-зайыптылар рөлін, болашақ отбасына, баланың дүниеге келуіне оң көзқарасын қалыптастыру және өзара жауапкершілік серіктестікті құру ұстанымдарын жасау.

*Негізгі ұғымдар:* жыныстық тәрбие,

гендерлік сәйкестілік, неке және отбасы, өзара жауапкершілік серіктестік.

**Семинар сабақтарының үлгі тақырыптары**

1. Студент жастар – Қазақстанның жаңашыл-интеллектуалды капитал.
2. Қазақстанның көпэтникалық қоғамындағы ұлттық идея.
3. Студент – туған, жалпы ұлттық және әлемдік мәдениетті сақтаушы.
4. Мәдени мұра – рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал.
5. Құндылықтар, құндылық бағдар – тұлғаның ұлттық санасының құраушысы.
6. Қазақстандық жастардың этникалық сәйкестілігі мәселесі.
7. Тұлғаның ұлттық санасын қалыптастыруға жаһандық үдерістердің әсері.
8. Қазіргі ақпараттық кеңістік жағдайында студент жастардың ұлттық санасын қалыптастыру мәселесі.
9. Қазақстан халқы Ассамблеясы – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің қоғамдық институты.
10. Студенттік ортадағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті.
11. 1-ші курс студенттерінің бейімделу кезеңі: қиыншылықтар және оларды жеңу.
12. ҚР-дағы жастар саясаты мәселесі.
13. Қазақстан жастарының діни өзін-өзі анықтау мәселелері.
14. ҚР-ң студент жастарының әлеуметтік-тұлғалық мәселелері.
15. Студент жастардың бос уақыттағы іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелері.

**Білім алушылардың оқытушының қатысуымен өздігінен орындайтын жұмыстарының (БӨЖ) үлгі тақырыптары**

1. Қазақ халқының мәдениеті – ұлттық тәрбиенің көзі.
2. Қазақстан этностарының мәдениеті.
3. Тұлға мен социумның құндылықтар жүйесіндегі діл (менталитет).
4. Ұлттық тәрбиенің негізгі ұғымдарының мәні мен мазмұны.

5. Отбасы – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі.
6. Студент жастардың құндылық бағдарының динамикасы.
7. Мемлекеттік (қазақ) тілі – тұлғаның мемлекет азаматы ретінде өзін-өзі сәйкестендіруінің индикаторы.
8. Этникааралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық моделі.
9. Жарнама мен интернет-ресурстардың студенттің ұлттық санасының қалыптасуына ықпалы.
10. ҚР-дағы жастар қозғалысы мен ұйымдары: жағдайы, мәселелері.
11. Қазақстандық патриотизм: мәселелері, қалыптастыру жолдары.
12. Жастардың жезөкшелік мәселелері, студенттердің психосексуалды денсаулығы.
13. Жастар ортасындағы қылмыс мәселесі.
14. АҚТҚ/ЖҚТБ-мен күрестегі волонтерлер іс-әрекеті.
15. Қазақстандағы жастар субмәдениетінің ерекшеліктері.

**Білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарына (БӨЖ) тапсырмалар**

1. «Интеллектуалды ұлт – бәсекеге қабілетті мемлекет» тақырыбы бойынша әдебиеттерді таңдау және аннотация жазу.
2. «Мен – Қазақстан патриотымын» презентация дайындау.
3. «Қазақстанның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтары» тақырыбына баяндама жасау.
4. «Қазақстанның студент жастарының діни өзін-өзі анықтау мәселесі» тақырыбы бойынша баяндама дайындау.
5. «Мен қазақ, орыс және т.б. өзге ұлт болып туғаным үшін мақтанамын» тақырыбына эссе жазу.
6. «Қазақстан жастарының әлеуметтік-тұлғалық мәселелері» тақырыбына презентация дайындау.
7. Қазіргі жастардың ұлттық тәрбиесіне жағымды әсер ететін бірнеше телеарналарды талқылау.
8. «Мен және менің құндылықтарым» тақырыбына эссе жазу.

9. Интернет-ресурс бойынша талқылау – жастар субмәдениетінің үш түрі, оның ерекшеліктерін, мақсатын, міндеттерін, пайда болу себептерін және жастардың санасына ықпалын сипаттау.
10. ЮНЕСКО-ның «Толеранттылық қағидалары Декларациясын» конспектілеу, сызбанұсқа, кесте сызу арқылы оқу (таңдау бойынша).
11. «Жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде студенттердің Қазақстан халық-

- тарының мәдениетін меңгеруі» тақырыбы бойынша жоба дайындау.
12. «Есірткі және жастар» пресса материалдарына шолу жасау.
13. Ұлттық өзін-өзі тәрбиелеудің мини – бағдарламасын құрастыру.
14. АҚТҚ-ның алдын алу жұмыстарына волонтерлермен бірге қатысу.
15. Бос уақытты, қол жетімді іс-әрекетті ұйымдастыруға (өзін мысалға ала отырып) талдау жасау

**ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Міндетті әдебиеттер**

1. Ұлттық тәрбие негіздері. Дәрістер курсы. /Авторлар ұжымы.. – Алматы, 2010. - 91б.
2. Пірәлиев С.Ж., Нарисбаев К.Н., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г.К., Махметова Б.Т., Берикханова А.Е., Нұрғалиева Д.Ә. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқу құралы. – Алматы, 2010. - 208б.
3. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 10 томдық /құраст. С.Қалиев, К.Аюбай. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005ж. 1 том. – 406 б. 2 том. – 2007ж. - 415б. 3 том. – 2007ж. – 478 б. 4 том. – 2007ж. - 462 б.
4. Д.Ж.Айдаров Діл және дәстүр. – Алматы: Дайк Пресс, 2010. – 344б. [http://doc.nlrk.kz/result/ebook\\_102/index.html](http://doc.nlrk.kz/result/ebook_102/index.html)
5. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы, 1998 г.

**Қосымша әдебиеттер**

1. Нұрмұратов С.З., С.Ш. Мұсатаев. Қазақстандық жалпы ұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптастыру технологиясы. – Астана, 2002.
2. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана, Елорда, 2001. – 248б.
3. Молдағалиев Б.А. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Батыс Қазақстан Мемлекеттік университеті, 2006. –166б.
4. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
5. Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк. 2010 ж.
6. Барлыбаева Г.Г. Философско-этический смысл воззрений казахских акынов и жырау. – Известия Министерства образования и науки РК, НАН РК. Серия обществ. наук, № 5, 2002. – с.9-19.
7. Государственная молодежная политика и социальные технологии работы с молодежью. Учебное пособие под общей редакцией академика РАН В.И.Жукова. 2-е изд. доп. и перераб.-М: Изд. «Гном и Д», 2008. – 284 с.
8. Девярых С.Ю. Половая социализация молодежи в условиях социокультурной трансформации семьи. Монография. – Смоленск: СмолГУ, 2010. – 256 с.
9. Джаманбалаева Ш.Е. Проблемы наркотизации и алкоголизации в республике// Социологические исследования, 1998, №3. С. 44.
10. Идентичность и толерантность /Под ред. Н. М. Лебедевой. М.: Институт этнологии и антропологии РАН, 2002. С. 10-34.
11. Ковалева А.И., Луков В.А. Социология молодежи: Теоретические вопросы. - М.: Социум, 1999, - 351с.

12. Комаров В. Культура межнационального общения // Народное образование – 1993 – №5 – с.65-67.
13. Межнациональные отношения в Казахстане. – Алматы, 1993.
14. Молодежный экстремизм /Под ред. А.А.Козлова. СПб., 1996.
15. Нурсултан Назарбаев: идея мира и общественного согласия. – Астана
16. Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006.
17. Перов И.М. Неформальные молодежные объединения // Социально-гуманитарные знания. – 2002. – №5. С. 18–35.
18. Половое воспитание: учебник для высших учебных заведений. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2001. – 320 с.
19. Раковская О.А. Социальные ориентиры молодежи: тенденции, проблемы, перспективы – М. 1999.
20. Скворода И.А. Национальные и общечеловеческие интересы: социально-психологические проблемы. – М., 2006. – С. 157.
21. Скворцов Л.В. Культура самосознания. – М., 1989. – С. 131-132.
22. Тимошинов В.И. Культурология: Казахстан – Евразия – Восток – Запад: Учебное пособие.- Алматы: Ниса, 1997.-336 с.
23. Шабанов Л.В. Социально-психологические характеристики молодежной субкультуры: социальный протест или вынужденная маргинальность. – Омск, Томский гос. ун-т, 2005. – 399 с.

#### Нормативті әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының жастар саясатының тұжырымдамасы. 7 шілде, 2004 жыл.
2. Қазақстан Республикасының 7 шілде 2004 жылғы «ҚР-дағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы.
3. «Мәдени мұра» атты 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық ұлттық жоба тұжырымдамасы. Астана, 2008 ж.

### Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ

*Аташ Б.М. –*

*Алматы энергетика және байланыс университеті әлеуметтік пәндер кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы*

*Джилысбаев Д. Д. –*

*Қазақстан-Ресей медициналық университеті,  
Алматы қаласы*

Қазіргі адамзат қоғамының өркениетке ұмтылуының маңызды, әрі болашаққа бой сермейтін түйткілдерінің бірі – ағарту мен білім беру саласы. Ендеше, біріншіден, бұл саланың субъектілерінің ауқымды бөлігін жастар құрайды, сондықтан, еліміздің болашағын, түптеп келгенде, адамзаттың келешектегі жарқын өткелді белестерін жүзеге асыратын бұл әлеуметтік топқа осы тұста үлкен жауапкершіліктер жүктеліп отыр деп айта аламыз. Екіншіден, ғылым мен білімге негізделген постиндустриалдық-

акпараттық қоғам талаптары дәстүрлі білім мазмұнымен қатар, продуктивті-креативті ойлауды, шығармашылық интенцияны, ізгілік пен гуманизмге негізделген парасаттылықты, жалпы алғанда, зиялылық пен зайырлылықтың кемелденген деңгейін талап етеді. Үшіншіден, осындай жалпыадамзаттық ұлы стратегиялық бағдар аясында әрбір ұлт пен мемлекет өздерінің ішкі болмысымен үндесетін жаңа парадигмаларын жасайды және оны әлемдік өркениет талаптарымен келіп үйлестіру үшін бәсекелестік арнаға ерікті-еріксіз түрде тап болады.

Осындай әлемдік беталысты жете бағалаған Елбасы Н.Назарбаев Астана қаласында әлемдік талаптарға сай ашылған жаңа оқу орнының студенттері алдында сөйлеген сөзінде: «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген халық даналығының ұстанымының әрі қарай сабақтасуы тиіс екендігін және оның нақты нәтижелермен көрініс табуы қажеттілігін баса айтқан Елбасы, алдымен, университеттің ғылыми әлеуеті мен климатын сипаттап өтеді, оның болашағы зор екендігін, алыс мақсатқа бағдарланғандығын атап көрсетеді, жастардың әлеуметтік жауапкершіліктерін арнайы тұжырымдайды: «Қазақстанға ХХІ ғасырда табыс пен игілікті қамтамасыз ете алу үшін сіздердің оқуларыңыз бен өз-өздеріңізді жетілдіруге барынша қолайлы жағдайлар туғыздық. Бұл, қажет деп тапсаңыздар, сіздердің болашақ миссияларыңыз және сіздердің аға буын алдындағы жауапкершіліктеріңіз».

Шындығында да, еліміздің ғылыми потенциалы мен ұлттық ғылыми машықтарының әлемдік аренада ешкімнен кем түспейтін өзіндік келбетін жуық арада айқын көрсететін кезеңі келіп жетті. Бергі тарихқа бойласақ, Кеңес дәуірі кезеңінде қазақ зиялыларының қуғын-сүргін жылдарында құрбан болуы және оның ұрпақтарына жасалған қудалаулар тек жай ғана адамдардың физиологиялық өлімінің қайғысы емес, тұтас ұлттың интеллектуальдік-теориялық санасын

тек сол дәуірде ғана емес, алдағы бірнеше жыл бойы құлдыратуды көздеген негативті перспектива. Бүгін де оның руханияттық зардаптары түбегейлі жойылмаса да, орнын отанымызда қалыптасып келе жатқан – жаңа, еркін, белсенді, ең бастысы рухы да тәуелсіз ұрпақтардың легі алмастыруда. Демек, іске қосылатын потенциалды интеллектуальдік жаңа бір ресурс қалыптасты және ол білім мен ағартуды қатаң талап етуде, жай ғана білім беруді емес, инновациялық-әлемдік деңгейдегі сапаны, бәсекелесе алатын қабілетті болып шығуды қалайды.

Қазақстандық қоғамның білімі мен ғылымының дамуы көптеген түйткілді мәселелерді шешудің кілтін айналып, заманауи тәжірибелер мен шынайы адам болмысының игілігін қалыптастырып, оны іс жүзінде жасап беруі тиіс. Елбасы осындай түйткілді нәтижелердің бірі ретінде қазақстандықтардың денсаулығы мықты, өмірі шатты, әлемде ұзақ жасайтын ұлттардың бірі болуын баса атап өту де осының айғағы. Бұл біріншіден, жастарға шабыт пен оптимистік сенімді сіңірудің жобасы, екіншіден, өркениеттілік парадигмасының айқын критерии ретінде – денсаулық пен ұзақ өмір келбетін паш етудің теориясы, оны іске асырудың практикалық ұстанымы. Үшіншіден, денсаулықтың тек «жеке өзі-үшін» ғана емес, қоғам мен ұлт болашағы үшін маңызды модус екендігін атап көрсетудің тиянақты ұстыны. Демек, білім мен денсаулық тек университет жастарының ғана аясындағы мәселе болып табылмайды, жалпы ұлттың болашағына алаңдаулы барша қауымға арналған маңызды түйткіл. Осындай әлеуметтік стратегиялы міндеттерді жастардың бойына сіңіре беру тек Елбасының ғана міндеті емес, барша зиялы қауымның парызды борышы болуы тиіс.

Экономикалық өрлеумен қатар әлемді алаңдатып отырған тіршілік ету үшін үшін күрестен туындайтын, болуы ықтимал азық-түлік дағдарысының алдын-алу шараларын Елбасы мал шаруашылығымен де келіп

түйістіреді. Біздіңше, бұндай дағдарыстар тарихта бірінші рет емес, жекелеген ұлттарда, кейде жалпыадамзаттың тіршілігін жалғастыруының эволюциясында бірнеше рет кездескен сыңайлы. Сондықтан, шындығында да, көшпелі өркениетті жетік меңгерген біздік арғытектеріміз бен кейіннен сабақтасқан қазақ халқының мал шаруашылығы азық-түлік дағдарысын болдырмаудың экологиялық-эволюциялық-мәңгілік қорғаныш тетігін атқарған десе де болады. Болашақта, адамзаттың материалдық-экономикалық келбеті осы мал шаруашылығын жаңаша тұрпатта жаппай дамытуға келіп тірелуі әбден мүмкін, ендеше біздің ата кәсіп жаңа бір серпілістерде, жаңарған сапада өзінің өткен бейнесін қайта жаңғыртуы ықтимал.

Осы тұста Елбасының: «Біздің мақсатымыз – өзгермелі әлемдегі жаңа жағдайларда тек тірі қалу емес, сондай-ақ бұрынғы табыстарымызды нығайта, осы жаңа әлемге өзіміздің ықпал ету мүмкіндігімізді кеңейте отырып, дамуымызды жалғастыру», - деген тұжырымдары да ойсаларлық мәселе және болашақтың ғылыми-теориялық нақты модельдерін құруды қажет ететін үлкен ізденісті меңзейді.

Н.Назарбаев өз сөзінде атап өткен, бұрыннан да қуаттап жүрген діни психоәлеуметтік климат аясындағы зайырлылық түсінік тек біздің еліміз ғана емес, жалпыадамзат қоғамының қауіпсіздігі үшін қажетті басты ұстанымдардың бірі. Біз де осындай жолды қалаймыз. Себебі, бұндай зайырлылықтың қазақ халқында көнеден жалғасқан тарихи тамыры бар деп болжамдаймыз. Қазақ халқы қашанда діни фанаттылық пен әсіре берілушіліктен тыс даму жолын таңдаған. Тарихымыздағы діни сенімдер эволюциясына көз жіберсек, тәңіршілдіктің, шамандықтың, зорастризмнің, кейіннен исламның кейбір элементтері тұтаса келе, бір-бірімен жымдасып, өзара келісімділік ыңғаймен, іріктеліп-сұрыпталып, сан мыңдаған жыл-

дар бойы өмірлік тәжірибе сынағынан өткізіліп барып, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып институтын жасап шығарды. Осы үлгі құрамындағы ешқандай дінге басымдылық пен артықшылық бермеуді қамтамасыз ететін зайырлылықтың ерекше бір моделін жасады және оны кейінгі ұрпақтарына мұраға қалдырды. Бұндай ата-бабаларымыздың дала даналығы университеттері арқылы жасаған ұлттық құндылықтарын аяқ асты ету тарих пен ата-баба аруағы алдында кешірілмес күнә, болашақ жастарды «дұрыс» жолдан тайдырудың мақсатындағы «қылмыс» десе де болады. Дәстүрді аяқ асты етудің бүгінгі күнгі тағы бір беталысы діни фанаттықтың агрессияшыл түрі арқылы жалғасатын діни экстремизм мен терроризм екендігі сөзсіз.

Елбасы өзінің сөйлеген сөзінде мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту да жаңа бағдарлар бойынша өрістеуі қажеттігіне ерекше көңіл аударды. Себебі, қазіргі инновацияшыл-ақпаратшыл қоғамда «бүгінгі» жаңашылдықтың кейбір қырлары «ертең-ақ» ескіріп қалып отырады. Сондықтан, инновациялық оқыту белгілі бір парадигмаларды орнықтырып қою ғана емес, оның тез өзгеретін заманауи талаптарға сай үздіксіз қайта-қайта жаңғыртылуын қамтамасыз ету дегенді білдіреді. Өмірдің ағымы мен дамуының жылдамдығы уақыт өткен сайын тездеп келеді. Сондықтан, үздіксіз инновациялану қағидаты оның объектілерін (жастарды) ғана емес, субъектілерінің (ұстаздардың) де біліктілігін талап етеді, бұл ерікті-еріксіз түрде үздіксіз білім алуға жетелейтін заңдылық ретінде қалыптасып қалады.

Қорыта айтқанда, Елбасы елге үлес қосу, тәртіп пен реттілік, білімге ұмтылу, болашаққа сенім мен оптимистік көзқарас, көп қырлы тұлға болып қалыптасу, тың ізденістерге жетелейтін продуктивті ойлау сияқты витальдік-онтологиялық құндылықтарға ерекше назар аударып, оны этникалық-әлеуметтік құндылықтар деңгейіне көшіру қажеттігін ұсынды. Сайып

келгенде, бұл ғылыми қауымдастық, әсіресе, стратегиялық-саяси моделінің жүйесін қоғамдық ғылым өкілдері болашақтың жасауға ұмтылу қажеттігін меңзейді.

### Резюме

*В статье автор показывает, что лидер нации Н.А. Назарбаев в своей речи перед студентами нового учебного заведения учитывает, что сегодня сфера просвещения и образования стала ключевым фактором цивилизованного развития человечества, что в данном процессе огромная роль принадлежит молодежи, современным требованиям постиндустриального информационного общества, разработке каждой нацией и государством повышающих их конкурентоспособность парадигм.*

### Summary

*In the article, the author shows that the leader of the nation, Nursultan Nazarbayev, in a speech to students at the new educational institutions took into account that today education and education was a key factor in the development of the civilization of humanity, that in this process the huge role belongs to the young, modern requirements of the postindustrial information society, the development of each nation and the State to improve their competitiveness paradigms.*

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНА БАҒДАР

Жұматаева Е. –

*n.s.d., профессор,*

*Ж.Аймауытов атындағы этнопедагогика және білімденудің инновациялық технологиялары ғылыми-практикалық орталығының директоры,*

*С.Торайғыров атындағы ПМУ*

Назарбаев Университеті студенттерінің алдында Елбасының оқыған интерактивтік дәрісінің жас ұрпақтар, жалпы қазақстандықтар үшін маңызы ерекше.

Ақпараттық технологиялар жетістігімен барлық қазақстандықтардың қаперіне іліккен Н.Ә. Назарбаевтың интеллектуалдық дәрісі – болашақ бағдарламасы, Жобасы. Біздердің күнделікті өнімді еңбегіміздің жол бастар құжаты десек те артық айтқандық емес.

• Тәуелсіздікке дейінгі кедейлік деңгейден соңғы 10 жыл ауқымында жоғарыға бағдар 4 есеге артып, экономикалық өрлеу алғашқы сатыдан 16 рет көтерілгеніне дәрісте басымдық берілген.

• Әлемдік дағдарыстың (2007 АҚШ-тан 2008 Еуропаға бағыт алған) дағдарыс бүгінгі таңда Қазақстандықтарды жұмыла еңбек етуге, өнімді, табысты нәтижелерге,

бәсекеге қабілеттілік қасиетінің ширауына бағдар жасап отырғанына көңіл бөлінген.

Бұл орайда әлемдік экономика құрылымына, сұранымның негізгісін трансформациялауға, әлемдік қаржыландыруға қатысты қайта қарастыру тұрғысындағы модель ұсыну маңыздылығы айтылған.

• Елбасымыз практикалық (теориясыз тәжірибеден) өнімсіз еңбектен гөрі сыртқы саясатты прагматикалық іскерлікпен жүзеге асыру көрсетілген (жаңа қарым-қатынас пен партнерлықты ұдайы алға ілгерілету); экономикалық дипломатияны іске асыру.

• Сол секілді инвестициялық саясатқа маңызды түзетулер енгізу, максимальды тұрғыда кірістер алу; халықаралық экономикалық ынтымақтастыққа жаңа қадам жасауға анықтық, нақтылық орнықтыру қарастырылған, кіші және орта



мекемелердің жаңа бағытта өркен жаюына жол ашу көзделген. Мұның бәрі дерлік – индустриалды Қазақстан мәртебесі екені ескеріліп, «Қазақстан – шикізат мекені» деген ұстаным оның негізгі стратегиясын айқындаушы индикаторы деп қабылдаймыз.

- Біздердің құзырет мазмұнына сәйкес еңбегіміздің тірек көзі жаңа кезеңдегі административтік реформа екенін талдап отырған дәрістен байқаймыз. Бұл блокта жоғары оқу орындарында білім мен ғылым мазмұнының жүзеге асыратын құзыретін орталықтандыруды ыдырату (децентрализация), жеке меншікті қорғау, контракттылық қарым-қатынас институтын бекіту, заң алдындағы тепе-теңдікті сақтау секілді мәселелердің шешілуі қарастырылған.

- ХХІ ғасырда қазақстандықтар Ұзақ Өмір сүретін елдер санатынан орын алатыны ескерілген.

- «Энергетикалық Интернет» жүйесі ашылып, Еуропаға Жерорта теңізінен су асты кабельмен Энергия қуатын алу жайлы мәлімет әлемдік модернизацияның қарқындылығын айғақтайтынына маңыз берілген.

- Еліміздің өлке-аймақтық жерінің 90 пайызында химия жоқ екені анықталғаны және ауылшаруашылық өнімнің әлем кеңістігінде таза тағам екендігі ашылған.

- Постиндустриалды әлем ретінде **«білім-ғылым-инновация»** триадасын негізге алу көзделген.

- Қазақстандықтар боссөзділік пен радикалдылыққа төзбейді. Ұлтаралық араздық елімізді ортағасырлыққа шегеріп, азаматтық соғысқа апару қаупі ескертілген. Әлем өте нәзік шыны секілді. Оны таспен ұрса, сынады. Сол себепті қазақстандық табысқа жетудің үш кілті ұсынылған. Біріншісі – 140 этностан құрылған қазақстан Бірлігі – уникалды құндылық. Екіншісі – толеранттық. Үшіншісі - өзгеріске толы жаңа заманауи қиындықтарын қауымдастықпен, ынтымақтастықпен жеңу, әркім өзінің мүмкіндігінше жаңа әлемге өз үлесін қосу көзделген.

- Қаржыландыру саласында инжиниринг қызметінің орталықтануына басымдық берілген.

- Орындалуға тиіс проекттерді инновациялық кластерге негізделген институттар жүйесін орнықтыруға бағдар жасалған.

Интерактивтік дәрісте жоғарыда ұсынылған бағдар-бағыттардың көзі – «адам-капитал» формуласына жүгінетіні ескерілген.

Қорыта келгенде, болашағымыздың Жарқын, Салтанатты тұрғыда құрылуына бұл интерактивтік Назарбаев университетіндегі Елбасының оқыған дәрісінің алар орны айрықша.

С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің Ж.Аймауытов атындағы этнопедагогика және білімденудің инновациялық технологиялары ғылыми-практикалық орталығы өзінің 2012-2013 оқу жылында атқарар жұмыстарында аталған маңызды деген мәселелердің шешілуіне өз үлесін қосу мақсатында іс-шара құрды. Бұл іс-шараның негізі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» ұсынымы басшылыққа алынды. Еңбек жай ғана іс-әрекет емес, ол мемлекеттік тапсырысты орындау барысындағы әрқайсысымыздың сүйіспеншілікпен, кірпияздылықпен табысты болуға нақты қадамдарды бастай білу. Бұл мәреден көрінудің бірінші қадамы – адамның өз-өзін капитал болуына өзгерте алу еріктілігі демекпіз. аталып отырған дәрістің жалғасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» проектісі оны жүзеге асырудың негізгі мақсаты – Қазақстанның жаңа формациясына лайықты тұлғалық болмыс бәсекеге қабілетті, адами капиталды рухани құндылық ретінде іс-әрекетте қолдану деп тұжырымдайды.

Бұндай сүбелі мәселені шешуде Н.Ә. Назарбаев үш әлеует мүмкіндігін проектінің тұғыры деп басымдықта ұсынады:

1) Білім жүйесін инновация тұрғысында өркендетуі;

2) Біздің жастарымыз білімді ғана меңгеріп қоймай, жаңа білім жиынын құра алатын, оның шешімін таба алатын, инновациялық өнерді игеретін тұлға болуы;

3) Жаңа бетбұрыстағы, болмысында ойлау, парасаттау, тұжырым жасау өнері жаңа әдістер мен оқыту үдерісінде нәтижеге бағдарланған сабақ түрлерін қолдануы.

Бұл орайда Н.Ә. Назарбаевтың қазақ тілі барлық қазақстандықтардың басын біріктірудің қозғаушы күші болады деген саликалы ұстанымы – біздің проектіміздің қағидасы [30.01.2008, Астана «Қазақстан сегодня»].

XIX ғасырдағы Қазақтың сан және сапа жағынан құлдырап, бар интелектуалды әлеуетінен айрылған тұсын «надан қазақ» деген ұғыммен ауыстыру арқылы жастардың санасында жалпы қазақ ежелден надан деген пікір туғызылуда. Бүкіл мектеп және жоғары оқу орнындағы оқулықтарда, әдеби нысандарда, ғылыми еңбектерде әлі күнге дейін осындай ұстаным жалғасып келеді.

Қазақ қазақ болып жаратылғаннан бері қазақ халқы надан екен деген тұжырым бірталайымыздың санамызға бекіп қалды. Надандықтың туу себеп-салдары болып отырғандығына дәйектеме жасап, бірақ сол дағдарысты өткергеннен кейін еліміз өзінің ойлау өнерін қайтарып отырғанына әр ғасырдағы топ-тобымен өмірге келген зиялылар куә емес пе?

Мәселен, Асан Қайғыдан басталған абыздар жыраулық дәстүрге жалғасты, одан кейін ақындар легі келді. XIX ғасырдан бүгінгіге дейінгі жазушылар, зерттеушілер басымдық міндет атқаруда. Олай болса, сөз шырынын қанына сіңірген қазақ халқының ойлау өнері ұдайы өзімен бірге, тек сол тетікті оқыту үдерісінің инновациялық технологияларымен түртіп ояту міндеті тұрғанын ескереміз. Ж.Аймауытовша айтсақ, соқыр сезімдерді жойып, саңылау сезімдерін өркендетуді басымдықта алу көзделеді. Ж.Аймауытов жұлма жад пен пәлсапалық жадты қосақтап ұстауына, оны саналы өркендете алу іскерлігіне конструктивті ой түйеді. Автордың өз сөзіне үнілейік. Жұлма

жадтың ойлау әрекеті: бір нәрсені ақылға тоқып алудың ең жақсы жолы ақылды жүйе, басқаша айтқанда «білім» жүйесіне тізбелеуі; жиған «білім» жүйесін өз тобының ішінде тиісті орынға орналастыруы; оның себебін ойға қаттап салып түсіндіруін табуы; одан керекті салдарын қорытып шығаруы; ол қорытынды-тұжырым табиғаттың қандай заңына келетінін білуі; білім қоймасы – еңбек жолының ең тиімдісі деген түсінікке келуі; толып жатқан ұсақ-түйек ойлардан білім жүйесінің тууы – жабайы ұғымның орнына меңзес іліктестіктің пайда болуы: заңды білу арқылы жадты толып жатқан жеке мысалдардан құтқаруы; заң арқылы керекті нәрсені дәйім еске түсіруі; Пәлсапалық әрекеті: барлық нәрселер ақылға тірелуі; түсіндіріліп, себеп-салдар есебінде бірімен-бірі байланысуы, жүйе жаттау шарттарының ең жақсы болуы; оның сілемімен көп нәтиже қаражатпен қолға түседі; кімде-кімнің жұлма жады кем болса, ол кемшілікті пәлсапалы ойлауды күшейту арқылы толықтыруы; бір нәрсені үнемі бір түрмен жаттаудан сақтануы; сөз ойдың табылмайтын құралы екенін елеуі; егделенген сайын адамның көру арқылы білім жиыны кеміп, сөз арқылы көп ұғынуы; миындағы ығы-жығы бернелерді реттеуі; нобайлап айтудан арылып, дәл қып айта алуы (заңы алаңы); өрнекті, пәлсапалы ойды аудармай айтуы; мақсатқа жетудің жолын талдау, тексеру, ойлай білу екенін ұғуы; оны қайталауы, қорытуы, жинақтауы, пысықтауы, толықтыруы.

Біздер «интеллект» ұғымын жаңада қолданымға енгізсек, Әбу Насыр әл-Фараби оның төрт түрін ұсынғаны ғылыми нысанаға орнықтағаны өкінішті.

Мәселен, актуальды интеллект, потенциалды интеллект, жүре келе дарыған интеллект, әрекетшіл интеллект.

«Ұлттық код» моделін фольклор мен ауыз әдебиеті материалдарынан жіктеу орынды болмақ. Өйткені оның түпнұсқасын тек қондырма көрінісінен ғана табамыз. Базистік қалып санадан өткендіктен, әдеби нысандар қондырма рөлін атқарады.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» проектісін

іске асыру үдерісінде ұлттық код, ұлтының сипат моделін ұстағаннан кейінгі кезеңі – имплементацияның қазақстан елінің халықаралық міндеттемелерін орындауға бағдар жасауы.

Бұл орайда, біздер бірден имплементацияға бағдар жасасақ, кешегі тоталитарлық баз кешіп, дүбәралық халге қайта ораламыз. Сол себепті алдымен «ұлт», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық тәрбие» ұғымдарының тарихи желіге сәйкес қолданылу мүмкіндігін айқындау көзделеді. Аталған мәселені шешуде алты алаштан бастап, түркі, қазақ елі тұсындағы ғұлама-даналардың озықтық тұжырымдары негізге алынады.

Ұлттық код моделін іске асыру жолдары айқындалғаннан кейін, консолидация, яғни жаһандану кеңістігіне сәйкес ұғымдар білімденудің инновациялық технологияларын интеллектуалды ұлт құрауға мүмкіндік туғызады. С.Аязбекованың «онтология», «гносеология», «аксиология» жайлы философиялық ғылыми ұстанымын негізге алып, әсіресе «ұлттық код» сипатын ЖОО педагогикаға қалай пайдалану мәселелері зерделенді. Әлемдік өркениетті мемлекеттер қатарына қосылмау диалектика заңдылығына қайшы. Сол себепті 50 өркениетті мемлекеттер қатарына кіру – стратегиялық міндеттер.

«Ұлттық код» моделін құру, интеллектуалды ұлт құруға көмек берер әдіснама нысандары ретінде зерттеушілердің алты алаш, түркі, қазақ елі тарихының желісіне сәйкес еңбектерге талдау жасап, тұжырымдау.

Зерттеудің негізгі тірегі – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» проектісі екендігін дәйектеу; «Ұлттық код» «имплементация» (инкорпорация, трансформация, жеке және нұсқалы сілтеме) ұғымдарының қолданылу мүмкіндігін анықтау; Интеллектуалды ұлт құрау үдерісінде тарихи желіге сәйкес аналитикалық, мониторингтік іс-әрекеттің

тұлғалық болмысқа қатысты әсерін ашу; Интеллектуалды ұлт құрауға қатысты жарық көрген еңбектерге талдау жасап, зерттеудің әдіснамалық негізін тұжырымдау; Жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды ұлт құраушылық ынтасын инновациялық технологияны тиімді қолдану арқылы өркендету; Интеллектуалды ұлтқа қатысты монография, оқу құралдары, электрондық оқулықтар құру.

Күтілетін нәтижелер: Білімденудің инновациялық технологияларын интеллектуалды ұлт тарихының желісіне сәйкес құрау үдерісінде тиімді қолданылу мүмкіндігін анықтау, оның моделін құру, жоғары оқу орындары жүйесінде пайдалану жолдарын ашу, тұжырымдарын ұсыну, арнайы оқулықтармен, оқу құралдарымен, электрондық оқулықтармен қамтамасыздандыру.

**Ұлт мүддесін консолидация кеңістігіне сабақтастырудың мақсаты:** Білімденудің инновациялық технологияларын интеллектуалды ұлт құрау үдерісіндегі тиімді қолданудың мүмкіндігін анықтау және оның теориялық негізін құрып, моделін қазіргі жоғары оқу орындары жүйесінде пайдалану жолдарын ашу.

**Зерттеу әдістері:** Зерттеу проблемасы бойынша әдебиеттерге (этнопедагогикалық, философиялық, мәдениеттану, тарихи-этнографиялық, әлеуметтану, психологиялық-педагогикалық, филологиялық) тарихи-теориялық талдау; деректік материалдарға салыстырмалы талдау, қазақ халқының озық мәдени педагогикалық дәстүрлерін зерделеу; жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құралдарға, озық тәжірибелерге, студенттердің зерттеу проблемасына қатысты жазба жұмыстарына талдау жасау, жүйелеу, қорытындылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу, бақылау, педагогикалық эксперимент, алынған нәтижелерді өңдеу.

Қорыта келгенде, біздер интерактивтік дәрістегі ұсынылған мәселелерді шешудің бірінші қадамы – интеллектуалды ұлт болу

бағдары. Осындай сүбелі іске орталықтың көрдік. Осындай мақсатпен проектінің проектісі арқылы өз үлесімізді қосуды жөн толық құрылым-жүйесін ұсынып отырмыз.

### Резюме

*Статья посвящена интерактивной лекции в Назарбаев Университете Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева. Глава государства определил основные приоритетные задачи и направления работы для научной и педагогической общности Республики, студенчества, обучающейся молодежи в соответствии с новыми требованиями времени.*

### Summary

*The article is devoted to interactive lecture in Nazarbayev Universitete of Prezidenta the Republic of Kazakhstan Nursultan Abishevich Nazarbayev. The head of state defined the main priority objectives and the work directions for the scientific and pedagogical community of the Republic, the students, being trained youth according to new requirements of time.*

### БІЛІМДАРЛЫҚ – ҚОҒАМҒА ҚУАТ, ҰРПАҚҚА ШУАҚ

**Молдабеков Ж.Ж.** –

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Б. Алтынсарин сыйлығының жүлдегері*

Елдің еселі қуаты – білім мен ғылымда, білгірлік пен білімдарлықта. Тарих талқысынан туындаған тоқтам. ХХІ ғасыр өркениеті бұл шындықты жан-жақты ширатып, оның тұлғалық, әлеуметтік және рухани мағынасын бірден алға тартуда.

Терең білім, білім қоғамын орнықтыру – тәуелсіздігіміздің тірегі, білгірлік – бәсекелестіктің жүрегі, білімдарлық – тәлім-тәрбиенің сабақтастығы. Тәуелсіз еліміздің таусылмас рухани байлығы – сауаттылықта, салауаттылықта, сабақтастықтың серпілісінде. Тәуелсіздігін ту еткен, тірек еткен, соған ұмтылған еліміздің ер-азаматтары білімді дамыту стратегиясына жаңа талап қоюда, жаңа жағдай жасауға ұйытқылық етуде, жауапкершілігін арттыруда.

Бүгінгі Қазақстан үшін, деді Президент Н.Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында» деген тақырыпта оқыған дәрісінде, маңызды мақсат – білім беру, зерттеу құндылықтары мен дәстүрлерінің төл жүйесін қалыптастыру; білім беру жүйесінің

зияткерлік және инновациялық әлеуетін үдету; білім мектебін, білім арнасын, білім қоғамын ашу, олардың арасында пәнаралық байланысты ұйымдастыру. Бұл тұжырымдама – жаңғырудың стратегиялық артықшылығы. Бүгінгі қоғамның артықшылығы оның табиғи және интеллектуалды ресурсында, бәсекелестік қабілетінде. Негізгі осы үш көрсеткіш бойынша Қазақстан әлемге танымал. Ал бәсекелестік көрсеткіші бойынша әлемде 51 орынға тірелді. Жаңалыққа жол ашатын, іздеп-паз ортадан қолдау табатын мүмкіндіктер. Жаңа деңгейде дамудың іріктеулі құрылымы мен тетіктерін жанғырту – президенттік тұжырымдаманың басты ұстанымы.

Білім, ғылым, мәдениет адам мен қоғамның қарқынды дамуына іріктеулі ықпал ететін факторлар. Білімге деген құштарлық қажеттілік пен қоғамдасуға орай артады. Білім қоғамын құру – білімді басты бағалылық деп қабылдау, оқу жүйесінің әдістемелі, технологиялық және ұлттық инновациясын өзара үйлестіру. Бұл – әлемдік құбылыс,

өркениеттің туындысы, бәсекелестіктің талабы. Ендігі ауқымды осы бағдар жүйелі ізденіске, қарқынды әрекетке мұқтаж.

Білімге деген құштарлықтың тамыры тереңде, қарқыны іргелі гуманистік бетбұрысқа, әлеуметтік факторларға орай жаңғырды. Кейбірін сабақтап өтелік. Антикалық дәуір білімнің гуманистік және әлеуметтік мағынасына ерекше мән берген. Білім, Платонның пікірінше, мемлекеттік билікті жетілдіретін және мемлекеттік мүддеге керекті адамды қалыптастыратын құрал. Ол сонысымен құнды. Аристотель үшін, білім адам болмысында рухани адамгершілік пен үйлестікті қалыптастыратын мүмкіндігімен маңызды. Антикалық дәуірде адамды әлеуметтік қызметке дайындауға үлкен мән берілді. Адамды жетілдіру біліктілерге жақын міндет еді. Білікті адам өзін-өзі де, өмір сүретін ортаны да жетілдіруге күш салды. Өзін жетілдірмек адам белсенділікке, шығармашылыққа, сұлулыққа, үйлестікке ұмтылды. Тәуелділіктен жоғары тұрған адамның мерейі үстем, мәртебесі жоғары болатынын Я.А. Коменский сияқты ағартушылар әрдайым еске салды. Техникасы дамыған жаңа дәуірде өзін-өзі жетілдіретін қабілет адамның мәртебесін жоғарылатты. Техникалық прогресс адамның еркіндігін, өзіне деген сенімді арттырды. Ғылыми білім адамды тәрбиелеп қана қоймай, әлеуметтің құрамы, мүшесі ретінде қалыптасуға ұйытқы болады. И.Канттың осы тұжырымдамасы, адамның әлеуметтенуіне білімнің тигізер ықпалы ерекше екеніне бағытталған. Практикалық іс-әрекет пен қоғамдық қатынас жүйесінің жетілуі адамның тұтас дамуына, ортаның оңтайлана ықшамдалуына себепкер. Маркстік бұл тоқтамда адамды адам ететін, социуммен теңестіретін құнды негіз – өндіріс күштің, оның қоғамдық тетіктері – адамның тұлғалануы мен әлеуметтенуінің рөлі айқындалынған.

Осы жетістіктер мен құндылықтарды бақылауға ХХ ғ. түрлі ағымдар атсалысты, араласты. Көзқарастар жіктелуде. Білім

түсініктерді топтастыратын, біріктіретін қуатты күшке айналуға. Өйткені білімге деген әлеуметтік сұраныс та, мемлекеттік мүдде де артуда, білім туралы алуан ізденістер мен көзқарастар көбеюде, қатар өрбиде. Индустриалды деңгейге дейінгі қоғамда, (1) адамды адам етіп қалыптастыратын әлеуметтік бағдар мен тәрбиелейтін қызметке, олардың жиынтығына баса назар аударылды; (2) әлеуметтік, халықтық тәжірибені білу, үйрену, игеру – оқу жүйесінің басты мәселесіне айналды.

Білім алудың бастапқы дәстүрі адамның қалыптасуының әлеуметтік факторын негізгі объект ретінде қарастырды. Ғалымдар адамның әлеуметтену үрдісін, ортаға бейімделу түрлерін сипаттаумен шектелді. Ал адамның қоғамдағы өмірлік позициясы, оның қоғамдық құндылықтар мен талаптарды игеру әдістері, бір сөзбен айтқанда адам мен қоғамның арақатынасы, ондағы тұлғалық белсенділік кеңінен талқылана берілмеді. Дәстүрлі қоғам мен педагогикада адам тек объект, зат, құрал ретінде қарастырылды. Постиндустриалды, посттехникалық қоғамда адам дамудың субъектісі, бастапқы мақсаты ретінде қарала бастады, бағаланды, қабылданды, оған жаңа міндеттер жүктелуде.

Адамның әлеуметтік-этникалық жүйеден және ұлттық-мәдени фактордан тәуелділігі даусыз. Ал әлеуметтік жүйені өзгертудегі, жаңғыртудағы адами фактордың рөлі қандай, ол қандай бағытта жаңармақ? Сұрақтың өткірлігі артуда, ал оған жауап ұстаздарды қанағаттандыра бермейді. Оқу жүйесінде, білім қоғамында жалпы интеграциялық процесс пен ұлттық мүдденің арақатынасы, арасалмағы әрқалай анықталуда.

Жаңа заманның өткір проблемасы адамның рухани-адамгершіл жетілуін қамтамасыз ету талаптарынан туындайды, сол бағдарға бағытталған. Осы уәжбен келіссек, онда білім берудің ұлттық бағдары мен жүйесінің үйлестігін сақтай алмай, одан ауытқуымыз ақылға сыймайды. Білім саласындағы ұлттық бағдардан, дәстүрден,

үлгіден ауытқыған сайын, біріншіден, теорияның фундаменталды қағидалары мен заңдылықтарын жеке адамның практикалық қажетіне бағыттау жұмыстары, екіншіден, әлеуметтік-гуманитарлық білім мен тәрбиенің ықпалы әлсірейді. Содан білімді әлеуметтік әрекетпен және әдістермен толықтыру жұмысы ақсауда, белгі үшін жалаң жүргізілуде. Әлеуметтік-гуманитарлық білім мен тәрбиенің басты мәселесі.

Қазақстанның жетістігі нені аңғартуда? Стратегиялық бағдар аясында барымыз бен жоғымызды, орындалған жұмыс пен жүзеге асыратын міндетті, кемшілік пен жетістікті, жаһандану үрдісіндегі өз мүмкіндігіміз бен орнымызды сараптай аламыз. Қазақстандық дамудың стратегиялық бағдарлары іргелі межелерге жөн сілтейді, ұлықты ұстанымдардан үйренетін тартымды іс-әрекетті реттеуге дайындайды. Ол үшін еліміздің табиғи мүмкіншілігін, тарихи-мәдени үлгілерін ескеруіміз жөн, өз мүмкіндігімізді арттыру жолын іздестіру қажет-ақ.

Таусылмас ресурсымыз бен қуатымыз мемлекеттік егемендікте, рухани естілікте, зияткерлердің ептілігінде екеніне көзіміз жетуде. Егемендік, еркіндік, ептілік – ұлтымыздың сақтық қоры, өсер ұрпақтың оңтайлы жағдайы, тұлғалықты қолдаушы қарқын. Президенттік жаңа ұстаным мәнісі: білім – адамға, ғылым – қоғамға қуат әкелетін стратегияны бетке ұстағанда, оны жер-жерде басшылыққа алғанда, нақты жүзеге асырғанда; білім мен ғылым қорын мемлекетіміздің ұлттық және мәдени саясатының түбегейлі негізіне әрі өлшеміне айналдырған сайын айқындала бермек.

Білім берудің бұрынғы дәстүрлі жүйесі қазіргі ғылым жаңалықтарынан кенже қалуда, бәсекелестікке баяу икемделінуде. Икемсіздік пен инновациялық жүдеушілік жаңа сатыға көтерілуде солақайлық пен солқылдақтыққа ұшыратуда. Білім саласында әр қадымды үлкен жетістікке баламақ, тарыдай ұсақты таудай қып көрсетпек әуестік науқанға айналуға. Мұнда

белсенді әрекет, жаңаша ойлану, жеке басты жауапкершілік жетіспейді. Барлық кемшілік пен әлеуметтік қауіп түбірі осында.

Ендігі білім қоғамының стратегиялық бағыты анықталынды, ұзақ мерзімдік идея ұсынылды, зерттеу нысандары айқын, көш басталды. Жаңа қарым-қатынастың артықшылығы неден білінбек? Артықшылық әрқалай. Десекте тұжырымдамалы ұстанымның маңызы – білім берудің инновациялық және бәсекелі жолдарын нақты орта мен салада дұрыс жүзеге асыру, әр сала мен өлкеде сондай іс-әрекеттің жүйесін қалыптастыру, оның үйлесті сипатын қолдау барысында айқындалады. Бірақ тұжырымдамалы ұстанымның бағдары бір-жақты, бірсыдырғы емес. Жаңғырудағы сарын, біржағы қоғамдық тұрақтылыққа, әлеуметтік тұтастыққа бағындырылған әрекеттен құралады, біржағы, адамның жеке басының құндылық-қасиеттерінен, оның адамгершіл, этикалық, эстетикалық көзқарастарынан қолдау табады. Бұл бағыт пен бастаулар өркениетті кеңістікте өмір сүру тәсілдерін іріктейтін әрі бәсекелі рухты көтермелейтін кепілдіктер.

Президент Қазақстанның даму саясатын түзетуде, толықтыруда, оны нақты нысанға бейімдеуде. Не нәрсе түзелуде? Әлеуметтік және информациялық жүйенің даму ерекшеліктерінің, орнығу заңдылықтарының танымдық, тәрбиелік және өркениеттік маңызын көрсету – тұжырымдамалық негізде іске асуда. Интеллектуалды, рухани өсім-өнімді қалыптастырудың ұлттық, елдік негіздерін жетілдіру қолға алынуда, өнімді істің жаңа ұрпақтық күштерін қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Дәстүрлі және жаңа қарым-қатынастың түрлері тұрақтылықпен келісімді қамтамасыз ететін, ынтымаққа жетудің жаңа жолдарын іздестіруге бағытталуда. Әлеуметтік осындай бетбұрыста шығармашылықты реттейтін функционалды әрекеттер пысықталуда. Бірақ жүйесіз ырғақта олардың тиімділігі көңілдегідей емес екені де шындық.

Күрмектің біртұсауы шығармашылықтағы

жеке өнімнің, әсіресе гуманитарлық саладағы ғалымдардың еңбегінің құндылығы мен ауқымына тіреледі. Оларды қалай дәлірек бағалауға болады? Таптаурыннан шығуға септігін тигізетін тиянақты жауап немесе өтімді ұсыныс тым жеткіліксіз. Жағдайды жөндеу үшін әлеуметтік-гуманитарлық саладағы шығармашылықты басқару құрылымын оңтайландыру, әдісті әрекетті жандандыру, қысқасы өтемелі білімге бетбұру қажет. Өнімді өткірлік мемлекетке де, білім қоғамына да тікелей қатысты, маңызы зор мәселе. Өкінішке орай, бұл жұмыстар екі жақта да баяу, жартылай жүргізілуде.

XXI ғ. өркениет деңгейі кәсіби, ұлттық, аймақтық тәжірибе мен олардың түрлерінің дүниетанымдық мән-маңызын ашуға, мәдениеттің адами өлшемдерінің құндылығын айқындауға сұранысты үдетуде. Ғылыми білімді өндіру, өрістету – техникасы дамыған елдердің қоятын іргелі талабы. Себебі өтпелі кезеңде *шындықты тану, жағымды да жауапты шешім қабылдай алу, жаңа идеяны ұсыну, іс-әрекеттің пайдалы тиімділігін арттыру* – тұрақты да тұрлаулы мұқтаждық. Мұны әр азамат пен маманға тән, ортақ төрт функционалды қызметке жатқызуға болады. Ортақ мақсат-мүддеге жан мен тәннің, жүрек, ерік, ақылдың қызметі қатар, бірге жұмылдыру қажеті артуда. Қажеттілік – мамандардың функционалды қызметін сабақтастыра жетілдіруде және гуманитарлық мәдениеттің ықпалын арттыруда. Қажеттіліктің адами өлшемі – жаһандық үрдіске және ұлттық дәстүрге тамыр жайған пәрменді әрекетте, адам өз бейнесін мәнерлей алатын өнерде. Өнерлі де өнегелі іс-әрекетте адам өз беделі мен белсенділігін нығайта алады. Өзірге адам болмысында бедел мен өнімді белсенділіктің салмағы бірдей емес. Жаңа ұрпақтың бейнесін жасау, белсенділігі қолдау, беделін қалыптастыру – білім мен мәдениеттің шоқтығы. Оған ынталылық таныту – парызымыз. Өкінішке орай, гуманитарлық білім мен мәдениетке деген

қарқын құлдырауда, оның танымдық құндылығы мен өзара тәуелділігі әлсіреуде.

Білім беру саласындағы әлсіздік дегеніміз әрекетсіздік, дағдыға бейімделу, бірқалыптан шыға алмау, жаңалықты жатсыну, ілгері ұмтылмау. Бұл – ішкі дағдарыстың нышандары. Әлсіздіктің сыртқы көріністері жіктелуден, дәстүр мен әдісті бір-біріне қарсы қоюдан білінеді. Бұрынғы университеттік білімнің олқы, осал жақтары неде еді?

Мамандандырмақ білімге жалпы іргелі ізденістер жетісе бермеді, ал университеттік білім жүйесіне мамандану, мамандықтың практикалық жақтарын жүйелеу жұмыстары аяқсыз артта қалды. Мұндай кемшілікте мамандардың ойлану және мінез-құлық мәдениеті толыққанды жетілмеді, кәсіпке, мәдениетке және адамгершілікке үйрету сабақтары, жұмыстары бірін-бірі толықтырмады. Ғалымдар мен мамандардың кәсіби функционалды қызметін өзара үйлестірмей рухани байлықты көтермелеу немесе игеру, адам өмірінің күш-қуаты мен мән-жайына ену жасандылыққа ұшырады.

Жасандылық қандай жағдайда ушықты? Қордаланған білім мен мұраны сауатты жеткізу, қалыптасқан жүйеге үйрету жұмыстары өзінше бір өнер ретінде қабылданбағанда, ал меңгерген тәсіл-тәжірибеге сүйене отырып өзіндік көзқарас қалыптастырылмағанда, адамның өзіндік бейнесі және өмірлік жолы қалыптаспады, іргелі мақсатсыздықта босаңсыды, тоқырады, адасты. Тек жасампаздар мен өз болмысымен жарасқандар ғана білімнің, тәрбиенің, өнердің жоғары түрін, әлеуметте жүйеленген арнасын құрастыра алды. Жасампаздар адамның интеллектісін, шығармашыл қуатын, рухани жігерін жетілдіре, нақты қажеттілікке жеге алды. Ол дегеніміз адамның мінез-құлқы мен ойлану үрдісіндегі таптаурынды, біржақты көзқарасқа, күнделікті тұрмыстағы ынжықтыққа көндікпеу, бағдары мен құндылығы басым тұлғалық тіректерді іске қосу еді.

Өзірге қоғамдық сана өндіргіш және

өнімшіл пайдакүнемдіктің кәметті деңгейін толық қабылдай, қолдай алмауда; ұжымдық, корпоративті талпыныстар жалпы ұлттық мүдденің жеке қыры мен кезеңінен асып кетпеуде. Содан сана-сезімдегі келтелік пен мінездегі кенжелілік өзара ұласуда. Келте қылықтардың зардабын жасыра алмаудамыз. Содан тірлікті аяқсыз қалдыратын тар көзқарастың қаупі өршімесе, басылмауда.

Шашыранды қимыл ойды матап жатқанда қомақты міндеттер күн тәртібіне оралуда. Олар: қоғам мен адамның әлауқатының өсуіне жігерлі ықпал ететін іскер азамат-мамандарды тәрбиелеу, маманның мемлекетпен әріптестігін жетілдіру; жаңа ұрпақтың рухани-білгір және интеллектуалды мәдениетін қалыптастыру. Қарқынды сарынға негізгі үш фактордың, біріншіден, әдістемелі мәдениеттің, қоғамдық-гуманитарлық білімнің, рухани-гуманистік дәстүрдің, екіншіден, ана тілінің, ұлттық мәдениеттің, халықтық педагогиканың, үшіншіден, кәсіби мамандыққа үйрететін, әрі оны жетілдіретін оқу жүйесінің маңызы да, қажеті де артуда. Бұл сүбелі мәселелер әлеуметтік-гуманитарлық ұстанымның қыраттарын құрауда.

Білім берудің ұлттық жүйесін бірізділікпен жаңғыртудамыз, деді Елбасы. Бірізділік – информациялық технология мен рухани-гуманистік дәстүр ритміне енуде. Информациялық технология әдістемелі мәдениет пен прагматикалық ұстанымға жол ашуда. Әдістемелі мәдениет пен прагматикалық ұстанымда «білім-ғылым-инновация» үстемдігін орнықтырмақ талпыныс басым. Информациялық технология «білім-ғылым-инновация» жүйесінің байланысын тездетеді, айналымға енгізеді, ал сол үстемдік ұлттық мәдениет аясында жүзеге асады, өз қажетіне жаратылады. Қос бастаманы бірізділікке келтірудің пайдасы неде, не ұтамыз?

Прагматизм пайданы, пәрменді де парасатты әрекетті, тұлғалықты көтермелейтін саналы тірлікке бағытталады, күнделікті тіршіліктегі тиімді амал-әрекетті

ескереді. Прагматикалық ұстанымның қолданбалы талабы – аз шығын жұмсап, артық табысқа қол жеткізу; өзгеге кесір жасамай, өз үлесінді арттыруымен; барынмен сауатты саудаласып, озық жүйемен араласуымен; кластер және корпоративті мүдделердің өзара байланысын реттеуімен құнды.

Білім беру жүйесі бұл талаптармен шектелмейді. Оның арқауын қоғамдық-гуманитарлық пәндер және рухани-гуманитарлық дәстүр ширатады. Себебі ол өнімді еңбекке тұлғалық келбетті енгізудің басты әрі таптырмас құралы.

Әлеуметтік-гуманитарлық білім саласы ғылымға, саяси ағымдарға, жалпы техникалық өмірге деген тұлғалық және сыни көзқарасты жүйелейді, жаңғыртады. Ал рухани-гуманитарлық дәстүр қуаты – білім, ғылым, өнер, діннің тоғысында, рухани қуаттың ұлттық арнасында сарындайды. Рух пен ұлттық мұра өзара тоғысқан сайын маманның кәсіпқойлығы, азаматтың функционалды, патриотты қызметі арта түсетіні даусыз.

Рухани-гуманитарлық дәстүрдің артықшылығы – салауаттылығы мен қайырымдылығы артық өмір салтын ұстанудан; татулықты аялау, сақтау, қолдау ұстанымын жүзеге асырудан; жеңімпазы жоқ қақтығыстан аулақ, сақ болудан құралады. Ол дегеніміз кемітушілікті, бос байбаламды, іріткі салушыларды құптамау; жақсы мен жаманның, ынтымақ пен зұлымдықтың айырмашылығын байыппен түсіну, құрметпен қабылдау; радикализм мен экстремизмді қабылдамау. Рух қыңырлық пен келтеліктен жоғары әрі күшті болуы шарт.

Бұл қажеттілікке кім, қай пәндерде үйретеді, қандай жағдайда үйренеді? Өзіндік қабілеттерді қандай әдістермен қалай қалыптастыруға болады? Осы бағытта мемлекеттік ұстаным мен формат анықталды. Бірақ оның сала мен өңірдегі, әрбір оқу орнындағы мазмұны мен қарқыны әлі де болса елеусіз, қоғамдық талдаусыз қалып қоюда. Кәсіби қызметтің

білімнің бар саласынан нәр алатыны, өмірлік тәжірибеде ерекше қарқындайтыны айғақ. Инновациялық бастау – бәсекелі де дәстүрлі өмірге келбет қарқынымен бірге бейімделуге, әлеуметтік күшті бейімдеуге төтенше жол ашады.

Іргелі бетбұрыста жоғары оқу орнына, әсіресе ұлттық университет ұстаздары мен ғалымдарына түсетін салмақ артуда. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде осы бағыттағы іргелі ізденістер, қарқынды реформалық және құрылымдық өзгерістер жүзеге асырылуда. Көңіл тоқитын тәжірибе нені аңғартуда? Әлемдік озық тәжірибе оқу жүйесіне толыққанды ену үшін инновациялық қызметке лайықты материалды-техникалық жабдық, ұйымдасқан корпоративті және кластерлік негіз, кәсіби дайындығы жоғары кадрлар құрамы және оларға деген қолқабыс сақадай сай болуы шарт. Көп жағдайда осы үш негіз толық және жүйелі ескерілмейді. Содан білімде де, ғылымда да сапалы нәтижеге тұрақты әрі жалпылама қол жетпейді.

Оған себеп – жеке шараны жүйелі де жемісті іс деп қабылдаушылық психологиямызға енуде. Сүйтіп әр нәрсеге алдану, дайын нәрсемен шектелу, нұсқау төңірегінде өзін жұбату дағдысы қалыптасуда. Бір-жақты мұндай қылықтар ішкі кедергінің таусылмас әрі қырсық түрлері. Келтелік те, қырсықтық та жеке да алшақ әрекеттердің жартыкеш бастамалары. Жартыкеште алға ұмтылдыратын өмірлік көзқарас осал, өзіндік ұмтылыс ырықсыздыққа ұшырайды. Босаңдық пен жайбарақаттықтан арылу үшін а) дүниені *дұрыс қабылдай, бейнелей, түсіну, ашу, жасай білу* керек; ә) адам *пайымшыл, оқиғаға қатысушы, ортаны жөндеуші, әлді де әділ істің төрешісі* бола білуі абзал; б) ортаға бейімделуде *өз бейнесін тұтас сақтап, өзін батыл көрсете білу* қажет. Мұндай амал-әрекет үнемі және қатар өрбуі керек. Тағлымды ұстанымда адамды шығармашыл және қоғамдық өмірдің қозғаушы күшіне айналдыратын әдістемелі тетіктер мен тәсілдер тоғысады,

сондай мақсат көзделеді. Жүйелі жаңалыққа сол үшін назар аударамыз.

Байыбына барсақ, әдістемелі мәдениет те, қоғамдық-гуманитарлық білім мазмұны да екіжақтама – рухани-гуманистік дәстүр мен информациялық технологияның қарқынынан кенже қалуда, ұлттық мәдениеттің деңгейімен үйлесе бермеуде. Білім саласының рухани-гуманитарлық жүйесін ұлттық мәдениеттің негізінде, мемлекеттік қолдау аясында көтермелемей, адамдық жетілуде ірі жетістікті уыстан шығарып аламыз, іштей ілгерілеуден қаламыз. Оны әлемдік тәжірибе көрсетуде.

Көңілді сыздататын жай мұнымен шектелмейді. Республикада жоғары оқу орындарының жалпы саны қажеттіліктен асып жатқаны әйгілі. Бірақ республика және әрбір жоғары оқу орнында, әр мамандық саласында білікті кәсіби мамандармен қамтамасыз ету дәрежесі қандай екенін көпшілік біле бермейді. Көпшілікке «жырмаланған» мәліметтер жетеді. Мамандардың кәсіби деңгейі жаңа талапқа орай, әлемдік стандартпен салыстыра ашық талқылау өз бабына сәйкес емес. Бұрынғы аумалы-төкпелі кезеңде ғалым бейнесі қоғамдық санада бірыңғай күңгірттенді, беделі төмендеді, әлеуметтік жағдайы күрт нашарлады. Ғалым еңбегін құрметтеу, қадір тұту әлеуметтік деңгейден құлдырап, әкімшілік ырықпен шектелді. Ғалымдар, әсіресе қоғамдық-гуманитарлық саладағы мамандар әлі де шатысқан күрмектен есін жия алмауда. Білім әкімшілігіне іргелі, пәнаралық ізденістерді қолданудан гөрі (оған арнайы қомақты қаражат та, мемлекеттік қолдау да, қоғамдық талпыныс та керек), нақты, жеке іс-шараны қолдау анағұрлым оңтайлы, ұтымды көрінеді.

Білім әкімшілігінің ырқынан қандай осалдық аңғарылуда? Батыстық жаңа технологияға ұмтылыс күш алуда, ал оқытушының сабағы бұрынғыдай көп, шығармашылық жұмыс істеуге жағдай шектеулі. Жаңа әдістемелі іріктеуде озық тәжірибе де, ортақ кемшілік те үнсіздікте

елеусіз қалуда. Инновациялық үдеріске жан-жақты дайындықсыз, тәуекелге барушылық үдеуде. Президент «тәуекел-қауіптерді мейлінше азайту» қажеттігін бекер ескертпеді. Түймедей табысты таудай көрсетпек талпыныста білім саласы мен ғылым арасындағы алшақтық үдей бермек, ол қауіпті. Алшақтықты байқамаушылық та қауіпті. Ол шығармашыл топтың еңсесін басуда.

Осыдан білім мен ғылым саласындағы білікті кадрлардың еңбегі жер-жерде, әр мекемеде қалай бағалануда, оларға қандай стимул жасалынып, құрмет көрсетілуде? деген сауал әр ғалым-ұстазды мазалайды. Өйткені мәлімет сирек, ақпараттар жүйесі бұл бағытқа ықылас танытпайды. Қоғам өз ғалымдарын білмейді, ел-жұрт тани бермейді. Бұлыңғыр көзқарастан ғалымдарға бей-жай қараушылық етек алуда. Ғалымдардың еңбектену мотивін көтермелеу туралы арнайы мемлекеттік бағдарламаның қабылданбағаны өкінішті-ақ.

Білікті кәсіби мамандар дегеніміз, кімдер, олардың қабілеті қалай жүйелі және дәлірек бағалануы керек? Әкімшілік қолдау әрқалай «тіріліп» келеді. ҚазҰУ-де қажетті бастамалар мен іс-шаралар жүргізілуде. Тәжірибе жинақталуда, бірақ жаңа жүйе мен дәстүр өз үйлесін тапты деуге тіл бұрылмайды. Шет елдік жағдайға тікелей, бірден бейімделеміз деп, технологиялық талапты ұлттық мәдени фактордың ықпалынан жоғары қоюдамыз, еліміздегі кәсіби және халықтық тәжірибе нақты жөнімен ескерілмеуде. Технологиялық және мәдени факторлар арақатынасының өзімізге лайықты модельдері жасалмауда. Онсыз білім саласы мен ұлттық мемлекеттегі білім қоғамының стильдік тәсілдерін теңестіру ұзаққа созылмақ. Тәлімдік жұмысты жандандыру үшін уақыт та, қосымша қаражат та керек. Сапалы білімнің жаңа талаптарын жүзеге асыруға кадрлар да дайын емес. Кадрлар корпусы жоғары да аталынған кемшіліктердің түбегейлі оң шешімін өз практикасына толық және әрдайым ендіре

алмауда. Тұйықтаулы кемшіліктер кәсіптің мәртебесі мен қатынастар мәдениетін көтермейді, мамандардың бір-бірінен өзара үйренуіне ұйытқы бола бермейді. Әйтсе де әр ұжымда білікті мамандардың мәртебесі көтерілмей, президенттің сарабал саясаты баянды, тиімді іске асады деп батыл айта алмаймыз. Талпынысты іштей тұзақтайтын ащы шындық осында.

Оның үстіне, мамандар арасында ұрпақтық алмасу кезеңі айналымға енуде. Кеңес Одағында білім алған алдыңғы буындардың орнын білім жүйесін жаңа бағытта (шет елде, өз елімізде) бітірген жас буындар басуда. Алдыңғы буында кешенді көзқарас, патриоттық сезім, ұстаздық жұмысқа берілгендік тән, ал кейінгі жас мамандар арасында прагматикалық түсініктер мен есептер басым. Оқу жүйесінде бұрынғы зияткерлік ресурс пен құбылмалы ағымдар арасындағы теңдік әзірге орныққан жоқ. Іштей тартыс біртіндеп шиеленісуде. Білім саласында дәстүр мен инновацияның теңдігін сақтау, сол теңдіктің тұлғалық бейнесін қалыптастыру – қоғамның да, білім саласының да өткір сұранысына айналуға.

Сауатты ұстаз, шығармашыл ғалым, жастармен беріле жұмыс істейтін қабілеттер ұзақ жылдар бойы қалыптасатын, жетілетін, шыңдалатын тәжірибе. Білім қоғамы осы шындықты дер кезінде дұрыс басшылыққа алса, өзара ынтымақтастар мен әріптестер білім мен ғылым саласын жаңаша дамытуға атсалысары хақ. Осы алмасу үрдісінің барысында нені қалаймыз, нені ұсына аламыз? Таңдағанымыз дұрыс шешімін қалай таппақ? деген сауалдар ұстаздар алқасын тұтас мазалайды.

Таңдарымыз – адамгершіл ұстанымдар мен прагматикалық талпынысты парасатты тұрғыда орнықтыру. Адамгершіл ұстанымның ұлағаттылығы тұлғаның өзіндік құндылығы мен адамның өзіндік дамуының ішкі үйлестігін арттырудан айғақталады. Өзіндік даму төртбірдей позицияға – *бақылаушы, араласушы, жасампаз және төреші* болу рөліне негізделеді.

Бұл тұлғалық рөлдердің үйлестігі әлеуметтік серіктестік пен әріптестікке ұйытқы. Бірақ жіктелген қызметте іштей тұйықталу, бей-жайлық үдейді де, білім берудің сапалы қарқынына кедергіні көбейтеді. Қауымдасудың кедергілері жетелі қауымдастықты ұйымдастыру технологиясын жетілдірткізбейді. Оған үйрететін әлеуметтік орталықтар жоқтың қасы, бары кәсіби деңгейін көрсете алмауда.

Прагматикалық ұстаным жасампаздық бастауға негізделеді. Ол «мәдени эволюция мен логиканың» қуатты әдісіне, интеллектуалды талпыныстың басалқы арнасына сүйенеді. Қос ағымның жаңашыл рухын көре және қолдай білу – өсер ел мен ұрпақтың мекем түйіні және тетігі. Бірақ прагматик халықтық мұраны сақтаудан, мәдени мұраны көбейтуден гөрі пайда жолын тез табуға ықшамды, пайда тапқандардың жеке үлесін ұлғайтуға бейім. Содан, а) ұлағатты ұстаз бейнесі, оның ғылыми-педагогикалық беделі күңгірттенуде, ә) ғылыми және ұстаздық жұмыстағы сапалық, сандық өлшемдер дұрыс анықталмайды, бағаланбайды. Онсыз шығармашылық немесе тәлім-тәрбиелік жұмысты тұлғалық кәсіпке айналдыру екіталай, күмәнді.

Кәсіпті қабілет ретінде қалыптастыру – адами өлшеудің, әлеуметтенудің басты көрсеткіші. Ал адамгершіл келбетті қалыптастыру, салауатты өмір сүру, ел патриоты болу, отанына адал қызмет ету – мамандықтан биік тұрған рухани ұстаным. Мұндай ұстанымға әдебі айқын жан, кәсіпке ұйысқан маман, өзін-өзі басқара алатын әлеуметтік орта ғана тоғыса алады. Себебі ұйымшыл орта мәселені дер кезінде, қажетті жерде дұрыс шешім табуға ықыласты.

Ғалым-ұстаздарды ойландырып, маза-лап жүрген тағы бір созылмалы мәселе – оқулықтар мен оқу құралдарының сапасына, авторлық шығармашыл топты іріктейтін талап-тәртіптің «жабық» күйде жүзеге асуына қатысты. «Тендрден» өтті деген әлеуметтік-гуманитарлық саладағы

оқулықтар мен оқу құралдарының басым көпшілігі жоғарғы талаптарға сәйкес келмейтіні айдан анық. Оқулықтардың сан және сапа жағынан жетіспеуі, олардың бүгінгі оқырманды қанағаттандырмауы, білім қоғамының жұмысын қиындатары даусыз.

Біз тендрлік конкурс та іске ассын, сондай-ақ әр саладағы әйгілі жеке ғалымға немесе ғалымдар тобына мемлекеттік сұраныс та болсын демекпіз. ҚР білім және ғылым Министрлігінде білімнің әр саласында елімізге әйгілі ғалым-ұстаздардың тізімі болуы керек. Ал базбіреу өзінше талпыныс білдірсе қоғамдық кеңес сол ғалымның қабілеті мен ұсынысын сынақтан өткізсін. Баламалы оқу құрал-жабдықтар білім саласының қай түрлеріне, мамандыққа болмасын керек, пайдалы. Бұрыннан айтылып жүрген бұл идеяны тағы да қайталап, көтеріп жатсам, оны теориялық-тұжырымдамалы және әдістемелі-педагогикалық тұрғыдан жүзеге асыруға өзімнің дайын екенімді ашық айтамын.

Нағыз іскер адамды іздеп-паз деп қабылдаймыз. Ал іздеп-паз ғалымды ұлағатты іскер деген түсінік қалыптаспаған. Ұлағатты іскер адамгершіл, әрекетшіл, тұрақты және кәсіпқой қасиетімен құнды. Өзін көрсеткен ұстаз-ғалым жаңашылдықтың саптаулы да сақтаулы түрлі мағынасын тереңдетеді. Өзін-өзі алып жүретін, көрсететін іздеп-паздық лайықты құрметтелсе ғой, онда серіктестік пен әріптестік бірін-бірі толықтырмақ. Ұстаз бен шәкірттің серіктес болуы а) білім саласына жаңа сапа, қуатты қарқын енгізбек; б) серіктестің келбетін, оның өзін-өзі ұстау және жүзеге асыру стилін айқындай түспек. Мұндай дүниетанымдық бағдар мен кәсіпкерлік ұстанымда адамның тұлғалануы мен әлеуметтенуі қатар жүрмек, білім қоғамына жол төтесінен ашылмақ. Осы қызметті үйрену, соған үйрету, үйренерлік және үйретерлік іс-әрекетті қауымдасып қолдау – әлеуметтік-гуманитарлық басты ұстаным, білім саласындағы басалқы ұлттық қажеттілік.

**Резюме**

*В статье раскрываются приоритеты модернизации общества знания в Казахстане, а также роль социогуманитарных наук и ученых в ней.*

**Summary**

*In the article is considered the priorities of modernization social education in Kazakhstan, as well the role of socialhumanitarian sciences and scientists in it.*

**ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ**

**Көпжасар Нәрібаев –**

*ҚР Ұлттық ғылым Академиясының академигі*

Ұлтымыздың тарихында ұлылар аз болмаған. Олар еліне адал қызмет етіп, халқының қадір-қасиетін арттырып, қазақтың атын шығарған азаматтар. Солардың ішінде Асанбай Асқаров ағамыздың орны бөлек.

Ол кісі еліне сіңірген ерен еңбегімен, тындырған таңқаларлық тірліктерімен, бітірген игілікті істерімен, артына қалдырған ізгілі іздерімен ерекшеленеді. Асекең қайталанбас бір туар дана, дара, ірі тұлға болды. «Асқаров – аңыз адам, Асқаров – феномен» деген ел ішінде кең тараған түсініктер тегіннен тегін емес.

Феномен – ешкімге ұқсамайтын, өмірде сирек кездесетін, ерекше жаралған ерен қабілеті бар адам, атын үлкен құрметпен, мақтанышпен арнайы атап айтатын, дәріптейтін, өнеге тұтатын ұлы тұлға. Асекең осындай адам.

Ұлы адамдар өз тұлғасының тұғырын өзі соғады, ал ұрпағы оған тек ескерткіш қояды. Асекең өз тұлғасын өзі жасаған, сөйтіп көсемдік биік деңгейге көтерілген азамат. Ағамыздың бойынан оның білімпаздығын, зиялылығын, парасаттылығын, ойының тереңдігін, өрісінің кеңдігін, рухының биіктігін байқайтынбыз. Бұл жалт еткен өткінші көрініс емес – ол кісінің бойына біткен, қанына сіңген, өзі өмірлік қағида ретінде қалыптастырған қадірлі де қастерлі қасиеттері.

Асқаровты аса көрнекті қайраткер ретінде биікке көтерген осы қасиеттердің ішіндегі

ардақтысы да, асылы да – ол еліне, жеріне, халқына деген сезімі, сүйіспеншелігі. Қазақтың қамын, халқының бағын ойлаған, ұлтының рухын байытқан, жұртының жоғын жоқтаған азамат Асекеңдей-ақ болсын.

Елім деп, жерім деп жүріп еңбек етті. Сол ерен еңбегінің арқасында еліміздің өсіп-өнуіне, Қазақстанның өркендеп-дамуына орасан зор үлес қосты. Өзі бұл туралы былай дейді:

Туған жердің туы биік болсын деп  
Жері егінге, қыры – малға толсын деп  
Еңбек еттім жанымды бір аямай  
Ел басына бақыт құсы қонсын деп

Қандай дәл анықтама. Бұл Асанбай ағамыздың өмір сүру қағидаларының алтын дінгегі.

Асекең жөнінде естеліктер аз жазылған жоқ. Олар ағамыздың өмірінің барлық кезеңдерін қамтиды. Ол кісі соғыс ардагері. Майданнан оралған соң өзін өзі тәрбиелеп, білімін жетілдіріп, өз еңбегі, өз талантымен үлкен қайраткер, ірі тұлға деңгейіне көтерілді, тұғырын биіктетті, абыройын асырды. Үш облысты басқарған жылдары, оларды дамытуға қосқан орасан зор үлесін, ерен еңбегін бүкіл халқымыз да осы күнге дейін жырдай қып айтып келеді.

Асекең зейнетке шығысымен Шымкенттен Алматыға көшіп келді. Көп ұзамай Горбачевтың ұр да жық, өзімбілермен, өркөкірек, солақай саясатының кесірінен Желтоқсан оқиғасы бұрқ етті. Ол бәрімізге,

жалпы қазақ халқының басына түскен үлкен нәубет еді. Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушылардың бірі Асанбай Асқаров деп байбалам салушылар шықты. Көпекөрнеу жапқан жала, ойдан құрастырған кінә асқандай түсті.

Менің шамалауымша, Асекеңді ұстап, тар қапасаққа жабуға, біріншіден, көре алмаушылық себеп болды. Ол кісі қызметтен кетіп, зейнеткер атанғанымен абыройы Алатаудай асқақ еді, алдына ел-жұрт, халық ағылып келіп, ақылдасып жататын, айтқан сөзі жерде қалмайтын аса абыройлы, сыйлы адам болды. Зейнеткер көп. Олардың арасында Асекең Шолпан жұлдыз тәрізді ту биіктен көз тартып, жанам деген жүрекке от беремін, деп ақын айтқандай замандастарына қуаныш сыйлайтын, ой, жігер, шабыт сыйлайтын абыз кісі еді.

Екінші, және ең басты себеп, түк кінәсі жоқ Асекеңді ұстап, темір торға қамағандағы солақайлардың мақсаты – Асекең арқылы Димаш Ахметұлы Қонаевты да қаралап, маскараламақшы болды. Екеуі құда, екеуінің арасында қалайша алыс-беріс болмайды, соны дәлелдеу керек, ал араларында шын мәнінде алыс-беріс жоқ болса, оны «болдыру» керек деп жанталасты.

Горбачевтың негізгі мақсаты – Димекенді орнынан тайдырып, бас көтерер қазақтарды бір-біріне айдап сап, мансапқа таластырып, халқымызды құлақ кесті құлға айналдырып басқару болатын. Өкінішке орай, оның ол ойының біразы жүзеге де асты. Өзбекстанды «мақта ісімен» қаралағаны сияқты «қазақ ісін» ұйымдастырып, біраз абзал азаматтарды қамауға алды. Қазақтың кейбіреулерінің қолтығына су бүркіп, туған халқына қарсы айдап салды.

Асекеңе тағылған кінәләр дәлелденбеді. Мысалы, Асанбай Асқаров туыстарын Шымкентке алып барып, лауазымды қызметке қойды-мыс деген сөз болды. Асекең Шымкентке өз туысқанынан бір адамды да апармаған. Сол елдің жергілікті азаматтарымен қызмет істеді. Қорғасын заводы, мақта, тағы басқа шаруашылық

өнімін қосып жазып, көзбояушылық жасап, Социалистік Еңбек Ері атанды деген шағым бойынша да тексеру жүргізіліп, қосып жазған ешқандай факті табылмады. Асекең алғаш көзге түсіп, омырауына қадаған Ленин орденін 1947-ші жылы 25 жасында, Мерке аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы боп күндіз-түні тыным көрмей, тусырап жатқан далаға қызылша екізіп, мал басын көбейтіп, ауыл шаруашылығын дамытып, мол өнім алғаны үшін кеудесіне таққан. Кейінгі алған толып жатқан марапаттарының бәрі өзінің ерен еңбегінің айғағы.

Жалақор, бәлекорлар әйтеуір қара күйені жаға беруді мақсат тұтып, Асекеңе шовинист, ұлтшыл деген де айып тақты. Тексеру барысында бұл да бос сөз боп шықты. Біз білетін Асекеңнің отбасы нағыз интернационал отбасы.

Қысқасы, жабылған жаланың бәрі дәлелденбеді. Желтоқсан оқиғасы Асекеңді халқына жаңа қырынан танытты. Шалқыған, жұлдызы жанған кезінде ғана емес, қиынқыстау, қапаста жүрген кезінде де Асекең боп қалды. Әке қанынан, ана сүтінен дарыған мықтылығын, даналығын, даралығын көрсетіп, қиындыққа, қатерге қарсы тұрып, жасымай, сынбай өзінің адалдығын дәлелдей білді.

Рухы биік адам ретінде қанды шеңгел қапастан аман-сау, абыроймен шықты. Бүкіл елі боп, бүкіл жұрты боп «Асқаровты құтқару комитетін» құрып, қоғамдық адвокаттар көмекке келіп, оның ішінде орысы, еврейі, қазағы, өзбегі бар, бәрі Асекең үшін аянбай қызмет етті. Жамбылдың, Алматының, Шымкенттің ел ақсақалдары бастаған топ күн сайын ағылып Бішкекке кеп, сотына қатынасып, рухани қолдау жасап отырды. Сөйтіп, Асекеңнің нағыз халықтың ұлы екенін дәлелдеді.

Билік тізгіні қолда тұрған кезде азаматты әркім-ақ мақтайды, әркім-ақ бас иеді, достық көңілін білдіреді. Ал мынандай қиын-қыстау кезеңде халқының Асекең жанынан табылуы тілмен айтып жеткісіз ерекше құбылыс.

Кейбіреулер Асекеңді құтқару жолында өз басын қауіпке де тікті.

Ақын Жарылқасын Аманов:

Патшадай болсадағы тасымаған,

Тас түрме ішінде де жасымаған.

Сыр шерткен жүрегінен, жыр да шерткен,  
Қайран менің, Асанбай, асыл ағам.

Өзіндей туа бермес асыл адам, – деп жырлады, Асекеңнің қадір қасиеті туралы.

Бейбіт заманның өзінде бәріміз Асекең, Асекең деп ардақтап келдік қой. Ол кезде де атақ-даңқы, абыройы өзінше асқақ, биік болатын. Ал басына іс түсіп, темір торда 4,5 жыл отырып, бостандыққа шыққаннан кейін ол кісінің абыройы тіпті аспандап кетті. Асекеңді енді тек қана төңірегі, ағайын-туғаны, жақындары ғана емес, бүкіл қазақ, Қазақстанның барлық халқы, тіпті көршілес қырғыз, өзбек, тәжік те, орыс, татар да мойындады. Аты бұрынғыдан да бетер аңызға айналды. Ол кісі шын мәнінде аңызға лайықты адам еді.

Бішкекте өткен соттың қортынды отырысында соңғы сөйлеген сөзін адам таң қаларлық өреде сөйлегені белгілі. Денсаулығы болса нашар, жасы келген, 4,5 жыл темір торда отырып, азап шеккен кісі ғой. Соған қарамастан бес сағат табанынан тік тұрып, қажымай, сыр бермей, бұрынғы ойына ой қосып, ақылына ақыл қосып, логикалық жүйемен өзінің адалдығы, ақтығы, еліне сіңірген еңбегі туралы дәйекті дәлелдер келтіріп айтқан әр сөзін жұрт көздеріне жас ала отырып тыңдапты. Бір ғана осының өзінен-ақ Асекеңнің кереметтігі, кеменгерлігі танылып тұрған жоқ па? Жұлдызы жанып, шалқыған кезде асып, таспаған, ал ауыр, азапты, қиын кезде бас иіп, саспаған, сыр бермеген сырбаз Асекеңнің мінезі нағыз батырдың мінезі емес пе?!

Асанбай ағамыздың тағы бір ерекше қасиетін айтайын. Шерхан мұртаза ағамыз 1992 ж. Жуалыда өтетін өзінің мерейтойына шақырып, Асекеңді алып баруды маған тапсырып еді. Таразға дейін ұшақпен бардық. Терезе жағындағы орындыққа жайғасып, төмен қарап жер жағдайын бағдарлап біраз үнсіз отырды.

Әлден соң әңгімесін бастады. Үстінен ұшып бара жатқан барлық колхоз, совхоздардың атын атап, тарихын талдап айтып берді. Қанша мың қойы, ірі қара малы, жылқылары, егістік көлемі бар, қыстауы мен жайлауы қайда, сол жылдары оларды кім басқарды, бәрін түгел-түгел Таразға жеткенше картаға қарап отырғандай әңгімелеп берді.

Мен Асекеңнің еске сақтау қабілетіне таң қалдым. Ойланып қарасам, мұның да өзіндік негізі бар екен. Ол кісі атқарған тірлігін шын ниетімен, жан дүниесімен, ақыл-парасатымен ойланып-толғанып барып атқарады.

Барлық қабылдаған шешімін, сөйлеген сөзін, істеген ісін, бағыт-бағдар, тұжырым-түйінін – бәрін жүрегінен өткізіп, елге тиетін пайдасын, қызығын, мүмкіндігін қалай молырақ етуге болады, қайсысы халыққа көбірек жақсылық әкеледі деп ізденіп, өз ойынан, жанынан шыққан идеяларды іске қосып, жүзеге асыратын. Әйтпесе, кейін басы дауға қалған Шымкенттегі дендра саябағын, балалар темір жолын, зоопаркті, тағы басқа да құрылысты салып несі бар? Жоспарды орындап, басқалардай жан тыныштығын ойлап жүре бермеді ме? Халық игілігі үшін өз еркімен, өз бастамасымен қолға алған әлгі құрылыстарды жоғарыдан ешкім айтқан да, міндеттеген де жоқ қой. Олар үшін үкіметтен тағы бір тиын ақша алмаған. Менің Асекеңді ешкімге ұқсамайтын ерекше адам, феномен дейтінім содан. Ол кісі үлкен бе, кіші ме, кез келген мәселеге жоғарыдан, биіктен, ел мүддесі тұрғысынан қарап, талғампаздықпен, ізденумен тірлік еткен басшы. Бұл ол кісінің ұлылығы.

Асекеңнің даналығы да, ұлылығы да өзінше ерекше еді. Ұлы адам уақытынан оза жүреді дейді ғой. Барлығы шектеулі, жазылған жарғымен ғана жүретін заманда Асекеңнің көптеген ізгілікті істері өз уақытының шеңберіне сыймаған секілді. Сол үшін таяқ та жеді. Ол кісі болашақ заманды ойлады, өтіп жатқан өмірге келешектің көзімен қарады. Өзі шыққан биігіне басқаларды тартты, олардың санасына сәуле, жанына жылу, көкірегіне нұр төгуге тырысты. «Адам қамын ойлаған саналықтың белгісі, заман қамын ойлаған даналықтың белгісі» – дей-

ді халқымыз. Асекеңнің тұлғасында саналылық та, даналылық та берік орын алған еді.

Ұлы адамның ұлылығы ұсақ-түйек ісінен де байқалады. Ал ағамыздың тірлігінде ұсақтық болмайтын. Майда сөйлемейтін, майда тірлік істемейтін. Ұлылығы әр сөзінде, әр ісінде, басқан қадамында, қалдырған ізінде болатын. Тұла бойы толған ұлылық пен ірілік.

Осы ұлылық ол кісіні қажырлы қайраткерлікпен қатар ақындыққа, жазушылыққа, ғалымдыққа алып келді. Аталған рухани салалардың әрқайсысында өзінің өшпестей ізін қалдырды. «Өсиеттей өлмейтін артымызға сөз қалдырсақ, мына жалған дүниеден өкінбей өттік дер едім» – деп жазды Асанбай ағамыз. Жүрек қылын шерткізген нәзік өлең-жырлары, оқыған сайын ойландыра түсетін естелік шығармалары, ұлыларды дәріптеген «Ұлы Тұран ұлдары» деген үлкен қомақты еңбегі, солардың арасында арттағылар айта жүрсін деген асыл сөздері қалды бізге рухани мұра боп.

Ағамыздың аузынан мен өз құлағыммен естіген небір асыл сөздер бар еді, оның көбі қазір есімде жоқ, біразы ғана қалыпты жадымда.

Мына нақыл сөзді жиі қайталайтын: «Ұлы болсаң жақсының, құлы болма нәпсінің. Нәпсің тыя білу керек, оны билеп жеңген абзал. Әр адамның өзінің әділ соты болуы керек – ол оның ар-ұяты. Соны өлтіріп алмандар», – дейтін.

«Шіркін, әділдік күшті болса. Ал күш әділетті болса халықтың көсегесі көгерер еді-ау», – деп қоюшы еді сөз арасында.

«Өзін-өзі түсінген дана, өзін-өзі жеңген қаһарман» – деп отыратын.

Енді ойлап қарасақ Асекең өзін айтыпты ғой, әрі дана, әрі қаһарман болып өтті емеспе өзі бұл өмірден.

Осылар сияқты Асекеңнің ауыз екі айт-

қанымен жазылмаған, барша халыққа жетпеген ой-пікірлері көп. Ол өз заманына, замандастарына берген әділ бағасы, қоғамға, өмір сүрген ортасына деген философиялық көзқарастары, тарих тарауларын таразылау әдістері, болашаққа арнап айтқан болжамдары, тағы сол сияқты рухани қазыналары.

Сырласып отырған сәттерде ағамыздың жүрегінің түкпірінен шымырлап шыққан шынайы сезімдерін, толғау-тебіреністерін, ұшқыр ойларын, нақыл сөздерін, әдемі әзіл қалжындарын уақытылы жазып, қағазға түсіріп отырған жанында ешкім болған жоқ. Ол кісінің өзі де бұған мән бермеппі – шексіз қарапайымдылығынан болар. Ал біз болсақ ағамыз арамызда мәңгі жүре беретіндей көріппіз.

Енді осы «әттеген-айдын» орнын толтыру үшін Асекеңмен жақын араласқан, сырлас болған азаматтардан ағамыздың айтқан асыл сөздерін, үзік сырларын там-тұмдап жинап, жүйелеп, жарыққа шығарып, халқына жеткізсек нұр үстіне нұр болар еді.

Асанбай ағамыздың өмірден озғанына 11 жыл толды. Бірақ аты ұмытылып, атақ-абыройы көмескіленген жоқ.

Алыстаған сайын биік таудың асқар шыңы айқын көрінеді деуші еді. Тірі кезінде-ақ ағы аңызға айналып, халқының адал бағасын алған, сүйіспеншілігіне бөленген Асекеңнің ұлы тұлғасы күн санап ұлыланып биіктеп бара жатқаны рас. Асанбай Асқарұлы – алаштың алып арыстарының бірі, ұлтымыздың намысы, еліміздің даңқы мен абыройы еді, бір туар, қайталанбас дара, дана тұлғасы еді. Асекеңнің осы дана, дара тұлғасы халқының есінде мәңгі сақтала бермек.

#### Резюме

*В статье освещается личность крупного государственного и общественного деятеля Асанбая Аскарва. Его созидательная деятельность, образцовое служение Родине, большая любовь к своему народу, является великопным примером для патриотического воспитания молодежи.*

#### Summary

*In the article highlights the personality of a major state and public figure Asanbay Askarov. His creative activity, exemplary service to the Motherland, a great love for his people, is a great example for the patriotic education of youth.*

#### БІЛІМ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Нуриев М.А. – Интеллектуалды ұлт қалыптасыру ФЗИ директоры, ҚР жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер, профессор, Сейсенбаева Ж.А. – ф.ғ.к., Интеллектуалды ұлт қалыптасыру ФЗИ директорының орынбасары, Садыкова А.Е. – бөлім басшысы, Маханова Н.Б. – эксперт*

Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал **Н.Назарбаев.**

Қазіргі жаһандану заманында білім мен ғылымның ұтымды даму жолын анықтауда кез келген ел бар күшін салып отыр. Мұның көрінісі ретінде соңғы жылдары дүниежүзі мемлекеттері бірге жұмылып, халықаралық деңгейде білім және ғылым саласын зерттеу бағдарламаларын іске асырып, білім мен ғылымды дамытудың оңтайлы жолдарын анықтау мақсатында үздіксіз қызмет етіп келеді. Қай мемлекет болмасын қазіргі қол жеткізген жоғары технологиялар саласындағы жетістігі ұзақ жылдар бойғы эволюциялық даму жолымен келгені анық. Еліміздің қай салада болмасын ғасырлық тәжірибесі мен әдістері толық қалыптасқан жоқ. Сөйте тұра, 20 жыл тәуелсіздігіміздің ішінде көптеген нәтижелерге қол жеткіздік. Қазақстанның тәуелсіздік жолында бағындырған биік белестері Елбасымыз жүргізген тиімді саясатының және де халық үшін қызмет істеп жатқан азаматтардың, ағарту саласында жүрген қызметкерлердің қажырлы еңбегінің арқасында екендігі айғақ.

Отанымыз өзге елдер секілді білім мен ғылымды дамыту бағдарламалары бойынша тәжірибе жүргізіп, заманауи әдістерді білім жүйесіне енгізіп және көптеген іс-шараларды жүзеге асырып жатыр. Осы мақсатта жуырда Назарбаев Университетінде барлық тұлғаларының жоғары қызығушылығын тудырған Елбасының «Қазақстан – білім қоғамы жолында» атты дәрісі өтті.

Н. Ә. Назарбаев өз дәрісінде: «Ықылым

замандардан қалған «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген аталы сөз бар. Қазақтың бұл мақалының өзектілігі бүгінгі таңда тіптен айрықша. Бұл заман – білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді. Сол білімді әжетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз – өмір тұл. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны», – дей келе, білім – заман талабы екенін нұсқады. Сонымен қатар, адам білім қорын жинап қана қоймай, оны күнделікті өмірде тиімді пайдалана білуімен бағаланатынын және де еліміздің қуаттылығы азаматтардың білімімен өлшенетінін атап көрсетті. Сондықтан да, қазіргі кезде жетістікке жетудің кілті білімді ұтымды пайдаланған елдің еншісінде болып отыр. Білімді оңтайлы қолданғанның жетістігі инновациялық технологиялардың күннен-күнге қарыштап дамуы мен пайда болуы және тұрмыстық жағдайдағы мәселелерді дер кезінде шеше алғандығы болып табылады. Дәріс тақырыбының білім жолына арнауы еліміздің жоғары жетістіктерге жетуінің түп негізі білімде жатқандығын ұғындырады.

Бұл жөнінде де: «Сендер Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болуларың



керек. Кез келген кәсіп иесі өз шаруасын тың тәсілмен, жаңа әдіспен істеуге ұмтылса ғана ешкім жетпеген табысқа жете алады», – деп, инновациялық технологияларды дамыту мәселесін баса айтты. Бұдан бүгінгі күн тәртібінде тұрған қазақстандық ғылымының басты бағыты отандық жаңа технологияларды ойлап табу және оны іске қосу, әлемдік бәсекелестікте қабілетті болу, тың және жаңа әдісті қолдану керек екені айқындалды. Сол арқылы, әрбір кәсіпкер өз ісінің шебері болуына, оны озық әдістерді қолданып, үздіксіз еңбек еткен де ғана табысқа жетеді, оның даму жолындағы жаңа мақсаттар мен бағытына тоқталды.

Дәріс барысында атап көрсетілгеніндей, қазіргі кезде дамушы және дамыған мемлекеттердің күннен-күнге қарыштап дамуының түп негізі олардың білім беру жүйесінің дұрыс бағытта қолдану нәтижесінде екендігі ақиқат. Мысалға келтіретін болсақ, PISA (ағылшын тілінде PISA Programme for International Student Assessment, білдіреді) халықаралық оқушының сауаттылық деңгейін бағалайтын зерттеу бағдарламасының мәліметі бойынша сынаққа қатысқан 65 мемлекеттердің ішінде Шанхай (Қытай) қаласында оқитын оқушылар ең жоғары нәтижелер көрсеткен. Білім деңгейінің жоғарғы көрсеткішіне сәйкес соңғы жылдары Қытай мемлекетінің экономикасы және технологиясы даму жағынан алдыңғы орынға ие болды. Яғни, білім деңгейін тәжірибе жүзінде кәсіби шеберлікте қолдану арқасында мұндай жетістікке жетіп отыр.

Сондықтан да, алдыңғы қатарлы дамыған елдерде, сондай-ақ, біздің елде де азаматтардың орта білім алу міндетіне қатаң талаптар қойылуда. Атап айтқанда, оқушылар әрбір тақырып пен тарау бойынша оқу пәндерінің мұғалімдеріне бақылау тапсыру, оқу жылы бойына себепсіз сабақтан қалмауға; мүмкіндігіне қарай олимпиада, конференцияларға қатысуға; мұғалімнің үйге берілген тапсырмасын бұлжытпай орындауға; мектептің қоғамдық

жұмысына белсене қатысу және қоғамдақ тапсырмаларды орындауға және тағы басқа ережелер қойылған.

Азаматтардың міндетті білім алу туралы Конституцияның 30-бабының бірінші тармағында: «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті», – деп көрсетілген.

Өйткені, адам интеллектуалы – ол мемлекеттің баға жетпес байлығы. Орта білім адам әлеуетінің даму индексін қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Адам әлеуеті дамуының индексі – ол мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын маңызды фактор. Бұл индекс іргетасының қалануы мектептегі орташа білім беру сапасына тікелей байланысты.

Білім беру жүйесі әр елдің мемлекеттік құрылымына, оның ішкі саясатына, дәстүріне сәйкес әртүрлі қалыптасқан. Бірақ, соңғы жылдары әлемнің жаһандану үдерісінің әсері, жаңа технологиялардың пайда болуы және басқа да өзгерістер заман талабына қарай орта мектептегі білім беру жүйесінде халықаралық деңгейде оқушылардың білімі сай болуы үшін ортақ талаптар қойылды. Оның көрінісі ретінде 1997 жылы оқушының сауаттылық деңгейін бағалайтын PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық бағдарлама өңдеу қолға алынып, оны 2000 жылы іске асырды. Бұл – әлемнің түрлі мемлекеттердегі оқушылардың тест пен түрлі тапсырмалар арқылы олардың сауаттылығын бағалау және білім қорын тиімді әрі дер кезінде пайдалана білу қабілеттерін анықтайтын оқушының білім деңгейін бағалайтын халықаралық бағдарлама. Соңғы жылдары PISA зерттеулері әлемнің мемлекеттеріндегі білім жүйесін анықтауға және олардың өзгерістеріне талдау жасауға, білім саласында стратегиялық тиімді шешімін табуға мүмкіндік беретін бақылау мониторингіне айналды.

Мониторингтік бақылау жүргізгенде көбінесе оқушының интеллектуалына

басты назар аударады. Оқушы орта мектеп бағдарламасын қаншалықты деңгейде меңгергендігінде емес, оның өмір тәжірибесіндегі күрделі мәселелерді шешуде сауатты ойларын ұтымды пайдалана білгенділігі маңызды.

Көптеген мемлекеттер 3 жыл сайын өткізілетін мектептегі білім сапасының қорытындысын білу, Олимпиададаға ұлттық құраманың ойынын тамашалап отырғандай құмарлықпен, қадағалайды. Мысалға келтіретін болсақ, Германия 2000 жылы Экономикалық Үнтымақтастық және Даму Ұйымы өткізген PISA-ның төменгі қорытындысын ұлтық абыройсыздық ретінде қабылдап, нәтижесінде бұл туралы мектептен бастап білім саласында және үкімет отырыстарында үлкен дау-дамаймен талқылады.

Әрине, бұдан кейін, Германия мемлекеті жедел шаралар қабылдап, оны іске асыру арқасында неміс жасөспірімдерінің 2000 жылғы орташа баллы 484-тен 2003 жылы 503-ке, одан кейін 2006 жылы 516-ға дейін көтерілді. Бұл бірте-бірте жоғары көрсеткіштері неміс мектеп бағдарламасының біраз өзгергенін аңғартады. Тағы да сол сияқты мысалға алатын болсақ, Эстония мемлекеті 2006 жылы PISA бағдарламасына қатыса бастады. Қорытындысында Эстонияда орыс мектептері көптеп болуынан үлкен жанжал болды. Сонымен бірге, елінің білім сапасы жоғары есебі халықаралық деңгейде орташа баллмен бағалағандығын мониторинг арқылы байқады. Бұл әрбір мемлекетке қойылған барлық сындар арқылы білім беру жүйесін түзетуге алып келді. Сонымен қатар, Отанымыз өзге елдер секілді PISA-2009 халықаралық салыстырмалы зерттеуінің қорытындысы бойынша 15 жастағы оқушылары 65 елдің арасында айтарлықтай төмен 57-орынды иеленіп (оқу сауаттылығынан 59-орын, математика сауаттылығынан 53-орын, жаратылыстану сауаттылығынан 58-орын), дереу Білім және ғылым министрлігі білім

беру мазмұнын жаңартуды қолға алды. Бұл халықаралық зерттеулер Қазақстанның алғашқы тәжірибедегі оқытудың мазмұны, технологиясы мен әдістері туралы дәстүрлі қалыптасқан түсінікті қайта қарау қажеттілігін көрсетті.

Бүгінгі күні әлемде жалпы білім берудің 12 жылдық мектепке арналған халықаралық стандарты қалыптасып отыр. Орта мектептегі 12 жылдық білім АҚШ, Канада, Жапония, Швеция, Францияда; Германия, Чехия, Италия, Швейцарияда – 13 жылдық; Голландияда – 14 жылдық жүйе қабылданған. 12 жылдық білім беру мазмұнының негізгі мақсаты дамып келе жатқан қоғамда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, ғылыми күрделі мәселелердің шешімін анықтай алатын, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін отандық білім жүйесін де әлемдік стандарттарға сәйкестендіру бағытында көптеген жаңа идеялар мен реформалар қабылданып, жүзеге асырылуда. Оған дәлел еліміздегі мектептердің 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу үдерісінің басталып кетуі. Бұл жөнінде Елбасы өз дәрісінде: «Орта білім беру жүйесінде біз 12 жылдық оқытуға көшуге дайындықты жалғастырамыз. Жаңа білім берудің үлгі-қалыптары әзірленуде. Біз орта білім беруді жаңғыртуды жалғастыруға тиіспіз. Біздің орта білім беруді жан басына қаржыландыруға сатылап көшіруді қамтамасыз етуіміз қажет. Оқушы басқа мектепке ауысқан жағдайда, ақша да онымен бірге барады. Осылайша, біз мектептер арасындағы бәсекелестікті арттырамыз. Үкіметке қанатқақты мектептерде жан басына қаржыландыруды енгізуге кірісуді тапсырамын», – деп, еліміздің орта білім беру жүйесінің сапасын халықаралық деңгейде арттыру жолын көрсетті. Мұнда айтылғандай, орта білім жүйесі он екі жылдық білім беруге көшудің дайындығын жалғастырылуда. Бұл – кейбір тараптардың

сынына ұшырағанына қарамастан, әлемнің көптеген елдерінде тиімділігін дәлелдеген әдіс болып табылады. Келешекте қолға алынады және мектептер арасындағы бәсебестікті арттыру мақсатында оқушыға бөлінген қаржысы басқа мектепке ауысқан жағдайда да қаржыландырылатындығын есепке алынууда.

Сонымен қатар, орта білім берудің сапасын арттыруда халықаралық стандарттар негізінде Назарбаев Университеті мен Интеллектуалдық мектептерінің ашылып, жемісті жұмысын жалғауы елеулі үлес қосуда. Бұл мектептер – Қазақстандағы барлық орта мектептерге жол көрсетушіге айналуы

тиіс. Себебі, интеллектуалдық мектептердің болашақта жетуге тиіс жетістіктері мен онда пайдаланылып жатқан заманауи білім беру әдістері еліміздегі басқа да орта білім беру ордаларында іске асатын болады. Осының бәрі Қазақстанның білім саласында үлкен кадам жасағанын дәлелдейді.

Білімге салған капитал ешқашан жоғалмайды, білім – таусылмайтын қор, ол өмірлік азық, – демекші, білімді дамыту жолында атқарылып жатқан бүкіл іс-шаралар Қазақстанның алдағы уақытта білім және ғылым жағынан алдыңғы дамыған елдердің қатарында болатынына сенеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Мемлекеттік 12 жылдық білім беру жалпыға міндетті білім беру стандарты
3. ҚР конституциясы
4. <http://www.egemen.kz/>
5. <http://www.edu.gov.kz/> Білім және ғылым министрлігінің сайты
6. <http://zkoipk.kz/mod/resource/view.php>
7. <http://www.ppi.kz/index.php>

#### Резюме

*В статье обсуждается интерактивная лекция Н.Назарбаева «Казахстан на пути к обществу знаний», где он поделился размышлениями о качестве знания в современной общеобразовательной школе.*

#### Summary

*The article discusses interactive lecture of Nazarbayev «Kazakhstan on the way to a knowledge society» where he shared thoughts about the quality of knowledge in the modern secondary school.*



**«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»**

**Н.Назарбаев.**

#### ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ЖАҢА ІЛІМІ

*Совет-Хан Ғаббасов – жазушы, дәрігер, фантаст, драматург, Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, ЗАЙСАН ауданының құрметті азаматы, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, «АЛАШ ҮНІ» қоғамдық бірлестіктер одағының төрағасы, Халықаралық М.НОСТРАДАМУС атындағы проскофиялық Академиясының толық мүшесі – академигі, профессор*

Бүгінгі адамзат өркеніетінің дамуында **Табиғи ғылым** мен **Рухани ғылымның** үндессіздігінен, адам тәрбиесі мен тәлімінде орасан үлкен кемшіліктер көріне бастады. Сол кемшіліктердің көзге ұрып тұрған екі түрлі сипаттарын ғана атап өтуді жөн көрдік. Ол – бүкіл адамзат қауымының өзіміздігі мен құмарпаздығының салдарынан – табиғаттағы **экзоэкология** бұзылып жатса, ал адам ұрығының улануынан – өзінің **эндоэкологиясы** аса ауыр күйге душар болып отыр. Сондықтан да, бүгінгі **Адам тәрбиесі** мен **Қоғам тәрбиесіне** жаңаша көзқарас керек. Адам тәрбиесі дұрысталмай, қоғамда **әділеттілік** пен **қайырымдылық** орнауы мүмкін емес. Ендеше, бүкіл **Педагогика** мен **Психология ғылымдарына** батыл көзқарастарға иек артқан, мүлдем жаңа – **Методология – Жүйе – Негіздердің** – ұсынылуы ауадай қажет. Осы арада адамзаттың ұстаздары деп танылған Аристотель мен әл-Фарабидің айтқандарына құлақ ассақ; – «...кезкелген пәннің – **негіздері**, өзінің ішінен шығып дамымаса, ол ешуақытта – **ғылыми пән** бола алмайды...», – деп **ақ** пен **қарадай** ашып жазған.

Міне осы қағиданы басшылыққа алсақ, бүкіл батыстағы **эвропацентристік методологиядағы педагогика** мен **Кенестік ғылыми педагогиканың** да, сындарлы көзқараспен қарайтын тұстары көп. Оның үстіне **Кенестік идеологияның сыңаржақ**

**тәртібінде** қалған, бүгінгі біздер басшылыққа алып жүрген **Россия педагогикасының** да, қасаң қағидаларының тозғандығы анық аңғарылады. Мұны байқаған бүгінгі Россия қоғамы, адам құндылығына ерекше мән беру арқылы, бүкіл **педагогика ғылымы мен іс-тәжірибедегі методологиясын түбегейлі қайта қарастыруда** (В.С.Кукушин, М. - Р. на Д., 2006.).

Бұл кітаптың басты мақсаты сол, жалпы педагогика пәні ретінде, басқада **үрдіс** дамып жатқан **ғылымдар** тәрізді, үнемі өзінде бар кемшіліктерді қайыра зерттеп және ғылыми негіздеріне тән сипаттарды, жан-жақты жетілдіруді қарастырады. Дәстүрлі педагогиканың көкжиегін тарихи деректермен кеңейтіп, әлемдік жаңалықтарды қамтитын адам тәрбиесінің **инновациондық тәжірибесін** жинақтауға тырысады. Оның үстіне бұл еңбектің **әмбебаптық сипаты**, тіпті оқырманының мектеп оқушысынан бастап, ұстаздар мен ата-аналар және студенттер мен ғалымдарды да, қызықтыра алатын кеңдігімен ерекшеленеді. Өйткені мұнда, педагогика ғылымының әртүрлі салаларын қамтумен қоса, баланы да, үлкенді де шырмауықтай шырмап алатын **әлеуметтік-педагогиканың – отбасындағы, өндірістегі, мектептегі, жоғарғы оқу орындарындағы**, тіпті көшедегі көріністері сөз болады.

Адамзат қауымының өмір-тіршілігі мың-сан түрлі болса, ондағы педагогикалық

традициялардың да соншама мол қырлары мен сырлары бар екенін байқатады. Бірақ осыншама көп ерекшеліктеріне қарамай, олар міндетті түрде **рухани үндестіктерін** табуға тиісті. Мінеки мұның өзі педагогика ғылымының үздіксіз дамуына әсерін тигізбек. Сонымен қоса, олар бірін-бірі байытып қана қоймай, **педагогикалық тәсілдер мен технологиялардың** үнемі алмасуын да қамтамасыз етеді.

Келер ұрпақтың тәрбие-тағылымының негіздері – болашақты жүйелі түрде болжау арқылы және оның әлеуметтік эндо-экзоэкологиялық сипаттарына жете мән берумен тереңдеуі қажет. Бұл – бүкіл қоғамдық тәрбиенің салауаттануымен қоса, адам ұрпағының өзін-өзі аздыру кінәраттарына да тосқауыл қояды. Ұрпақ тәрбиесін **алдын ала болжалдау тәсіліне сүйену арқылы, оның диагностикалық мазмұнын** түбегейлі өзгертуге әбден болады. Ендігі жерде, бұрынғыша қасаң қағидадан шықпайтын, **көшірме ғалымдардан тез арылу мәселесі**, кезек күттірмей шешуді қажет етеді. Өйткені, **өтірік ғалым – өрт шалған өлкенің иесі** ғана екені түсінікті.

**Екінші бір аса ауыр ағат жағдай**, бұл тіпті дүниежүзі педагогикасында кемшілік ретінде айтылуға тиісті мәселе, күні бүгінге дейін адамзат тәрбиесіндегі өз орнын алалмай отырған – **«Халық педагогикасы»** мен **«Ұлттық психология»** - пәндерінің білім беру жүйесіне енгізілмеуі дер едік. Сондықтан, қысқаша болса да, осы мәселеге көңіл бөлуді жөн көрдік.

Ендеше, – **алдымен бүгінгі таңдағы халық педагогикасының жай-күйі қалай еді** – дейтін заңды сұрақ туындайды. Бұл сауалға жауап беру үшін, бүкіл Кеңес педагогикасы бағдар етіп ұстаған Г.Н.Волковтың “Этнопедагогика” атты ғылыми еңбегіндегі тұжырымға еріксіз тоқталуға тура келеді. Оның пікірі бойынша: **“... Халық педагогикасы – ғылым емес, тек ғылыми педагогикаға шикізат, материал, өмірлік фактілер ғана бере алады. Оның біртұтас жүйесінің жоқтығын былай**

**қойғанда, алымды идеяларды жетілдіріп отыратын қорытынды теорияларының болуы да мүмкін емес...”**, – деп тұжырымдайды.


Міне, бұдан халық педагогикасының ғылыми жүйеленбегендігін былай қойғанда, тіпті оның мазмұны мен мәніне, болмысы мен негізіне ешуақытта да көңіл бөлінбегендігі анық байқалып тұр. Ендеше халық педагогикасының осыншама өгейлікке ұшырауының себебі не? Оның басты себебі, халық педагогикасы – **ғылыми пән** - ретінде танылмады. Бұл саналы түрде жүргізіп келген – **империялық саясаттың, немесе, европацентризм методологиясының** – тікелей әсері еді. Мәселен, көне Грек мәдениетінің соңғы екі ғасыры мен біздің эрамыздың сегіз ғасырын қамтитын **Рим империясының** әсерімен – Еуропа елдерінің **халық педагогикасы** ғылыми жүйеленбей, оның орнына **“классикалық педагогика”** – дейтін жасандылық дүниеге келді.

Екінші, өзімізге тікелей қатысы бар **орыс империясының** әсерінен – оның қол астында бодандықта болған жүздеген халықтың – **Ұлттық тәлім-тәрбиелері** - ғылыми дамудан мақұрым қалды. Сондықтан да, **ғылыми педагогика делінетін жасандылық** қолдан таңылып, Адам баласы ең әуелі – **биологиялық индивид** – сонан кейін ғана – **қоғамдық тұлғаға** – ауысатындығын даралай көрсетуге рұқсат етілмеді. Себебі, генетика ғылымдарының заңдылықтары империялық саясатқа қайшы келетін еді. Жалпы Империя атаулы бағынышты елдерінің – **ұлттық тарихын да, халықтық педагогикасында** - табанының астына салып, оның бой көтеруін ешуақытта қаламады. Өйткені, бұл екеуінен де, қай халықтың болмасын ұлттық санасы оянады. Ал Империя атаулыны күйрететін күш тек – **ұлттық сана** – екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалық шындық...

Ендеше, уақыт талабымен жаппай өмірге ене бастаған халық педагогикасын ғылыми түрде дамыту, оның өзіне тән **методо-**

**логиясы мен жүйесін** және **қадау-қадау негіздерін** айқындау ауадай қажет. Сөйтіп, оны жалпы педагогиканың ауқымында үндестіре пайдаланудың берері мол...

Мәселен, ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің: **“Халық педагогикасы жоқ жерде, педагогика ғылымы да жоқ, педагог та жоқ”**, – деген тұжырымын есте ұстаған жөн.



Алғаш рет жазылмақшы – **“Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі”** – атты бұл оқу құралының мазмұны мен мәні, бағыты мен бағдары, 2005 жылы жарық көрген **«Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері»** атты монографиялық еңбекпен бірыңғай үндестік тауып, ондағы теориялық ойлардың астарындағы күрделі күрмеулерді тарата талдап айтып беруді мақсат етеді. Сол еңбекте ғылыми түрде дәлелденген педагогика мен психология пәнінің екі сатылы, немесе, екі деңгейдегі – **методологиясы – жеті түрлі негіздері – екі жүйесі** – осынау ұсынылмақ оқу құралы кітабыныңда, сапалы бітімі мен сындарлы келбетін айқындай түспек. Былайша айтқанда, монографияда ұсынылған тараулар мен тақырыптардың ішкі мазмұндарын ашумен қоса, халық тағылымының тарихи сипаттарына да ерекше тоқталып, оның

өмірдегі өрнектерінен пәрменді мысалдарды, барынша адам тәрбиесі төңірегінде орынды пайдаланбақ. Жалпы Адам тәрбиесіндегі бұрын-соңды айтылмаған жаңа ұғымдар мен түсініктерді ұсынумен қоса, оның тіршілікпен үндескен қарапайым да нақты ережелерінде айқарадай ашып көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді.

Тіпті, тұңғыш рет – **Адам дегеніміз не? – Жан және Рух деген не? – Биологиялық және Физиологиялық заңдылықтар деген не? – Оның адам тәрбиесіндегі әсерлері қандай?** – деген мың-сан сауалдарға да, ғылыми негізделген жауаптар ұсынумен бірге, көптеген тіршілік арнасындағы көріністердің жұмбақ сырларына батыл барлаулар жасалынбақшы...

Бұл ұсынылып отырған **«Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі»** оқулығында, бірінші рет **Тән тәрбиесінің біржақтылығын**

ашып қана қоймай, оның **Жан тәрбиесінсіз** – Ұлы Абай айтқан; **“толық адам, нұрлы ақыл”** бейнесіне, тіпті де жете алмайтындығымыз жайында сыр шертеді. Бүгінгі таңдағы инновациялық технология жетістіктеріне иек арта отырып, **Жанның да – он екі мүшесі, яғни «он екі түрлі арнасы»** – жайында тұңғыш рет мәселе көтеріп, былайша айтқанда, компьютердің сан-қилы бағдарламасы тектес сипаттары бар екендігін анықтайды. Осы күнге дейін, тіпті XXI-ғасырлық өркенниетіміз де, – **жанның тәрбиесін жүргізу қажеттігі** – мүлдем ескерілмей келгендіктен, адам бойындағы жанның бар арналары жабылуға жақындаған. Соның айқын дәлеліндей, бүгінгі жарық тіршілікке келіп жатқан ұрпақтарымызда; – **түйсіктің түрлері, шынайы сүйіспеншіліктің іздері, ар-ұждан мен имандылықтың көмескі тартуы, жігерсіздік, ішкі бес сезімге жататын – көкірек көзі мен сана санылауларының әлсіреуі, тұқым қуалайтын тектілік, тіпті зерде мен зейіннің** – көп төмендеп кеткендігі ешкімге де құпия емес.

Осылайша, **ЖАН** мен **ТӘН** тәрбиелерінің **үндессіздігінен**, анығырақ айтқанда, олардың әрқайсысына тәрбие тәсілдері дұрыс жүргізілмеуінен, адам баласын күллі тіршілік атаулыдан ерекшелеп тұрған, оның бойындағы **РУХЫ** да, дұрыс жетіле алмауының мысалы көп. Ендеше, тек осы айтылған пікірлердің өзі-ақ, адам педагогикасы мен психологиясына арналған оқулықтың қаншалықты қажет екендігі айтпаса да түсінікті. Ғасырлар бойы қалыптасқан халық педагогикасы – **көнеден келе жатқан ел тарихын, әдебін (этика), талғамын (эстетика), өнерін, өркенін, мәдениетін, этнографиясын, ділі мен дінін, бүкіл халықтың болмысы мен дүниетанымдарын** – өз деңгейінде, барынша түсінікті де тартымды етіп беруге тырысады. Бұл еңбекте әдеттегі көшірме оқулықтар тәрізді, сіресіп жатқан сілтемелерге бой алдырып, оқушылардың санасын сарсытып сарылтпауға ерекше көңіл бөлінді.

Оқушысына өз айтары жетіп жатқандықтан, басқаның шалажансар пікірлеріне көңіл де бөле алмай, оқулық бетіне өзгенің сөздерін көшіре беруге мұрша да жетпегенін ескерткіміз келеді. Адам педагогикасы мен психологиясының – **екі түрлі жүйелері** – өзінің ғылыми методологиясының **екі түрлі сатыларынан**, немесе **биологиялық индивид** деңгейінен бірінші жүйесі – **жүрек тәрбиесі** – қалыптасады да, ал **сананы жетілдірер** сатысынан екінші жүйесі – **ақыл тәрбиесі** – біртіндеп ашылып өркенін жаяды. Жүрек тәрбиесі – түйсік пен ішкі сезімдердің әсерлері арқылы негізінен ана құрсағындағы тоғыз айдың көлемінде қалыптасатыны белгілі. Міне, осы ұғымды сәл тарата талдай айтуды жөн көрдік. Жалпы, жүрек тәрбиесі арқылы – негізінен Адам жанының **арналары** ғана ашылып қоймай, бүгінгі таңда көп жағдайлары түсініксіз болып отырған мидың экстрасенсорлық қабатымен тығыз байланысты **ПАРАПСИХОЛОГИЯЛЫҚ** құбылыстардың да ерекше жетілетінін ескеру қажет. Сондықтан да, ана құрсағында жатқан Жан иесіне жүргізілетін тәрбие тәсілдерін – бұрын да, терең түйсігі арқылы мыңнан бір Ана болмаса, ал қазіргі кездегі ұрпақ жалғастырып жатқан **АНА** атаулының тіпті, түгеліне жуығының қаперіне де кіріп білмейді десек, ешқандай асырып айтқан сөз емес екені анық. Ал, адам педагогикасы мен психологиясының екінші жүйесі болып табылатын – **ақыл тәрбиесі** – нәрестенің қарашығын ұстап, айналасындағы **ақ** пен **қараны** ажыратып қана қоймай, сонымен қоса оның алғашқы **таңырқауы мен таңдануынан** сәби санасы бастау алатынын есте ұстаған жөн. Осынау, адам педагогикасы мен психологиясының екі жүйесімен сабақтасып жатқан, оның **жеті негізі** – Тән құрылысының жетілу сәттеріндегі **физиологиялық жеті кезеңнен** шығатыны белгілі. Сонымен, **Халық педагогикасы мен психологиясы дегеніміз – адамның жан-дүниесін тәрбиелейтін және зерттейтін ілім екендігі** – енді ғана

қалыптасып жатса, оның **ПӘН** ретінде жетілуінің айғағы да, осы оқулықпен өміртіршілігімізге енетіндігіне сенгіміз келеді. Өйткені, оны жер бетіндегі **халықтар** өзінің тіршілік-тұрмыстарының ережелері тәрізді –

**қанымен де, жанымен де қалыптастырып** – көзінің қарашығындай сақтаумен қоса, үнемі үзбей ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырады.

#### Резюме

*В данной статье рассматривается новое учение воспитания человека.*

#### Summary

*In this article is considered the new doctrine of education of the person.*

### ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ ТЕРІС МІНЕЗДІ ТӘРБИЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ

*Әдібай Табылдиев –*

*п.ғ.д., ұстаз-ғалым, ақын, жазушы, ал-Фараби атындағы ҚазМУ-дің профессоры*

#### Қызуқандылық мінезді тәрбиелеу

Ашуланшақтықты, қаталдықты, өркөк-ректілікті, шыдамсыздықты, шала ойлауды, желпілдекті, жетесіздікті білдіретін бұл жеңіл мінез азаматтың арын бұзады.

«Ашу аянбайды – ақыл аялдайды» деп, халық қызу қанды адамның ашуланшақ болатынын, бірақ ақыл жеңіп «тез қайтып» құбылатынын дәлелдейді. «Ашу келсе, ақыл кетеді.»

Тез қатал тексіз мінез ой қисынын да әрекет шындығында бұзып, артынан өкіндіріп өрге бастырмайды да қызуқандық қырсығын көрсетеді. Кейде ол қырсықты түзей қиын болады да ер азаматтың есін аударады.

«Мен білемін, менікі дұрыс, мен сөйлеймін, мен жақсымын, мен...мен» деген ұғым өркөкіректікке ұрындырып, қызуқандылықты тудырады. Өркөкіректік өжеттік емес, ол теріс ойдың терісі. Ал өжеттік шындық қорғаушы.

Қызуқандылық көбінесе шыдамсыздықтан пайда болады. Байыптау, пайымдау, ойқисыны болмаған жерде «шыдам» тез таусылып, мінез иесінің мінін көбейтеді. «Жеңіл дене жерге тартады, жеңіл мінез көрге тартады» деп халық, шыдамсыздықтың зияндығын қатаң ескертеді.

Қызу қанды адамның ой жүйесі «шолақ»

болады да, ұйғарым қисыны дұрыс болмай, ойлаушының «ашуын келтіреді». Міншіл басшы – мінезі ащы деп, халық шолақ ойлайтын басшының қызуқандылығын қиып айтып, одан сақтандырады.

Жеңіл ойлап, жеңілдеу де көп қателікке ұрындырып, «өкініш өртеп» мінезді қызуқандылыққа апарады. «Қызуқандылық қылмысқа апарады» деп, халық жеңілтектіктен туатын қызуқандылықтың қылмысқа апаратынын дәлелдейді

Қызуқандылық қазақ ұлтына тән емес. Егер ол болса – тексіздік. Тексіз тегіне тартпай «кегіне тартады.

Қызуқандылық мінезді тәрбиелеу, мойындату, әрекеттендіру, өнеге үйрету тәсілдерімен тәрбиелеуге болады.

#### Мақтаншақтық мінезді тәрбиелеу

Дандайсудан, өркөкіректіктен, менмендікпен, асқындаудан, дарақылықтан, даңқ-құмарлықтан пайда болатын мақтаншақ мінез – ердің есалаңдығын көрсетеді.

Мақтаншақтық, көбінесе, мақтаудан «семіріп», барғамастанып, дандайсудан пайда болады. «Екі көзің еліріп, құр қарайсың аспанға» деп, Абай дана мақтаншақтықтан «еліріп, ессізденіп» кететінін қатты сынайды. «Өзін-өзі мақтаған, өлімнің қара басы» дейді халық.

Өзін өр тұтып, өркөкіректеніп, басқаға «жол бермей», «менікі дұрыс» деп, кеуде қағып кеуіп кететін, мақтаншақты «қасиетсіз» деп жек көреді, «бөспе бөседі – күнәсі өседі» дейді ел.

«Мен!» деген менмендік сөзден бас талатын мақтаншақтың, мағынасыз бөспе сөзі тек оның өзі үшін ғана «мақтаныш» болады да, басқалар үшін «балдыр-батпақ» болып естіледі, мағынасыз болады.

«Өрнәрсенің қалпын біл, әдепті елдің салтын біл» деп, халық әдептілікті бұзатын мақтаншақтық мінезді мінейді, «Мақтану – әдепті бұзу» дейді халық.

Дарақыланып, далақтап, екіленіп, есіріп кететін мақтаншақ мінезді адам ұнатпайды және одан аулақ болуды уағыздайды.

Мақтаншақ адам басқалар мақтасын деп, еліріп, естен танып, шала бүлінеді. Егер басшы мақтаншақ болса, қасындағылар оны құрғақ сөзбен қуантып, алдап-арбайды, жағымпаздары жанын жалдап, «жалған» жақсылайды. Сөйтіп, мақтаншақ адам бірте-бірте даңққұмарға айналады.

«Мақтаншақтың кеудесі қуыс» дейді де, халық бос мақтаннан аулақ болуды уағыздайды, мақтану – мақтаныш емес.

Мақтаншақ мінезді көрсету, дәлелдеу, мойындату, ықпал ету, сындау тәсілдері арқылы тәрбиелеу керек.

#### Мансапқорлық мінезді тәрбиелеу

Шенқұмарлық, парақорлық, пәлекорлық, қулық-сұмдық, даңғойлық, кеудемсоқтық, сыбайластық арқылы пайда болатын мансапқорлық мінез – халықтың қасіреті.

Шенқұмар адам өзінің шама-шарқына, біліміне, іскерлік ауқымына қарамай, шенге (атаққа, дәрежеге) құмар болып, сол жолға «барып-салып», «бағын жандырмақшы» болады. «Азат басың болсын құл: Қолдан келмес іске ұмтыл» деп, Абай дана мансапқор адамның қолдан келмес іске ұмтылып, азапқа түсетінін сипаттайды. Шенқұмарлық – шерменделік.

Мансапқор адам – парақор. Испен, білім-мен емес, парамен шенге жетіп, шекірейген шенеуліктің түбі қайырлы емес, ол опық жеп

елді «еңіретіп», халыққа қасірет әкеледі. «...Бірақ секіріп шығам деп, – мертігеді де жатады, сөйтіп Құдай атады» деп, Абай дана мансапқордың мақұлықтығын шенейді.

Мансапқор адам мансапқа жету үшін, басқаның орнына таласып, пәле іздеп, қасірет қазады. «Сатып алған мансабың, қасіреті баршаның» дейді халық. Кәсібі мен нәсібін тауып жүрген адамның адалдығын жоққа шығарып, оққа жығатын мансапқорды халық та қарғайды.

Мансапқор надан мансапқа жету үшін неше түрлі қулық-сұмдықты ойлап, «аяқтан шалып, етектен тартып», жала жауып, жалпы жұртты дүрліктіреді. Даңғойлықпен даңқын шығармақшы болады, қараулықпен қағысады.

Мансапқор «маңғаз» кеудемсоқтықпен кез келген ізгіниетті адамнан өзінің «артық» екенін айтып, ардан безеді.

Сыбайластыққа «сыбана» кірісіп, сол солақай жолда амал-шарғыны, айлакерлікті, кесір әрекеттерді көп пайдаланып, ел ішін бүлдіреді, бірлік пен тірлікті бұзады.

Мансапқорлықты дәлелдеу, жазалау, әшкерелеу, маскаралау тәсілдерімен тәрбиелеу керек болады.

#### Мәңгүрттік мінезді тәрбиелеу

Тексіздіктен, ділсіздіктен, тілсіздіктен, жатжұрттықтан, жаутанымастықтан, отансыздықтан, опасыздықтан пайда болатын мәңгүрттік мінез адами қасиеттерді жояды.

Басқа елде өсіп «басқаша» тәрбиеленгендіктен мәңгүрт адам тегін білмейді. Ататектің асыл қасиеттерін көрмей, білмей өсіп, ұлттық (тектік) болмысы жоқ болады. «Адамға екі нәрсе тірек – тегі: Бірі – тіл, бірі – ділі жүректегі» деп, Жүсіп Баласағұн нағыз адамның, тіректің қасиеттерін түйіндейді. Тілі, ділі ұлттық болмаған соң, ол «миқұла» ұлтын сыйламайды.

Әрбір тұлғаның ұлттық қасиеті өзінің ұлттық тілінде қалыптасады, ал басқа ұлттың ішінде өскен, өз ұлтын білмейтін адамның «қаны бір», жаны басқа болады да, басқа ұлтты (өзінің бірге өскеніне қарай) артық көріп, бірақ ділі дүдәмал, жаны жалтақ,

тілі дөрекі болады. Әдептілік, имандылық, инабаттылық, ізгілік, қайырымдылық, өнерпаздық, шешендік сияқты қазақтың ұлттық қасиеттерінің бірде-бірін білмейтін мәңгүрт, тегін кемсітіп, жек көреді. «Ана тілін білмесең, ағайынсың кімге сен?» деп, халық адами қасиет ана тілімен ғана бойға сінетінін түйіндеп айтады.

Отансыз өскен адам опасыз болады. Онда ұлттық, елдік, отандық сезім болмағандықтан тегіне, отанына жақсылық жасай алмайды, қайта опасыздық жасайды. «Не ол емес, не бұл емес» болып, мәңгүрттің «мәдениеті» де, рухы да күнгірт, күйдіргі болады.

Мәңгүрттік өз отанында жүрген кейбір кесірдің бойында да болады. Өз ана тілін білмейтін, білгісі келмейтін, басқа тілде «батыл» сөйлеп, өзін өзгеден биік санап, санасын сасытатын мәңгүрт адам, адами қасиеттерінен айырыла бастайды. Мәңгүрт өзін-өзі тәрбиелемесе, оған сөз жұқпайды.

#### Мейірімсіздік мінезді тәрбиелеу

Шапағатсыздықтан, қатігездіктен, қараниеттіліктен, тасжүректіктен, әдепсіздіктен пайда болатын мейірімсіздік – қырсық.

Мейірімсіз адамның адам баласына мейір-шапағаты болмайды. Балаға мейрлену, ата-анасын сүю, туылын туғандай қадірлеу дегенді білмейтін «білешөк»

Қатыгез, қатал адам дөрекі сөйлеп, дөңайбат көрсетіп, жан біткенге жаны ашымай, қатарленетін қаталдық жасайды. «Үлкен мейір болмаса – кішіде пейіл болмайды». Мейірімсіздік ерге зиян, елге жау.

Мейірімсіздік, көбнесе, қара ниеттіліктен пайда болады. Жақсылық істеудің орнына, жамандық жасап, көре алмай «көрсөқыр» болып, қара ниетті адам адамгершілікті жойып алады.

«Байда мейір, кедейде пейілде жоқ, Адастырған екеуін құдайым – ай» деп, Абай дана тас жүрек адамдардың қоғамдағы қорлықтарын ашына сипаттайды. Тасжүректік – адамзатқа қас.

Мейірімсіз адам әділетсіз болады,

жақсыны жақсы деп айта алмай, «іші күйеді», әдеп сақталмай, әбірге түсіп, айналасына арсыздықтың уын шашады. «Қатыгез болса мінезің, жалғыз қаларсың өзің» деп, халық мейірімсіз адам түбінде азап көретігін дәлелдеп, жұртқа мейірімді болуды уағыздайды.

Мейірімсіздік мінезді дәлелдеу, мойындату, үлгі өнеге көрсету тәсілдерін тәрбиелеу керек.

#### Менмендік мінезді тәрбиелеу

Өзімшілдік, өркөкіректік, өзінбілермендік, өктемшілдік, өрескелдік, өрсіздік арқылы пайда болатын менмендік мінез басшының басқаның сағын сындырады.

Өзімшілдікпен «мен білемін, менікі дұрыс, мен артықпын, мен озықпын, мен жақсымын яғни мен, мен, мен» деп, өзін-өзі артық санап, өрікпеген адам менмендік мінезбен өзінің «осалдығын» білдіріп опық жейді.

Өркөкірек адам өзгенің жақсылығын «жақтырмай, жетістігін жете білмей, өзін мақтап, өзгені табалап, көкірегін көтеріп, асылдан алға батырмайды» «Мен деп кеуде қақпаңыз, адамдықты сақтаңыз».

Өзін білермандық жасап, менменшіл адам, басқаның байыбына бармайды, өз ойын, өз шешімін ұсынып, ұрыс-керіс шығарып, теріс ойын тексініп, тепсініп, айтқанынан қайтпайды.

Өктемшілік пен менменшіл адам, өзгенің құқығын құртса, өзінің жаман ойын жариялайды. Көбінесе, бүлік басында жүрген адам басынан басып жіберіп, әділдікті бұзады.

Менменшіл адам өрескел «қылық» көрсетіп, құқұқтық құлықты базады. Мазмұнсыз мақтаныш жеңген менменшіл адам, қылмыстық әрекет жасағанның өзі де білмей қалады. «Өзімдікі дұрыс!» деп, өре тұрады.

Өре тұрып, өзгенің мысын басып, доңайбат көрсетіп, менменшілдікті көпшілік жек көріп, «жеріне жеткізеді».

Менмендік мінез көбінесе өрескіл ойдан, ақмақтықтан пайда болады да, мінез иесінде

әдептілік байқалмайды. Әдепсізді әлем жек көреді, оның халық тәліміне көп кедергісі тиеді. «Өресіздің өңмені биік, ойы аласа болады да» оны арсыздыққа апарды.

Менмендік мінезді менмендік мерт қылады деп дәлелдеу, мойындату, мәжбүрлеу, талап ету тәсілдерімен, ұжымдық және жеке тәлім арқылы тәрбиелеу керек.

#### Салғырттық мінезді тәрбиелеу

Немқұрайлықтан, кернаулықтан, бей-берекеттіктен, еріншектіктен, жауапсыздықтан, санасыз, салақтықтан пайда болатын, салғырттық мінез.

Әрбір іске, құбылысқа немқұрайлы қарап, «арқан ессе, бас ессе» адам салғырттық мінездің кесірінен, сан соғады. Әрбір істің, құбылыстың құрылымы, реті бейқамдықтан бұзылады.

Салғырт адамның іс-әрекеті бей-берекет болады. Өйткені ол, іс жүзесін қалыптастыруды ойламайды. Жүйесі қалыптаспаған, іс-әрекет толық нәтижесі болмайды. «Салғырттық сағынды сындырады» дейді халық. Салғырт болма, саналы бол.

Еріншектік салғырттық мінезге себепші болады. «Еріншектің ертеңі таусылмайды» дейді халық. Ертеңін ойламаған адамның ертеңі жүйесіз болады. «Жүйесіз еңбек иесіз» болып, қырсығын табады.

Салғырт адам әрнәрсеге жауапсыз қарайды. Іс-әрекеттің әр түрлі құбылыстарына жауапсыз қарау – адамның адами қасиетін бұзды да, қилы әрекетте қырсығын тигізеді. «Салғырт деме, сал қырт» де деп, халық, салғырттықты қарғайды.

Салғырттық негізінде санасыздықпен байланысты. «Салғыртта сана жоқ, саяқта пана жоқ» дейді халық. Есті адам ақыл жинап, адамдық әрекетке тура қарап, тұлғалық бейнесін көрсетеді. Санасын сауықтырмаған адам опық жейді.

«Салақтықтың салы суға кетеді» дейді халық. Салғырттықтан пайда болған салақтық, «сананы бұзып» ұятқа қалдырады. «Олақтан салақ жаман» деп халық бекер айтпаған.

Салғырттық мінезді сынау, дәлелдеу,

мойындату, талап ету, мәжбүр ету, көрсету тәсілдері арқылы тәрбиелеу керек.

#### Сараңдық мінезді тәрбиелеу

Қанағатсыздықтан, дүние құмарлықтан, іштарлықтан, қараниеттіліктен, қанпезерліктен, көзтоймастықта пайда болатын сараңдық мінез – жазылма дерт.

Сараң мінезде қанағат болмайды. «Кедей байға жетем дейді, бай құдайға жетем дейді». «Қанағатсыздықтан – қарын тоймайды». Ол «алсам» дейді, біреуді ойламайды. «Жетіқат дүние» оған аз болып көрінеді. Байыпсыз жан бар дүниенің бағасын білмейді, тек жинайды.

Дүние құмар сараң дүниені қанша жинаса да, оның қадірін білмейді және де пайдалану жолдарын ойламайды. «Сараңдықтың – іші тар, айтатыны – зар» деп, халық іштармен сараңның «сан соғып қалатынын» ескертеді. Іштарлық ірітеді, қоғамға кесірін тигізеді.

Сараң адам – қараниет. Ол ешкімге де тіпті анасына да жақсылық жасамайды, қараниеттілікпен халыққа зиян келтіретін кесерлі әрекет жасайды ды, елден қарғыс естейді.

Сараңдық қастектекілік әрекет жасап, жақсының жанына тиіп, аяғынан шалып, айуандық жасайды.

Қарнын ойлап, қан пезерлікпен халықты тонап, байыса өз еліне сыймай отансыз болып, отандарынан кететін көз тоймастар болады.

Көзтоймас көрлаттық құлықпен ақша үшін анасын сатқан, санасы сырсыған сараңдар – қоғамның шіріген жұмыртқасы болып, іріген әрекет жасайды.

Сараң «жоқ» деп қайталайды, «бар» деп айта алмайды, «Сараңның жүрісі – дара, ниеті – қара» деп халық сараңдық мінезінен аулақ болуды ескертеді.

Сараңдық мінезді дәлелдеу, түсіндіру, көзсету, көзін жеткізу тәсілдері арқылы тәрбиелеудің әсерлі әдістемесі керек.

#### Тәккәпарлық мінезді тәрбиелеу

Мастанғандықтан, мансапқорлықтан, менменшілдіктен, аскынудан, ақымақтықтан пайда болатын тәкәпарлық жеке тұлғаның жетесіздігін көрсетеді.

Байлыққа, мансапқа, бақытқа, атаққа масанған адам есі кете, елеріп, танауын көтеріп, тарпақтанып, әдепсіздік көрсетеді. «Екі көзің елеріп, құр қарайсың аспанға» деп, Абай дана масаған адамды қатты мінейді.

Мансапқа ие болса, маңғазданып, марғау тартады, туғанына тура қарамай, еліне елеріп мансапқор «Құдайды құлағынан ұстағандай» тәккәпарланып, тантип кетеді. «Ұлық болсаң да кішік бол», «кішілікте – кісілік» дейді халық.

Менмаясы тасып, менменшілдік жеңген адам өзін басқа өр адам жоқ деп өркөкретеніп, өрге қарап, өз меділігін адам баласына адамша қараудан қалады. Менмендіктен мейірі жоғалып, қандасына қарайып, халқына қасірет әкелетін тәккәпарды өмір өркендетпейді.

Тәккәпар адам мейірімсіз болады. Ол анасына да барланып, әкесіне әкірендеп, туғанына ту сыртын бермей, халқын қапаландырады. Отбасында от шашады, досы жоқ «доқ» болады, қолынан билік кетсе, қор болып, қоңқи түседі

Тәккәпарлықтан асқындаған адам өзін «данышпан санап», даңқын шығармақ болады, дандайысып далағы шығады. «Көп асқанға бір тосқан» дейді халық. Ондай асқан адам өз қылығынан өзі соққы көріп, соры қайнайды.

Тәккәпарлық, негізінен, ақымақтықтан пайда болады. «Кішілікте – кісілік» деп халық ақылды адамның кісілігін жоғары бағалайды. Есті ер, ақылды адамның болмайды, әдепті, мейір – шапағаты болады.

Тәккәпар адам өз мінін мойындайды, оның іс-әрекетін, жүріс-тұрысын дәледеу, көрсету, сынау, жазалау тәсілдері арқылы тәрбиелеу керек.

#### Ынжықтық мінезді тәрбиелеу

Жасқаншақтықтан, жасықтықтан, сенімсіздіктен, қорқақтықтан, қолапайсыздықтан, қорғансыздықтан пайда болатын ынжықтық мінез жеке тұлғаның жан күйіне, «жаратылысына» байланысты.

Қарашадайынан қиғажу көрініп өскен адам жасқаншақ болады. «Ықаласты бол,

ынжық болма» дейді қазақ. Кейде биязды мінез де жасықтық болып көрінуі мүмкін, бірақ биязы мінезді адамның сөзі қисынды, өзі сүйкімді болады.

Сенімсіздік сезім жеке тұлғаның сағын сындырып, бағын қайтарып, ынжықтығын арттырады. Өмірден соққы көрген адам, сол соққының зардабын тартып, ынжық болады.

Ынжықтық, көбінесе, білімсіздіктен пайда болады. Іс-әрекетті, әр құбылысты толық білмеген адам, ынғайсызданып, ойын іске асыра алмайды да, ынжық тіршілік жасайды.

Өмірден секем алып сескенген, қорлығынан қорыққан адам өз мақсатын орындай алмай опық жейді. Қорқақ адам ынжық болып, қоғамдағы адами орнын олпыландырады. «Тәуекел түбі желқайық, жүзесің де, өтесің» дейді халық.

Қолы іске бара алмай, ойы ақылға жете алмай, қолапайсыз болған адам, тіршіліктегі «тіршілігін» көре алмай, ынғайсыздықтан ырықсыздық жасайды.

Үйренер үлгісі, сенімді сүйеніші жоқ, қорғансыз адам өз ойын орайына келтіріп, ісін ретіне келтіре алмай, қиналады да ынжық болады.

Ынжықтық мінезді тәрбиелеу үшін қамқорлық, қажырлық, байыпты бағалау, үлгілі үйрету тәсілдері керек.

#### Іштарлық мінезді тәрбиелеу

Тарпейілділіктен, қызғаншақтықтан, қытымырлықтан, қараниеттіліктен, қаракандықтан, сараңдықтан, санасыздықтан пайда болатын іштарлық мінез – адамға қырсық.

Пейілі – тар, зейілі – зәр, адам ешкімге жақсылық ойламайды, қимайды, біреудің қуанышын көрсе, қуарып, табысын көрсе, тарынып, өскенін көрсе, өртеніп, кең дүниені тарылтып, талағынан жарылады да, көңілі көтерілмейді.

Іштарлық, көбінесе, қызғаныштан пайда болады. «Іші тар қатын ұл таппас» деп, халық іштарлықтың кесір-кесапатын кесіп айтады. Қызғанудан «іші күйіп, у жалайды».

Іштар адамның қолы – сараң, мінезі – қытымыр болады. Алуға – бар, беруге – жоқ

берекесіз адам қытымырлықтың азабын тартады. «Береген қолым – алаған» деп, қазақ халқы қытымырлыққа ұрпағын қарсы тәрбиелейді.

Іштар адам – қараниетті, ол әркімге жамандық ойлайды, біреу – өлсе, «жері кеңіп қалғандай» сезімде болады, біреу жамандық көрсе, «сауап бопты дейді».

Іштар адам қарақан басын ғана ойлайтын өзімшіл, өнегесіз, көргенсіз болады. Оның жанына жаны ашымайды, ағайынға адам ретінде жақсылық жасауды білмейді де, өз қадірін өзі кетіреді.

Іштарлық мінезді үлгілеу, дәлелдеу, мойындату, шығарма талқылау, ұжымдық әсер тәсілдерімен тәрбиелеуге болады.

**Резюме**

*В статье рассматриваются способы воздействия на негативные проявления у молодежи в национальном воспитании.*

**Summary**

*In the article is considered ways of influence the negative displays young people in national education.*

**КОНФУЦИЙ ЖӘНЕ АДАМ ТӘРБИЕСІ**

*Ізтілеуова Салтанат Далбайқызы –  
ҚазҰПУ-дың Абайтану  
ғылыми-зерттеу орталығының  
жетекші-ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының докторы*

Адамзаттың озық ойы ғасырлар қойнауынан бастау алады. Олардың көтерген мәселелері барлық халықтарға, мемлекеттерге және түрлі қауымдастықтарға ортақ. Себебі адамзат дамудың белгілі бір заңдылықтарына сәйкес өркендейді. Бір елдегі озық ой, өркениетке бастайтын стандарттар мен құндылықтар басқа елдерге жылдам тарайды. Әсіресе жалпыадамзаттық құндылықтар, мұраттар мен идеялар ортақ болуға бейім. Оларсыз өркениет пен таным дами алмайды.

Бүгінгі жеткен дүниетанымдық және гуманистік құндылықтар өзінің бастауын б.з.д. VIII – II ғасырлардан алады. Ол осы ғасырларда остік уақыт, яғни әлемнің бернеше нүктесіндегі қат-қабат адамзаттың рухани сілкінісін, жаңа дүниетанымын әкелген өзгерістер болған. Персияда рухани ойдың дамуы Заратуштра есімімен байланысты болса, Грецияда Гомер, Демокрит, Платон

сияқты философтар шоғырымен анықталды. Ал, Қытайда бұл құбылыс Лао – цзы және Кун – цзы есімдерімен байланысты. Соңғы есім иесі әлем халқына Конфуций деген атпен танымал болды. Оның Қытай халқы ғана емес, бүткіл әлем өркениетіне ықпал еткен рухани мұраны жасаушы болғандығына ешкім дау айтпайды.

Конфуций ілімінің басты ерекшеліктерінің бірі – оның Қытай халқының ырымдарына, дәстүрлеріне және салт-нанымдарына сүйенуі еді. Адамның әрбір қылығы мен әрекетінің мәні неде деген қағидаға жүгінеді. “Егер білетін болсаң білем деп айт, ал білмейтін болсаң, білмеймін деп айт”. Ақын түрлі жырларды оқумен қалыптасса, мінез – қатаң ережелерді сақтаумен қалыптасса, түпкілікті білімді музыка береді”, – деп есептейді Кун – цзы. Оның заманында б.з.д. VI ғасыр білімді болу үшін 6 өнер түрін меңгеру керек: ырымдарды сақтау, музы-

каны түсіну, садақ ата білу, ат – арбаны басқару, оқи білу, математиканы білу.

Отыз жасқа кеткенде Конфуций көне қытай мәдениетінің жетістіктерін меңгереді. Осы уақытта оның этикалық-философиялық дүниетанымы да қалыптасады. Бұл алдымен “жэнь” концепциясы (ізгілік, адамды сүю) және “ли” (ереже, этикет). Мұнда ли жэньнің ең жоғарғы көрінісі ретінде түсініледі. Демек, ережелерді қатаң сақтау ізгілік пен адамды сүю көрінісі болмақ. Осыдан конфуциалдық доктринаның тіректі қағидаларының бірі – қызметкердің, чиновниктің мемлекет басшысына міндетті түрде адал болуы, оған берілген болуы туады. Мемлекеттегі, елдегі тепе-теңдік пен жарасымдылық патша мен қызметкердің бір-біріне адалдығында. Сонда ғана билік пен әділеттілік қауышады, – деп біледі Кун – цзы.

Билік пен әділділіктің бірігуі Аспан талабы. Осы бірліктен “ортаңғы жолмен жүру” (жун - юн), немесе “ортаңғы” идеясы туады. Кун – цзы шектен шығудың қауіптілігін ескертеді. Әрбір құбылыстың ортасын ұстау маңызды. Қоғамдық құбылыстардың ережелердің, ырым – ритуалдардың сақталуы мен орындалуы жағдайында өрбігені дұрыс. Сондықтан конфуциандық дәстүрге басқару дегеніміз ережелер мен ырымдарды (ритуалдарды) орындау болып табылады. Басқару ережелер арқылы өзінді түзету. Ал, түзету адамның негізінде болатын “жүректің туғандағы тазалығы” қайта оралу.

Конфуций адамзат табиғат пен адамды бірге қамтитын жалпыға ортақ тәртіпке бағынып өмір сүреді деп білді. Ол материалдық және рухани саланы да қамтып тіршілік иелерінің, тіптен сананың да өсуін өз заңдылықтарына бағындырады. Конфуций үшін “рухани сілкініс дегеніміз адамның толыққанды өмір сүруі”/1/.

Конфуций дүниетанымы мен шешімдері марксистік, одан кейін батыстық методологияға жүгінген қазақ ғалымдарына мүлдем тың таным. Оның түрлі ережелер, ритуалдар, симфолдарға және ырымдарға негізделген жүйесін түсіне қалу тіптен

онай емес. Конфуций құпиясы Қытай халқының ұзақ тарихи дамуындағы саналық эволюцияларға негізделген. Конфуцийда астарлы мәнге толы қағидалар ұсынылады. Осы қағидаларды басшылыққа алу арқылы қоғам, мемлекет және адам түзелу, түзету жолын ұстанады. Бұл ұстаным елдің саяси тұрақты дамуында жетуші күшке айналады.

Конфуций үшін ізгілік, түсінік, еріктілік жолы маңызды. Онымен пікірлескен шәкірттерінің бірі мемлекетті басқару ісі хақында “жолы барларға жақындату үшін жолы жоқтарды жазаласақ қалай болады”, – деп сұрақ қояды.

Конфуций жауап береді:

– Сіздің қолыңызда басқару тізгіні, Сізге жазалаудың қажеті не? Сіз жақсы істермен ғана айналысыңыз, сонда барша халық барлық жақсылыққа ден қояды. Қадірменді басшының жақсылығы – жел, ал халықтың жақсылығы – шөп. Шөп желдің бағытына иіледі /2/.

Екі үш жолдан ғана тұратын трактатта аса мәнді мемлекетті басқару принципі көтерілген. Конфуций елдің күші басшысында. Ал, басшының күші жақсы істермен үлгі бола білуінде. Басшының жақсы істерін халық үнемі қолдап кетуге дайын, – деген шындықты ойшыл нәзік астармен жеткізеді. Шындығында, мемлекеттің кері кетуі басшылардың заңсыз әрекеттерге баруынан, биікті қарақан басының пайдасына жаратуға ұмтылуынан басталатыны белгілі. Конфуций мемлекетті басқаруда ізгіліктің, саналықтың, тәртіптің және ережелердің басым болуын қалайды. Ол үшін диктатура мен зорлық жүйесі билікке зиянды болып есептеледі. Конфуций “Қайырымдылыққа иек артқан Билеуші Темірқазық жұлдызындай, өз орнынан міз бақпайды. Басқа жұлдыздар оған қарап сап түзейді”, – деп айтады. Бұл ой түрленіп әл-Фарабиде қайырымды қаланың басшылары туралы айтылса, Абай мен Шәкәрімде “не істейді өңшен нөл, единица болмаса”, – делініп адамның, тұлғаның кемелдігі туралы идеяға ұласады.

Конфуцийдің трактаттарынан Абай көксе-

ен “толық адам”, Шәкәрім армандаған “ұжданды адам”, “шын таза жан” үлгілерімен үндестік байқаймыз. Қытай ойшылы “адамдарға танымал емеспін деп қиналмайтын адам парасатты. Достарың алыстан іздеп келсе саған қуаныш емес пе? Оқып ұдайы жетілуге ұмтылу бақыт емес пе?”, – деп түйіндейді. Демек мақтаншақтық, өркөкіректік, жалған атақ, билікқұмарлық адамға зиянды. Қарапайым, абзал жандар адамды алыстан өзіне тартады. Ал, осындай адам білім мен өнер үйренсе нұр үстіне нұр болады, – деген ойды анық ұғынамыз және үлгі етеміз. Конфуцийда қазақ ойшылдары сияқты қарапайым адами құндылықтарға ден қою арқылы өзінің тәрбиелік, насихаттық және рухани ұстаздық үлгісін ұсынады.

Адамгершіліктің жасандылықпен және әдемі айтылған жалған сөзбен мүлдем қауышпайтынан ескертеді Конфуций. Қытай халқын ұстаз ұлттық тамырларға, яғни ұлдың әкеге құрметіне, ал әке мен ұлдың билеушіге құрметіне шақырады. Үлкенді сыйлап үйренген ұл Билеушіні де сыйлауды біледі. Ондай ұл үшін бүлік пен көтеріліс жат қылық. Мемлекеттің тамыры сыйластықта, адамдардың өзара сыйластығы дамудың жолы. Осындай жолды таңдасақ адамгершілікті таңдағанмыз емес пе?, – деген терең қағидалық тұжырымды күн тәртібіне қояды.

Бұл ойлардың қазіргі адамзат қоғамы үшін маңыздылығы бір мысқал да кеміген жоқ. Өкінішке орай үлкен мен кіші арасындағы, ер мен әйел арасындағы, билік пен халық арасындағы өзара сыйластық құбылысына терең сызат түсуде. Сыйластыққа түскен ауру халықты меңдей берсе халық адамгершілік сапаларынан мүлдем алыстап кетпек. Қазір заманды “ақша патша” билеп тұрғанда, прагматизм философиясы сананы жаулап тұрғанда Конфуций ұсынған “сыйластық” категориясының рухани құтқарушылық рөлі арта түсуде. Этникалық, әлеуметтік, саяси тұрақтылық баянды болатындығын Конфуций дұрыс анықтап берді. Мәселе, түптің – түбінде жанұядан басталатын өзара

сыйластыққа келіп тіріледі. Конфуций айтып отырған адамның тамыры осы.

Конфуций адам өмірін жақсартып, игілік пен молшылыққа жетелейтін қарапайым шындықтарға ерекше ден қояды. “Көптеген, мыңдаған жүк арбасы шығарылатын аймақтың басшысы іске ұқыпты, қорларға үнемді, әділетті болуы міндетті. Ол адамдарды жақсы көріп, өзгеріп отыратын жыл мезгілдеріне сәйкес еңбекке бастап отыруға тиісті”, – деп көрсетеді. Дананың ойы халыққа түсінікті, қарапайым және пайдалы. Конфуций еңбек процесін ұйымдастырудың барысында үнемділік пен тиімділіктің маңызын ерекше атап көрсетеді. Оның пікірінше табысқа білімділік пен ғылымы барлар тез жетеді. Ал, білімнің бастауында адамгершілік тұрады. Адамгершіліктің бастауында кішілердің ата-анасын құрмет тұтуы тұрады. Сыртта да үлкендерді тыңдау, сақ бола білу, шындықты айту, адамгершілігі бар адамдармен жақын болу абзал, – деп біледі қытай данасы.

Конфуцийдің осы ойына назар салсақ “тыңдай білу, сыйластық – үлкенге құрмет – еңбекорлық – білімқұмарлық” сияқты құндылықтар жинақтала синтезделініп адамгершілік деген аса мәнді адами сапаны жасайды екен. Білімдімін деп кеуде соққан білімді емес, нағыз білімді ата-анасына жан-тәнімен қызмет ете алған, билеушісінің қауіпсіздігі үшін жанын қыйюға дайын, достарына әділ сөз айта білетін жан. Ондай адам өзін білімдімін деп санамаса да білімділер қатарында.

Осы трактатында Конфуций нағыз зиялылықты меңзеп отыр. Нағыз зиялы үшін бірінші кезекте шындық пен әділет болуы маңызды. Ол әділетті өзінен бастайды және маңына әділдіктің нұрын төгуге ұмтылады. Оның билеушімен, ата-анасымен, достарымен және ауылдастарымен қатынасы да әділет пен шындыққа негізделінеді”. Парасатты азамат қатал бола алмаса да, оның білімділігі жетіспесе де, ең бастысы адал және шыншыл болу. Өзіңмен тең еместермен достаспа, қателіктеріңді жөндеуден қорықпа”, – деген

Конфуцийдің ойларының әрбір халық үшін зәрулігі күдік тудырмайды.

Адами құндылықтар аруақтарды, өлгендерді сыйлаудан, ата-текті білуден күшейе түседі. “Ата – тегін білмеу тексіздік”, – деп есептелетін қазақ халқының талабы бұл жерде Конфуцийдің ойымен бірдей болып үндестік тауып тұр. Ұстаз “әкесінің тірі кезінде оның іс-әрекетіне ден қойған, ал ол өлген оның үлгісін үш жыл бойы ұстанған адамды ата-анасын сыйлай білген адам деп есептеуге болады”, – дейді. Қытай халқының ұстазы Конфуцийдің осы ойы қазақтың “Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер” – деген ойын қайталап тұрғандай. Адамдар мені білмейді деп ренжіме, мен адамдарды білмеймін деп ренжі”, “Кедеймін деп қайғырмасаң, бай болдым деп мақтанбасаң жақсы, ал кедей болып жүріп қуана алсаң,

бай болып жүріп тәртіп пен ережелерді сақтай алсаң тіптен жақсы”, – деп есептейді Конфуций.

Жоғарыда айтылған пікірлер мен ойлар Конфуций жасаған жетілген адам “цюнь цзы” (билеушінің ұлы мағынасында) образының бір ғана қыры. Осының өзінде біз Қытай ойшылының ғасырларды және алған қағидагерлік рухани мұраны бүткіл адамзатқа ұсынып кеткендігін сезінеміз, түсінеміз. Конфуций айтқан пікірлер, ойлар мен идеялардан қазақ халқының ұлы ойшылдарының рухани мұрасымен үндестік, сабақтастық анық байқалады. Себебі, жалпыадамзаттық рухани құндылықтар ортақ, олар үшін ұлттық, мемлекеттік шекаралар жоқ. Демек, Қытай халқының данасы Конфуцийдің рухани мұрасы қазақ халқына да жат емес.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Малявин В. Конфуций. – М.: Молодая гвардия, 1992. с. 207.
2. Конфуций. Уроки мудрости: Сочинения. – М.: Эком – Пресс, 1999. – с. 79
3. Пере ломов Л.С. Конфуций: жизнь, ученье, судьба. – М.: Наука, 1983 – с. 58.
4. Конфуций. Я верю в древность. – М.: Республика, 1985. – с. 59.

#### Резюме

*В статье рассмотрены некоторые аспекты педагогических взглядов Конфуция и обоснована идея их актуальности для формирования современной личности.*

#### Summary

*In the article is considered some aspects of pedagogical sights Confucius and the idea is proved of their urgency for formation of the modern person.*

#### Абай атындағы ҚазҰПУ-де сәуір айының 25-ші жұлдызында «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының ұйымдастыруымен өткізген «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты Республикалық деңгейдегі дискуссиялық клуб мәжілісінің отырысынан

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 2012 жылдың 25 сәуірінде «Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие беру мәселелері» атты Республикалық деңгейдегі дискуссиялық

клуб мәжілісінің кезекті отырысы өтті. Мәжілісті Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі Серік Жайлауұлы Пірәлиев ашты.





Ол мәжілістің ашылу салтанатындағы өз сөзінде: Бүгінгідей өркениетті заманда жастар тәрбиесіне ерекше мән беріліп отыр. Тәрбие – ұлттардың нығаюының және ұлттық сана-сезімнің дамуының бөлінбейтін тетігі болатын, сол арқылы әлемдік өркениет пен мәдениеттің дамуында әр халықтың өзінің тарихи тағдарын, өзінің орны мен рөлін жете түсінуіне әкелетін құбылыс.

Осы тұрғыдан алғанда, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған 2012 жылға «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет» – деп атап көрсетуі тәрбие мәселесінің маңыздылығын айқындай түседі.

Бүгінгі таңда тәрбиенің саясаты жастарды ұлттық абырой мен беделді, азаматтық бірегейлікті, патриотизмді, толеранттылықты, жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениет құндылықтары мен моральды меңгеруге, тәрбиелеуге бағытталған.

**Ұлттық тәрбиенің мақсаты** – жастардың тарихи және әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, рухани мұраларды иеленуі, ұлтаралық қарым-қатынастың жоғары мә-

дениетіне қол жеткізуі, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын патриот-азаматты қалыптастыру болып табылады.

Республикада университетімізде тұңғыш рет ашылған Ұлттық тәрбие кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы ұлттық тәрбие бағытында бірнеше ғылыми іргелі және қолданбалы жобаларға қатысып, оқу үдерісіне енгізілген ұлттық тәрбие пәнінің ғылыми-теориялық, әдістемелік жағынан қазақ және орыс тілдерінде қамтамасыздандырылуына үлес қосты:

– Қазақстан Республикасының студент жастарына ұлттық тәрбие беру тұжырымдамасы жасалды.

– Ұлттық тәрбие элективті курсының типтік оқу бағдарламасы дайындалды, ол екі модульден тұрады: «Ұлттық тәрбие негіздері» (2 кредит), «Әдеп негіздері» (1 кредит), «Абайтану» (1 кредит):

– Ұлттық тәрбиенің негіздері, «Абайтану» оқу құралдары, таңдамалы дәрістер жинағы басылып шығарылды.

– Халықаралық деңгейде «Ұлт-

тық тәрбие» журналы ашылды, жалпы дискуссиялық клубқа қатысқан ғалымдардың, мамандардың мақалалары журналға жарияланып отыр.

Сонымен қатар «Ұлттық тәрбие» сериясы бойынша: Ұлттық тәрбие: салт-дәстүр, әдеп-ғұрып негізінде», «Ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері», «Ұлттық тәрбие және дін», «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» және т.б. оқу құралдары басылып шығарылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен 2009 жылы университет жанынан ұлттық тәрбие жөніндегі Республикалық үйлестіру кеңесі құрылды.

Ұлттық тәрбие дискуссиялық клубы ашылғаны өздеріңізге белгілі. Бүгінгі таңға дейін дискуссиялық клубта

- Тұлғалар дәрісі;
- Отбасындағы ұлттық тәрбие;
- Балабақшадағы ұлттық тәрбие;
- Жалпы білім беретін орта мектептегі

ұлттық тәрбие тақырыптарында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, республикадағы белгілі ғалымдар, жоғары педагогикалық оқу орындарының профессорлары, облыстық, қалалық білім департаменттерінің, мектептерінің басшылығы, мамандары, тәжірибелі мұғалімдері шақырылып, олардың ұлттық тәрбие жөніндегі ой-пікірлері, көзқарастары талқыланып, тиісті тұжырымдар жасалды.

Бүгінгі өткізіліп отырған дискуссиялық клуб жұмысы жоғары мектептегі ұлттық тәрбие мәселелеріне арналады. Аталған дискуссиялық клуб отырысына белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ұлттық тәрбие мәселесін зерттеп жүрген әр саланың мамандары қатысып отыр. Республиканың барлық аймақтарынан, қоғам қайраткері, философия ғ.д., профессор А.Айталы, п.ғ.д., профессор Ж.Ж.Наурызбай, п.ғ.д. және псих.ғ.д., ұлттық психология ғылымдарының негізін салушы, профессор Қ.Б.Жарықбаев, педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар Қ.Бөлеев, Г.Т.Тұрсынова, К.Ж.Кожаметова, Ш.Т.Таубаева, Ә.Табылдиев, Ш.И.Жанұзақова, Д.М.Жүсіпәлиева, А.С.Мағауова, Х.Қ.Шалғынбаева, С.Қ.Әбділдина, Ш.Сатиева, К.Ж.Төребаева, Ғ.М.Кертаева, Е.Ө.Жұматаева, ғылым кандидаттары Г.Белгібаева, М.Құрсабаев, Қ.Анарбаев, Р.С.Қасымова т.б. Осы мәжілістің ұйымдастырылуына Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұлттық тәрбие беру мәселесін жандандыруға және аталған дискуссиялық жұмысқа университет ғалымдары К.Н.Нарибаев, М.Мырзахметов, М.Қойкелдиев, Ж.И.Намазбаева, М.А.Нуриев, Ф.Ш.Оразбаева т.б. және «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының профессор-оқытушылары белсене ат салысты.



Дискуссиялық клуб пікірсайысында «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор, ХБҒА-ның академигі Сауле Тоқтарқызы Иманбаева «Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие беру – әлеуметтік педагогикалық мәселе» атты тақырыпта өз баяндамасын жасады: «Біз бүгінгі баяндамамызда мынандай ауқымы зор, келелі мәселеге көңіл аударғымыз келеді. Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру. Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие беру, жалпы тәрбие беру – бүгінгі күн тұрғысынан алғанда өзекті, әлеуметтік – педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында жігерлі, батыл, интеллектуалды қасиеті жоғары азамат тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Бұған бүкіл қауым – ата-ана, қоғам, зиялы қауым өкілдері болып ат салысқан жағдайда өз шешімін табуы сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына әр жылғы жолдауларында, «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасында ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім жүйесімен кіріктіру, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы, ақпараттандыру технологиясы, негізгі халықтың рухани – адамгершілік құндылықтарын дамыту стратегиялық бағыт болып отыр.

– білім беру жүйесін жаңашылдық тұрғыда дамыту;

– білім беру жүйесін, жалпы қоғамды ақпараттандыру;

– тұлғаның, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие беру жобаның негізгі бағыттары болып табылады.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасында негізгі бағыттардың бірі рухани-

адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру бағыты бойынша атқарылып отырған іс-шараларға – бүгінгі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті аясында атқарылып отырған жұмыстар негіз бола алады.

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен Үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие беруге байланысты Республикалық үйлестіру кеңесінің құрылуы. Үйлестіру кеңесінің мүшелері елімізге танымал, қоғам қайраткерлері мен белгілі ғалымдар.

– Қоғамның әлеуметтік даму жағдайында жоғары оқу орындарында тәрбие берудің жаңашылдығы Тәлімгерлер институтының құрылуы. Тәлімгерлер институты Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында берілген тәрбиенің бағыттарын толықтай қамтып отыр. Мемлекеттік деңгейде дайындалған тұжырымдаманың негізгі өзегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі дайындаған «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы» бағыттар жан-жақты қамтылған. Тәрбиенің басым бағыттарына:

1. Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбиесі
3. Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру.
4. Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру
5. Эстетикалық тәрбие
6. Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта
7. Еңбек және экономикалық тәрбие
8. Кәсіби-шығармашылық тәрбие
9. Интеллектуальді мәдениетті дамытуды қамтиды

Студенттің интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру – белсенді ойлау қызметінің дамуын, негізгі құндылықтарды және осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, олардың сана-сезімінің

сенімді және қажетті біліммен толығуын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту.

Студенттің интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру идеясы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тәрбие тұжырымдамасында жан-жақты қарастырылып отыр.

Студент жастардың рухани-адамгершілік әлеуетін қалыптастыруда 2008 жылдан бастап «Ұлттық тәрбие» элективтік курстың университеттің оқу тәрбие үдерісіне енгізілуін атап өтуге болады. Республикада алғаш рет университет ректоры С.Ж.Пірәлиевтің басшылығымен «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылды, «Абайтану», «Тұлғатану» орталықтары құрылды.

«Ұлттық тәрбие» атты республикалық деңгейде ғылыми журнал жарыққа шықты. Аталған журналды Халықаралық журнал деп атауға болады, себебі журнал Франция мемлекеті Парижде Халықаралық орталықта тіркелген. Журналдың халықаралық деңгейде жетістікке жетуіне белсене ат салысқан ғалым, Жаңашыл технологиялар және білім мазмұны ғылыми зерттеу институтының директоры М.А.Нуриев.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралардан біздің қоғамда, әсіресе Абай атындағы Ұлттық университетте атқарылып отырған іс-шаралар тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, ұлттық тәрбие мәселесіне аса көңіл бөлінгенін байқауға болады.

Кезінде алаштың азаматтары негізін қалаған ұлттық білім беру жүйесі бүгінгі таңда өз дәрежесінде жалғасын тапқанын көруге болады.

ХХ ғасырдың басында ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б. ұлттық білім мен тәрбие жүйесінің негізін қалады. Зиялы қауым өкілдерінің негізгі миссиясы – бақытты зиялы ұлтты қалыптастыру еді.

Алғашқы «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев ұлттың бақытты болу үшін неге көңіл аудару керек екенін нақты көрсете білді.

Ғалымның айтуынша «Ұлт бақыты – тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі – әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», – қоғам мүшелерінің бақытты болуы ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады.

Осыдан бір ғасыр бұрын жазылған тұжырым ХХІ ғасыр қоғамын қалыптастыруда негізгі мұрат болып табылады. «... әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», – деп ұлттық тәрбиеге аса мән береді.

Расында да, ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық рух, ұлттық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады. Ұлттық парыз, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. Ұлттық идея – рухани құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді. Ұлттық рух – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті. Ұлттық идея – ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі.

Жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық мұра мен ұлттық байлығымыз екені дау туғызбайды. Ұлттық рухты қалыптастыруда жеке адамның рухы мен халықтың руханилығы негізгі орын алады.

Қоғамда ұлттық, ұлттық патриотизм, ұлттық тәрбие ұғымына әртүрлі көзқарас бар. Ұлттық деген ұғымды жекеленген, оқшауланған ұғым деп қабылдауға тырысады. Жок, ұлт бар жерде, ұлттық патриотизм бар. Қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл – тарихи шындық.

Ұлтжандылық дегеніміз – елі мен

жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үрдісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен өзара сабақтастыру жағдайында, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттер қатарынан көрінуі тұтас педагогикалық процестен күрделі, түбірлі өзгерісті талап етеді.

Философиялық тұрғыда «ұлттық идея», «ұлттық идеология» елдің іргетасын қалыптастырады», – деген тұжырым жасайды.

Осы тұрғыдан алғанда философ Ә.Нысанбаевтың «Қазақстан секілді біртұтас унитарлық елде «ұлттық» және «мемлекеттік» сөздері бір ғана мағынада қолданылуы қажет. Әлемдік түсінікте де солай. «Ұлттық идея» десе мемлекеттік идея деп біледі. Біз бұдан былай осы түсінікті бойымызға сіңіруіміз қажет.

Философ А.Айталының тұжырымдауы бойынша “Өркениетті ел, ұлт деп мәдени құндылықтарды өз бойына сіңіре білген, өз ерекшеліктерін басқа өркениетпен ұштастырылған мемлекеттер мен халықтар ажыратылады” деп атап көрсетсе, «Этникалық мәдени білім беру» тұжырымдамасының авторы Ж.Ж.Наурызбаев ұлттық идеологиямыздың негізі болып табылатын ана тілі, ұлттық мәдениет мәртебесі «Қай халық үшін де ұлы мұрат ана тілі мен төл мәдениетін сақтау және болашаққа аманаттау міндеті – ең алдымен білім беру саласымен байланысты» деген тұжырымдары бүгінгі біздің педагогика ғылымының, ұлттық тәрбие пәнін оқытудың әдіснамалық негізі болып табылады.

Ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, жалпы философия, психология, әлеуметтану, филология т.б. ғылымдары саласы бойынша көптеген іргелі зерттеу жұмыстары жүргізіліп отыр. Университет ректорының

басшылығымен «Жоғары оқу орындары жағдайында ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру» атты ғылыми жобаға алыс және жақын шетел ғалымдарымен бірлесе отырып іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған жобаның нәтижесі ретінде «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру» атты тұжырымдама, «Жоғары оқу орындары жағдайында зияткер ұлт әлеуетін қалыптастыру» атты монография дайындалды.

Ерекше атап өтетін жағдай «Ұлттық тәрбие» пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің оқу-әдістемелік кеңесінде педагогикалық мамандықтар бойынша білім бағдарламасына енгізіліп отыр. «Ұлттық тәрбие негіздері» атты элективті курсына қамтылған мазмұнның ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2012-2020 жылға дайындалып жатқан мемлекеттік кешенді бағдарламада көрініс беруі үлкен нәтиже деп бағалауға болады. Аталған бағдарламаны дайындауға қоғам қайраткерлері, депутаттар мен көрнекті ғалымдардың ішінде университет профессоры Н.Н.Хан қатысты.

Дискуссиялық клубта қамтылып отырған ұлттық тәрбие, интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру тек педагогикалық мәселе тұрғысынан ғана қарастырылмайды. Бұл мемлекеттік мәселе.

Н.А.Назарбаевтың “Тарих толқынында” атты еңбегінде ұлттық келбетті ұлықтау үшін ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдісті танып, түсіну арқылы, мемлекет дамуының жалпы бағыттарын нақтылау көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің еңбектерін, әр жылдардағы халыққа жолдауларын талдай келе, қазақ деген халықтың әлемдік дәрежеде танылуы, оның ұлттық рухында, болмысында, ұлттық санасында, танымында, мінезінде, ділінде, т.б. екенін негіздей отырып, ұлт келбетінің сипаттамасын айқындайды (Сызба 1).

**ҰЛТ КЕЛБЕТІ:**

- Ұлттық сана
- Ұлттық тарих
- Ұлттық сезім
- Ұлттық тіл
- Ұлттық құндылық
- Ұлттық дәстүр
- Ұлттық салт
- Ұлттық мүдде
- Ұлттық қасиет
- Ұлттық болмыс
- Ұлттық таным
- Ұлттық жадын
- Ұлттық намыс
- Ұлттық мұрат

**Сызба 1 – Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектеріндегі ұлт келбетінің сипаттамасы**

Елбасы “Бүгінгі идея – еліміздің бүтіндігін, тыныштығын, тәуелсіздігін сақтап, оның экономикасы мен мәдениетін дамыту, ілгері тұрған елдермен теңдес болу” және “ұлтаралық бірлікті сақтаушы атамекеннің иесі – қазақ халқы”, – деп қазақ халқына, ұлтымызға үлкен сенім артады.

Автор еңбегінің ғылыми негізі мынада: “ұлттық идея дегеніміз ол біздің арманымыз (егемендігімізді, тәуелсіздігімізді сақтап қалу), намысымыз (бақытымызды мықтап ұстау, айырылып қалмау), сеніміміз (еліміздің ұдайы дами беруі), тірегіміз (еліміздің тыныштығы, бейбітшілік, басқа елдермен достық қарым-қатынастарымызды арттыра беру).

Біздің басты ұлттық идеямыз – қазақ екендігімізді, мол тарихымыз, бай тіліміз, адамгершілікке негізделген әдет-ғұрпымыз, салт-санамыз, орасан зор ауыз әдебиетіміз, кең дамыған дүниетанымымыз, биік рухымыз, жайдары-жайсаң мінезіміз бар, батыл да, батыр халық екендігімізді әлемге жеткізу, әлем тарихынан өз орнымызды табу”.

«Тарих толқынында» атты еңбекті ғылыми зерделегенде мемлекет алдындағы негізгі ұлттық мұрат – халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігі, ұлттық құндылықтар негізінде өркениетті елдер қатарында болу (Сызба 2)



**Сызба 2 – Тәуелсіз Қазақстан Президентінің мемлекеттік мұраты**

Қазақ халқы елі мен жерін жауға бермей ұрпақтарына аманаттауы бұл ұлттық рухтың биік шыңы деуге болады. «Қазақ» деген терминнің өзі ер, ер жүрек деген мағынадан туындағандықтан, ұлттың бойындағы қасиеттер де ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұра іспеттес.

Қазіргі таңда ұлттық идеологияның іске асыруда, яғни интеллектуалды тұлға әлеуетін қалыптастыруда университет ректорының басшылығымен және ғылыми зерттеу орталықтары, институттары, кафедрадағы профессор-оқытушылар құрамы көптеген іс-шаралар жасап отыр. Ұлттық идеологияны іске асырудың бір жолы – университеттің оқу тәрбие үдерісіне енгіліп отырған «Ұлттық тәрбие» пәні. Үш жылда ғылыми-зерттеу жұмысының жетістігін, жеткен нәтижесін айқындауға мүмкіндік болды. Эксперимент нәтижесі жақсы көрсеткіштерді беріп отыр.

Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие беру әлеуметтік-педагогикалық тұрғысынан қарастыратын болсақ - қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, ұлттық пен өркениеттік мәдениетті менгерген, интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын патриот - азаматты қалыптастыру болып табылады».

Келесі баяндаманы п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры **Хан Наталья Николаевна** «Национальное воспитание студенческой молодежи как основа формирования интеллектуальной нации» атты тақырыпта өз ойын баяндады. В современном мире, когда на фоне мирового кризиса в XXI век постепенно входит новый тренд – Общество Всеобщего Труда [1], сам человек его знания, духовность становятся важным стратегическим ресурсом развития цивилизации. В связи с этим на первый план выходят такие ценности как интеллектуальный капитал, человек труда, инновационное мышление. Человек должен соответствовать уровню высокотехнологичного производства, современной науки и культуры.

Молодежь Казахстана, в том числе профессионально ориентированная студенческая молодежь, представляет интеллектуальный потенциал нации, от которого во многом зависят национальное развитие страны, ее процветание. В Казахстане почти третья часть населения (4 млн. 616 тысяч человек) – молодежь в возрасте от 14 до 29 лет. Общая численность студентов ВУЗов в республике на начало 2011/2012 учебного года составляет 629 тысяч 507 человек, среди них - представители более 85 этнических общностей [2].

Поэтому на современном этапе особую значимость приобретает проблема успешной социализации, воспитания студенческой молодежи.

Проблемы воспитания в каждой стране наряду с общими мировыми тенденциями, рассматриваются с учетом ее собственных задач и приоритетов. Объективные процессы социально-экономического развития независимого Казахстана, имеющего высокую степень этнического многообразия, обнажили ряд проблем в воспитании молодого поколения. Это трансформация жизненных ценностей молодого поколения, снижение его духовного потенциала, ослабление воспитательной роли семьи, недооценка этнического элемента в воспитании, аполитичность, рост числа молодых людей с девиантным поведением, социальная пассивность и др.

Решение этих проблем требует обновления содержания воспитания, усиления воспитательных и социализирующих функций образовательного процесса в учебных заведениях. Поэтому, выстраивая воспитательную систему, вуз должен ориентироваться на достижение национального воспитательного идеала, того образа личности студента, который имеет приоритетное значение для общества в современных условиях.

Мы придерживаемся точки зрения, что воспитание следует рассматривать в контексте процесса социализации, как его составную часть, социально-педагогический

процесс, относительно контролируемый и педагогически регулируемый, направленный на формирование социальных компетенций, социальной зрелости, раскрытие творческих возможностей и самоутверждения личности посредством включения ее в различные виды социальных отношений.

Одним из новых подходов к проблеме воспитания в высшей школе, является идея национального воспитания, выдвинутая ректором КазНПУ им. Абая, профессором Пралиевым С.Ж. Дальнейшее развитие этой идеи было связано с научным обоснованием, методическим обеспечением и технологическим оснащением.

В казахстанском обществе, в котором главными условиями развития и успеха являются единство и согласие многонационального народа, формирование интеллектуальной нации, воспитание человека должно быть дополнено понятием «национальное воспитание», которое необходимо для активной и успешной жизнедеятельности в открытом поликультурном и полилингвальном мире.

Национальное воспитание является органической частью развития общества, государственной задачей. Это социальный заказ общества для образования. А «Национальное воспитание студенческой молодежи – это педагогически организованный процесс взаимодействия преподавателя и студентов, направленный на формирование личности выпускника вуза с высоким уровнем национального самосознания на основе национальных и общечеловеческих ценностей, гражданина и патриота Республики Казахстан» [3].

Национальное воспитание направлено на решение таких проблем, как развитие интеллектуального потенциала обучающегося, формирование национального самосознания личности, проявляющегося в гуманизме, гражданственности, патриотизме, достоинстве, в культуре межнационального общения, поликультурности.

Целью и результатом национального

воспитания является личность выпускника с высоким уровнем интеллектуальных способностей, национального самосознания.

Обобщение структурных компонентов национального самосознания как составляющей структуры личности позволило выделить следующие элементы национального самосознания студента, гражданина Республики Казахстан:

– осознание личностью своей принадлежности к определенной этнической, гражданской общности, понимание и реализация своих гражданских прав и обязанностей;

– представление об общности исторического прошлого, исторической памяти народа;

– стремление к демократии, как форме участия всех граждан в решении вопросов государственной важности, социальная активность;

– развитие интеллектуальных способностей, осознание значимости профессиональной компетентности; своего жизненного предназначения, полноценной личностно-профессиональной самореализации, желание работать на процветание своей страны;

– знание составных частей национальной культуры; приобщение к общечеловеческим, национальным ценностям;

– готовность и умение общаться на родном языке, на государственном, а также на языке межнационального и международного общения;

– толерантное отношение к представителям других национальных культур, высокий уровень культуры межнациональных отношений, умение жить в мире и согласии с людьми разных национальностей и вероисповеданий.

– способность к постоянному обучению, креативному мышлению, инициативе, социальной ответственности;

– сформированность духовно-нравственных ценностей [4].

Все вышеперечисленные компоненты, характеризуют личность как гражданина и патриота своей страны, полноценного представителя интеллектуальной нации.

Национальное воспитание в вузе можно представить как управляемую социализацию, целенаправленную деятельность, ориентированную на создание условий для развития интеллектуального потенциала личности студента, духовности обучающихся на основе общечеловеческих и национальных ценностей, оказание им помощи в жизненном самоопределении, нравственном, гражданском и профессиональном становлении, обеспечение самореализации, правовой защищенности личности.

Кафедрой национального воспитания и самопознания в проведена работа по научно-методическому обеспечению, внедрению основ национального воспитания в образовательный процесс вуза (Концепция национального воспитания студенческой молодежи; Типовая программа дисциплины «Основы национального воспитания студенческой молодежи (НВСМ)» на основе Концепции; Курс лекций по национальному воспитанию).

В настоящее время программа, рассчитанная на 2 кредита, переработана и дополнена в соответствии с современными нормативными документами, определяющими функционирование системы образования в Республике Казахстан. Программа также связана с содержанием «Типового комплексного плана по усилению воспитательного компонента процесса обучения во всех организациях образования». Основанием плана является Указ Президента Республики Казахстан от 30 января 2012 года №261 «О мерах по исполнению общенационального плана мероприятий по реализации Послания Президента Республики Казахстан от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана».

В настоящей программе представлены следующие темы:

1. Национальное воспитание студенческой молодежи – основа развития интеллектуального потенциала нации.

2. Методологические основы национального воспитания

3. Национальная культура как основа национального воспитания.

4. Национальное самосознание личности студента в национальном воспитании.

5. Национальный язык как стержень национального воспитания

6. Социализация, этническая социализация личности.

7. Факторы национального воспитания студенческой молодежи в Республике Казахстан

8. Влияние СМИ на формирование национального самосознания студенческой молодежи.

9. Межнациональное и межконфессиональное согласие как основа стабильности казахстанского общества.

10. Культура межнационального общения.

11. Образовательное пространство вуза как решающий фактор национального воспитания студенческой молодежи.

12. Молодежная политика в Республике Казахстан.

13. Социально-личностные проблемы студенческой молодежи.

14. Здоровый образ жизни молодежи – условие профессионально-личностного развития студента.

15. Проблемы полового воспитания и подготовки молодежи к семейной жизни.

В программе определены приоритетные направления воспитательной деятельности со студенческой молодежью (воспитание межэтнической толерантности, культуры межнационального общения, здорового образа жизни, готовности к инновационной успешной деятельности, духовно-нравственное, патриотическое воспитание, профилактика девиантного, деструктивного поведения молодых людей и др., которые

являются содержательной основой национального воспитания в вузе.

Факты, явления, понятия раскрываются лишь с ознакомительной целью, для формирования у студента мировоззренческих установок, национального самосознания. Программа курса предназначена для студентов всех специальностей университета и носит практико-ориентированный, интегрированный характер.

Целью преподавания курса «Основы НВСМ» является формирование у студенческой молодежи высокого уровня национального самосознания, ключевых компетенций, включающих в себя готовность к успешной творческой деятельности, развитое чувство понимания и уважения других культур, умение жить в мире и согласии с людьми разных национальностей и вероисповеданий.

Также определены задачи преподавания дисциплины:

1. Формирование активной гражданской позиции, патриотизма, толерантности, ответственности за будущее своей республики у студенческой молодежи.

2. Формирование у студентов уважительного отношения к ценностям этносов Казахстана, к общечеловеческим ценностям и чувства национального достоинства.

3. Осознание студентами необходимости освоения представителями этносов государственного языка.

4. Формирование ценностного отношения личности к здоровому образу жизни и потребности в нем.

Таким образом, в современных социокультурных условиях формируется новый подход к воспитанию студенческой молодежи, как гражданина, патриота, как успешного представителя интеллектуальной нации. Решением этой государственной задачи станет развитие национального воспитания как социального явления, как направления современной педагогической науки и образовательной практики. Это обусловлено процессами демократизации и гуманизации

социальной жизни, стремлением Казахстана занять лидирующие мировые позиции, что напрямую зависит от интеллектуального капитала страны.

Среди перспектив данного инновационного проекта можно выделить:

– разработку национальной стратегии воспитания детей и молодежи, ориентированную на повышение социального статуса национального воспитания в системе образования;

– научные исследования теории и практики национального воспитания должны продолжаться с учетом интеграционного, междисциплинарного подходов, так как одна научная дисциплина не в состоянии охватить все социальные условия и факторы развития;

– постановку вопроса о введении учебного курса «Основы национального воспитания обучающейся молодежи» в государственный образовательный стандарт высшего профессионального образования;

– подготовку педагогических кадров по национальному воспитанию на всех уровнях образования.

Келесі ретте п.ғ.к., «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры Берікханова Айман Ежемханқызы «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Ұлттық тәрбие» курсының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі» тақырыпта өз баяндамасын жасады. Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, тәуелсіздіктің тұтқасын берік ұстанғаннан бері қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өзгерістер де жаңа сапалық деңгейде көріне бастады. Ал қоғамдағы өзгерістердің барлығы білім беру саласына, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына тікелей әсерін тигізетіні анық. Сол себептен білім беру мазмұнында да жаңа көзқарастар, жаңа даму бағыттары, жаңа парадигмалар пайда болып, оларды іске асыру жолдары іздестірілуде.

Осындай жаңашыл идеялар қатарында қазақстанның ең алғашқы ЖОО-ны болып

табылатын білім қарашаңырағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде соңғы 3 жыл бойы «Студент жастарға ұлттық тәрбие беру» тақырыбы ғылыми тұрғыдан зертеліп практика жүзінде игеріліп келеді.

Бүгінгі баршамыздың басымызды бір қарашаңырақ астында біріктіріп отырған негізгі мәселе – ЖОО-да болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беру мәселесі.

Қазіргі ағымы жылдам ақпараттық заманда бүкіл дүниежүзілік қауымдастық мойындап отырғандай экономикалық дағдарыстармен қатар адамдардың рухани дамуында да дағдарыс байқалады. Жастарымыздың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан, адамгершілік және моральдық нормалардан алшақтауы, адамдар арасындағы қарым-қатынастарда ізгілік пен игіліктің жетіспеушілігі көп кездесетіні белгілі.

Сондықтан, ұлттық тәрбие беру идеясының пайда болуы кездейсоқ үрдіс емес. Бұл егеменді еліміздің ертеңін ойлаудан, тынымсыз ізденіс негізінде пайда болған болашақ мамандарға арнайы білімдерімен қатар рухани-адмгершілік тәрбие беру, олардың алған білімдерін ұлт мүддесі мен ұлт игілігі үшін пайдалануға бағыттайтын ұлтжанды, патриот жастарды тәрбиелеу мақсатында университет ректоры, академик С.Ж. Пірәлиевтің жастар тәрбиесіне деген алаңдаушылығынан, үлкен азаматтық жауапкершіліктен туындаған игі бастама.

Бұл бастама Н.Ә.Назарбаевтың «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» деген сөздерінің практикалық көрініс табуы десек те болады.

Осы кәсіби білім беру саласындағы жаңашыл идея барша көкірегі ояу, ұлт болашағын ойлайтын, саналы азаматармен университеттің барлық професор-оқытушылар құрамымен толығымен

қолдауын тауып, осы идеяны іске асырудың тетіктері жан-жақты іздестірілді.

Сол негізгі тетіктердің бірі ретінде 2009 жылы Қазақстан Республикасында ең бірінші рет «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылып, ұлттық тәрбие идеяларының мазмұндық аспектілерін және оны әдістемелік жағынан қамтамасыздандырудың ғылыми негіздері анықталды.

Кафедра ашылғаннан бастап оның профессорлық-оқытушылар құрамы тың идеяны игеруге, оны ғылыми және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге барынша атсалысып тынымсыз еңбек етуде. Осындай ізденіс нәтижесінде, қоғам талабына, Мемлекеттік білім беру бағдарламаларындағы жастар тәрбиесіндегі олқылықтардың алдын алуға, жастар бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мақсатында көптеген жиналыстар, пікірталастар, ой-толғаныстар болды.

Кафедра ұжымы ең алдымен жастар тәрбиесіне қатысты заңдар мен нормативті құжаттарға негізделіп отырып «Студент жастарға ұлттық тәрбие беру Тұжырымдамасын» дайындады. Тұжырымдаманы жүзеге асырудағы негізгі шарттарының бірі ретінде «Ұлттық тәрбие» курсының Типтік оқу бағдарламасын дайындап оны бекіту болған еді.

Типтік бағдарламада көрсетілгендей «Ұлттық тәрбие» курсының мақсаты – студент жастарда жоғарғы деңгейдегі ұлттық сана-сезімдерін, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылық қатынастарын қалыптастыру; отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін дамыту, сонымен бірге қоғамның адамгершілік мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын әдептілік негіздерін меңгерту.

Аталған типтік бағдарлама негізінде орыс және қазақ тілдерінде «Ұлттық тәрбие негіздері» атты дәрістер курсы жазылып, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы жетекші ғалымдардың назарына ұсынылып, жан-жақты талқыланды. Көптеген жинақталған

пікірлерді басшылыққа ала отырып және оқу пәнінің негізгі көздеген мақсатынан аутқымай алғашқы дәрістер курсы баспадан жарияланып шығып оқу үрдісіне табысты енгізілуде.

Тілге тиек етіліп отырған «Ұлттық тәрбие» курсы – қазіргі қоғамның қажеттіліктерінен, әлеуметтік сұраныстарынан туындаған интегративті курс болғандықтан оның әдістемелік қамтамасыз етілуінде практикалық бағыттылығына баса назар аударылды. Тұжырымдама, Типтік бағдар-

лама, Дәрістер курсына негізделіп отырып «Ұлттық тәрбие» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы, пәннің оқу-әдістемелік кешені, білім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені құрастырылып дайындалды. Кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына сай оның мазмұны кеңейтіліп 15 тақырыпқа дейін толықтырылды. Бұл оқу курсының маңыздылығын ондағы қамтылған тақырыптар тізбектемесінен көрсетуге болады.

«Ұлттық тәрбие» курсының қысқаша мазмұны

№	Тақырыптар
1	Студент жастарға ұлттық тәрбие беру – ұлттың интеллектуалдық потенциалын дамыту негізі ретінде
2	Ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негіздері
3	Ұлттық мәдениет – ұлттық тәрбиенің негізі ретінде
4	Ұлттық тәрбие берудегі студент тұлғасының ұлттық өзіндік сана-сезімін дамыту
5	Ұлттық тәрбие берудің өзегі – ұлттық тіл
6	Тұлғаның әлеуметтенуі, этникалық әлеуметтену
7	Қазақстан Республикасындағы студент жастарға ұлттық тәрбие берудің негізгі факторлары
8	Студент жастардың ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырудағы бұқаралық ақпараттық құралдардың әсері
9	Ұлтаралық және конфессияаралық келісім – қазақстан қоғамындағы тұрақтылықтың негізі
10	Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті
11	ЖОО білім беру кеңістігі – студент жастарға ұлттық тәрбие берудің шешуші факторы
12	Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты
13	Студент жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері
14	Салауатты өмір салтын қалыптастыру – студенттің кәсіби және жеке тұлғалық дамуының шарты ретінде
15	Студент жастарды отбасылық өмірге дайындау мәселелері

Бұл тақырыптар студенттерді қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланыстыра отырып, тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне мақтанып, ұлттық рухты күшейтуге, азаматтық борыш, перзенттік парыз ұғымдарын дұрыс қалыптастырып бағыттауға, болашақ мамандардың кәсіби жауапкершілігін дамытуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Курстың **практикалық бағыттылығы** дәрістер, семинар сабақтарын жүргізуде қазіргі интерактивті оқыту әдістеріне, инновациялық педагогикалық және ақпараттық технологияларына негізделі жүргізіледі. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы қазіргі білім беру саласында кеңінен таралып табысты нәтиже бере алатын *тұлғалық бағдарланған технологияларды, танымдық іс-әрекетті белсендендіру технологияларын, ынтымақтастықты дамыту технологияларын, проблемалық оқыту технологияларын, ақпараттық технологияларды, сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологияларын* кеңінен пайдалануда.

Осындай оқу-танымдық процессті белсендендіру арқылы сабақтар барысында субъект-субъектілік қарым-қатынас орнатылып, оқу үрдісінде әр студенттің ұлттық сана-сезімін оятуға, олардың тәуелсіз Қазақстан азаматы ретінде ұлттық намыс, ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық мінез, ұлттық келбет, ұлттық бірлік сияқты маңызды ұғымдарды тереңінен түсініп санасына сіңіруге қолайлы жағдай жасалуда.

Сонымен қатар, тақырыптардың ерекшеліктеріне байланысты дәрістерге мамандар, волонтерлер шақырылып кездесу сабақтары да қызықты өтеді.

Кафедра ұжымы 2009-2010 оқу жылдарынан бастап студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Республикалық СПИД орталығымен, Қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен тікелей байланыстар орнатып, осы орталықтардан арнайы мамандар мен волонтерлер

сабақтарға шақырылып студенттер арасында түрлі тренингтер, *дөңгелек үстел* жұмысы ұйымдастырылды.

Кафедра негізінде «**Youth Power**» қоғамдық ұйымы көмегімен **ақпараттық-ресурстық орталығы** ашылған. Бұл қоғамдық ұйымдар көмегімен аталған орталықта салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша студенттерге және мұғалімдерге арналған **аудиотека, фильмотека, видеотека қоры, қажетті үлестірмелі әдебиеттер** жинақталған. Студенттер кез келген сұрақтары бойынша қажетті әдебиеттермен қамтылып, арнайы мамандар телефондарына хабарласа алады.

Ең маңызды жетістіктер ретінде осы ұлттық тәрбие идеясын іске асыруға атсалуды қатары кеңейіп ҚР беделді ғалымдары мен университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы осы пәнді әдістемелік қамтамасыз ету үшін көпжылдық тәжірибелерін жинақтап **оқу-әдістемелік құралдар жазуды** қолға алған. Осындай жұмыс нәтижесінде университеттің оқу үрдісінде кеңінен қолданысқа ие болған оқу-әдістемелік **құралдар сериясы** жарық көрді. Олардың қатарында «Ұлттық тәрбие: салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде», «Ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері», «Ұлттық тәрбие: таңдамалы лекциялар», «Ұлттық тәрбиенің патриоттық негізі», «Ұлттық тәрбие: Салауатты өмір салтын қалыптастыру» т.б.

Семинар сабаттары мен СОӨЖ, СӨЖ тапсырмаларының құрастырылуының өзінде практикалық дағдыларды дамытатын мынандай формалары көп пайдаланылады: ұлттық тәрбиеге байланысты әдебиеттер бойынша библиография құру, газет-журналдардағы мақалаларға ұлттық тәрбие тұрғысынан аннотациялар жазу, Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы бойынша «Толық адам» келбетінің моделін жасау, ұлттық тәрбие тезаурусын құрастыру, «Ұлттық бірлік қажеттілігі» туралы дебатар, пікірталастар ұйымдастыру, берілген тақырып бойынша сызба-нұсқалар

құрастыру, видеоматериалдар көрсету, Интернет-материалдарымен жұмыс, шежіре құрастыру, топтық талқылау, бағдарлама құрастыру, эссе жазу, слайдтар дайындау, презентацияларды топтық қорғау, дәрігерлермен кездесу. деректі фильмдерді көрсету, телеарнадағы берілетін хабарларда ұлттық тәрбие туралы айтылған пікірлерді талдау, бейне материалдар көру және оны талдау, т.б.

Осындай әлеуметтік маңызы зор оқу курсына іске асыруда университет әкімшілігі арқылы арнайы **интерактивті тақта, теледидар, аудио аппаратурамен арнайы оқу кабинеттері жабдықталған.** Және сабақ кестесінде де Ұлттық тәрбие тақырыптары бойынша ҚР және ТМД кітаптары.

«Ұлттық тәрбие» сабағының тағы бір ерекшелігі онда **Мемлекеттік нормативті құжаттармен** жұмыс істеу, оларды ұжымдық түрде талқылау тәжірибесі жақсы қалыптасып келеді. Мысалы, ЮНЕСКО-ның «Толеранттық принципі туралы декларациясы», ҚР «Неке және отбасы» туралы Заңы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы, жыл сайынғы Президент жолдаулары, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, «Адам құқығы Декларациясы», «Ұлттық бірлік доктринасы» т.б.

Болашақ маман тұлғасын жан-жақты дамыту мақсатында, олардың рухани-адамгершілік тұрғысынан байыту мақсатында университетте Мекемтас Мырзахметұлының басқаруымен **«Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы қарқынды жұмыс істеп келеді.**

«Ұлттық тәрбие» пәні құрамында «Абайтану» арнайы курсы университеттің барлық факультеттерінде өткізіліп келеді. Осы курстың әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі де мақтауға тұрарлық. Орталық қызметкерлері «Абайтану» арнайы курс пен семинар сабақтарын өткізудің бағдарламасын; оқулығын; хрестоматиясын; арнайы библиографиялық көрсеткішін жасау бағытында жұмыс

жүргізеді. «Абайтану» оқулығы жоғарғы моралдық-рухани құндылықтарға ие, зиялы тұлға қалыптасыру бағытында Абайдың гуманистік, адамгершілік идеяларына басымдық беріле отырып жазылды.

«Абайтану әліппесі» (Абай шығамаларын мектепте электронды әдіспен оқыту). **Электронды оқулық.** Мекемтас Мырзахметұлы. «Абайтану әліппесі». Тұлғаны тәрбиелеуді басқаруды автоматтандырудың кешенді жүйесі. **4 CD дискіден тұрады.**

Сонымен қатар, «Ұлттық тәрбие» курсы **тек оқу үрдісі жағдайында** ғана емес аудиториядан тыс жұмыстарда да жан-жақты жетілдіруде. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары да осы тақырып көлемінде дамытылады. Соңғы жылдары ұлттық тәрбие мәселелері бойынша **студенттердің ғылыми-зерттеу конференциялары** өткізіліп келеді. Жыл сайынғы ҚазҰПУ – де студенттер мен магистранттарға арналған ғылыми конференция. Онда барлық факультеттерден 42 студент тек осы «Ұлттық тәрбие» мәселесіне қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, арнайы мақтау грамоталарымен марапатталды.

«Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» тақырыбында өткізілген Халықаралық жас ғалымдар конференциясында;

Ұлттық тәрбие мәселелерін талқылау, жариялау мақсатында ашылған «Ұлттық тәрбие» журналы жаңашыл технологиялар мен білім мазмұны ғылыми зертеу институтының директоры М.А. Нуриевтің басшылығымен қарқынды жұмыс істеп келеді.

Ұлттық тәрбие кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы тек кафедра көлемінде емес, осы ізгі істі жан-жақты тарату, тәжірибеге енгізу үшін университет көлемінде, республика көлемінде көптеген іс-шараларға белсене қатысады.

Кафедраның білікті ұстаздары Б.С. Сайдахметов, п.ғ.д., доцент С.Д.Ізтілеуова т.б. университеттің тәрбие жетекшілеріне арнап

«Ұлттық құндылықтарды насихаттау мәселелері», «Абай, Шәкәрім шығармалары арқылы жастарды адамгершілікке тәрбиелеу» тақырыптарында шеберлік сағаттарын өткізді.

Кафедра бойынша тәрбие жұмыстарына жауапты, аға оқытушы Сайдахметов Б.С. «Қазіргі жастарды тәрбиелеу: әлеуметтік ынтымақтастық» тақырыбында Ақтөбе қаласында өткізілген (Қараша, 2011 ж.) Халықаралық симпозиумға қатысып, онда ұлттық тәрбие туралы 3 сағаттық шеберлік сағатын өткізіп келді.

Абай атындағы ҚазҰПУ-де ай сайын студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының қатысуымен «Тұлғалар дәрісі» атты атақты қоғам қайраткерлерімен, беделді ғалымдармен, өнер майталмандарымен ұлттық тәрбие мәселелері жайлы кездесулер жүйелі өткізіліп отырды. Осы тәжірибені жалғастыра отырып 2012 жылы университет ішінде «Тұлғатану» орталығы ашылды. Ол орталық тарих ғ.д., профессор Мұқатова Дана Мұқатқызының басқаруымен көптеген игі істермен айналысып келеді. Студенттерді ұлттық тарихымыздағы өнегелі тұлғалармен таныстырып ұлттық рухты күшейтуге, ұлттық сана-сезімді оятуға, тәлім-тәрбие беруге бағытталуда. Осы орталықтың тәжірибесінде Ы.Алтынсариннің, М.Жұмабаевтың, Ж.Баласағұнның, т.б. өмірбаяндарымен таныстырылып үлгі-өнегелері көрсетілді.

Сонымен қатар ұлттық тәрбие мәселелері профессор-оқытушылар арасында да үлкен қызығушылық танытатыны байқалады. Және бұл пән тек осы кафедра оқытушылары үшін емес, басқа да кафедра мұғалімдеріне қажетті болып есептеледі. Әсіресе әлеуметтік-гуманитарлық бағытағы пәндер арқылы студент жастарға ұлттық тәрбие беру үрдісін жетілдіре беру мүмкіндіктері ашылууда. Осы мақсатты көздей отыра Сайдахметов Б.С. университеттің білімін жетілдіру институты арқылы 24-сағаттық курстың бағдарламасын дайындады.

Кафедра ұжымы жүйелі түрде жұмыс

істеп келе жатқан ұлттық тәрбие мәселелері бойынша **дискусиялық клубтың** жұмысына белсене қатысады. Бұл клубтың жұмыс бағдарламасындағы тақырыптардың барлығы үздіксіз ұлттық тәрбие беру идеясына байланысты құрылған. Сондықтан да оның мәжілістерінде отбасындағы ұлттық тәрбие, бала бақшадағы ұлттық тәрбие, мектептегі ұлттық тәрбие, ЖОО ғы ұлттық тәрбие деп жеке-жеке бөлініп қарастырылып келеді.

Сонымен, Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Ұлттық тәрбие» курсының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі жан-жақты қарастырылып, студент жастарды жаңа қоғам талабына сай тәрбиелеудегі табысты тәжірибе басқа да ЖОО қолдануға ұсынылып отыр.

«Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие беру мәселелері» тақырыбындағы дискусиялық клуб пікірсайысының қорытындысынан мынандай ұсыныстар ұсынылып отыр:

1) Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарына арналған жалпыға міндетті білім беру стандарттарының типтік оқу жоспарына «Ұлттық тәрбие негіздері» пәнін енгізу;

2) Ұлттық тәрбие бойынша оқу-әдістемелік кешендер, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар (соның ішінде – электрондық) дайындау және шығару;

3) Республикадағы белгілі ғалымдардың шығармашылық бірлестігі негізінде «Ұлттық тәрбие» оқулығын дайындау.

4) Ұлттық тәрбие беру саласында мақсатқа бағытталған ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және олардың нәтижелерін тәжірибелік іс-әрекетте қолдану;

5) ЖОО-да ұлттық сана-сезімі жоғары деңгейдегі тұлғаның дамуына мүмкіндік туғызатын тәрбиелік-дамытушылық органы құру;

6) Барлық пәндердің, көбінесе гуманитарлық цикл пәндерінің тәрбиелік бағыттылығын қамтамасыз ету мақсатында гуманитарлық пәндер кафедрасының

профессор - оқытушылар құрамымен (ПОК) бірлесе отырып, студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселесіне арналған іс-шаралар өткізу;

7) Ұлттық тәрбиеге сәйкес сайт ашу, оның үнемі толықтырылуын, жарнамасының жүргізілуін қадағалау;

8) Болашақта Республиканың ЖОО-да ұлттық тәрбие кафедрасын ашу және оны құзыретті мамандармен қамтамасыздандыру;

9) Ұлттық тәрбие беру мәселелері бойынша біліктілікті жетілдіру курстары, тренингтер, семинарлар, курстар, ғылыми-практикалық, ғылыми-әдістемелік конференциялар, дөңгелек столдар арқылы ұлттық тәрбие беру мамандарын жүйелі дайындау және қайта дайындауды ұйымдастыру;

10) Абай атындағы ҚазҰПУ ұжымы дайындаған Қазақстан Республикасы студент жастарына ұлттық тәрбие беру тұжырымдамасын негізге ала отырып, оны жүзеге асыру бойынша комиссия,

комитеттер немесе үйлестіру кеңестерін құру (облыстық, аймақтық, аудандық және т.б.);

11) Бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық тәрбиені насихаттау және жариялау;

12) Ұлттық тәрбие мәселесіне байланысты энциклопедиялық сөздік дайындау;

13) Нормативті-құқықтық құжаттармен қамтамасыздандырылу шарттарын құру.

Республикалық деңгейде «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының ұйымдастыруымен өткізген қазіргі таңдағы ауқымы өте кең ұлттық тәрбие мәселесіне қатысты келелі әңгімелер, пікірлер тәжірибе алмасуда маңызы өте зор болды. Күллі ғалымдардың тұщымды ойлары мен ауқымды пікірлерді талқылаумен өткен осы пікірсайыстың ұлттық тәрбие беру мәселесі төңірегіне ауқымды тоқталып, жоғарғы мектеп қабырғасында студент жастарымыз ұлттық тәрбиемізден сусындасын деген келелі мәселе бір ізге түсіп, өз шешімін тапты десек болады.

Анар Керімбайқызы

## ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Әлімов А.Х. –  
доцент,  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Бүгінгі заман адам (тұлға) рөлінің Әлем дамуында, қоғам өмірінде алатын орны мен маңызының күрт өсуімен ерекшеленеді. Қазіргі антропологиялық сипаттағы қоғамда ең басты құндылық – адам капиталы, яғни адамның рухани, зияткерлік және кәсіби әлеуеті.

Мұндай философиялық ұстаным бүгінгі күні қабылданған адам капиталының төрт негізгі қабілеттерімен (қасиеттерімен) тығыз байланысты:

1. Өмір сүре білу қабілеті.

Бұл қасиет адамдардың өз өмірін мейлінше ұзартуға барын салып, оны өз ұрпақтарымен жалғастыруға ұмтылумен байланысты. Адам күнделікті күйбеңнен жоғары тұрып, өзгерістер мен сынақтардан сүрінбей өтіп, саналы да салиқалы өмір салтын құруға тырысады.

2. Жұмыс жасау қабілеті.

Адамның жұмыс жасау қабілеті белгілі уақыт ауқымында өз мүмкіншіліктерінен тыс деңгейде тұтынушы құнын жасаумен байланысты. Жұмыс жасау қабілеті адам-



ның ерікті психикалық процестерінің еріксіз психикалық процестерге (есте сақтау, зейін, ойлау, түйсік, көңіл-күй) қатынасымен өлшенеді. Еріксіз психикалық процестердің басымдылығы адамның еңбек әрекетін бәсеңдетіп, оны еңбекке жарамсыз жасайды.

### 3. Инновацияларға қабілеті.

Адамның өз өмірінің құндылықтарын жүзеге асыра отырып, аумалы-ауыспалы заманда өзіне, адамдарға, өз ісіне деген сенімді жоғалтпай, инновациялық өнім жасай білуі. Инновацияларға қабілет дәстүрлі дүниетаным мен біреулер қабылдайтын, ал басқалар қарсы шығатын жаңа өмір дүниетанымы арасындағы қарама-қайшылықтардан туындаған әлеуметтік пікірталастар мен тартыстарда көрінеді.

### 4. Үйренуге қабілеті.

Адамның білім, білік, дағдыларды игеріп, оларды өмірдің барлық салаларында үнемі туындайтын жаңа мәселелерді шешуде қолдануы. Үйрену қабілеті игерілген білім, білік, дағдылар жиынтығының мақсаттарға жету жолында қолданылатын практикалық білім, білік, дағдыларға қатынасымен анықталады (1, 5).

Әлемдік білім беру жүйесі де бүгінгі күні адам капиталының осы төрт негізгі қабілеттерін дамытуға бағытталуда. Осыған орай білім беру жүйесінің негізгі мақсаты жеке тұлғаны қалыптастырумен байланысты.

Елбасы Н.Назарбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты лекциясында осы мәселені айқындай отырып, былай деп айтқан еді: «Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» (2).

Бұл мақсат Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында жан-жақты сипат-

талған: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» (3).

Тұлға қалыптастыру мәселесі адамзат тарихында ылғи да өзекті болып, адамның басты мақсаттарының бірі болғандығы тарихтан белгілі. Француз жазушысы әрі философы Жан-Жак Руссо өзінің «Эмиль, немесе тәрбие туралы» атты кітабында «Баланы өмір сүруге үйрету керек» деп жазған болатын, өйткені өмір сүру – адамның ең басты мақсаты мен міндеті. Ал өмір сүру дегеніміз өмірдің әрбір мезетін, әрбір көрінісін толыққанды, бар мүмкіншіліктеріңмен, мүшелеріңмен сезіну: дана деп көп ғұмыр сүрген адамды емес, өмірді жан-жақты сезіне білген адамды атамаймыз ба?!

Сондықтан да шәкірт оқу орнының табалдырығынан қандай да бір ғылым иемденіп қана емес, бірінші кезекте адам, тұлға болып шығуы қажет. Ол өз жүрегі мен жанын өмірге және басқа адамдарға айқара ашқан, жалған қағидаларды ұстанбайтын, дүниеге өзіндік көзқарасы бар тұлға болуы керек. Адам болу дегеніміз адамгершілік қағидалар мен құндылықтарды ұстану, өмірдің мәнін өзіңнен емес, басқадан көру, «Өзгелер үшін!» қағидасының «Өзің үшін!» ұстанымынан басым болуы.

Адамзат ғұламалары ықылым замандардан бері осы мәселені ең маңызды деп түсінген. Жан-Жак Руссо XVIII ғасырда «Бізде физиктер, геометрлер, химиктер, астрономдар, ақындар, музыканттар, суретшілер бар, алайда бізде азаматтар жоқ» деп налып айтса, бір ғасырдан кейін орыс педагогы Н.И.Пирогов педагогикалық үдерістің мақсаты «біздерді адам қылу, саудагер, теңізші, солдат, заңгерлерді тәрбиелеу емес, адам мен азамат қалып-

тастыру» деп француз философына үн қосады. Ғұлама хәкім Абайдың да негізгі этикалық ұстанымы (императивы) «Адам бол!» еді ғой... Кезінде Махамбет те келесідей жырламап па еді: «Толарсақтан саз кешіп, Тоқтамай тартып шығарға Қас үлектен туған қатепті Қара нар керек біздің бұл іске!..Қабырғасын қаусатып, Бір-біртіндеп сөксе де, Қабағын шытпас ер керек Біздің бүйткен бұл іске!»

Сонымен бүгінде білім беру жүйесі тұлға тәрбиелеуге бағытталған және де мұнда кешегі зияткерлі (парасатты, интеллектуалды) тұлға қалыптастыру мақсаты рефлексиялық тұлға қалыптасатын орта құрастырумен алмастырылған. Өйткені дамыған елдердің экономикалары нақты емес жағдайда жұмыс жасай білетін, проблеманы айқындай біліп, оны шешу жолдарын белгілеп, стратегиялық бағыттарды айқындай білетін мамандарды (яғни тұлғаларды) көптеп қажет етуде.

Басқаша сөзбен айтқанда, адамзат қоғамына тұлғалар қажет және де тұлғаның тек білімді болуы бүгінде жеткіліксіз. Білім беру жүйесі өзіне-өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін, өзін-өзі бағалай алатын, өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін, өз өмірі мен іс-әрекеттерін жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптасуға мейлінше тиімді жағдайлар жасауы қажет. Мұндай рефлексиялық қасиеттерді бойында қалыптастырған тұлға ғана жаңа Әлем жағдайында өмірдегі өз орнын тауып, қоғам игілігіне нәтижелі еңбегімен қызмет жасауы мүмкін.

Жоғары мектепте тұлға қалыптастыру мәселесі оқу нәтижелерімен тығыз байланысты, тіпті оқу нәтижелері бүгінде жоғары мектептің негізгі қызметіне (функциясына) айналған. Мұндай ұйғарымның себебі мынада: қалай десек те оқу нәтижелері үйренушінің белсенді үйрену әрекеттерімен тығыз байланыста болады. Өйткені білім алу үдерісінің нәтижесі дегеніміз сабақ, пән, бағдарлама, оқудың толық курсы аяқталғаннан кейін

үйренушінің (студенттің, жоғарғы оқу орны түлегінің) қандай білім, білік, дағды, машық иемденетіндігі, оның «не» жасай алатындығы, қолынан «не» келетіндігі.

Осыған сәйкес оқу нәтижелерін құрастыру – әр ЖОО-ның, оның ішінде әрбір оқытушының, әр пәннің міндеті болып танылуда. Егерде бұрынырақта жоғары оқу орындары оқудың мазмұнын құрастыруға ден қойған болса (студенттің «не оқу керектігін» немесе «не білу керектігін» көрсететін бағдарламалар, оқу жоспарлары), енді олар оқыту (оқытушының таңдап алған әдістемесі), оқу (студенттердің өздігімен үйренуі) және бағалау арқылы студенттердің «не білетіндігін», яғни оқу нәтижелерін анықтауы қажет. Сол себепті де жоғары мектепте бұрынғы тар мағынадағы «біліктілік» термині (бітірушінің не білу керектігі) енді «құзырлылық» ұғымымен (бітірушінің не жасай білетіндігі) алмастырылған. Ал бұл дегеніңіз студенттің кең ауқымды контекст аумағында (рухани-моральдік, философиялық, идеологиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, танымдық, т.б.) оқып-үйреніп, өмірдің көлденең тартқан қандай да болмасын проблемаларын шешуге құзырлы болуы керек дегенді білдіреді. Бұл мәселе «өмір бойы азық боларлықтай білім беру» идеясының енді «өмір бойы өздігімен үйрену» («Life long learning») ұстанымына өзгеруінде болып отыр.

Бұл мәселе туралы Елбасы Н.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деп тереңінен айтқан болатын (4).

Қазіргі дәуірдің әлеуметтік және экономикалық даму ерекшеліктерінің бірі ретінде автоматтандыру мен ақпараттық технологиялардың тегеурінін атауға болады. Бұл тенденция тұрақты кәсіптердің өз қасиеттерін жоғалтып, өзгерістерге ұшырап, уақытша сипаттарды иеленуіне әкелуде. Мұндай жағдайда үйрене білу және үйренуге ұмтылу маманның ең басты

қабілеттеріне айналуға. «Өмір бойы үйрену» идеясының қазіргі білім жүйесінің негізгі тұжырымдамаларының біріне айналып кетуінің себебі осындай жәйттермен байланысты.

«Өмір бойы үйрену» тұжырымдамасының негізгі қағидалары нәтижеге бағытталып, оқу/оқыту жүйесінің студентцентристік парадигмасына сәйкес келеді. Өмір бойы оқып-үйрену дегеніміз тұлғаның әлеуметтік, азаматтық тұрғыдан жарқын болашаққа жету мақсатында өзінің білім, білік, машық, дағды, құзырлықтарын үнемі жетілдіруі.

Өмір бойы оқып-үйрену келесі шарттарды ұстану арқылы жүзеге асырылады:

– үнемі жаңа білім игеру мен иемденуге ұмтылу;

– оқу/оқытуда жаңашыл және интер-белсенді әдістерді қолдану;

– оқу/оқытуды бағалау.

Бүгінгі күнгі білімге негізделген қоғам әрбір тұлғадан өмір бойы оқып-үйренуді талап етеді. Мұндай қоғамның өміріне студенттердің (түлектердің) толыққанды қатысуы үшін оқу процесіне, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына төмендегідей өзгерістерді енгізу қажет:

1) Мынандай пәнаралық негізгі біліктерді игеріп, оларды тұрақты түрде жетілдіріп отыру:

а) ақпараттық технологиялар, шетел тілдері, технологиялық мәдениет, кәсіпкерлікпен байланысты біліктер;

ә) әлеуметтік біліктер

– өздігімен оқып-үйрене білу,

– өзгерістерге бейімделе білу,

– ақпараттық ресурстарды қолдана білу,

– жаңа дағдыларды тез арада меңгере білу және жаңа проблемалар мен ситуацияларға бейімделе білу,

– команда құрамында бірлесе жұмыс жасай білу,

– таңдау жасап, шешім қабылдай білу,

– тәуекелге бара білу, т.б.

2) Оқу/оқыту процесін белсенділендіру, ал ол үшін:

а) студенттің өз білімінің мазмұны мен

ауқымын анықтауда және білім игеру ісіне белсенді түрде қатысуына жол беретін оқу/оқытудың жаңа ұстанымдарын таңдау,

ә) студенттің оқуға деген қызығушылығын арттырып, оның аналитикалық ойлау қабілеті мен үйрене білу дағдыларын дамыту үшін оқу процесінде ақпараттық және коммуникативтік технологияларды қолдану.

3) Бағалауды келесі көрсеткіштерді анықтайтын механизмдердің жиынтығы деп түсіну:

а) жоғары оқу орнында оқытудың деңгейін анықтайтын,

ә) студенттердің оқу/үйрену процесіне қатысу деңгейін анықтайтын,

б) практикалық дағды мен біліктер арқылы сипатталатын студенттердің оқу нәтижелерін анықтайтын.

Нәтижеге бағытталған білім оқу процесінде білім алушыны (студентті) бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға студенттерді белсенділендіретін оқу/оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді, өйткені бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды сыртқы ықпалды білдіретін етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады.

Оқу процесі студентке бағытталып, студентцентристік идеяларды ұстанғандықтан үйрену мен үйрету әрекеттері белсенді әрекеттер мен қоян-қолтық қарым-қатынастан тұруы керек. Бұл қарым-қатынас оқытушы мен студенттер, студент пен басқа студент, студенттердің шағын топтары арасында өтеді. Оқу мен оқыту, үйрену мен үйрету мұндай қарым-қатынаста біртұтас қалыпта болып, олардың нәтижесі мен маңызы да осындай қарым-қатынасқа тәуелді болады.

Басқаша сөзбен айтқанда, бүгінгі күні білім беру жүйесінде мәселені тіпті былайша төтесінен қоюға болады: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге/үйретуге болады».

Бүгінде білім беру философиясы мен когнитивтік (танымдық) психология адамның өз қолымен жасағанын есте сақтайтындығын, практикалық әрекеттер арқылы (бірінші кезекте бірлескен ұжымдық әрекеттер) үйренетіндігін, оған өзі жасағаны қызық екендігін дәлелдеген секілді.

Халық даналығы да осыны растап тұр: «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас!» Екі жарым мың жыл бұрын қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін!» Бұл идеяны ХХ ғасыр басында Мария Монтессори өзінің тамаша үйрету жүйесінің негізгі қағидасы ретінде қайталаған: «Менің өзім жасауым үшін маған көмектес!» («Мені үйрет!» емес. – А.Ә.).

Міне, осы себептерге байланысты тұлға қалыптастыру мәселесі жоғары мектепте оқу/оқыту үдерісіне мынандай өзгерістерді енгізуді талап етеді:

1. Басты назар оқытушыдан студентке ауыстыру.

2. Білім жүйесі «оқыту» мен «үйретуден» (оқытушыны басты тұлға деп танитын ұғымдар) – негізгі субъект ретінде студентті қарастыратын «оқу» мен «үйренуге» ауыстыру.

Студентке бағытталған (студентцентристік) парадигма студенттерді шығармашылықтың өмір шығармашылығы деп аталатын жаңа түріне ынталандырады. Оның негізі Жак Делор (ЮНЕСКО) айқындаған және адам капиталының төрт негізгі қабілеттерімен (қасиеттерімен) тығыз байланысты білімнің басты төрт құндылықтарымен анықталады: Өмір сүре білу; Жұмыс жасай білу; Басқалармен бірге өмір сүре білу; Үйрене білу (5, 9).

Бұл мақсаттар бүгінгі күнгі қоғам мүшелерінің міндеттерін былайша айқындайды:

«Тұлға білім алу ісіне өмір бойы берілу арқылы әлеуметтік-моральдік кеңістіктің жаңа энергетикасында бақытты түрде өмір сүруге міндеттеледі.

Тұлға әлеуметтену, ұйымдасу мен өндірістік қатынастардың жаңа формаларында жұмыс жасай білуге міндеттеледі.

Тұлға жаһандану мен мәдениеттердің сан алуандығы жағдайында өзге мәдениеттермен, өмір салттарымен, ұлттармен, этностармен, конфессиялармен ынтымақты өмір сүре білуді үйренуге міндеттеледі.

Тұлға өзінің өмірлік проблемаларын тиімді және рухани тұрғыдан (әлеумет талаптарына сәйкес) шеше білетіндей өмір сүре алуы үйренуге міндеттеледі» (6, 18).

Бұл идеялар білім жүйесін оның негізгі «кейіпкері» білім алушыға, яғни студентке бағыт түзеуді қажеттейді. Студент өз білімінің параметрлерін, әдістері мен тәсілдерін өздігімен анықтауы керек, өйткені ол қоғам алдында өз біліміне деген жауапкершілікті терең сезінуі қажет.

Студентцентристік парадигмаға бағытталу оқу процесіне мынандай өзгерістер енгізуді талап етеді:

1) Оқу бағдарламаларында студенттердің өздік жұмыстарының үлесін күрт ұлғайту (бірінші мезетте жазу жұмыстарын). Бұл ұстанымды ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауларда практикалық мәні бар зерттеу жобаларын орындау арқылы жүзеге асыру қажет.

2) Оқытушының «үйретуші», «білім көзі», «білімді тасымалдаушы» рөлдерін «жетекші», «менеджер», «ұйымдастырушы» рөлдеріне ауыстыру.

Бұл ұстаным келесі әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

а) ұстаздардың қазіргі заман талаптарына сай интербелсенді (интерактивті) технологияларды меңгеруі арқылы,

ә) оқу процесінде студенттердің дербестігін (ойлау, әрекет жасау, жоспарлау деңгейінде), өз біліміне деген жауапкершілігін қалыптастыратын интербелсенді әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы,

б) студенттердің бұрынғы «білімді қабылдаушы», «жинақтаушы» рөлдерінен «өздігімен үйрене білуші» рөліне ауысуы арқылы.

- 3) Оқу процесі мен жоғары оқу орнын басқаруда студенттер рөлінің өсуі, ал бұл ұстаным келесі әрекеттерді жүзеге асыруға қажет етеді:
- а) студенттерді оқу нәтижелерін айқындау ісіне белсенді түрде араластыру,  
 ә) студенттерді өз оқуының параметрлерін
- (оқу траекториясын) анықтауға қатыстыру,  
 б) студенттердің ұтқырлығын (мобильдігін) кеңейту.
- Бүгінгі заман талаптарына сай тұлға қалыптастыруда жоғары мектептің жұмыс әрекеттері мен бағыттары осындай мәселелерді қамтуы қажет.

**Қолданылған әдебиет тізімі**

1. Булшекбаева А., Аймбетова У. Человеческий капитал как основа совершенствования мировоззренческой культуры личности (в аспекте анализа современного состояния проблемы). – Алматы, 2012 (на правах рукописи).
2. Назарбаев Н. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. / Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде оқыған лекция. – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр.
3. Қазақстан Республикасының заңы «Білім туралы». – Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007.
4. Назарбаев Н. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! /Қазақстан халқына Жолдау. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар 2011 жыл.
5. Болонский процесс: Бергенский этап/Под ред. В.И.Байденко. – М.: Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов. – Астана: НАК МОН РК, 2006. – 184 с.
6. Болонский процесс: середина пути/ Под ред. В.И.Байденко. – М.: Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов. – Астана: НАК МОН РК, 2007. – 400 с.

**Резюме**

*В статье рассматриваются вопросы формирования личности в системе высшей школы в контексте изменений, совершающихся в современном образовании, и запросов общества. Становление личности понимается как основная задача системы образования, проводится связь с результатами обучения и студентоцентрированной парадигмой развития высшей школы.*

**Summary**

*In the article is considered questions of identity formation in the system of higher education in the context of the changes taking place in modern education, and the needs of the society. The personality is understood as the main task of the educational system, a link is to the learning outcomes and studentcentralized paradigm of higher education.*



**Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие**

Л.Н.Толстой

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ІЗГІЛЕНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Манас Р.Т. –

№101 мектеп-лицейінің оқытушысы,  
 Қарағанды қаласы

Қазіргі кезде Республикада болып жатқан реформалар білім беру саласына үлкен өзгерістер әкелуде. Осы орайда білім берудің көкейкесті міндетіне бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу құралы ретіндегі ізгілендіру технологиясын пайдаланудың жолдарын айқындау болып табылады.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатқаны белгілі. Осыған орай Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты биылғы Жолдауында елдегі білім беру үдерісіне тәрбиелік мәнді енгізуге ерекше назар аудара отырып, «Патриотизм, адамгершілік нормалары, өнегелік, ұлтаралық келісім, толеранттылық, дене және рухани саулық, заңға мойынсұнушылық – осы құндылықтарға барлық білім беру мекемелері баулуы тиіс», – деген талап қойды [1].

Білім беруді дамыту ісі жеке тұлғаға мәдени-тарихи құндылықтарды, нормалар мен дәстүрлерді, білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны мен нысандарын беруді көздейді. Нәтижелі білім алудың мәнісі сол, мұнда оқушының іс-әрекеті оның жеке басының әлеуметін іске асыруға негізделген және оның оқытылатын пәндер мен салаларға сәйкес келетін білім алуын талап етеді. Сондықтан ұстаздардың алдында өмірге жан-жақты дайындалған, еңбек сүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, санаткерлік және адамгершілік тұрғысынан бай тұлғаны оқытып, тәрбиелеу мәселесі тұр. Осы мәселенің шешімін табуда

ізгілендіру технологиясының мүмкіндіктері мол.

Соңғы он жылдықта біздің қоғамымыздың қоғамдық-саяси және экономикалық шарттары білім және тәрбие берудің парадигмасының өзгеруіне алып келді. Авторитарлық-технократиялық парадигманың орнына білім және тәрбие беру ісінде білім беруді ізгілендіру парадигмасы келді.

Ізгілендіру әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұлама білім берудің ізгілендіру принципіне негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Міне, бүгінгі таңда әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, мыңдаған жылдар өтсе де, жаңа білім беру парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр. әл-Фараби білімді болудың нәтижесінде бақытқа жету үшін оны ізгілендіру керектігі туралы былай деп жазады: «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысын оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады» [2].

«Ізгілік-гуманизм» (лат.gumanus-

адамгершілік) – дүниетаным принципі. Оның негізіне адамның мүмкіншілігінің шексіздігіне, өзін-өзі дамыту қабілетіне деген сенімі мен ерік-бостандығын, абыройын қорғау, адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен оның барлық сұраныстарын қамтамасыз ету қоғамның түпкілікті мақсаты деген мұрат жатады. Ізгілендіру Қайта өрлеу дәуірінде XIV-XVI ғ.ғ. қоғамдық ой-пікірде, әдебиетте, өнерде, ғылымда алдыңғы қатарлы идеялық ағым ретінде қалыптасты. Бертін келе адамды барынша ардақтайтын, адамгершілік қасиеттерін, бас бостандығын қорғайтын біртұтас көзқарастар жүйесіне айналды [3]. Білім берудің ізгілендіру технологиясының мақсаты – баланы азамат етіп тәрбиелеу, баланың танымдық үшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Ізгілендіру технологиясы түсінігін айқындау үшін негізгі мынадай мәселелерге тоқтала кеткеніміз жөн:

– баланың тұлғалық қасиеттерін ашу арқылы бекзат адам тәрбиелеу және дамыту, қалыптасуына ықпал ету;

– бала жүрегі мен жан дүниесін ақ пейілдендіру;

– баланың танымдық күшін дамыту және қалыптастыру;

– терең және толық көлемді білім алып, дағдыларды қалыптастыру үшін жағдай туғызу;

– тәрбие идеалы - өзін-өзі тәрбиелеу.

Біз бастауыш сынып оқушыларының бойында ізгілендіру технологиясы арқылы адамгершілік қасиет-сапаларды қалыптастыру үшін С.Қожагелдиеваның зерттеуін [4] негізге ала отырып, ізгілік бағытынды тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырдық.

Жоспардағы іс-шаралардың мазмұны ізгілендіру технологиясы арқылы бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беруде халық педагогикасы материалдарын тиімді пайдалануға бағытталды.

Мақсаты – ізгілендіру технологиясы арқылы бастауыш сынып оқушыларының бойында адамгершілік асыл қасиеттерді қалыптастыру.

Міндеттері:

– оқушылардың бір-біріне, өздерін қоршаған адамдарға сыйлы қатынастарын тәрбиелеу;

– адамгершілік сапаларды – адалдықты, мейірімділікті, кішіпейілділікті, сөзге беріктікті, т.б. балалардың бойына сіңіру;

– үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, әділеттілікті биік ұстау сияқты әдет пен ғұрып қағидаларын үйрету;

– балалардың өмірлік мақсат-мүддесін айқындауға, тұлғалық сапаларын дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу;

– ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде оқушылардың дамуына жағдай жасау.

Іс-шаралардың мазмұны мынадай мәселелерді қамтыды:

1. *Мектептегі мінез-құлық.* Мінез-құлықтың ең қарапайым ережелері, мектеп тәртібі, ережелері, оларды сақтау. Түйінді сөздер: орындаушылық, дәлдік, міндеттілік, қайсарлық, тәртіптілік, жауапкершілік, жауапсыздық, бетімен кетушілік.

2. *Қалай ұқыпты болуға болады?* Адамның ұқыптылығы, гигиеналық ережелер, көрікті, әсем, күшті болу, денені әрқашан шынықтыру, тісімізді күту, киімімізді ұнамды және ұқыпты күте білу. Түйінді сөздер: тазалық, тәртіп, ұқыптылық, ұнамдылық, еңбек адамдарын сыйлау, салақтық, сараңдық.

3. *Сыпайылық ережелері.* Сыпайы адам өзінің және басқаның уақытын үнемдеу, ескертушілік, сіз өзіңізді қайбір кезде кінәлімін деп санау, кешірім сұрайтын қандай сөздерді білу, оларды сіз жиі пайдалану. Түйінді сөздер: дәлдік, міндеттілік, жауапкершілік, ұқыптылық, орындаушылық, сөзге сенімділік, ұмытшақтық.

4. *Қалай еңбексүйгіш болуға болады.* Адам мәдениеті, еңбек тәртібі, кәсіптің бәрінде бірдей тәртіптілік, оқушыға тәртіпті болу міндеті, өз бетіңмен жұмыс істеу, біз өзіміз не істей аламыз? Түйінді сөздер: тәртіпті, мәдениетті, тәрбиелі, сыпайы, зейінді, жауапты, дербес.

5. *Базалық моральдық ұғымдар.* Адалдық пен шыншылдық, қайырымды болу, біз әрқашан солай болуымыз керек, бұған бізге кедергі жасайтын іс-әрекеттер. Түйінді сөздер: адалдық, шыншылдық, жүрекжардылық, қайырымдылық, мейірімділік, ниеттестік, көңіл білдірушілік, қамқоршылық, тәкаппарлық, дөрекілік, немқұрайдылық, ұрлықшылық, қайыр сұраушылық.

6. *Маңайындағылармен қарым-қатынас.* Басқалардың қылығын баға-лау, басқа адамның қылығына дұрыс баға беру, өз достарыңмен өзінді қалай ұстау, берген сөзінде тұру. Түйінді сөздер: әділдік, адалдық, өзін сынаушылық, жауапкершілік, көмек, өзара құтқару, сенімділік /сөзге, уәдеге/, достық, ұмытшақтық, уәдені орындамаушылық, зейінділік, сезімталдық, қолдау, достық, қайырымдылық, дөрекілік, тәкаппарлық [4].

Бастауыш сыныптағы мектеп оқушысын адамгершікке тәрбиелеу ең алдымен мектеп қызметінің басты түрі оқыту үдерісінде жүргізіледі. Баланың адамгершілік қасиеті сабақ үстінде мұғаліммен және құрбы-құрдастармен ұдайы қарым-қатынаста қалыптасады.

Сабақ үстіндегі адамгершілік тәрбиенің тиімділігі, біріншіден, сабақ мазмұнының ғылымилығына, екіншіден, мұғалім жұмысының әдістері мен тәсілдерінің адамгершілік эмоциялық қуатына, үшіншіден, сабақ үстінде мұғалім мен балалар арасында қалыптасатын өзара қарым-қатынас стиліне, төртіншіден, мұғалімдердің өздерінің адамгершілік бағытына, оның оқылып отырған материалға көзқарасына, жалпы адамзаттық ізгілікті түсіндіре білуіне байланысты. Атап айтатын болсақ, әліппеден «ң» әрпі мен дыбысын таныстыру тақырыбын өткенде, оқушыларды ең алдымен әріппен және оның дыбысталу ерекшеліктерімен таныстырдық. Оқушыларды өзара достыққа, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатымен сабақ саяхат түрінде өткізілді. Саяхат барысында

балалар әр аялдамаға тоқтаған сайын тапсырмалар мен жаттығуларды орындап, бір-біріне өзара жолдастық көмек көрсетіп отырды. Сабақ барысында мақал-мәтелдер, жұмбақтар пайдаланылып, қазақтың ұлттық «Сақина салу» ойыны ойнатылды, мұнда да оқушылардың бойына адамгершілік асыл қасиеттерді тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді.

Ұлт мектебі болудың басты белгісі онда халықтың ұлттық рухы болуы шарт. Ол мектептің барлық тіршілік тынысынан, тәрбие жұмысының барлық саласынан айқын көрініс табуы керек. Ұлттық тәрбие мектеп табалдырығын аттаған әрбір бүгінгі баланың бітімінен, мінез-құлқынан, қасиет-сапасынан бастау алуы керек. Бала – болашақтың адамы, жаңадан қалыптасып келе жатқан ел азаматы. Ал бүгінгі бала дүниетанымы мен өсіп жетілуі, дене бітімі мен көзқарасы, тіршілігі мен түсінігі бұдан 10-15 жылғы балалардан мүлдем өзгеше, сонымен бірге олардың әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын өзіндік дара ерекшеліктері мен мінез-құлықтары бар. Сондықтан тәрбиешілер, мұғалімдер, ата-аналар барлық жылы жүрек, мейірбандылықпен балаларды қазқалпында сүюге тиіспіз. Олардың ішінде ақылдысы да, жалқауы да тілалғышы да, еркесі де, тілазары да болуы заңдылық. Балалардың осы ерекшелігін түсіну арқылы баланы жан тәнімен жақсы көре отырып, танып білуге, олармен санасу, қам-қарекетін, ісін, көңіл-күйін білу басты шарт. Бала қоғамның барлық ақпарат құралдарынан хабардар, адамдар өмірінен, еңбегінен, техникадан қарым-қатынас ережелерінен мағлұматы бар. Сондықтан қазіргі қоғамның жаңару жағдайы болашақ ұрпақты тәрбиелеуде тұтас педагогикалық үдерістің барлық саласында халықтық педагогиканың озық идеялары мен тәжірибесін кеңінен қолдануды талап етеді. Бүгінгі мектеп оқушылары жоғары мәдениетті, ой-өрісі кең, мамандығын еркін таңдап алатын, білімді болумен қатар, өз халқының, өз ұлтының ғасырлар бойы жалғасып келе

жатқан ата-баба мұрасын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихы мен әдебиетін, өнерін, адамгершілік пен имандылықты дәріптейтін қарым- қатынас, мінез-құлқын бойында қалыптастыру керек. Міне, осындай шын мәніндегі асыл қасиеттер болашақ жас адамның бойында қалыптасуы оқу-тәрбие жұмысының өзара дәйектілікпен ұштасып жататын алуан түрлі саласына тәуелді.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемнің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау, мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен

тұлғасына, бүкіл педагогикалық үдерістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Педагогикалық технологиялардың принциптері-оқытуды ізгілендіру болып табылады. Оқыту технологияларын сауатты қолдана білген әр ұстаздың білім беру үрдісі нәтижелі және сапалы болатыны сөзсіз. Тек қана осындай ұстаз сабағында тұлғаның білім, білік, дағдысын қалыптастырып, өздігінен даму бағдарын анықтап, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп дамытатын тұлға тәрбиелей алады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.edu.gov.kz/kz/news/>
2. Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ.А. әл-Фараби педагогикасы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 126 б.
3. Қожагелдиева С. Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу // п.ғ.к...авторреф. – Түркістан, 2006. – 26 б.

#### Резюме

*Гуманистическая технология образования позволяет преодолеть отчуждение учителей и учащихся от учебной деятельности и друг от друга. Такая технология предполагает поворот к личности, уважение и доверие к ней, ее достоинству, принятие ее личных целей, запросов, интересов. В статье раскрывается роль гуманистических технологий в нравственном воспитании младших школьников и рассматриваются возможности пути их использования при проведении воспитательных мероприятий в начальных классах.*

#### Summary

*Humanistic technology of education allows to overcome alienation of teachers and students from educational activity and from each other. Such technology supposes a turn to personality, respect and trust to her, her dignity, acceptance of her personal aims, queries, interests. In the article a role opens up humanistic to technology in moral education of junior schoolchildren and possibilities and ways of their using are examined for realization of educator events in initial classes.*

#### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘНІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МАЗМҰНЫН АРТЫРУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

*Исхан Б. Ж. –  
ф.ғ.к., доцент*

*Оспанова Б. Р. –  
ф.ғ.к.,*

*Абай атындағы ҚазҰПУ  
Әдебиеттану және тіл білімі  
ҒЗИ қызметкерлері*

Әрбір жеке тұлғаның қоғамның сан салалы еңбек майданында өзінің игерген кәсібiне, мамандығына сәйкес еңбек етiп, қызмет iстеуi, өзiн саяси тұрғыдан еркін сезiнуi отандық бiлiм беру жүйесiмен етене байланысты екенi анық. Көп жағдайда сапалы бiлiм алып, дәстүрлi ұлттық тәрбие көрген азаматтардың өз Отанын саналы түрде сүйiп, өз елiнiң бай да даңқты тарихына, оның жарқын болашағына сенiммен қарап, оған өзiнiң де қатысы бар екенiн мақтанышпен сезiне алатынын қазiргi заманның алдыңғы қатарлы өркениеттi мемлекеттерiнiң iс-тәжiрибесi, өнегелi дәстүрi көрсетiп отыр. Сол себептен елiмiздiң бүгiнгi күрделi мәселелерi де, жарқын келешегi де ендiгi уақытта оның өркендеп дамуына қажеттi сапалы бiлiм алып, ұлттық дәстүрлi тәлiм-тәрбие көрген жас маман-кадрларға байланысты екенiн қазақ қоғамы терең пайымдай бастады.

Мәселен, мектеп жеке тұлғаның қалыптасатын жерi екенi баршаға аян. Ол – жас ұрпаққа бiлiм бұлағынан нәр алып, базалық бiлiм жинақтауды негiздеп қана қоймай, одан әрi бiлiм алуына бағыт-бағдар бередi, рухани дамуының негiзiн қалайды, өмiрлiк тәжiрибелер мен машықтарды үйретедi, өз Отанына деген сүйiспеншiлiк сана-сезiмiн оятады. Демек, жас ұрпақтың ел-жұртына деген сана-сезiмiн қалыптастырудың бiр жолы – бiлiм беру мен тәрбие iсiн бiр-бiрiмен ұштастыра жүргiзуде жатыр.

Ұлтымыздың тiлi мен дiлiн, таным-түсiнiгiн, тұрмыс-тiршiлiгiн, әдет-ғұрпын,

салт-дәстүрлерiн, мәдени-әдеби рухани құндылықтарын насихаттап, солар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ тiлi мен әдебиетi пәнi орасан зор қызмет атқарады. Әлбетте, жас ұрпаққа түрлi деңгейлiк бiлiм ошақтарында сапалы бiлiм берiп, елжандылыққа тәрбиелеуде қазақ тiлi мен әдебиетi пәнiмен қатар қоғамдық-гуманитарлық пәндердiң де, атап айтқанда тарих, философия, педагогика, психология, мәдениеттану, саясаттану, әлеуметтану секiлдi т.б. пәндердiң де маңызы ерекше. Дегенмен тiл мен әдебиет пәнi қоғамдық-гуманитарлық басқа пәндерден гөрi жас ұрпақтың таным-түсiнiгiн кеңейтуде орны ерекше. Өйткенi ол өскелең ұрпаққа көркем-эстетикалық тұрғыдан тереңiрек әсер етiп, олардың отаншылдық сана-сезiмдерiн ұлттық рухани құндылықтар негiзiнде қалыптастырады. Мәселен, атамекенге деген iңкәр сезiм көркем әдебиеттiң әр тегiнiң түрлi жанрларында көркем бейнелер, көркем суреттеулер арқылы берiлiп, жас ұрпақтың көркем-эстетикалық талғамын, ой-өрiсiн кеңейтедi. Мысалы, қазақ халқының эпостық жырларындағы батырлар бейнесi, олардың ел-жұрт үшiн жан қиярлық ерлiктерi және солардың жоғары көңiл-күйде (пафоста) суреттелiп дәрiптелуi жақын-жұрағаты мен атамекенiне деген сүйiспеншiлiк сана-сезiмi ендi-ендi оянып, қалыптасып, өркендеп өсiп келе жатқан ұрпақтың намысын жiгерлендiрiп, ерлiк iс-әрекеттерге жетелейтiнi сөзсiз.

Демек, жақын-жуыққа, туыс-жұрағатқа, өскен ортаға, туған жерге деген сүйiспеншiлiк

сана-сезім көркем әдеби шығармаларда поэтикалық, көркемдік-эстетикалық жолмен беріледі. Сондықтан да жастар бойындағы елжандылық сана-сезімді оятып, оны берік қалыптастыруда ұлтымыздың ертегілері мен аңыз-әңгімелерінің, дастандары мен жырларының, мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінің, қазақ ақын-жазушылары романдары мен повестерінің, өлеңдері мен поэмаларының т.б. берері мол.

Көркем әдебиет жанрларының ішінен өз еліне деген іңкәр сезімді, ыстық махаббатты дәріптеудің аса бір айқын көрінетін жанры нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер болып келеді. Мәселен, «Отан – отбасыдан басталады», «Отан – оттан да ыстық», «Ел болам десең, бесігіңді түзе», «Береке басы – бірлік», «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне үйір», «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Көппен көрген ұлы той», «Бірліксіз тірлік болмас», «Ынтымақ болған жерде ырыс болады», «Елінді құрметтеу – өзінді сыйлау деген сөз» деген сияқты т.б. көптеген мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөздер жас ұрпақты туған жер, атамекен, қоршаған органы сүйеге тәрбиелейді. Сондықтан да жас ұрпақты отаншылдыққа, елжандылыққа баулып тәрбиелеуде тіл мен әдебиет пәнінің және оны оқытып-үйрететін пән мұғалімдерінің жөні бөлек екенін ескере отырып, осы пәндерді заман талабы мен өмір қажеттілігіне қарай дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар заманауи жаңа технологиялардың көмегімен де жаңаша оқытып-үйретуге қазіргі кезде, әсіресе соңғы онжылдықта аса мән беріле бастады.

Заманауи технологияларға негізделген білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тіл мен әдебиет сабақтарында пайдалану студенттердің (оқушылардың) әлемдік бәсекеге қабілетті маман, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерді бойына жинаған өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыруда мәні зор. Бұл технология өскелең ұрпақты оқыту мен дамыту сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік беріп қана қоймай, адамгершілігі мол, рухани жандүниесі таза, имандылығы

жоғары, ізгілікке жаны құштар кемел азамат етіп тәрбиелеуде де үлкен рөл атқарады. Өйткені кез келген білім алушының, соның ішінде филология факультеті студенттерінің өз заманына лайықты нағыз майталман маман болып қалыптасуы дәстүр мен жаңа технологияларды бір-бірімен үйлестіре отырып, жетік меңгертуде жатыр.

Ақпараттық-қатынастық технологиялар кең қолданыс тапқан қазіргі кезеңде оқыту үдерісіне осы технологияларды белсенді енгізу – заман қажеттілігінен туындатып отырған заңды талаптардың біріне айналды. Айталық, ғаламтор қорлары мұғалім-оқытушыға ғана емес, оқушы-студенттерге де мол мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім-оқытушыларының басқа пән иелерінен айырмашылығы – руханият мәселелеріне аса көңіл бөлуі, оқушылар мен студенттерді тілдік, көркем әдебиеттік білімі мен көркем-эстетикалық талғамы жетілген шығармашыл тұлға ретінде дамыту екені ақиқат. Осы міндеттерді шешуде ең алдымен түрлі мәтінмен, әсіресе көркем мәтінмен жұмыс істеу бірінші кезекте тұрады, алайда сабақ анық та қанық, жетімді де әсерлі өтуі үшін мультимедиялық технологиялардың мүмкіндігі шексіз. Осы мүмкіндікті оңтайлы да тиімді пайдалана білу үшін филолог-педагог мамандардың компьютерлік техниканы және қандай да болсын электронды құрал-жабдықтардың түрімен жұмыс істей алуы жетік білуі өте қажет.

Компьютермен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімгерлердің танымдық және қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызығушылығын арттырады, тіл мен әдебиет материалдарын өз бетімен түсініп меңгерулеріне септігін тигізеді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардың соңғы онжылдығында өскелең ұрпақтың зерттеушілік, шығармашылық дағдыларын дамыту, жоғары деңгейде дамыған ақпараттық қоғамға лайықты тұлға етіп тәрбиелеу мақсатында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ)

оқу-тәрбие үдерісінде үнемі қолданып келеміз. Компьютерді сабақтың барлық кездерінде: түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, бақылауда қолдану білім сапасын арттыра түсетіні тәжірибеде дәлелденуде. Мәселен, жаңа сабақ тақырыбын түсіндіргенде түрлі оқыту бағдарламаларымен қатар оқушылар мен студенттердің өз бетімен орындаған материалдарын қатыстырамыз. Осы кезеңде АКТ-ны қолдану барысында білім алушының психологиялық және жас ерекшелігі ескеріліп, олардың әрбірінің өзіндік қабылдауының жетекші арнасына сай (аудиал, киестет, визуал) тапсырманың қолайлы түрін таңдауға мүмкіндік беріледі. Бекіту және қайталау кезеңдерінде бақылау жүргізуге компьютерлік тестілер ыңғайлы. Өйткені қағазға басылған тестіден гөрі, мониторға шығатын тестілерді орындау білім алушыға қолайлы әрі қызығырақ.

Берілген білімді тест арқылы бағалау-бақылау мұғалім-оқытушылардың да, оқушы-студенттердің де уақытын үндемейді, білім алушының өзін-өзі бағалауына мүмкіндік береді. Сондай-ақ тестілік бақылау нәтижені әділ, тура (объективті) бағалаумен ерекшеленеді. Әр білімгер өз шамасына қарай жұмыс істеп, бағасын бірден алады. Жауабын көруге, жіберілген қателерінің санын білуге мүмкіндік алады. Материалды қаншалықты терең меңгеріп игергенін анықтайды. Қанағаттанарлықсыз нәтиже студентті (оқушыны) курсты немесе кейбір тапсырмалар мен сұрақтарды қайталауға, нақтылауға мәжбүр етеді, яғни олардың өзін-өзі бақылау-бағалау дағдылары жетіле түседі. Әлбетте, әрбір студент өз бойына өз білімін, таным-түсінігін жүйелі баяндап, көркем жеткізу дағдыларын қалыптастыруы керек-ақ. Сондықтан да олардан ауызша емтихан-сынақ алудың өзіндік маңызы зор екені даусыз.

Еліміздің қазіргі білім беру саясаты мен жүйесінің алдында тұрған негізгі мақсат-міндеттердің бірі – өскелең ұрпақ бойына дүниетанымдық және шығармашылық, зерттеу сипатындағы мәселелерді өзiгiнен

шешуге мүмкіндік беретін білім деңгейін қалыптастыру болып отыр. Осыған орай, жалпы еліміз бойынша қолға алынып жатқан қазіргі бағдарлы білім ұстанымдары оқытудың жаңа жолдары мен әдіс-тәсілдерін, сан алуан амалдарын талап етеді. Мәселен, жобалау іс-әрекеті электронды және дәстүрлі оқу материалдарын үйлесімді ұштастыруға мүмкіндік береді. Жаңашыл АКТ-ны пайдалану дәстүрлі әдіс-тәсілдермен шешілмейтін педагогикалық жағдаяттарды айқындауға көмектеседі. Мұндай жобалау әдісін үйренуді ғалымдар жоғары білімділікті сипаттайтын іс-шара деп қарастырады. Бұл әдіс, әсіресе, әдебиет сабақтарында өзекті. Өйткені студенттер белгілі бір ақын-жазушының өмірлік (шығармашылық) жолымен таныса отырып, материал жинақтап, көрсетілім дайындауға дағдыланады. Үздік үлгілер сабақта көрсетіледі. АКТ сабақта іс-әрекеттік оқыту әдісін пайдалануға мүмкіндік береді, бұл кезде студент оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналып, білімді саналы түрде меңгере бастайды. Аймақтық компонент бойынша студенттер көрсетілім дайындағанда оларда өз қаласы, көшесі, ауылына қызығушылық қалыптасып, дүниетаным аясы, ой-өрісі кеңейеді, зерттеушілік, шығармашылық қабілеті ұшталады.

Көрнекілікке мысал ретінде I курста «Менің сүйікті кейіпкерім (сипаттама)» немесе «Менің сүйікті авторым» деген тақырыпта танымдық әдістемелік дайындап ұсынуға болады. Әр сабақ тақырыбының мақсат-міндеті өзгерген сайын қосымша материал таңдалып, жаңа слайдтар жасалады. АКТ-ны пайдалану саралау ұстанымын іске асырады. Әр студентке жеке тапсырма беріледі: оқушылардың біреуі материал іздестірсе, біреуі оны сканерден өткізеді, үшіншісі мәтін тереді, тест дайындады, енді біреулері музыка таңдайды т.б. Жобалау барысында Microsoft Word, Power Point, Microsoft Internet Explorer бағдарламалары пайдаланылады.

АКТ пәнаралық байланыс түзуге

көмектеседі: қазақ тіл-әдебиетті мен информатика, қазақ тілі-әдебиеті мен мәдениеттануды, қазақ тілі-әдебиеті мен ақпараттануды, қазақ тілі-әдебиеті мен тарихты, қазақ тілі-әдебиеті мен географияны т.б. ұштастырады. Мұғалім-оқытушы АКТ-ны пайдалана отырып, студенттердің (оқушылардың) оқуына, сапалы білім алып дамуына қатысты проблемалық жағдаяттарды ойластырады. Филолог-педагог осы жағдаятты шешуге талпынғанда ғана білім алушылар тарапынан өздері зерделейтін нысан жөнінде ұғым қалыптасып, олар іздену әдістерін меңгереді. Мәселен, әдебиет сабағындағы электронды құрал-жабдықтарға негізделіп, АКТ-ның көмегімен орындалатын жобалық әдіс кез келген ақын-жазушының туындысын игеруге түрткі бола алады. Бірінші кезеңде студенттер өздері қалаған бір ақын-жазушыны таңдап алып, оның өмірбаянын зерттеп-зерделейді, қажетті деген деректерді таңдап алады немесе ондай жұмыстарды топтарға бөлініп те орындайды. Өмірбаян деректерін баяндау жеткіліксіз, қаламгердің немесе шығармашыл тұлғаның (жыршы, жырау т.б.) бейнесін жаңғыртып, оның идеялық-тақырыптық ізденісін, өзіндік шығармашылық ерекшелігін (стилін) анықтауы қажет. Компьютерлік жоба сабақтарын пән бағдарламасы аясында, яғни бөлінген сағат пен мерзімге орай, бір-екі рет өткізіп тұрған жөн. Жоғары курс студенттері зерттеуге авторларды немесе көркем шығармаларды өздері таңдағаны дұрыс. Жұмысты орындау мерзімі мектептерде бір тоқсанға, ал ЖОО-да бір семестрге шамаланады. Әлбетте, бұл мерзім шартты түрде алынып отыр.

Әр студент немесе топ зерттеу жоспары мен бағдарламасын дайындайды, мақсат-міндеттерін айқындайды. Мысалы, М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын зерделегенде жазушының өзі құрастырған өмірбаянынан мынадай сұрақтарды іріктейді:

1. Неліктен жазушы өз өмірбаянында жас шағына көңіл бөлген?
2. Жазушы өмірінде Абай Құнанбайұлы,

Ахмет Байтұрсынұлы қандай орын алады?

Бұдан кейін студент (топ) өз бетімен жұмыс орындайды. Бұл кезеңде оқытушы кеңесші рөлін орындайды. Студенттер ғаламтор желісін пайдаланып жұмыс істеп, дереккөздерді зерделейді, егер ғаламтордан жеткілікті мөлшерде мәлімет-ақпарат жинақтай алмаса, кітапхана қорына жүгініп, жазушы замандастарының естеліктерін, басқа да қосымша әдебиеттерді оқиды. АКТ нәтижені көрнекі беруге, нақты бір мәселені талқылауға басқаларды да тартуға мүмкіндік береді.

Ғаламтор желісін пайдалану студентті алынған ақпаратты жинақтауға, талдауға, көрсете білуге машықтандырып, белгілі бір шығармашылық (жазушылық, ақындық, зерттеушілік, сыншылық т.б.) дағдының қалыптасуына негіз қалайды. Оқу, білім алу тиімділігінің жаңа түрі (типi) қалыптасады, яғни қысқа мерзімде көлемді материалды меңгеруді үйретеді. Жобаның қорытындысында ғылыми-практикалық конференция, пікірсайыс (дискуссиялық) клуб отырысын, компьютерлік көрсетілім (презентация) ұйымдастырып өткізуге болады.

М.Әуезовтің немесе басқа да ақын-жазушылардың, шығармашыл тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерделеу сабағына Power Point бағдарламасының көмегімен компьютерлік көрсетілім жасаған жағдайда, сабақ психикалық тұрғыдан жеңіл өтеді, себебі компьютерлік көрнекілік жетімді де жедел (эмоционалды-экспрессивті) қабылдауға оң әсерін тигізеді. Мұндай материал ЖОО-ның медиа қорын байытып, студенттерге өз еңбегінің жемісін шынайы көруіне мүмкіндік туғызады және бұл нәтижелерді басқалар да қолдана алады. Ал Microsoft Publisher бағдарламасы газет, журнал, буклет, ақпарат бетшелерін дайындап шығаруға ыңғайлы.

Міне, осылайша АКТ қолдану арқылы тұлға қалыптастырудың бағдарлы оқыту жүйесін іске асырып, студенттерді жоғары технологиялы ақпараттық ортада өмір сүруге дайындауға болады.

**Резюме**

*В статье рассматривается роль и значение информационных технологий в предмете казахского и казахского литературного языка*

**Summary**

*In the article discusses the role and value of information technologies in the subject kazakh and kazakh literary language.*

**БІЛІМДІ ДЕ, ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Бураханова Қ.С.**—

*аға оқытушы,*

*С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ*

Білім мен тәрбие негізі тіл болғандықтан, бұл екеуі болашақ ұрпақты қалыптастыруда ерекше орын алады. Еліміздің білім беру саласында жүріп жатқан реформалардың ең басты мақсаты – Елбасымыз айтқандай, елдің өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы ертеңгі азаматтарын өсіріп шығару үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны меңгерте отырып, оны әлемдік озық ой-пікірмен ұштастырып, мүмкіндігіне қарай сапалы білім мен өнегелі мемлекеттік тілде беруге күш салу болып табылады. Білім мен тәрбиені мемлекеттік тіл арқылы беру болашақ ұрпақ үшін маңызды болып табылады. Өз тілін білген адам дінін де, тарихын да, мәдениетін білу арқылы тәрбиеленеді. Қазақстанның болашағы жастар болғандықтан, болашақ ұрпаққа тек қана білім беріп қоймай, оларға мектепте де, жоғары оқу орнында да тәрбие бере беру керек. Қазіргі жастардың дүниетанымы кең, өзіндік көзқарастары қалыптасқан. Тек оларға әрі қарай да жан-жақты дамуға мүмкіндік жасап, үлес қосу керек. Әсіресе жастарға тәрбие беруде қазақ тілі, тарих пәндерінің орны ерекше. Оларға өз тарихтарын білуге, оны ұмытпауға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге байланысты қазақ тілі оқулықтарында да көптеген тапсырмалар берілген. Сондай-ақ оқытушы білім мен тәрбие беруге байланысты әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану керек.

Тәрбие барлық ғылым саласында қозғалып отыратын басты мәселе. Бұл туралы ғалым, ойшылдарымыз да аз айтқан жоқ.

Мәдениет пен білім беру және денсаулық сақтау министрлігі білім берумен қатар тәрбие жұмысын ұтымды ұйымдастыруды талап етіп отыр. Осыған байланысты қазір жоғары оқу орындарында тәрбиеге байланысты көптеген іс-шаралар, жұмыстар атқарылып жатыр. Бұған студенттердің де ерекше белсенділіктерін байқауға болады. Бұл арқылы біз қоғамда саналы азамат қалыптастыра аламыз. Жастар болашақта өз орындарын табуы үшін олар қиын жағдайларда тез шешім қабылдай алатын және өзіне, күшіне сенімді, іскер болуы керек. Яғни жеке бастың білімділігі, оның өз ісіне жауапкершілікпен қарауы, жаңа технологияны жақсы меңгеруі, қиын жағдайларда өзін-өзі алып шығуы, шешім қабылдай алуы, шешуші факторлар болып табылады. Осы аталған факторлар жеке тұлғаның қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Оқытушы жастарды тәрбиелеуде осы сапаларды жастардың бойынан көретіндей мүмкіндіктер жасау керек. Сондай-ақ жігерлі, еңбекқор жастарды тәрбиелеуге байланысты оларды еңбекке баулу. Еңбек – материалдық және рухани байлықтың негізгі көзі болып саналады. Еңбекке тәрбиелеу-адамның еңбек етуге деген мақсатының қалыптасуына әсер етеді

және ол өзі үшін ғана емес, өз жақындары үшін, Отаны үшін де еңбек етуі керек.

Жоғарғы оқу орындарындағы еңбекке тәрбиелеудің басты мақсаты – болашақ мамандардың еңбек етуге, адалдыққа, мейірімділікке, өз ісіне мығымдылығына баулу. Сонымен қатар қазір жоғары оқу орындарында студенттердің еңбекқорлыққа, ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа деген талпыныстарын арттыру үшін оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмыстарды көбейту ұсынылуда. Оқу, білім алу – студенттің ең басты еңбегі. Бұл оның еңбек тәрбиесінің басты түрі болып табылады. Оқытушының басты міндеттерінің бірі – студенттің білім алуға, шығармашылықпен айналысуға, қоғамдық жұмысқа араласуына мүмкіндік жасап, белсенділігін, қызығушылығын арттыру. Оларға адам тек қана материалдық жағынан ғана емес, рухани жағынан да бай болу керектігін түсіндіру. Рухани құндылықтардың құнсыздануы, теріс көзқарастардың белең алуы, әділеттілікті барлығына сенбеушілік, жеке өмірлеріндегі мақсатсыздық адамның моральдық төмендеуіне әкеледі. С.Рахметова «Оқыту мен тәрбие бір-бірінен ажыратуға келмейтін, тұтас бір процесс болғандықтан, оқытудың тәрбиелік мәнінің өзі ақыл-ой тәрбиесіне жатады» – деп, педагогиканың өзі тәрбие берудегі басты жолдың бірі әрі екеуінің бір-бірімен тығыз байланысты екенін айтады.

Тәрбие дегеніміз – адам қай жерде жүрсе де өз орнын таба алатын, өз мүмкіндігін көрсете білетін, ойын ашық айтып, тыңдай алатын, ықпал ету, көмек көрсету, жанашырлық таныту сияқты т.б. адами мүмкіндіктерге ғана қол жеткізу емес, сондай-ақ, өзі өмір сүрер ортада тұлға ретінде танылып, бақытты отбасын құра білетін тұлға дайындау.

Болашақ жастарға білім, тәрбие беруде

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев Азаматтық форум. – Астана. 2005 қыркүйек.
2. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан 2030. – Алматы: Білім, 1998.
3. Қ.Исламова Студенттің таным-белсенділігін арттыру. – Мектеп 2005, №1.

осындай теріс әрекеттерден аулақ болуға үйрету қажет. Тәрбиелі тұлға болу да адамның әрекеттеріне еркіндігі мен жауапкершілігіне де байланысты қалыптасады. Сондықтан адам өзін қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстай білуі керек. Яғни әдептілікке, имандылыққа үйрету. Ислам дінінің өзі тұнып тұрған білім, тәрбие, тазалық. Осының бәрін ұштастырып, болашақ ұрпақтың бойына сіңіру керек. Бұның барлығы үлкен еңбекті қажет етеді. Бұл ата-ана мен оқытушылардың алдына тұрған үлкен міндет. Өз міндетін дұрыс білген адам ғана бұл жолда жеңіске, жетістікке жетеді.

Еліміздің әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елу елдің қатарына қосылуы үшін елімізге тәрбиелі, білімді ұрпақ керек. Сана сезімі жақсы жетілген адам ғана өмірдің сан түрлі құбылыстарын таразыға салып, оның әр түрлі ағымына төтеп бере алады. Өзіндік ойы, мақсаты, бағыты бар адам кез келгеннің жетегіне ермейді.

Білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын ұлттық деңгейде құрып, білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі буын үлесіндегі ұлы іс.

Елдің, мемлекеттің, ұлттың, жалпы адамзат баласының келешегі қазіргі уақытта саналы тәрбие, терең білім алып жатқан жас ұрпаққа тәуелді.

Адам баласы жаратылғалы бері үнемі үздіксіз дамып, кемелденіп келе жатқан рухани дүние – тәрбие екені әмбеге аян. Өркениеттер тарихына ой жіберсеңіз, қай халықтың да ұлттық тәлім-тәрбиесі, тағлымы бар екеніне көз жеткізесіз.

Қорыта келгенде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім мен тәрбие мәселесінің маңыздылығы айрықша атап көрсетілуі тегіннен тегін емес екені анық. Білімді ұрпақ – қашанда ел ертеңінің тізгінін ұстаушы.

4. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 1994.

5. С.Пірәлиев Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби бейімделуі. // Қазақстан жоғары мектебі, №2 2001ж.

6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.

7. ҚР-ның 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егеменді Қазақстан, – 2003. 26желтоқсан, – №322-333

#### Резюме

*В статье рассматриваются воспитательные работы проводимые в Высших учебных заведениях.*

#### Summary

*In the article discusses educational works spent in higher educational institutions.*

### ҚЫЗ БАЛА – БОЛАШАҚ АНА

*Умирбекова С.Т. – магистр, оқытушы, ҚазМемҚызПУ*

Атыраудан Алтайға, Оралдан Алатауға дейінгі ұланғайыр өңірдің тауын жайлап, құмын қыстаған қазақ жұрты «Жері байдың, елі бай» дейтін қағидадан аумай, сайын даласының салқар ұлындай мамыражай күй кешсе, оның бәрі айналып келгенде, ұлтымыздан сіңген қасиет, ұстанған салт-дәстүрлерінің қайтарымы деп түсінгеніміз жөн. Өйткені ұрпақ жалғастығын бәрінен жоғары қою, өле-өлгенеше баласына қамқорлық көрсету әлемінің бірқатар елдеріндегі дәстүр. Ұлттық салт-дәстүрімізді білу, оның астарын түсініп, атадан балаға мирас ету қазіргі таңда әсіресе қазақ қыздары үшін ауадай қажет. «Қыз тәрбиелей отырып – ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді.

Қыздың бойындағы ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойына сіңген. Қатты күлмеу, айқалап сөйлемей, үлкеннің жолын кеспей, ыдыс-аяқты сылдыратпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың

отырысына, жүрісіне, киім киісіне, дауыс ырағына дейін мән берілді. Мейірім бала кезден, ең жақын адамын сүюден басталады. Әрбір қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстаздарын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығатыны сөзсіз.

Қыз баланың тәрбиесі ата-анаға да үлкен сын еді. Бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін көрсетеді. Ана-барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі. Ол адамды адам етіп тәрбиелейді. Жүн тұт, жіп иіру, шекпен тоқу, кесте тігу, құрақ құрау, кілем тоқу, көрпе көктеу, т.б. өнерді қыздарына бөгде босағаға бармай тұрып – ақ үйреткен. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндеті. «Қыз» ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Қыз абыройы – болашақ



отбасының, босағаның беріктігіне қатысты мәселе. “Қыздың жолы жіңішке” деп, оның абыройын сақтауын қатаң қадағалап отырған. Қыз баланың абыройы оның ақыл-парасатына, инабаттылығына, махаббатты жоғары бағалауына байланысты. Әр әкешеше, туған-туысқан, бауыр өз қыздарының абыройлы болуына ерекше мән беріп, қадағалайды, әсіресе қыз тәрбиесіне анасы жауапты. Халқымыз бойжеткен қыздың алдына келешектегі өмірлік міндеттерін қойып, орындап отыруды қыздық абыройы деп санаған. Олар: ізетті болу, әсем киіну, әкені күту, шешені сыйлау, дәрекі сөйлемеу, қабан шытпай жүру, үлкендердің алдынан кесіп өтпеу, ұқыпты болу, өсек айтпау, ұрпақ тәрбиесінен хабардар болу, ұлт дәстүрлерін құрметтеу, ана тілін ардақтау, орынсыз сөз айтпау, арқан, жіп есе білу, сиыр сауа білу, кілем тоқып, кесте тіге білу, т.б. секілді мінез-құлықтық қасиеттер мен дағды икемділіктері.

Қыздың намыс мен ары, адамгершілігі оның оқуға, қоғамдық пайдалы істерге, отбасына, құрбы-құрдастары мен ұжымға қарым-қатынасына байланысты. Әрбір қыз балаға ата-анасын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз. Қыз баланың бойына сыпайлық, мейірбандық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кішкентайынан бастап дарытуды халқымыз өте ежелден қолға алған. Қазақ қызы өзіне өмірлік жолдас, жар таңдауға ерекше жауапкершілікпен, сақтық, ұстамдылықпен қарап, оның маңызын санасымен аңғарып, жүрегімен түйсінген. Бұл істе ұшқалақтыққа, орынсыз тәуекелге жол беруді өмірлік қауіп санаған.

Қалыңдық үшін де болашақ күйеуінің мінез-құлқы, ой-өрісі мен мәдениеті, білімі мен инабаттылық болмысы, жақсы-жаман әдеттері жайында жақсы білу өте маңызды. Бүкіл зиялы қауымның міндеті – бір жағынан, бұл мәселелерді тереңірек зерттеу,

оларға жаңаша қарау болса, екінші жағынан, оларды тәрбие жұмысына, әсіресе, жастар тәрбиесіне пайдалана білу.

Қыз баланы құрметтеп, олардың алдында дәрекі сөйлемей, ізетті болып, ер-тұрманы әшекейленген сұлу жорғаларды қыздарына, қарындастарына мінгізіп, киімінің әсем – сәндісін, әшекейлі бұйымдардың жақсысын қыздарына арнап, жиын-тойларда қыз баланы әр уақытта сыйлы орынға отырғызған. Жаңа түскен жеңгелері де қайын сіңділерін атымен атамай «Еркемай», «Шырайлым» деп еркелеткен. Ар-намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы сыйлы.

«Қыз өссе – елдің көркі» – дегендей Ел, сәні, елдің көркі қыздардың шырайланатыны шындық. Халқымыздың қыз балаға деген құрметі ежелден ерекше болған. «Қызды төрге отырғыз, төреңдей күт» дейтін халық қыздарын бақыт құсына балап, әлпештеп, аялаған. Қыз баланың тәрбиесі ата-анаға да үлкен сын. Қыздарымыздың асыл қасиеті-жан дүниесі нәзік, адал махаббат иесі болғандығын, дәулетке, байлыққа қызықпағанымен жыр-дастандардан білеміз. Қыз баланың әдептілігі сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, мінез-құлқынан, әр түрлі жағдайда өзін-өзі ұстай білуінен, жолдас-жораларымен және жай былайша адамдармен арақатынасынан, жалпы барлық жүріс-тұрысынан көріп тұрады. Қыз баланы әдепсіздігі оның бақытты болуына, өсіп өнуіне үлкен нұсқан келтіреді. Қыз баланың шашын қырқуы, кісінің бетіне тік қарау, ер адамның алдын бұландап кесіп өтуі, қыдырымпаз, сауықшыл болуы үлкен мін болып саналады. Сондықтан «қызға қырық үйден тыйым» деп, қыздарға қырағы қарайды. Қызды жанының нәзік сезімталдығы, үй тірлігіне жақындығы, ертеңгі ана болу ерекшелігі тәрбиеде ұл балаға қарағанда біраз өзгеше қарым-қатынасты қажет ететіні анық. Сондықтан, қыз ибасы, қыз әдебі дегенге жеңіл-желпі қарауға мүлдем болмайды. Қыз баланың тым әлем-жәлем киініп, көзге түсуге тырысуы,

орынсыз боянып-сылануы ерсі. Сонымен қатар, өзінің сырт пішініне, киім сәніне немқұрайлы, салғырт қарауы да келіспейді. Бұл оның тәрбиесінің жетімсіздігі, төмендігі.

Ерке қыз, иманды әйел, қасиетті ана солардан шыққан. Қазақтың батыл қыздары, ақын қыздары, ақылды қыздары ұлтты тәрбиеледі. Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған,

үлгі-өнеге көрген қыз бала бойжеткенде сол әдетін сақтайды. Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған,

үлкен жауапкершілікке алуымыз керек. Өз ұлтының намысын жоғары қоя білетін, елінің сөзін сөйлейтін жас ұрпақты баулыту, тәрбиелеу.



#### Әдебиеттер тізімі

1. Ж.Байжанова. Қызым саған айтам. – Алматы, 1990.
2. К.А.Оразбекова. Иман және инабат. – Алматы, 1993.
3. Г.Исаева. Шаңырақ шаттығы. – Алматы, 1992.

#### Резюме

*В статье рассматривается смысл, что девочка – в перспективе будущая мать.*

#### Summary

*In the article discusses sense, the girl – in the perspective the future mother.*

ҚАЗАҚТЫҢ ӘН ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ТҮЛҒАНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ  
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Белгозиева Ұ. –  
магистрант,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Әр халықтың ұлттық мәдениеті ертеден келе жатқан өзіне тән өнері, әдеп-ғұрпы, салт-дәстүрлері негізінде жетілетіні белгілі. Олай болса, ғасырлар сынынан еленіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың дәстүрлі көркем мәдениетінің түрлерін жинақтап зерделеудің, оның тәлім-тәрбиелік мол тәжірибесі негізінде жастарды тәрбиелеудің қажеттілігі мол.

Осындай қажеттіліктің бірі – қазақтың дәстүрлі көркем мәдениетінің тәрбиелік мүмкіндіктерін жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиесінде пән сабақтарында тиімді пайдалана білу болып табылады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асырылуы болашақ мұғалімдерінен қазақтың дәстүрлі мәдениеті бойынша білім сапасын және оны оқушыларға эстетикалық тәрбие беру процесінде пайдалана білу іскерлігі мен дағдыларын талап етіледі.

Халықтың көркем шығармашылықта және қазақтардың эстетикалық құнды материалдарында үлкен тарихи шындық бар. Халықтың бай тарихын, мәдени құбылыстарының сан қилы ерекшеліктерін білмей, бүгінгі тәрбие жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Бүгінгі білім жүйесіндегі өнердің басты мақсаты – ол адам баласының барлық іс-әрекетіндегі сергек сезімталдықты, әдемілік пен әсемдікті, талғамды тәрбиелеу.

Сонымен қатар эстетикалық-рухани тәрбиенің ішінде өнерге үлкен зейін аударып, оны қоғам дамуымен тығыз байланыста қарастырады. Баланың сана-сезімінің қалыптасуындағы негізгі құралдардың бірі – өнер. Өнердегі ән мен күй, өлең мен музыка, сурет пен бейнелеу – қазақ халқының өмірі мен тұрмысында ерте заманнан келе жатқан берік орын алып, олардың сенімді де айнымас

серігіне айналған дүниелер. Өнердің мақсаты – адамдардың көңіл-күйіне әсер етіп, оларға рухани қорек беру, эстетикалық ғажайып рахат шәрбатынан сусындатып, жағымды, этикалық қасиеттердің қалыптасуына жағдай жасау. Әсіресе, өнердің мән мағынасын қазақ халық композиторларының мұралары арқылы қалыптастыру негізгі орын алады. Себебі, ұлттық белгі осы ұлттық эстетика арқылы айқындалады.

Эстетикалық тәрбиеде өнердің алатын орны ерекше. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы – өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданатын бейнелер арқылы адам санасына, сезіміне әсер етіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді.

Ұлттық өнер, әдебиет – адамдардың эстетикалық мәдениетін, түрлі рухани қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыра алатын шығармашылық салалары.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың рухани-эстетикалық дамуын қамтамасыз ету негізінен, көркем өнер түрлері, яғни әдебиет, тарих, әдеп, музыка, т.б. арқылы білім мен тәрбие беру жүйесінде жүзеге асырылады.

Қазақ халқы өнердің қай түрі болсын жоғары бағалап, оларды қадірлей білуге балаларды жастайынан баулып, қызықтырып отырғандығын тарих бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отыр. Осының дәлелі іспеттес сол өнерге байланысты көптеген мақал-мәтелдер де баршылық: «Өнерді үйрен де жирен», «Жігітке жеті өнер де аз», «Өнерлі өрге жүзер», «Шебердің қолы ортақ», т.б. Фольклордың, ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүріміздің алдыңғы қатарлы тамаша үлгілерін сан ғасырлық тарихы бар бабаларымыздың бізге мұра

етіп қалдырған рухани мол дүниелерін, тіліміздің зор байлығын оқушыларымыздың жан дүниесіне сіңіру, сол арқылы әсемдік руханиятқа, өркениеттің өріне шығып, одан нәр алу – бүгінгі күн талаптарының ең маңыздысының бірі.

Қазақтың ән өнері – сонау көне заманнан бері қалыптасқан халқымыздың қазынасы, фольклордың музыкалық саласының бір тармағын құрайды. Фольклор деген сөз ағылшын тілінен алынған, ол «халық даналығы, халық білімі, халықтың ауызша шығарған туындылары» деген мағынаны білдіреді. Фольклор шығармалары халықтың әр дәуіріндегі тұрмыс-салтымен, наным-сенімімен, күнделікті тіршілігімен тығыз байланыста туады. Оларда өмірде болып өткеннің ғана емес, халықтың «осылай болса екен» деген арман үміттері де бейнеленіп, табиғат, өмір құбылыстарына баға беріледі. Ән – халықтың сүйіп айтатын, тыңдайтын, сан ғасырлық тарихы бар халық музыкасының ең бір бай арнасы болып табылады. Көне заманнан келе жатқан ән-күй туралы халықтың аузында қалыптасқан көптеген мақал-мәтелдер, аңыздар, жырлар осының айғағы.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қоғам дамуымен сабақтастықта дамып келе жатқан рухани-эстетикалық тәрбие идеялары біз зерттеуімізге нысан етіп алып отырған ұлттық поэзия тарихында бір басында ақындық – әншілік, композиторлық – орындаушылық, жыршылық – әңгімешілдік, импровизаторлық – ойыншылық өнерді аса сәтті тоғыстырған әнші ақындардың, сал-серілердің өрелі өнерпаздың табиғаты айрықша мәнділігімен ерекшеленеді. Осындай біртұтас киелі өнердің көрнекті қайраткерлері Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Балұан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Сары, Майра, Естай, Нартай, Кенен, Арыстанбай, Қанапия, Құлтума, Доскей, Шашубай, Майасар, Тайжан, Болман, Кенішбай, Қалқа, Иса т.б. ұлттық өнеріміздің негізін салды. Халық композиторлары ұғымы – халықтан шыққан,

өз өнерлері арқылы сол халықтың мәдениетін әлемдік биіктерге көтеретін тұлға. Халық композиторлары мұраларын зерттеу барысында байқағанымыз әр аймақтың халық әндерін орындауға, айтылуына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.

Халық композиторлары ұғымы – халықтан шыққан, өз өнерлері арқылы сол халықтың мәдениетін әлемдік биіктерге көтеретін тұлға. Халық композиторлары мұраларын зерттеу барысында байқағанымыз әр аймақтың халық әндерін орындауға, айтылуына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.

Ер азамат бойындағы елді қорғау сезімінің құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілмеуі ұлт зиялысының сал-серілік жолына түсіп, отаршылдардың түрлі қыспағына түскен қамқөңіл халықтың көңілін көтеріп, ұмыт болуға айналған тәуелсіздікке қайтадан қозғау салатын ұлттық сананы басқаша қалыптастыруға әрекет жасаса, оны өз уақытындағы батыл қадамға баламай болмайды. Осы тұрғыда зерттеу Ақан Сері, Мәди Бапиұлы, Сегіз Сері, Біржан Сал, Үкілі Ыбырай т.б. өнер иелерінің өнердегі өмір жолынан терең мағлұмат беріп, қазақ елі бастан кешкен сал-серілік дәуірдің қилы кезеңін жан-жақты зерттеу сөзсіз қажет екендігі мәлім. Қазақ сал-серілерінің өмірін кітап етіп шығару, өнер адамының тағдырын жинақтап, бір ізге түсірумен бірге, XIX – XX ғасырдағы «бал көмей, жез таңдай, нәзік сезімді тапқыр ойлы әнші-жыршы ақындардың» өмір сүрген ортасын талдау қазақ ұлтының тарихына ой жүгіртуге мүмкіндік береді.

Музыка зерттеуші ғалым М.Ахметова қазақ халық әндерінің орындалуына байланысты халық әндерін төрт аймаққа бөліп қарастырады:

Сарыарқаның халық әндері (Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Естай, т.б.)

Батыс халық әндері, (Мұхит, Нартай, Шашубай, т.б.)

Жетісу халық әндері (Жамбыл, Кенен, Сүйінбай, т.б.)

Шығыстың халық әндері (Абай, Әсет, т.б.) [1].

Бір ұлттың заманалар мен дәуірлер сырын шерткен көркем Бір ұлттың заманалар мен дәуірлер сырын шерткен көркем шежірелерінің өнегелі өмірі мен өрісті өнерін тұтастай сөйлетіп баяндау, талдап таразылау, жүйелеп зерттеу мүмкін емес. Қашанда үздік туған хас талант мұрасы, рухы, жарқын бейнесі толқын-толқын буындардың жүрегін толқытып, бойын балқытып, қиялын шарықтатып, болашақ биігіне бірге адымдап, бірге жасайды. Әркім дүниетанымына, рухани болмысына, ұғым-түсінігіне орай өзінше нәр-қорек тауып, эстетикалық ләззатқа ой сәулесіне бөленіп, адамзат пен ғаламзаттың құпиясына үңіледі, белгілі бір өзіндік ой-пікірлер түйеді.

Эстетикалық құндылықтардың әр түрлі формалары мазмұнның ерекшеліктерімен, эстетика категорияларымен, атап айтқанда сұлулық, әсемдік, асқақтықпен анықталады. Бұларға қарама-қарсы эстетикалық құндылықтарды анықтайтындарға көріксіздік, ұсқынсыздық жатады.

Қазақ халқы қоғамдық даму үрдісінде бала тәрбиесіне аса мән беріп, оның мақсаты мен міндеттерін, іске асыру жолдарын өз мүддесіне сай өзінше шешуге тырысып отырған. Әрине бұл үрдісте оның қажетті жақтарының бірі, ең алдымен баланың сезімдерін тәрбиелеу болып табылған.

Адамгершілік эстетикалық тәрбие үдерісінің ұтымды болуы, әр түрлі мәдениет шеңберінде жасалған өнер шығармаларын қолданылумен байланысты. Еліміздің поэзиясының, фольклорының, музыкасының, көркем әдебиетінің, кескіндемесінің тәрбиелік құзыреттілігі тілді оқу барысында және тартысты талдауды ұйымдастыру барысында орасан зор, яғни, бұл жағдай, адамгершілік пен эстетикалық мұраттық құбылыстарға деген оқушылардың жеке даралық қатынастарын қалыптастырып, қоғам жасап шығарған адамгершілік эстетикалық құндылықтарға, идеяларға, принциптерге, мұраттарға жетуді қамтамсыз етеді.

Ақын-жыраулардың шығармашылығын талдау олардың өз заманы үшін белгілі бір деңгейде рухани көсем ролін атқарғаны, өз руластарының моралдық бағдарына жауап бергені көрінеді.

Жыраулар поэзиясы әрекет еткен кеңістік өзінің барлық тәжірибесін сөз арқылы бейнелеуге тырысатын көшпенділердің эстетикалық ойлауының ерекше типіне негізделді. Негізінен жыраулар қалыптасқан этникалық қауымдастықты (қазақтардың) біріктіру идеясын қалыптастыру функциясын атқарды. Сонымен қатар жыраулар поэзиясының этикалық және эстетикалық құндылықтар мен символдар қалыптастырудағы ролі ерекше болды.

Жыраулар өз шығармаларына рух аристократизмі мен даңқты өзек етті. Оның символдары ретінде бостандық, еркіндік, адамгершілік, батырлық, сөзге беріктік алынады.

Ақын-жыраулар шығармаларын бірнеше аспектіде қарастыруға болады. Өйткені жыраулар поэзиясының ауқымы дәстүрлі поэзия ауқымына қарағанда кеңірек болып келеді. Мәдени-философиялық аспектіде қазақ мәдениетіндегі гуманистік принциптердің қалыптасу мәселесінің жыраулар шығармашылығындағы көрінісі қарастырылады. Бұл жерде сонымен қатар мәдениеттегі даралық мәселесіне, оның ішінде мәдениеттің рухани дәстүрлеріндегі даралықтың және даралық сананың көрінісі мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Жыраулар поэзиясының әлеуметтік-тарихи аспектіде қарастырылуы адам даралығының қалыптасуының әлеуметтік тұжырымдарын қарастырады. Бұл жерде индивидтің адамгершілігі, оның этикалық жауапкершілігі туралы сөз болады.

Жалпы, қазақ қауымында (басқа да түркі тілдес қауымдастықтардағы сияқты) жырау бейнесі ерекше құрметке ие болған, олардың дарынын «Тәңірдің сыйы» деп есептеп, қауым толығымен мойындаған. Сондықтан да жыраулардың ерекше белгісі – ымыраға көнбестігі, айтқан сөзі үшін жауапкершілігі,

халықтың алдындағы ашықтығы болып табылады. Өз шығармаларында еркіндік, бостандық, теңдік идеяларын ұстана отырып, олар өз заманының тәрбие мақсатын анықтады.

Қазақ халқының өзіндік дүниетанымының, өмірлік принциптерінің қалыптасуына жыраулар поэзиясының әсері өте көп болды.

XVIII ғасырдағы қазақ қоғамындағы қатынастар көптеген патриархалдық-рулық байланыстардан көрінеді. Төре тұқымы (Шыңғыс ханның ұрпақтары) ірі тайпалық одақтарға, жүздерге билік жүргізді, ал ру ішінен шыққан беделді адамдар, билер олардың кеңесшілері ролін атқарды. Олардың қолында сот билігі болды, негізінен билердің қарауына құн өндіру, барымталарды шешу, көші-қон жолдары мен орындарын анықтау, руаралық қақтығыстарды шешу мәселелері ұсынылды. Ауылдық қауымда патриархалдық-рулық қатынастар мен дәстүрлер сақталды. Олар мәдениетте де өзінің ерекше орнын алды. Сондықтан да қазақ қоғамында фольклордың, ауыз әдебиетінің орын ерекше болды.

XVIII ғасырда қазақ даласында болған адамдар, саяхатшылар сол кезеңде фольклормен қатар суырып салма ақындардың ауызша-ақындық дәстүрлерінің, өзіндік «ауызша әдебиеттің» болғандығын, оның кәсібилік деңгейге көтерілгенін атап көрсетті. Бұл әдебиеттің өкілдері жыраулар мен ақындар болып табылды.

Аталмыш кезеңдегі ақын-жыраулардың шығармаларының тақырыптары да әр алуан. Олардың қамтыған аумағы – саяси мәселелерден бастап (елшілік жіберу, әскери жорықтарға шығу, бейбіт келісімдер жасау, көршілермен дипломатиялық қатынас жасау, т.с.с.) күнделікті тұрмыста тәлім-тәрбиелік мәні бар мәселелерге дейін өз шығармаларына арқау етті. Сол сияқты жыраулар шығармаларының жанры өзіндік ерекшеліктерімен де көзге түседі – бұл негізінен тоғау түрінде болды. Толғаудың басқа фольклорлық жанрлардан ерекшелігі

– онда әртүрлі мәселелерге ой жүгіртіп, талдаумен қатар, үлгі көрсету, өсиет айту орын алды.

Толғау тарихы жыраулық поэзияға тікелей қатысты. Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар т.б. бейнелеу тәсіліне насихаттық, өсиеттік сарын, мәселені жан-жақты терең толғап айтатын ойшылдық әсіресе тән болған. Толғауда маңызды қоғамдық-әлеуметтік, саяси-философиялық тақырыптар, азаматтық әуендер кеңінен орын алады. Әрбір даму кезеңінде толғау мазмұны жағынан да, бейнелеу тәсілі жағынан да бірталай өзгеріп, жаңаша сипат алды.

Халықтың жадында көптеген толғаулар сақталып қалған. XVIII ғасырда шығармашылығы кеңінен танылған жыраулар қатарынан Бұқар, Тәтқиара, Үмбетей жырауларды көреміз. Бұл үш жырау да Абылай ханның қасында болып, кеңесшілік қызмет атқарған. Олардың толғауларының басым бөлігінің мазмұны «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейінгі елді біріктіру саясатымен тығыз байланысты. Жорыққа шығар алдында олар өз толғаулары арқылы халықтың патриоттық сезімін оятып, өз ұрпағы, елі, жері үшін жауапкершіліктерін естеріне салу арқылы шабыттандырып, рухын көтеріп отырды [2].

Өзінің толғауларында эстетикалық талғамның жоғары деңгейін көрсете отырып Бұқар жырау эстетикалық тәрбие туралы құнды ойлар айтады. Бұқар жыраудың шығармаларын талдау арқылы олардағы эстетикалық ойлардың негізгі өзегі – үйлесімге ұмтылу, жақсылық пен жамандықтың арақатынасы, тұрмыс эстетикасы болып табылатыны көрінеді. Сонымен қатар жырау толғауларында трагедиялық сарын басым жатыр.

Өз шығармалары арқылы жырау жан сұлулығы мен тән сұлулығының гармониясына үндейді, әсемдікке ұмтылуға шақырады. Бейнелерді, кейіпкерлерді көркем сипаттау арқылы сөз өнерінің жоғары үлгісін көрсеткен Бұқар жыраудың

шығармаларының эстетикалық-тәрбиелік маңызы осында.

XIX ғасырдағы қазақтың бір туар сал серілері Біржан, Ақан, Естай, Мәди, Мұхит, Балуан Шолақ, Майралардың өнерінде орын алған қаздай дауысының күші мен реңінің сұлулығы, жылдар бойы қалыптасқан орындаушылық жеке мәнері жүйеленген ән айту үрдісі мен мәнерлі орындаушылығы, өзінің құрылымдық сапа-сына, әншілік параметрлеріне сай алатын орны мен мағыналылығына, тарихи құндылығына эмоция мен драматизмге толы дамыған терме мен желдірмелер, ұзақ кан-тиленалар, нәзік фиоритуралар, каденциялар және жалпы орындаушылықтың өте жоғары деңгейі – осының бәрі қазақ даласындағы жоғарғы кәсіби ән мектебінің қалыптасуының айғағы.

Қазақ ақындарының шығармаларында, әсіресе, ән шығару тәжірибесінде бір әннің бірнеше нұсқасының болуы жиі кездеседі. Мәселен Ақанның лирикалық әні «Мақпалдың» алты нұсқасы бар, «Құлагердің» төрт нұсқасы бары кеңінен мәлім. Жаяу Мұсаның махаббат тақырыбындағы «Шолпан», «Гауһар-қыз»,

«Көгершін» әндерінің барлық нұсқаулары жиі айтылады. Жаңа шығармалар ауыздан ауызға тараған кезде кейбір өзгерістерге ұшырайтыны былай тұрсын, орындаушылардың тарапынан оған өзіндік қосуларын енгізетіні де болады. XIX ғасырдағы ақындық өнердің даму тарихы, оның қалыптасу тарихы, ұлттық аудитория тарихы бір-бірімен өте тығыз байланысты. Ақынның әрбір жаңа шығармасы халық арасындағы орындаушыларға автордың өз аузынан тарайды, мұның бәрі тәжірибелі тыңдарман қауымның қатысуымен, солар арқылы жүзеге асады, есте сақталады, ауыздан-ауызға жалғасады [3].

Ақын композиторлардың шығармашылығы қазақ халқының жүздеген жылдар бойы дамыған ән ақындық дәстүрдің саласында жалғасын тапты. Осы дәстүрдің шеңберінде ұлттық ой сана мен ұлттық мінезді келтіретін бейнелеу жүйесі, тақырыптары, тіл ерекшеліктері қалыптасты. Қазақтың ұлттық музыка қорының ішінде ән жанры ерекше орын алады. «Ән – өмір шежіресі, өмірдің сәулесі, музыка мектебінің негізі, ірегетасы, халықтың игілігімен ақыл парасаты» болды.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ахметова М. Қазақ әндері. Музыкалық зерттеу. – Алматы: Жазушы. 1970. – 84 б.
2. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы. 1991. – 432 б.
3. Балабеков Б. “Ән сапары”. – Алматы: “Жазушы”, 1975. – 7 б.
4. Қарамолдаев Г.Ж., Белғозиева Ұ.Б. Халық композиторлары мұралары арқылы тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. – Алматы. 2010. – 74 б.

#### Резюме

*В статье рассматриваются роль народных казахских песен в эстетическом воспитании учащихся.*

#### Summary

*In the article discusses role of the national Kazakh songs in the aesthetic education of the students.*

#### САРЫШУАШ ЖЫРАУ-ӘУЛИЕ

Тарих бетінде жазылмай қалса да халық жадында сақталған тұлғалар бар. Сондай тарихи тағылымы мен тәлім-тәрбиелік маңызы зор жырлары өнеге, қазақ-қалмақтың жаугершілігі заманында өмір сүрген тұлға, Қабанбай батыр замандасы – Сарышуаш әулие-жырау. «Ұлттық тәрбие» ғылыми-көпшілік бағыттағы журналдың құрметті алқа мүшесі, жазушы-дәрігер, фантаст, драматург, Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, ЗАЙСАН ауданының құрметті азаматы, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, «АЛАС ҮНІ» қоғамдық бірлестіктер одағының төрағасы, академик, профессор *Совет-Хан Фаббасов* тарих қалтарысынан сусындаған бұл жырды оқырман қауым назарына ұсынып отыр.

Қабанбай батыр, көзелім!

Қаракұлының Мұхаметшесі (Мұхамет-жан) деген қария 1953 жылы бір кездескенімде: «Қарағым, бұрынғы даналар айтқан сөз еді, ата-бабаларымыз бізге жаттағты, енді сендер жазып алып сақтаңдар, түбі бір кәдеге жарар, «асыл пышақ қап түбінде жатпас», – деп бір тоқтап, одан әрі былай дегені есімде, – қазақ-қалмақтың жаугершілігі заманында үйсінде Сарышуаш жырау деген көріпкел әулие өтіпті. Жақынды жақыным деп өзіне тартпайды екен, алысты алыссың деп бетінен қақпайды екен. Бидің әділіне көшіп отыратын қасиетін қадірлеген елі алдынан батасын алып тарасатын болған. Қабанбай батырдың науқасы сал тартып жатыр дегенді естіп, Сарышуаш шешен елінің игі жақсыларын ертіп, көңілін сұрауға барады. Сонда осы толғауды айтады» – деп әңгімелеп еді. Сұңғыла қария 1964-1965 жылдары шамасында Жансүгіров селосында (Талдықорған облысы Ақсу ауданы) 100 жасқа тақап барып дүние салды. Әңгімеге Бүркітбек, Бұқпантай деген ақсақалдар да қатысып, толғаудың кейбір тұстарын толықтырып отырып еді.

**Әбдікәрім ХАСЕНОВ,**

*тарих ғылымдарының кандидаты (жазып алушы)*

Уа, Қабанбай, көзелім,  
Ескіден қалған көз едің.  
Жақсы мен жайсаң жиналса,

Жылқыда қылаң, боз едің.  
Батырлық, ерлік дегенде,  
Жайылған жұртқа сөз едің.  
Қайғы шеккен елінің,  
Жылағанын жұбатып,  
Қисайған көшін түзедің.  
Айтып, айтпай не керек,  
Күндерден күн озғанда,  
Жатырмысың, есіл ер,  
Тәңіріден тілеп тез өлім.  
Қабанбай науқас дегенде,  
Үш күн, үш түн ұйықтамай,  
Өртенді, күйіп өзегім.  
Сонда-дағы жарқыным,  
Қусырма жақты сарнатқан,  
Айтсам ба деп келіп ем,  
Көңілге демеу – сөз емін.  
Дулатқа салдым бір хабар,  
Албанға жетті бір шабар.  
Үйсіннің жиып кісісін,  
Арыздасып қалсам деп,  
Арқаға тарттым бір сапар.  
Ат жалын жартып мінгелі,  
Жорықта талай жүрістім.  
Қалмақтағы Қалден хан,  
Қалден ханмен ұрыстың.  
Ақиған, астам ноянын  
Ағып өтіп құлаттың.  
Солқылдаған мырзасын,  
Соғып өтіп сұлаттың.  
Ат шашадан қан ақты.  
Қан шашырап таң атты.  
Қанға ұйып, күн батты.  
Жамандарға жан тәтті,

Сараң байға мал тәтті,  
Үйінен шықпай бұғысты.  
Зарпыңа шыдамай,  
Телімі шығып, тентіреп,  
Аңыраған көп қалмақ,  
Жөңкенің арғы бетіне,  
Ереннің күнгей шетіне,  
Қонысын тастап, ығысты.

Қол ағасы ер Қабан,  
Құжынаған Қытайы,  
Қаптап топан суындай,  
Жердің жүзін басқанда,  
Заман ақыр болды деп,  
Жан-жағына алақтап,  
Хан Абылай сасқанда,  
Бастырман деп жерімді,  
Бермеймін деп елімді,  
Есенгелді, ер Шоңай,  
Ат шапшытып аспанға,  
Жекпе-жекке шақырып,  
Айбат шегіп, ақырып,  
Кес-кестеп алдын тосқанда,  
Қой дегенге қоймаған,  
Жау бетінде ойнаған,  
Қанды балта Тауасар,  
«Қаптағайлап» қасақайып,  
Шөбіне шауып барғанда,  
Жылан жеп, жуа сасыған,  
Күш-қайраты тасыған,  
Көгүн деген бір заңғар,  
Кезегіне алғанда...  
Үркер мен айдай тоғысып,  
Қылыш, найза қағысып,  
Жекпе-жек ұрыс салғанда,  
Бұдан да жан қалмас деп,  
Қалың қазақ қайғырып,  
Күдер үзіп қалғанда...  
Багаөйі ер Таңат,  
Төске шапқан өр Таңат,  
Ат қоюға оқталып,  
Сабыр ғып, тағы тоқталып,  
Бір суырып қылышын,  
Қынына қайта салғанда,  
Қытай, қазақ демігіп,  
Қараумен көзі талғанда,  
Жасаған ием жар болып,

Қапысына келтіріп,  
Ер Көгүнді өлтіріп,  
Тауасар сынды батырың,  
Басын кесіп алғанда,  
Матайдағы Майлыбай,  
Қасқарауда Молдабай,  
Дулаттағы ер Бөкей,  
Тәттібай мен Олжабай,  
Керейдегі ер Жабай.  
Көкжарлы Барақ, Тұрсыметбай,  
Көтеріліп көп қазақ,  
Ата аруағын шақырып,  
Айқай-сүрең салғанда,  
Қаракерей Қабанбай,  
Ту түбінде тұрғансың...  
Қу дауысты Құттыбай,  
Бұқар жырау, Сарышуаш,  
Кеңесіне мойын бұрғансың,  
Шамырқанып, шамданып,  
Қубасқа қамшы ұрғансың.  
Қалың тобын қақ жарып,  
Дұшпанды қойдай қырғансың.  
Зарпыңа шыдамай,  
Телім боп кәпір жосқанда,  
Батырдың қарты Бөгенбай,  
Қайратқа қайрат қосқанда.

Өткен күнде белгі жоқ,  
Көнелерге қанықтай,  
Балаларға танықтай.  
Сол ерлерді көргенмін,  
Жазмыштан озмыш жоқ деген,  
Салғанына тәңірінің  
Әу бастан-ақ көнгенмін.  
.....  
Арғы атасы Сейілхан,  
Сейілханнан тараған,  
Сегіз арыс түрікпен,  
Қызылбастан қыз даулап,  
Балқан таудың басынан,  
Арлы-берлі үріккен.  
Қабанбайлап шапқанға,  
Қақ айрылып жол берген,  
Қабанбайдан келдім дегенге,  
Атынан түсіп қол берген,  
Жиделі-Байсын жайлаған.  
Келелеп түйе айдаған.

Тоқсан баулы өзбек-сарт.  
Самарқаны сансыз бап,  
Бұқара-Шәріп арасы,  
Қабанбай десе тақ ұрған,  
Найза ұстаған баласы.  
Дұғасынан тастамай,  
Бага оқыған бабасы!  
Ер Қабанбай, көзелім,  
Ескіден қалған көз едің.  
Байсалменен ойласам,  
Қайратыңа бақ тұрған,  
Абылай сынды төреңіз,  
Қасыңа әкеп тақ құрған –  
Тоғыз таңба Найманнан,  
Тоғыз құйрық ту алып,  
Тоғыз түмен қол шықса,  
Қол ағасы – Қабанбай!  
Алты шекті Арғыннан!  
Алты құйрық ту алып,  
Алты түмен қол шықса,  
Қол ағасы – Қабанбай!  
Тоқсан баулы өзбек пен,  
Қол құйрықты, қыл жалау  
Қанды телпек, сексен шок,  
Қалмаққа жорық – жол шықса.  
Күн көзіне сыймаған,  
Ай жүзінде айылын жимаған,  
Алаштың ауыр қолына,  
Ағалыққа ұнаған –  
Дарабозым – Қабанбай!  
Қарындасқа қайырым,  
Ата-баба ісі еп,

Көтеріліп күллі алаш  
Ат құлағын теңесе,  
Қаракерей Қабанбай,  
Қол бастарлық кісі деп,  
Өзіңді аға тұтынған,  
Жұртыңа тіле амандық.

Уа, Қабанбай, көзелім,  
Ескіден қалған көз едің!  
Бұл науқастан сауықсаң, –  
Еркелігін кешірген,  
Ақ сүтін беріп өсірген, –  
Қуанатын өз елің!  
Бұл науқастан оңалмай,  
Бақиға бет бұрсаң, –  
Жау тиді десе жат алмай,  
О шетіне бір шыққан,  
Бұ шетіне бір шыққан,  
Көкіректі кек кернеп,  
Көз жасыңды мың сыққан –  
Жылайтын тағы өз елің!  
Ажалға берсін сабырлық,  
Тәңіріден соны тіледім.  
Айырылған соң тең-тұстан,  
Мен қартыңда сән бар ма?!  
Кеудеңнен ұшса шыбының,  
Денеде сасық мән бар ма?!  
Қолымнан сусын ұсынып,  
Басыңда өзім тұрайын,  
Мінежат қып құдайға,  
Жаныңды қый деп сұрайын!

[Сарышуаш](#) әулие-жырау, 1768ж,  
Қабекеңнің замандасы



**Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мінді интеллигент емес деуге болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да рухани, ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады**

Мұхтар Әуезов.

---

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Пірәлиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Құрманғали А.К. Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ғылыми-зерттеу институтының 2009-2012 жылдар аралығында жасалынған жұмыстарына қысқаша есеп.....	6
Иманбаева С.Т. Шәмша Көпбаева еңбектеріндегі ұлттық құндылық мәселелері.....	29
Кулсариева А.Т. Корпоративная культура университета.....	34
Пірәлиев С.Ж., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Калиева С.И., Шолпанқұлова Г.К., Берикханова А.Е. Ұлттық тәрбие негіздері (бағдарлама).....	38
Аташ Б.М., Джилысбаев Д.Д. Н.Назарбаевтың инновациялық-ағартушылық идеяларының мәдени-әлеуметтік және перспективалық көріністері.....	46
Жұматаева Е. Қазақстандықтардың жарқын болашағына бағдар.....	49
Молдабеков Ж. Ж. Білімдарлық – қоғамға қуат, ұрпаққа шуақ.....	53
Көпжасар Нәрібаев Ұлтымыздың ұлы тұлғасы.....	61
Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Маханова Н.Б. Білім – заман талабы.....	65
Совет- Хан Ғаббасов Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі.....	69
Әдібай Табылдиев Ұлттық тәрбиедегі теріс мінезді тәрбиелеу тәсілдері.....	73
Ізгілеуова С.Д. Конфуций және адам тәрбиесі.....	78
«Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие беру мәселелері» атты дискуссиялық клуб отырысынан.....	81
Әлімов А.Х. Жоғары мектептің оқу үдерісінде тұлға қалыптастыру мәселесі.....	97
Манас Рысқұл Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік сапаларын қалыптастыруда ізгілендіру технологиясының мүмкіндіктері.....	103
Исхан Б. Ж., Оспанова Б. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің тәрбиелік мазмұнын артырудағы АҚТ-ның рөлі.....	107
Бураханова Қ.С. Білімді де, тәрбиелі ұрпақ қалыптастыру.....	111
Умирбекова С.Т. Қыз бала – болашақ ана.....	113
Белғозиева Ұ. Қазақтың ән өнері арқылы тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру.....	116
Сарышуаш жырау-әулие (жазылмаған тарих).....	121

---

## Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: [nitso@mail.ru](mailto:nitso@mail.ru)

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды  
Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического  
университета имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады  
Печатается методом прямого репродуцирования

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева*  
*Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Анар Құрманғали*  
*Беттеген/Верстка – Анар Құрманғали*

### Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,  
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру  
ҒЗИ, каб. 24.  
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8 (702) 951-87-61,  
электрондық мекен-жай: [nitso@mail.ru](mailto:nitso@mail.ru)

Басылымға жіберілді: 09.11.2012 ж. Пішімі 60x84 1/8.  
Қағазы сықтывкар. Басылым – офсет. Көлемі 15.6 б.т.  
Таралымы 500. Тапсырыс №356.

### Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифтін өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде жазылса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. \*Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

**Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге.** Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

\*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ  
ИИН KZ17856000000086696  
БИН 031 240 004 969  
РНН 600900529562  
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»  
МФО 190501719, код 16  
Свидетельство о постановке на учет по НДС:  
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

### Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

### Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана на русском языке, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. \*Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

**Подписная цена за год 3104 тенге.** Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

### Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

# ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

5 (13) 2012

(қыркүйек-қазан)

5